

# ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

---

7-8-9

ИЮЛЬ

1959

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КП-ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАР БАСПАСЫ

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ  
— — — — —  
XXXVIII ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 7

И Ю Л Ь

1959

## М А З М Ұ Н Ы

БАС МАҚАЛА — Бір жарым миллиард пұт астық жинайық . . . . .	3
Ғ. ӘБІШЕВ — Халықтар достығы — Совет мемлекетінің күш-қуатының қайнар бұлағы . . . . .	10
А. ӘЛИХАНОВ — Өндірісті механикаландыру және автоматтандыру — шұғыл міндет . . . . .	17
Ш. ӘМІРОВ — Совхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту жолдары . . . . .	21
С. ӨЖКЕНОВ — Партия оқу жылының қорытындылары және алдағы міндеттер . . . . .	28
Ж. АРАЛБАЕВ — Өмірдегі коммунизм өркендері . . . . .	34
М. ХАНГАЛОВ — Монғол Халық Республикасы социализм жолында . . . . .	40

## СОВЕТ ОДАҒЫ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

XIII тарау — Партияның халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күресі, СССР-де социализмнің жеңуі (1933 — 1937 жылдар) . . . . .	46
XIV тарау — Партия социалистік қоғамды нығайту және өркендету күресінде. Елдің қорғанысын күшейту (1937 жыл — 1941 жылдың июні) . . . . .	66

## ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

К. ӘБІЛДАЕВ — Қазақстан Магниткасы құрылысында . . . . .	96
А. ЫСМАЙЫЛОВ — Мал шаруашылығын өркендету күресінде . . . . .	102

## ХАТТАР ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛАР

П. РЫБАКОВ — Жемшөп мол болады . . . . .	106
--	-----

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЛАРЫНА ЖАУАП

Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарна төлеуінің жаңа тәртібі . . . . .	109
--	-----

## ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Әлеуметтік-экономикалық терминдер . . . . .	112
---	-----

## СОДЕРЖАНИЕ

ПЕРЕДОВАЯ — За полтора миллиарда пудов хлеба . . . . .	3
Г. АБИШЕВ — Дружба народов — источник силы и могущества советского государства . . . . .	10
А. АЛИХАНОВ — Механизация и автоматизация производства — первостепенная задача . . . . .	17
Ш. АМИРОВ — Пути снижения себестоимости продукции совхозов . . . . .	21
С. УЖКЕНОВ — Некоторые итоги и задачи партийного просвещения . . . . .	28
Ж. АРАЛБАЕВ — Ростки коммунизма в нашей действительности . . . . .	34
М. ХАНГАЛОВ — Строительство социализма в МНР . . . . .	40

### ИСТОРИЯ КОММУНИСТИЧЕСКОЙ ПАРТИИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА

XIII глава — Борьба партии за завершение социалистической реконструкции народного хозяйства. Победа социализма в СССР (1933 — 1937 годы) . . . . .	46
XIV глава — Партия в борьбе за упрочение и развитие социалистического общества. Усиление обороны страны (1937 год — июнь 1941 года) . . . . .	66

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

К. АБИЛЬДАЕВ — На строительстве Казахстанской Магнитки . . . . .	96
А. ИСМАИЛОВ — В борьбе за дальнейшее развитие животноводства . . . . .	102

### ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

П. РЫБАКОВ — Создадим обилие кормов . . . . .	106
---	-----

### ОТВЕТЫ НА ВОПРОСЫ ЧИТАТЕЛЕЙ

О новом порядке уплаты членских взносов коммунистами-колхозниками . . . . .	109
Краткие объяснения социально-экономическим терминам . . . . .	112



# Бір жарым миллиард пұт астық жинайық

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі қарсаңында бүкіл халқымыз кең талқылап, толық мақұлдаған және съезде бірауыздан қабылданған жетіжылдық жоспар еліміздің халық шаруашылығын тың белеске көтереді. Алдағы жеті жылда өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да едәуір ілгері дамиды. Ауыл шаруашылығы саласындағы 1959 — 1965 жылдарғы басты міндет — халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті — шикізатпен толық қамтамасыз етерліктей, мемлекеттің азық-түлік жөніндегі басқа да тілектерін толық қанағаттандыратарлықтай дәрежеге жету болып табылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдері жөнінде Одақта көрнекті орын алатын Қазақстан осы негізгі міндетті жүзеге асыруда жетекші роль атқаруға тиіс. Республика еңбекшілері өздерінің Отан алдындағы борышын толық сезінеді, міндеттің дәрежесінде болу үшін ұмтылады.

Қазақстан колхозшыларының, совхоз бен жөндеу-техника станциялары жұмысшыларының, ауыл шаруашылығының барлық қызметкерлерінің 1959 жылғы міндеттемесінде астықтың жалпы өнімін биылдың өзінде 1,5 миллиард пұтқа жеткізу көзделген-ді. Осы үлкен, жауапты міндеттеменің орындалуына сүбелі үлес қосатын аудандарда егіннің жаппай қаулап өсуі республика диқандарын астықты мол алу күресіне жұмылдыра түседі.

Мол өнімнің негізін қалаған көктемгі егіс жұмыстары ойдағыдай өткізілді. Республикамыз жаздық дақылдар егу жоспарын 102 процент дерлік орындады. Аса бағалы азықтық дақыл бидай егу тапсырмасы артығымен орындалды. Жоспардан тыс 379 мың гектар бидай егілді. Жетіжылдықтың алғашқы жылында 17 миллион 370 мың гектардан астам бидай егісі бар республикамыз астықты, дәл айтқанда бидайды мол өндіретін қуатты капиталистік мемлекет Канадамен еркін тайталасады. Бұл бағалы дақылдың егістік көлемі жөнінде Қазақстан Канаданы басып озғанды. Партия, совет және шаруашылық ұйымдарының өте өнімді азық-түліктік және жемшөптік дақыл — жүгері егу жөнінде өрістеткен өрелі, мақсатты, талапты жұмысы алғашқы нысанаға жетті. Республикамыздың колхоздары мен совхоздары жүгері егудің жоспарын асыра орындады.

Республика ауыл шаруашылығының табысты, абыройлы саласы мақта мен қант қызылшасын егу жөнінде де мәреге жетіп қана қойған жоқпыз. Мысалы, қант қызылшасын себу жоспары, республика бойынша 104 процент орындалды. Қант қызылшасы егісі жөнінде көрнекті орын алатын Жамбыл облысының колхозшылары мен жұмысшыларының көктемдегі қажырлы еңбегі айта қалғандай болды. Бұл облыс қант қызылшасын егуді көршілерінен бұрын, ойдағыдай өткізді. Былтыр қант қызылшасын тұңғыш сепкен Семей және Шығыс Қазақстан облыстары тәлімі жерде гектарына 150 — 180 центнерден өнім жинады. Бұл дақылдың осы өлкеде де зор болашағы бар екенін осы мәліметтер айқын көрсетеді. Бағалы техникалық дақылдың бірі — күнбағыс себу де талапқа сай жақсы өткізілді.

Жаздық дақылдар себу жұмыстарының бәрі біркелкі мінсіз бола қоймады. Қостанай мен Павлодардың кейбір совхоздарында агротехника ережелері бұрмаланды. Жер тайыз жыртылды, кей шаруашылықтар аудандастырылмаған тұқым себуге жол берді.

Жүгеріні, мақтаны шаршы-ұялап себу талабын, тәртібін бұзу да болды. Осының салдарынан бұл егістердің едәуірі шаршы-ұялап себілмеді. Дәл осы егістердің агротехникасы жайындағы социалистік міндеттеміз толық жүзеге аспай қалғаны қынжыларлық жағдай.

Ауыл шаруашылығындағы осал, олқы жеріміздің бірі овощ және картоп егісі деп айтсақ қателеспейміз. Халықты овощ және картоппен қамтамасыз етуде зор міндеттер алда тұрғанына қарамастан, республикамыздың совхоздары мен колхоздары овощ ету жоспарын орындамады. Овощ себу тапсырмасы болғаны 73,6-ақ процент орындалды. Жоспар бойынша 78 мың гектар себу орнына 68 мың гектар картоп егілді.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы озаттарының республикалық кеңесінде қабылданған социалистік міндеттемеде овощ пен картоп егісін мұқият баптауды қамтамасыз етеміз деп көрсетілді. Осы салтанатты уәдеге орай картоп және овощ егісін жақсылап күту, өңдеу, баптау қажет болады. Бұл жұмыс июнь айында тиісінше жүргізілді деп айта алмаймыз. Ал жоспар орындалмай қалған дәл биылғы жылы бұл егістерді баптауды салақсытпау қажет. Егістің әрбір гектарынан мол өнім алуды қамтамасыз ету керек. Бұл жөнінде Алматы облысындағы Ленин совхозының тәжірибесінен көп нәрсе үйренуге болады. Мұнда овощ дақылдарының егіс көлемінің өсуімен қатар, оны күту, баптау да жақсарып келеді. Биыл бұл совхоз астана енбекшілеріне 20 мың тонна овощ сатады.

Қазақстанда егіншілік мәдениетін көтеруді шындап қолға алған ұйымдар нақты шараларды іске асыра бастады. Мұнан былай жыл сайын 4 — 4,5 миллион гектар таза пар жыртылатын, өңделетін, бапталатын болды. Мұның өзі республикамыздың қуаншылық аудандарында егіннен мол, тұрақты өнім алудың маңызды шарты. Әр өңірде аудандастырылған сортты тұқым себу ісі мен талабы да — егіншілік мәдениетін жақсартудың қамы. Ауыл шаруашылығын дамытудың әр облыстың табиғи ерекшелігіне сәйкес жасалған ғылыми жүйесі кітап болып шығарылды, ол егіншілердің көмекші құралына айналды. Бұл ғылыми жүйе барлық колхоздар мен совхоздарда таяудағы 2 — 3 жылдың ішінде ауыспалы егіс енгізуді көздейді. Осының бәрі егіншілік мәдениетін көтеруге себін тигізетін жұмыстар. Бұл игі шаралар егіннен тұрақты, мол өнім алуды қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруға бағытталады.

Егіншілік мәдениетін жақсарту жолындағы осындай түбірлі, жан-жақты, келелі жұмыстан бөлінбейтін, мақсатты аттаныстын ұзын ырғасында тиісінше орын алатын істер, шаралар бар. Оның аты — егінді күту, баптау. Егіннің арам шөбін күрту, түрлі зиянкес жәндіктерді жою, өсімдіктің дертке шалынуына жол бермеу қажет. Қоңыр көбелек, астық бүргесі бұрнағы жылы солтүстіктегі кейбір аудандарда егінге орны толмас зиян келтіргені мәлім. Оның өзі тиісті ауылшаруашылық ұйымына үлкен сабақ болды. Кәзір егінді қору, бақылау едәуір дәрежеде жолға қойылды.

Егін учаскесінің кейбір бөлегін арам шөп басып кеткені республикалық кеңесте де айтылды. Ауыл шаруашылығының мамандары егістіктегі арам шөпті жою үшін жедел шара қолдануы қажет. Қостанай облысындағы Қостанай астық совхозында арам шөпті химиялық жолмен жою әдісі біраз жылдан бері қолданылып келеді. Мұнда аммиак селитрасы мен суперфосфат қосылған гербицид ертіндісін өсімдік түп-тене бастаған кезде самолетпен бүрку ойдағыдай нәтиже берді. Егістің арам шөбі осыдан кейін күри бастады.

Былтыр республикамызда 300 мың гектар дәнді егіс гербицидпен өңделді. Ал биылғы қолда бар гербицидпен көлемі мұнан үш есе артық егісті өңдеуге болады.

Күрішті, жүгеріні мұқият күту — егіншілеріміздің айбынды міндеті. Егін баптауда техниканы пайдалану жұмыстың өнімін арттыратынына, оның сапасын жақсартатынына қарамастан культиватордан, луцильниктен іргесін аулақ салушылар, бірен-саран болса да, әлі бар. Механизмнен аулақ болғысы келетіндер, әсіресе Қызылорда облысында жиі кездеседі. Мысалы, Қазалы ауданындағы Абай және Ғани Мұратбаев атындағы колхоздарда сеялка, культиватор пайдаланусыз тұр. Мұндай кемшілікті неғұрлым тез жойсақ ісіміз солғұрлым ілгері басады.

Жүгерінің қатар аралығын ұзынынан және көлденеңінен культивациялау, топырақты майдалау қажет. Егісті культивациялау шыға бастаған арам шөптің тамырын қырқып жояды, жүгерінің тез бойлап өсуіне жардай жасайды. Себілген жүгеріні бірінші рет өңдеу жоспары, егінді күтудің онан кейінгі ережелері де өткен айда мұқият орындалмады. Жүгері егісін күтудегі мұндай сылбыр қимыл пайда бермейтіні түсінікті. Ендігі қалған уақытта жүгері күтуді жақсартатын болайық.

Жер әзірлеу, тұқым себу және егінді күту сияқты күрделі жұмыстар республиканың астықты алқабында жалпы өнімі 1,5 миллиард пұт астық өсіру жолындағы күрестің белесі ғана болып табылады. Астық үшін аттаныстың шешуші кезеңі егін орағы екені даусыз. Бұл жұмыс республикамыздың оңтүстік аудандарында жаппай басталды. Көп ұзамай негізгі астықты аудандарда да егінге орақ салынады. 1,5 миллиард пұт астық алу, мемлекетке астық сатудың жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы аса жауапты кезеңді тап-тұйнақтай, мінсіз, жанжақты, ұқыпты әзірлікпен қарсы алуды қамтамасыз ету мақсатымен республикалық кеңес өткізіліп, үлкен жұмыстың жай-жапсары байсалды сөз болды, істегі кемшіліктерді дереу жою жолдары белгіленді. Комбайн мен жатка жөндеу, астық қабылдау пункттерін, транспортты әзірлеу, астық тазартатын құралдар жөндеу жөнінде бірсыныра жұмыс істелді. Совхоздардың, колхоздардың дені комбайн жөндеуді, сондай-ақ егін жинауға қажетті басқа да құрал-жабдықтарды әзірлеуді ойдағыдай аяқтады.

Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Колхоздарды, жөндеу-техника станциялары мен совхоздарды, дайындау және транспорт ұйымдарын 1959 жылы егін жинауға және астық дайындауға әзірлеу туралы» қаулысында биылғы егіннің астығын қабылдауға дайындықты барлық жағынан да июль айында аяқтау, егін жинауды ең қысқа мерзімде өткізу міндеті алға қойылды. Колхоздар мен совхоздар егін жинауды 10 — 12 жұмыс күнінде өткізсе астық ысырабына жол бермеуге әбден болады, демек астық өнімін арттыруға нақты мүмкіндік туады.

Нақты мүмкіндікті колдан шығармай ұтымды пайдаланып, егін жинауды ширақ, тез, қысқа мерзімде өткізуді қамтамасыз ету ең алдымен кадрларға байланысты. Өз ісіне жетік, өз міндетіне қанық кадрлар барлық мүмкіншіліктерді толық, тегіс пайдаланады, біздің ісіміздің табысты болуын қамтамасыз етеді. Мұндай қабілетті кадрлар ең алдымен өмірдегі тың күшке, болашағы зор, пайдасы мол жана әдіске сүйенеді, оны қолдайды және барынша насихаттайды, өндіріске енгізеді. Мандай алды кадрларымыз кең қолдаған сәтті жаналық егінді бөлектеп ору әдісі болды. Егінді бөлектеп ору — астықты ең қысқа мерзімде, ысырапсыз жинап алудың тиімді әдісі. Бұл әдіс дән қамырланып піскен кезде қолданылады, демек орақты бүкіл алқаптары егіннің жаппай пісуіне қарату шарт емес. Дәні қамырланған учаскеде егін орағын бастап, уақыт ұтуға әбден болады. Бөлектеп оран егіннің сабаны малдың сүйкімді азығы. Дестедегі астық 2 — 3 күнде пісіп қалады, ысыра жинағышпен қотарып алып бастырғанда бункерден тура элеваторға жөнелтілетін астық дәл осы болады. Астықты

қырманда тазарту сатысын аттап өтіп, көп еңбек, едәуір уақыт үнемдеуге де бөлектеп ору жол ашады.

Егінді бөлектеп орудың осындай айқын, даусыз артықшылықтары республикамыздың колхоз-совхоздарының іс тәжірибесінде де көрінді. Мысалы, былтыр оңтүстік аудандардың бірқатар шаруашылықтарында алдын-ала жүргізілген мұқият әзірлік, тиісті жоспар негізінде, шебер, икемді қолданылған бұл әдіс астық ысырабын кілт азайтуға себеп болды. Ал егінді бөлектеп жинаудың әбігерінен пайдасы, машақатынан болашағы басым екенін аңғармаған жерде комбайнды қайта жабдықтау немесе лафетті жатка әзірлеу, ысыра жинағыш даярлау қолға ерте алынбады, сөйтіп ырғалып-жырғалып жүргенде егін жаппай пісті де дестеге түсіргенде де, дестені жинағанда да шығын болмай қалмады. Керенау басшының осындай кертартпа істерінің салдарынан Ақмола, Көкшетау, Павлодар облыстарының бірқатар совхоздарында күздің күні үстемелеп жауған жаңбыр тұсында дестені жинап алу да оңай болмады. Мұндай бірлі-жарым қынжыларлық факті жалпы пайдалы, құнды әдістің жақсы жақтарын көлеңкелей алмады. Егінді бөлектеп орудың ұтымды, алымды, пайдалы әдіс екенін көпшілік көріп отыр.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика үкіметі 1959 жылы да егіннің әдеттегідей тек бөлектеп жиналуын қамтамасыз етуді жергілікті ұйымдарға міндеттеді. Бұл үшін қолда бар лафетті жатқаларды, ысыра жинағыштарды барлық жерде де мұқият әзірлеу керек болады. Амал не республикамыздың қайсыбір аудандарында егінді бөлектеп оруға әзірлік баяу, сылбыр жүргізілуде. Колхоздар мен совхоздарда жатқаны, ысыра жинағышты даярлауға тиісінше көңіл бөлінбейді. Көп жерлерде, әсіресе Қостанай және Семей облыстарында лафетті жатка машинисінің, комбайншылардың жетпейтініне қарамастан, курстарда мұндай маман даярлау ескерілмеді. Ақтөбе облысындағы Новороссия ауданында дәл осындай жағдай орын алды. Мұнда лафетті жатка жетпейді. Жатка машинистерін әзірлеу де қолға алынбады. Егінді бөлектеп оруды оңтүстіктегі шаруашылықтарға ілесе бастауға тиісті аудандағы істің түрі осындай. Осы Новороссия ауданындағы Құдықсай совхозында комбайндардың тез жөнделмей жатқаны запас бөлшектердің, атап айтқанда зубчатканың жоқтығынан деп түсіндіреді басшылар. Ал шынында Ақтөбенің «Большевик» зауытында мұндай зубчатка аз шығарылмайды, ол топ-топ болып совхозснабта жатыр. Еңжарлықтың шырмауында жүрген басшылардың керенаулығынан егін орағына әзірлік осылай нашар жүргізілуде, социалистік міндеттерінің орындалуына нұқсан келтірілуде.

Егін жинауға әзірліктегі мұндай кемшіліктерді тезірек жою керек болады. Лафетті жатқаларды, ысыра жинағыштарды жөндеуді жедел аяқтау қажет. Әрбір лафетті жаткамен 8—10 күн ішінде 220—240 гектар егін ору міндет. Жатқаның осындай жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін жатка машинистерін іріктеп алу, оларға қажетті мәдени-тұрмыс жағдайын туғызу керек. Республикамызда 60 мыңнан астам комбайншы, 29 мың жатка машинисі жетпейді. Осыған байланысты совхоздардың, жөндеу-техника станциялары мен колхоздардың қасындағы курстарда 28 мың комбайншы әзірлеу міндеті алға қойылған еді. 6,5 мың адам бұл курстарды бітірді, кәзір 8 мыңнан астам адам оқып жүр. Механизация училищелерін бітіретін 3300-ден астам жастар да биыл комбайн штурвалын басқарады. Осы кадрлар жұмысқа кіріскеннің өзінде көптеген маман жетпейді. Біз басқа республикадан, облыстан адам әкелуден аулақ болуға тиіспіз. Сондықтан бұл жұмысқа мамандығы жуық адамдарды, бұрын комбайнда, тракторда жұмыс істеген, кәзір басқа жұмыста жүрген кадрларды кең тарту дұрыс. Мұндай адамдарды комбайнның, жатқаның ерекшелігімен, техникалық

мүмкіндігімен тез таныстыруға болады ғой. Өстіп лафетті жаткаларды егін қамырланып піскен кезден бастап толық піскенге дейін пайдалануды қамтамасыз етейік.

Еңбек ұйымдастыруды жақсарту, жұмыстың түсер құнын кеміту, жаткаларды, тракторларды толық қуатында пайдалану үшін бір тракторға екі жатка тіркеу дұрыс. Бұл әдіс, шамамен, 20 — 25 мың тракторды басқа жұмысқа босатуға мүмкіндік береді. Колхоз бен совхозда, жөндеу-техника станциясында қолда бар жаткалардың бәрі алғашқы күннен бастап іске қосылуы шарт. Жаткалардың үздіксіз жүруін қамтамасыз ету үшін оларды электр жарығымен, жөндеу аспаптарымен, транспортпен кенелту керек. Егін отуда, десте жинауда және астық бастыруда агрегаттарды топтап қолдану әдісін кең енгізген дұрыс, бұл машиналарды күтуге, транспортты тиімді, өнімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі «Егіннің сирек және аласа өскен, біркелкі десте жасауға болмайтын танаптары тура комбайнмен орылатын болсын» деп көрсетті. Өткен жылғы тәжірибені қорыту негізінде туған бұл дұрыс нұсқауды теріс пайдаланудан аулақ болған жөн. Партия комитеттері теріс пиғылдарға кезінде тойтарыс беріп, Қазақстан КП Орталық Комитеті мен республика үкіметінің қарарын бұлжытпай орындау үшін күресуге тиіс.

Республикамызда 78 мыңнан астам комбайн жөнделіп, ол электр жарығымен, дән тұтқышпен, сүйреткімен, өрттен сақтанатын құрал-саймандармен жабдыкталуы қажет еді. Кейбір совхоздардың, жөндеу-техника станциялары мен колхоздардың басшылары комбайндардың түгел жөнделуін қамтамасыз етпеді. Егін орағы ұзамай жаппай өрістелетініне қарамастан, кейбір шаруашылықтарда комбайндардың, автомобильдердің едәуірі әлі жөнделмей тұр. Мысалы, Көкшетау облысындағы Рузаев ауданының совхоздарында қолда бар 1 800-дей комбайнның 10 шоньге дейін 65 ғана жөнделді. Ақмоладағы Қосбармақ, Красивин, Сандықтау жөндеу-техника станциялары алты ай бойы бірде-бір комбайн жөндеген жоқ. «Комбайнның бәрін бірдей жөндей қайтеміз, комбайншылар болса жетпейді» дейді кейбір колхоз-совхоз басшылары. Былтыр дәл осындай сылтаумен Павлодар облысының Үрлітүп ауданында 200, Қостанай облысының Урицкий ауданында 280 комбайн жөнделмей қалған-ды. Егін жинаудың қауырт күндерінде бұл аудандарға басқа жерден комбайн жіберуге тура келді. Бұл жұмыс едәуір уақыт алды. Көп қаражат босқа, орынсыз шығындалды. Мысалы, Үрлітүп ауданына көмекке комбайн апару үшін 150 мың сом ақша жұмсалды.

Егін ору, астық дайындау сияқты мемлекеттік зор маңызы бар күрделі жұмыста болмашы салақтықтың өзі осындай ірі кемшілікке соқтыруы ықтимал. Сондықтан да жайбарақаттық пиғылдан арылып, барлық күш-жігерді коммунистке тән табандылықпен, байсалдылықпен, іскерлікпен жұмсай отырып, егін жинауға даярлық ісіндегі олқылықтарды жоюға болайық.

Былтыр Григорий Зубков, Жансұлтан Демеев, Владимир Штанг, Аманкелді Исаков сияқты ардагер комбайншылар үздік еңбектің үлгісін көрсетті. Олардың әрқайсысы техниканы мейлінше өнімді пайдаланды, сменалық, күнтәуліктік тапсырманы асыра орындап отырды, жұмыстың сапасы мінсіз болды. Бұлар сияқты өрендер республикамызда жыл сайын көбейіп келеді. Бұл әрине, қуанышты жағдай.

Алайда, комбайншылардың, лафетті жатка машинистерінің бірсыпырасы машинаны өнімді пайдаланудың әдісіне әбден жетілген жоқ. Комбайншылардың, жатка машинистерінің шеберлігін жетілдіру нәтижесінде ауылшаруашылық машиналарын пайдалануды жақсартуға,



сөйтіп еңбек өнімділігін шындап арттыруға болады. Бұл мүмкіндікті ескере отырып, партия, кәсіподақ ұйымдары озат тәжірибені тарату ісіне мейлінше зейін қойғаны жөн. Қазақ мемлекеттік баспасының «Қазақстандық жаңа миллиард үшін» деген жинағы, әкелі-балалы комбайншы Павел және Илья Лахно туралы кітапшасы озат тәжірибені насихаттауда кәдеге жарайтын шығармалар.

Елімізде астықтың жалпы өнімін 11 миллиард пұтқа жеткізу жорығындағы дүлділіміз жүгері екенін Н. С. Хрущев жолдас атап көрсетті. Биыл Қазақстанның колхоздары мен совхоздары жүгері егісінің көлемін 1 миллион 338 мың гектарға жеткізді. Оның 150 мың гектары астық үшін себілді. Жүгерінің әр гектарынан республика бойынша 30—40 центнерден дән, 500—600 центнерден көк балауса жинаймыз деген сертіміз бар. Бұл міндеттеме де нақты іске, қол жеткен тәжірибеге сүйенеді. Алматы облысындағы «40 лет Октября» ауылшаруашылық артелі былтыр 1 мың гектар жүгері екті. Мұнда астықтың жалпы өнімінің тең жартысынан астамы жүгері болды. Колхоз жүгерінің гектарынан орта есеппен 330 пұттан дән алды. Биыл «40 лет Октября» колхозы жүгері егісінің көлемін едәуір ұлғайтты. Колхозшылар бұл егістің гектарынан 60 центнерден дән, 650—700 центнерден көк балауса жинау үшін күресуде.

Осындай өрендердің өнегелі ісіне сүйенген еңбегіміздің сәтті болуы үшін жүгері егісін күтуді жақсартта түсу керек. Қолда бар 7395 жүгері жинағыш комбайнды түгел іске қосып, өнімді пайдаланудың шараларын осы бастан ойластыру міндет. Сүрлем үшін егілген 1188 мың гектар жүгеріні жинау тұсында керегінше автомашиналар, тракторға тіркелетін қораптар бөлу тәртібін елемеуге болмайды.

Республикамызда жүгері егісімен айналысатын механикаландырылған 8300 звено құрылды, бұл звеноларда 22 мыңнан астам адам бар. Биыл жүгерінің 96 проценті шаршы-ұялап егілді. Демек звенолардағы адамды, техниканы тұрақтандырып, егісті ұқыпты өндесек жүгеріден мол өнім алуға әбден болады. Былтыр жүгеріні дер кезінде және дұрыс баптамадық. Бір өкініш сол, дәл осы кемшілік Алматы және Жамбыл облыстарында биыл да қайталанып отыр.

Астықты тасу, сақтау жөнінде тиісінше қамқорлық көрсету партия, совет және шаруашылық ұйымдардың тікелей борышы. Бұл ретте атбасарлықтар бастамасының зор мәні бар.

Атбасарлықтардың Қазақстан КП Орталық Комитеті мақұлдаған құнды бастамасы бойынша теміржолшылар, құрылысшылар, астық қабылдау пунктінің қызметкерлері арасында социалистік жарысты кең өрістетіп, дайындау және транспорт ұйымдарын 1959 жылы егін жинауға мұқият әзірлеуді қамтамасыз ету қажет. Бұл жұмысқа партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары мұрындық болуға тиіс. Қойма жетпегендіктен былтырғы астықты сақтауда өрескел кемшілікке жол берілді, кейбір жерде едәуір астық шіріп кетті. Мұндай иесіздік, ысырапқорлық биыл қайталанбауы үшін мүмкіндікті сарқа пайдалану керек.

Астықтың қоймаға дейінгі сақталуы да кәзірден бастап қамқорлық жасауды қажет ететін күрделі міндет. Астық тазартатын машиналарды, астық тиегіштерді, асфальтталған алаңдарды, автомат таразыларды, астық кептіргіштерді, жаппаларды жөндейтінін жөндеп, құратынын құрып, әзірлеп қою дұрыс. Қырмандағы жұмыстың бәрін механикаландыру шарт. Әрбір колхоз бен совхозда толық механикаландырылған 2—3 қырман болуға тиіс.

Шабытты еңбек, сырлы сөз тұсында «ас адамның арқауы» демекші бай дастарқан жайы көзден таса қалмасын. Қазақстан тұтыншылар одағының басқармасы, республиканың сауда министрлігі, совхоз дирекциялары мен колхоз басшылары егіншілердің тұрмыс қажеті мейлінше өтелуін қамтамасыз етуге міндетті. Совхоздардың, жөндеу-

техника станцияларының, колхоздардың, элеваторлардың, астық қабылдайтын пункттердің магазиндерінде сауданы өрістетіп, қоғамдық тамақты ұйымдастыру шарт.

«Коммунизм, деді Н. С. Хрущев жолдас, жұмысшылар мен шаруалардың күнделікті, кейде тіпті елеусіз, бірақ өзінің құндылығы жөнінен ерекше бағалы еңбегінен құралады. Коммунизм ғалымның кабинетіндегі немесе лабораториядағы, жұмысшының заводтағы еңбегі арқылы, фермадағы сауыншының және егіс даласындағы тракторшының еңбегі арқылы орнатылады. Әрбір совет адамы өзінің учаскесінде тапсырылған істі ерлікпен орындауға, сөйтіп біздің еліміздің коммунизмге қарай аяқ басуын тездетуге тиіс».

Бір жарым миллиард пұт астық жолындағы күрестің алғы шебіндегі егіншілер, механизаторлар, ауыл шаруашылығының мамандары партия мен мемлекеттің жетекші қайраткері Н. С. Хрущев жолдастың бұл сөздерінен сарқылмас жігер, тәтті нәр алады. Бұл сөздер коммунистік қоғам орнатуды кен өрістете бастаған совет адамдарына көп ой салады. Еңбекшілердің өндірістік және саяси белсенділігін арттырып, олардың ұшқыр ойына қанат бітірген мағна, баға, ұран да осы сөздерден шығады.

Сонымен бірге бұл сөздер партиялық жұмыстың мазмұнына, бағытына тың салмақ тастайды. Саяси жұмысты ең қалың бұқараға жақындату, еңбекшілердің бәріне де коммунистік ықпал жасау, яғни партиялық жұмыстың шеңберін кеңейте беру қамы аңғарылады бұл сөзден. Бұл жөнінде партияның Орталық Комитеті баға жетпес үлгі көрсетіп келеді. Орталық Комитеттің былтырғы декабрьдегі Пленумында партиямыздың тарихи ХХІ съезінде және Орталық Комитеттің осы жылғы июнь Пленумында еңбек адамының еркін де екпінді және тым ебдейлі сөзі, ақылы, ұсынысы, іс-талабы, сын ескертпесі бай сырымен, мол жөнімен көрінді.

Осыған орай Қазақстан партия ұйымы еңбекшілер арасындағы бұқаралық саяси, идеологиялық жұмысты КПСС ХХІ съезінің қорытындыларына сәйкес өрістетуге жайын арнаулы пленумда талқылап, нақты шаралар белгіледі. Жергілікті партия ұйымдары осы XV пленумның қаулысын жүзеге асыра отырып, егіншілер арасындағы саяси жұмыстың нақтылы мақсатты болуын күшейте беруге міндетті. Егіншінің күнделікті үйреншікті еңбегі бүкіл елдің өндірістік дүбірімен ұласқанда шабытты да табысты бір өрнек көмкеріліп, кен тынысты желі тартылатынын үгітшіміз іңкәр құлаққа құя түссін. Дала қосында, бригада басында радио санқылдап, кино көңілінді серпілтіп, газет ойынды ойнатса жұмысын өнімді, ісін берекелі болатыны даусыз.

Ұлан байтақ республикамыздың алуан салалы шаруашылығы партия мен үкіметтің зор қамқорлығының арқасында үздіксіз ілгері дамытылып, өркендеп келеді. Қазақстанның биылғы мәресі 1,5 миллиард пұт астық, 1,6 миллион тонна қант қызылшасы, 200 мың тонна шитті мақта, 800 мың тонна ет, 1 119 мың тонна сүт, 76 мың тонна жүн өндіру, сату қамтамасыз етілсе жетіжылдықты нық қадаммен бастаймыз, болашақ табысымызды шындаймыз.

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің халық шаруашылығының барлық саласында техниканы ілгері дамыту жайын талдаған пленумы бүкіл ел өмірін көркейтудің, еңбекші жұмысын жеңілдетудің түйінді мәселесін нұсқады. Өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өркендетудің осы келелі, кесек міндетін орындауға ғалымның ойы, талаптының жаңашыл қадамы құтты сәт болады. Ауыл шаруашылығының өрендері осы өрелі қимылға өздері қосатын мықты үлес мол өнім екенін жақсы біледі. Сол үшін үлкен қажырмен күреседі.

# Халықтар достығы—Совет мемлекетінің күш-қуатының қайнар бұлағы

Ғ. ӘБІШЕВ,

тарих ғылымының кандидаты

Даңқты Коммунистік партия Совет Одағы халықтарының достығын үнемі нығайтып келеді. Халықтар достығы—Совет мемлекетінің күш-қуатының қайнар бұлағы.

Партияның ХХІ съезінде Н. С. Хрущев жолдас «Совет Одағының күш-қуатының қайнар бұлағы болып есептелетін халықтар достығын нығайта беру—Коммунистік партияның ардақты борышы» деп атап көрсетті.

К. Маркс пен Ф. Энгельс барлық елдер пролетариатының күш-жігерін біріктіру пролетариатты азат етудің ең бірінші шарты деген болатын. Марксизмнің: «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген «Коммунистік партияның Манифесінде» жариялаған ұраны пролетарлық интернационализмді нығайтудың айбынды ұранына айналды.

Тарихи жаңа жағдайда, империализм мен пролетарлық революция заманында өмір сүрген В. И. Ленин Маркс пен Энгельстің ұлт-отар мәселесі мен пролетарлық интернационализм жөніндегі ілімін онан әрі кеменгерлікпен дамытты. В. И. Ленин халықтарды ұлттық езгіден азат ету жөніндегі марксизмнің негізгі қағидасын жаңа заманға сай дамыта отырып, ұлт-отар мәселесін империализмді құлату мәселесімен байланыстыра қарады, ұлт-отар мәселесі социалистік революция туралы жалпы мәселенің бір бөлегі деген ғылыми анықтама берді.

Ұлт мәселесіне еңбекшілердің ұлы көсемі В. И. Ленин өзінің революциялық қызметінің алғашқы күндерінен бастап-ақ көңіл бөлді. Біздің жаңа тұрпатты маркстік партиямызды құрған РСДРП ІІ съезіне дейін ұлт мәселесіне арнап В. И. Ленин: «Біздің программamızдағы ұлт мәселесі», «Қытай соғысы», «Бундтың мәлімдемесі жөнінде» деген тағы басқа бірнеше мақала жазды. В. И. Ленин осы мақалаларының өзінде-ақ ұлт езушілігіне, ұлт алауыздығын қоздыруға, жергілікті ұлтшылдық пен ұлыдержавалық шовинизмге батыл қарсы шықты.

ІІ съезд партияның ұлт мәселесі жөніндегі программалық нұсқауларын жариялады. Съезд сословиелерді жою, жынысына, дініне, нәсілі мен ұлтына қарамастан барлық азаматтарға толық тең право беру, мемлекет құрамына кіретін барлық ұлттарға өзін-өзі билеу правосын беру талабын қойды. ІІ съездің лениндік нұсқаулар негізінде қабылдаған бұл қарарлары жұмысшы қозғалысының ішіндегі ұлтшылдық көріністерге, сонымен бірге халықаралық оппортунизмге берілген үлкен соққы болды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және соғыстың барысында ұлыдержавалық шовинизм мен жергілікті ұлтшылдық өріс алды. Еврейлер арасында сионизм, Польшада шовинизм, түрік халықтарының арасында панисламизм, армяндар, грузиндер, украиндер арасында жергілікті ұлтшылдық күшейе түсті. В. И. Ленин мен лениншілдер ұлт мәселесі жөнінде маркстік программаны қорғап, жергілікті ұлтшылдыққа қарсы табанды күрес жүргізді. В. И. Ленин бұл жылдары «Ұлт мәселесі жөніндегі сын заметкалар», «Ұлттардың өзін-өзі билеу правосы туралы», «Социалистік революция және ұлттардың өзін-

өзі билеуі», «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы», «Өзін-өзі билеу туралы дискуссияның қорытындылары» деген еңбектерін жазды.

Ұлт мәселесі жөніндегі маркстік-лениндік программамен қаруланған біздің партиямыз Россияның барлық ұлттары еңбекшілерінің туысқандық бірлігін әлеуметтік бостандық және ұлт бостандығы үшін күрес үстінде шыңдады. Революциялық шайқастардың от-жалыны ішінде Россия халықтарының жауынгерлік одағы қалыптасып, нығайды. Олар Коммунистік партияның туы астына, орыс жұмысшы табының төңірегіне тығыз топтасты. Көп ұлтты Отанымыздың халықтары осы тудың астында 1917 жылдың октябрінде социалистік революцияның жеңісіне жетті.

1917 жылдың 16 ноябрінде жұмысшы шаруа үкіметі атынан В. И. Ленин қол қойған «Россия халықтары праволарының Декларациясы» жарияланды. Декларацияда совет өкіметінің ұлт мәселесі жөніндегі негізгі принциптері қамтылды. Олар: Россия халықтарының тең праволылығы және өзін-өзі билеу правосы, Россия халықтарының бөліну және өз алдына жеке мемлекет болып ұйымдасу, өзін-өзі еркін басқару правосы; ұлттық және діни артықшылықтар мен шек қоюшылықтың барлығын жою, Россия жерінде тұратын аз ұлттар мен этнографиялық топтардың еркін дамуы тағы басқалары.

Коммунистік партия еліміздегі барлық ұлттың еңбекшілерін пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеп, ұлттық правосыздық пен ұлттық алауыздықты толық жойды. Мұның өзі орыс пролетариатына деген сенімді онан сайын күшейтті. Россия ұлт аймақтарының еңбекшілері совет өкіметінің қолынан азаттық алды және буржуазияшыл — ұлтшылдардың қаншама әрекетіне қарамастан, оларды қанап, езген жалпы орыстар емес екеніне, тек помещиктер мен капиталистер екеніне, жергілікті үстем тап екеніне көздері жетті.

Халықтар достығы мен бірлігін нығайтуда партия съездері шешімдерінің тарихи маңызы зор болды. Партияның VIII, X, XII съездері халықтар достығын нығайту жолдарын белгіледі.

Сөйтіп, совет өкіметі Россия еңбекшілеріне ұлттық бостандық әперді. Сонымен қоса ол бүкіл дүние жүзінің езілген және тәуелді халықтарына қара түнек ауыр азаптан құтылудың бірден-бір даңғыл жолын көрсетті.

Азамат соғысы мен шетелдік интервенция жылдары совет мемлекетінің жаулары Ұлы Октябрь революциясының жеңістеріне шабуыл жасаған кезде ұлт аймақтарының еңбекшілері ұлы орыс халқымен қол ұстаса отырып, революция дұшпандарына қарсы аяусыз күрес жүргізді. Соның нәтижесінде революция жауларының арам ниеттері толық күйретілді.

Совет елі бейбіт құрылысқа кірісуге мүмкіндік алған кезде Россияның азаттық алған халықтары өзара достықты одан әрі күшейту, Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасу керектігін тереңірек түсінді. Халықтардың өзара достыққа ұмтылуы көп ұлтты біртұтас социалистік мемлекет құру қажеттілігімен ұштасты.

Владимир Ильич Ленин «Біз ұлттардың ерікті одағы болуын, — бір ұлттың екінші ұлтқа зорлық жасауына жол бермейтін одақ болуын, — толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінгендікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын тілейміз» деп жазды (Шығармалар, 30-том, 287-бет).

Социализм орнату мен ел қорғау міндеттеріне байланысты 1922 жылы совет халықтарының туысқандық одағын онан әрі нығайту, оларды бір-бірімен тығыз жақындастыру мәселесі алға қойылды.

1922 жылы декабрьде Советтердің Бүкілодақтық I съезі өткізілді. Бұл съезде В. И. Лениннің ұсынысы бойынша еліміздегі халықтардың ерікті одағы — Советтік Социалистік Республикалар Одағы кү-

рылды. СССР-дің құрылуы елімізде халықтар достығын бұрынғыдан да нығайта түсті. Толық, ерікті ынтымаққа негізделген социалистік республикалар туралы лениндік идеяларды Совет Одағының мемлекет құрылысынан айқын көруге болады. СССР-дің жоғарғы мемлекеттік өкімет органдарын сайлағанда барлық ұлттарға тең право беріледі. Сондықтан Жоғарғы Совет екі палатадан — Одақ Советі мен Ұлттар Советінен құрылады. Кәзір Жоғарғы Совет депутаттарының ішінде 58 ұлттың өкілдері бар.

Совет Одағы құрамына кәзір 15 одақтас, 18 автономиялық республика, 10 автономиялық облыс пен ұлт округі кіреді. Әрбір республика тең правомен пайдаланады, толып жатқан мемлекет, шаруашылық және мәдениет мәселелерін ұлт республикаларының өздері шешеді. Елді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын коллективтендіру, мәдениет революциясын жасау барлық ұлт республикаларының экономикасы мен мәдениетін дамытуға шешуші ықпал етті.

Елімізде өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 1958 жылы 36 есе артты, ал өндіріс құралдарын өндіру 83 есе, машина жасау және металл өңдеу өнімдері 240 есе өсті. 1958 жылы Совет Одағында 55 миллион тоннадай болат қорытылып, 113 миллион тонна мұнай, 496 миллион тонна көмір өндірілді, 233 миллиард киловатт-сағат электр қуаты алынды. Совет өкіметі жылдарында ұлттық табыс жан басына шаққанда 15 есе көбейді. 1958 жылы 1940 жылғымен салыстырғанда жұмысшылар мен қызметшілердің нақты табысы екі еседей өсті.

Ең алдымен ауыр өнеркәсіпті оздыра өркендету туралы В. И. Лениннің нұсқауы, индустрияландырудың советтік әдісі, әсіресе еліміздің бұрын экономикалық жағынан артта қалған аудандарында оның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда ерекше роль атқарды.

1958 жылы барлық өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда Өзбекстанда 17 есе, Қазақстанда 44 есе, Грузияда 35 есе, Азербайжанда 14 есе, Қырғызстанда 50 есе, Тәжікстанда 20 есе көбейді.

Елімізде жүзеге асырылған мәдениет революциясының жемісін бүкіл совет халқы көруде. Бұрын халқының екі-ақ проценті сауатты болған Қазақстан кәзір жаппай сауатты республика. Совет өкіметі жылдарында оның ұлттық мәдениеті де кереметтей көркейіп, гүлденді.

Қазақстанның экономикасы мен мәдениетіндегі зор жетістіктер ұлы орыс халқының және басқа да совет халқының жәрдемінсіз мүмкін емес еді. Қазақстанды индустриялы-колхозды республикаға айналдыру үшін орыс, украин халықтары 1929 — 1930 жылдары данқты жиырма бес мыңдықтар қатарында көптеген мамандарын жіберді.

Москва, Ленинград, Киев біздің республикамыздың халық шаруашылығы үшін әр саладан мамандар даярлап берді. Кузбасс, Донбасс шахта мамандарын жіберді, Сталинград, Челябинск, Харьков, Горький қалалары Қазақстанға тракторлар, автомобильдер, Ростов қаласы ауылшаруашылық машиналарын берді.

Ұлы Отан соғысы халықтар достығын бұрынғыдан да нығайтты. Совет жауынгерлері неміс фашистерін Москва, Сталинград түбінде талқандады, Ленин қаласын қорғап қалды. Қатты ұрыстарда олар Украина, Белоруссия, Молдавия, Латвия, Литва, Эстония республикаларын фашистерден тазартты.

Отан үшін болған ұрыстарда совет жауынгерлері қаһармандықтың, ерліктің тамаша өнегесін көрсетті, олардың Отанға деген сүйіспеншілігі арта түсті. Совет Одағының ордендарымен, медальдарымен наградталған 9 миллионнан аса айбынды совет жауынгерлерінің ішінде 193 ұлт пен халықтың өкілдері бар.

Гитлер біздің Отанымызға қарсы соғыс ашқанда Совет елінде ұлт араздығы туады деп дәмеленген еді. Бірақ фашистердің мұнысы құр

сандырақ болып шықты. Қайта Ұлы Отан соғысы кезінде совет халықтарының достығы нығайған үстіне нығая түсті.

Соғыста шыныққан, сыналған халқымыздың достығының күші соғыстан кейінгі дәуірде коммунистік қоғам орнату күресіндегі бейбіт еңбекте бұрынғыдан бетер көрінді. Бүкіл совет халқы болып туысқан Украинаның және басқа республикалардың соғыста бүлінген шаруашылығын қалпына келтіруге күш салды.

1943 жылы Қазақстан Сталинград облысына, Солтүстік Кавказға, Украинаға 700-ге жуық трактор бригадасының бригадирлерін, 300 комбайншы, 145 агроном, 100-ден астам механик, 4 мың тракторшы жіберді.

Тек 1943 жылдың өзінде ғана Қазақстан жаудан босатылған аудандарға 225 мың мал берді, ал 1943 жылдан соғыс аяқталғанға дейін 550 мың мал берді. Қазақстан Орел облысын камкорлыққа алып, оған он мыңдаған мал, мыңдаған ауылшаруашылық машинасы мен жүздеген станок жөнелтті. Орел облысының еңбекшілері Қазақстаннан 97 мың киім мен аяқ киім, 88 мың пұт астық, 5 миллион сом ақша алды.

Елімізде 36 миллион гектар тың және тыңайған жер игеруде халықтардың өзара достығы мен көмегінің маңызы зор болды. Қазақстанда тың және тыңайған жер игерудің алғашқы үш жылында ғана басқа республикалардан Қазақстанға 30 мыңнан астам семья келді. Олар Қазақстан еңбекшілерімен әбден достасып бауырласып кетті.

Сталинград, Челябинск және басқа қалалардың заводтары тың игерудің алғашқы үш жылы ішінде Қазақстанға 170 мың трактор, 60 мың комбайн, 70 мың автомашина жіберді. Бұлар кәзірде де Қазақстанның тың игеруші совхоздары мен колхоздарына жаңа техника жіберуде. 1958 жылы қазақстандық миллиард пұт астық үшін болған жорық күндерінде туысқан республикалардан 230 мың комсомолец жастар келіп, жұмыс істеді.

Кейінгі жылдары Қазақстанда 20 миллионнан астам тың және тыңайған жер игерілді. Онда 337 жаңа совхоз қоныс тепті. Тың және тыңайған жерлер игеру үшін Совет Одағының түкпір-түкпірінен 600 мыңнан аса патриот келді. Мұндай игілікті іске жәрдем беру үшін бізге Болгарияның, Венгрияның, Чехословакияның және Румынияның жастары да келді. Тың және тыңайған жерлерді игерудегі ерлігі үшін республикамыздың 137 тандаулы адамына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы, жоғары өнім алып, мемлекетке астықты көп берген бірсыпыра облыстарымыз Ленин орденімен наградталды.

Халықтар достығы — советтік қоғамның қозғаушы күші. Халықтар достығы еліміздің коммунизмге қарай дами беруінің кепілі. Мысалы, Алматы облысында бірнеше ұлттың өкілдері бірлесіп еңбек етеді. Жетіжылдыққа Алматы қаласы мен облысының өнеркәсібі өнімді үш еседей артық беруі керек. Облыс ауыл шаруашылығының қызметкерлері ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырып, таяу жылдарда астана халқын әртүрлі жеміспен, картоппен толық қамтамасыз етеміз, жетіжылдықтың аяғында 80 мың гектар жеміс, жүзім бақтарын өсіреміз, жетіжылдықтың ет жөніндегі жоспарын екі жылда орындап шығамыз, сүт, жүн және басқа да өнімдерді молайтамыз деп отыр.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданының Ленин атындағы колхозында қазақ, орыс, неміс, украин, азербайжан, ұйғыр тағы басқа 18 ұлттың өкілдері бірге өмір сүріп, бірге еңбек етіп жатыр. Бұл колхозға В. И. Ленин құрметті мүше. Мұнда көп ұлтты колхозшылар біріне бірі көмектесіп, өте тату-тәтті, ауқатты, мәдениетті тұрады. Тату достық, өзара жолдастық көмек колхоз байлығына, колхозшылардың өнімді еңбек етуіне негіз болып отыр. Колхозшы Ы. Қашағанованы,

темекі өсіруші М. Церковнаяны, ұста Сергей Ефимовты, шопан Д. Ұзақовты тағы басқаларын барлық колхозшылар құрметтеп, мақтаншы етеді. Өткен 1958 жылы колхоздың табысы 10 миллион сом болды, ал биыл 13 миллион сомға жетпекші. Алдағы жетіжылдықта колхоздың жалпы табысы 50 — 60 миллион сомға дейін өспекші.

Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов басқаратын Сталин атындағы колхозда қазақ, орыс, неміс тағы басқа 19 ұлттың өкілдері жұмыс істейді. Колхозда электр станциясы, телефон, радио, клуб, кино, орта мектеп, балалар бақшасы, әйелдер босанатын үй, асхана, монша, механикаланған ірі шеберхана бар. Колхоз республикамыздағы озық, бай колхоздың бірі.

Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозында қазақтар, корейлер, орыстар, немістер бар. Олар алты жылдың ішінде Мырзашөлде жылдық табысы 15 миллионға жететін бай колхоз ұйымдастырды.

Соңғы жылдары, әсіресе партияның XX съезінен кейін шаруашылық пен мәдениет құрылысын басқаруда одақтас республикалардың правосы онан әрі кеңейтілді. XX съезден кейін СССР Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің экономика комиссиясы құрылды. Бұл комиссия одақтас республикалардың экономикасын дамытудағы күрделі мәселелерді зерттеп, шешіп отырады. Украинада қара металлургия және көмір өнеркәсіп министрліктері, Азербайжанда мұнай өнеркәсіп министрлігі, Қазақстанда түсті металлургия министрлігі құрылды. Мұның өзі одақтас республикалар еңбекшілерінің инициативасын көтерді, олардың патриоттық сезімін, күш-жігерін тасытып, достығын бұрынғыдан да нығайтты.

Партияның соңғы бес жылда ішкі және сыртқы саясат мәселелерінде жүзеге асырған шаралары лениндік ұлт саясатының теориясы мен практикасын байыта түсті.

Совет Одағы Коммунистік партиясы XXI съезінің қарарында былай делінген: «Жетіжылдық жоспарда барлық одақтас республикалардың шаруашылығын зор қарқынмен дамыту көзделуде. Әрбір республиканың ресурстарын тиімді пайдалану және жеке республикалардың бүтіндей Совет Одағының мүдделерін дұрыс ұштастыруды қамтамасыз ету үшін әрбір республикада, ең алдымен сол республиканың анағұрлым қолайлы табиғи және экономикалық жағдайы бар шаруашылық салаларын өркендету белгіленуде».

Мысалға Қазақстанды алайық. Қазақстанда жетіжылдықта өнеркәсіптің жалпы өнімі 2,7 есе артады. Ал өнеркәсіптің негізгі салалары — қара металлургия 9,6 есе, руда шығару 6,3 есе, көмір шығару 3 еседен астам және электр қуатын өндіру 3 есе өседі.

Жеті жылдың ішінде Қазақстанның халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері — 116—119 миллиард сом болып белгіленді. Жетіжылдықта Қазақстанда қара және түсті металлургия, химия, энергетика мен көмір өнеркәсібі, құрылыс металдарын өндіру мен құрылыс индустриясы күшті қарқынмен өркендейді. Жетіжылдықта ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,7 есе көбейтіледі.

Жетіжылдықта республикамызда астықтың жылма-жылғы жалпы түсімі 1 миллиард 370 миллион пұтқа жеткізілуі тиіс. Ал Қазақстан ауыл шаруашылығының еңбеккерлері үстіміздегі жылы және бұдан кейінгі жылдарда да астық түсімін 1,5 миллиард пұтқа жеткізуді ұйғарды.

Немесе мал шаруашылығын алайық. Қазақ республикасы 1965 жылы 1957 жылғымен салыстырғанда ет өндіруді 2,9 есе, сүт өндіруді 1,9 есе, жүн алуды 2,5 есе және жұмыртқаны 1,8 есе көбейтуді жоспарлап отыр.

Міне, бұл Қазақстан экономикасы мен мәдениетін өркендете беруге деген зор қамқорлық. Республика еңбекшілері партиямыз бен үкіметіміздің тамаша қамқорлығына қажырлы еңбекпен, жаңа табыстарға жетумен жауап береді. Олар жетіжылдықта жүзеге асырылуға тиісті міндеттердің ұлылығын және бұл жөнінде өздеріне үлкен жауапкершілік жүктелетінін кәміл жақсы біледі. Сондықтан кәзіргі кезде республика еңбекшілерінің бар күш-жігері Советтік Отанымызды нығайтып, көркейте берудің жетіжылдық жоспарын бұлжытпай орындауға, елімізде коммунизм орнату мақсатына жұмылдырылуда.

Коммунистік партия совет адамдарын интернационализм рухында барлық елдер еңбекшілері арасында туысқандық қатынас орнату рухында, барлық халықтардың суверенитетін, тәуелсіздігін, тең праволылығын, олардың ынтымағын құрметтеу рухында тәрбиелейді.

Советтік социалистік идеология — ең озық, прогресшіл идеология. Бұл — барлық нәсілдер мен ұлттардың тең праволылығының идеологиясы, халықтар достығының идеологиясы. Бұл идеология әлеуметтік және ұлттық езушіліктің бәріне және барлық түрлеріне, капитализмнің адам санасындағы жеке меншікқұмарлық, ұлтшылдық сияқты және басқа қалдықтарына төзбейді. Советтік социалистік идеология халықтарды ұлтына, нәсіліне бөлмейді, кішкене ұлттар болсын, үлкен ұлттар болсын бәрі бірдей тең праволы деп біледі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы Россияның көптеген халқына азаттық әпергені сияқты, қытай халық революциясы да елдің ондаған аз ұлттарын қанаудан, езгіден құтқарды. Қытай Халық Республикасының ұлан-байтақ атырабында елдің негізгі халқы хансулардан (қытайлардан) басқа халқының саны 35 миллиондай. Мұнда 50-ден аса ұлт тұрады, бұлар қытай жерінің жартысынан көбін мекендейді. Қытай Халық Республикасы бірсыпыра ұлттың автономиясын жариялады. Бұрынғы бірсыпыра ұлттық аймақ автономиялық аудан болып қайта құрылды.

Біздің заман — капитализмнен социализмге өту заманы. Егер екінші дүниежүзілік соғысқа дейін социализм тек біздің елде ғана орнаған болса, кәзіргі кезде социализмнің туы 12 елде желбіреп тұр. 950 миллионнан астам адам капиталистік қанаудан мәңгі азат етіліп, социализм жолымен батыл алға басуда. Бүкіл дүние жүзі халықтарының үштен бір бөлегінен көбірегі пролетарлық интернационализм туы астында жаңа өмір құрып жатыр. Кәзіргі жағдайдың ерекше белгісі — социализм күштерінің өскендігі, дүниежүзілік социалистік системаның халықаралық беделі мен ықпалының артқандығы.

Біздің елде социализмнің түпкілікті жеңіп, Совет Одағы Коммунистік партиясының маркстік-лениндік ұлт саясатының салтанат құруы, халықтық демократия елдеріндегі социализм құрылысының табыстары және отар елдер халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының өрістеуі империализмнің отар системасын күйретіп отыр. Мына бір жағдайды айтсақ та жеткілікті. Соғыстан кейінгі дәуір ішінде бұрынғы отар, тәуелді елдерде 25 жаңа мемлекет құрылды.

Халықтар достығы ұлтшылдық идеологияның қандай да болсын көрінісіне қарсы күрес жүргізу арқылы нығайды; көп ұлтты халқымыздың ұлдары мен қыздарының өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелер мен оқу орындарында бірлесіп істеген жанқиярлық еңбегімен нығайды. Достықты тәлім-тәрбие, үгіт-насихат жұмысын үнемі өрістету арқылы нығайта беруіміз мерек. Партия ұйымдарының үгіт-насихат жұмысында қала мен ауыл-село еңбекшілерін пролетарлық интернационализм, халықтар достығы рухында тәрбиелеп, баулу ісіне ерекше көңіл бөлінуде. Лекциялар мен баяндамаларда, әңгімелерде, көрнекі құралдарда халықтар достығының маңызы түсіндіріліп отырады.



Бізде халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм идеясына тәрбиелеуде әдебиет пен көркемөнердің атқарып жүрген қызметі аз емес. Жазушыларымыз кәсіпорындарға, совхоз, колхоздарға барып, халықтар достығын бірлескен еңбектен, шындық өмірден алып көрсетуде. Алайда халықтар достығын кеңінен жарқын көрсету жөнінде жазушылар мен көркемөнер қайраткерлері әлі де көп борышты.

Жастарды халықтар достығы мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеуде де едәуір жұмыс жүргізілуде. Жастар арасында өткізілетін лекциялар мен баяндамалардың, жеке әңгімелердің көпшілігі достық, интернационализм, коммунистік мораль тақырыбына арналып жүр.

Бір республика мен екінші бір республиканың жарысқа түсуі салтқа айналды. Қазақстан колхозшылары көршілес туысқан өзбек, қырғыз республикаларының колхозшыларымен жарысқа түсіп, өзара тәжірибе алысады. Қазақстан мен Сібірдің мол астық алу үшін жарысқа түскеніне төрт жыл болды. Орта Азия мен Закавказье мақташылары да өзара жарысуда. Қазақстанның көптеген өнеркәсіп орындары атап айтқанда, Қарағанды шахтерлері Украина шахтерлерімен жарысқа түсіп, достықты бірлескен қажырлы еңбекпен шыңдауда.

Халықтар арасындағы достық пен пролетарлық интернационализм идеясын нығайта беру үшін біз ескіліктің адам санасындағы қалдықтарына, діни соқыр сенімге, ұлтшылдық, рушылдық, жершілдік сияқты ұнамсыз қылықтарға қарсы күрес жүргізе беруге тиіспіз. Еңбекшілерді, әсіресе жастарды Коммунистік партияға, Отанымызға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу — партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының төл міндеті.

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі халқымызды коммунистік құрылыстың жаңа программасымен қаруландырды. Съездің тарихи шешімдерінде бүкіл халық шаруашылығының негізі — ауыр өнеркәсіпті онан әрі өркендетудің, ауыл шаруашылығын мықтап өрге бастырудың, еліміздің қорғанымпаздық қабілетін нығайтудың, халқымыздың әл-ауқат және мәдени дәрежесін үздіксіз арттырудың нақты жолдары мен болашағы белгіленді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің төңірегіне тығыз топтасқан, тату-тәтті достық ынтымағы жарасқан еліміздің халықтары коммунизмге қарай сеніммен алға баса береді.



# Өндірісті механикаландыру және автоматтандыру — шұғыл міндет

А. ЭЛИХАНОВ,

*Қазақстан КП Қарағанды облыстық комитетінің секретары*

Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХІ съезі жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын ойдағыдай орындаудың шешуші шарты жаңа техниканы кеңінен пайдалану, өндіріс жұмыстарын жаппай толық механикаландыру және автоматтандыру деп атап көрсеткен болатын.

Міне сондықтан да партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумы өнеркәсіптегі және құрылыстағы жұмыстарды барлық жағынан түгел механикаландыру әдісін қолдану, өндірісті автоматтандырып, үздіксіз өндіріс желілерін енгізу, ескірген жабдықтар мен аспап-құралдарды жанғырту және жаңалау жөнінде нақты шаралар белгіледі.

Өндірісті механикаландырып, автоматтандырудың экономикалық маңызына қоса зор әлеуметтік маңызы да бар. Социалистік қоғамда өндіріс жұмыстарын барлық жағынан түгел механикаландырып, автоматтандыру — еңбекшілердің көкейтесті мүдделеріне сай келеді, миллиондаған адамдардың еңбегін жеңілдетіп, оның сипатын түбірінен өзгертеді, еңбек өнімділігін арттырады, жұмыс күнін қысқартып, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды жоюға жағдай жасайды.

КПСС Орталық Комитеті июнь Пленумының өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жөнінде белгілеген шараларын жүзеге асыру еліміздің халық шаруашылығын жаңа сатыға көтереді, неғұрлым дамыған капиталистік елдерді өнімнің жан басына келетін мөлшері жағынан қуып жету жөніндегі тарихи міндетті орындауымызға мүмкіндік береді.

Қарағанды көмір бассейнінің кеншілері июнь Пленумы белгілеген міндеттерді — аршылатын забойларда көмір шығаратын құралдарды, көмір комбайндарын және басқа жетілдірілген жабдықтарды тиімді пайдалану, беті ашық жерден көмір шығару, көмірді судың екпінімен шығару және тасу, көмірді байытудың тиімді әдістерін кеңінен қолдану міндеттерін жүзеге асыруға жаппай жұмылды.

Облыстың көмір өнеркәсібі соңғы жылдары елеулі табыстарға жетті. Олар жыл сайын өндірістік жоспарды орындап, өндірістің техникалық-экономикалық дәрежесін арттырып келеді. Өткен жылы Қарағанды көмір бассейні жоспардан тыс 126 мың тонна көмір берген болса, ал биыл бес айдың ішінде ғана жоспардан тыс 300 мың тонна көмір шығарып отыр. Мұның өзі көмір шахталарының техникалық дәрежесі жақсара түскенінің, осының негізінде еңбек өнімділігінің едәуір артқанын көрсетеді.

Коммунистік партияның, Совет үкіметінің күнделікті қамқорлығы арқасында бассейнінің шахталары соңғы жылдардың ішінде жаңа техникамен жабдықталды, олар шын мәнісінде жер астындағы заводтар дәрежесіне жетті. Мысалы, 1940 жылы Қарағанды шахталарында қолданылатын негізгі механизмдер тербелмелі конвейер, бұрғылау машинасы және электровоздар болатын. Қазір Қарағанды кеншілерінің қолында жүздеген көмір комбайндары бар. Комбайндар ең ауыр жү-

мыстарды — көмірді қазу және конвейерге тиеу жұмыстарын негізінен механикаландырды. Қазір шахталарда көмірді тиеу жұмыстары 70 процент механикаландырылған, бұл Америка Құрама Штаттарының көмір шахталарындағы дәрежеден де жоғары.

Мұнан басқа шахтерлердің қолында кен әзірлейтін комбайндар, көмір тиейтін машиналар, скреперлі және ленталы конвейерлер бар, көмір электровоздармен тасылады. Қарағанды шахтерлері көмір комбайндарының өнімділігі жөнінен дүниежүзілік рекордты берік ұстап келеді. Бұл рекордты № 37 шахтаның комбайнерлері Попков, Шафиков, Мирошниченко жолдастар жасаған болатын. Олар бір комбайнмен айына 33 517 тонна көмір қазды. № 18-бис шахтасының Вальбаум жолдас басқарған проходчиктері кен қазу техникасын шебер пайдалана отырып, еңбек ұйымдастырудың циклдік әдісін қолданып, биылғы жылы март айында штрек қазу жөнінде бассейнде ғана емес, бүкіл елімізде ең жоғары табысқа жетті. Олар бір айдың ішінде 551 метр штрек қазды.

Міне мұның бәрі Қарағанды шахталарында тамаша механизатор кадрлар өсіп жетілгенін көрсетеді. Олар инженер-техник қызметкерлермен, ғылыми-зерттеу ұйымдарының қызметкерлерімен бірлесе отырып, июнь Пленумы алға қойған міндеттерді — жаңа техниканы тиімді пайдалану, кен техникасын жетілдіре беру, олардың өнімділігін арттыру, көмір қазу, тасу, забойларды бекіту жұмыстарын толық механикаландыру міндеттерін ойдағыдай шеше алады.

Соңғы кезде кен әзірлеу жұмыстарын механикаландыру және бұл үшін комбайнның жаңа түрін жасау жөнінде көп жұмыстар істеліп жатыр. Комбинаттың шахталарында кен-әзірлік жұмыстарына қолданылатын ПК-3, ПК-2М, ПКГ-3 комбайндарын ұзақ уақыт бойы сыннан өткізу ешқандай нәтиже бермеді. Бұл комбайндардың жақсы екенінде сөз жоқ, бірақ олар өзінің конструкциясы мен құрылысы жөнінен біздің шахталардың ерекшеліктеріне сай келмеді.

Сондықтан Қарағандыдағы көмір өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу институтының Юдин жолдас бастаған бір топ конструкторлары кен әзірлейтін комбайнның жаңа түрін жасады. Комбайнның бұл түрі № 120 шахтада өнеркәсіптік сыннан өтіп, жақсы баға алды. Қазір институттың ғылыми қызметкерлері «Қарағанды-16» комбайнның жоба сызықтарын жасауды аяқтап келеді. Мұндай комбайнмен айына 500 метрден астам кен жолын әзірлеуге болады.

Қалың болып біткен «Верхняя Марианна» және «Феликс» көмір қабаттарын қазып алудың технологиясын жасау және оны механикаландыру мәселесі көп жылдан бері шешілмей келген болатын. Қазір көмір өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу институты мен кен машиналарын жобалау институты Жаңа Қарағанды машина жасау зауытының, Киров атындағы № 3 шахтаның инженер-техник қызметкерлерімен бірлесе отырып, «Верхняя Марианна», «Феликс» қабаттарын қазатын алымы 3,2 метр комбайнның және механикаландырылған жылжымалы тірек қоюдың жобасын жасады. Олар бұл жобаны жасауда Москва көмір бассейнінің тәжірибесін пайдаланды. Механикаландырылған жылжымалы тірек пен комбайнды жанжақты пайдалану арқылы әрбір лава тәулігіне үш мың тоннадан астам көмір шығаратын болады, әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі үш еседей артады. Осының нәтижесінде бір лаваның өзі жылына бір миллион сомнан астам қаржы үнемдейді.

Облыстық партия комитеті мен Қарағанды халық шаруашылығы советі осы машиналарды тезірек көптеп жасап, өндіріске енгізу ісін ұйымдастыруға бар күшін жұмсауда. Бұл агрегаттарды пайдалану арқылы көмірді және бас жыныстарды құлату, тиеу жұмыстарын толық механикаландыруға болады.

Кәзіргі кезде — елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жасалып жатқан кезде жұмыстың жеке түрін автоматтандырудан, механикаландырудан өндіріс жұмыстарын толық механикаландыруға, автоматтандыруға көшу, толық автоматтандырылған цехтар, кәсіпорындар салу міндеті алға қойылып отыр.

Бұл міндетті жүзеге асырудың Қарағанды кеншілері үшін де ерекше маңызы бар. Біздің шахталарда көмірді қопару, қазу, конвейерге тиеу сияқты жұмыстар түгелдей дерлік механизмдердің күшімен істеледі, ал ағаш жеткізу, тірек қою, төбені беркіту сияқты жұмыстар мүлде механикаландырылмаған.

Міне мұның өзі шахталарда жалпы алғанда еңбек өнімділігінің өсуін тежеп келеді. Шахталардағы барлық жұмысты толық механикаландыру үшін ең алдымен «Верхняя Марианна» сияқты орташа және қалың көмір қабаттарында көмірді құлату, тиеу жұмыстарымен қатар тіректер мен конвейерлерді жылжыту жұмыстарын толық механикаландыру үшін жаңа машиналар комплексін жасап, өндіріске енгізуге күш салу керек. Ал жұқа көмір қабаттарында барлық жұмыстарды толық механикаландыруға кәзір Донбасс шахталарында сынаудан өтіп жатқан «К-52М» және «УДК» машиналар комплексін пайдалануға толық болады. Бұл үшін ол агрегаттарға біздің шахталардың жағдайына байланысты кейбір өзгерістер енгізу керек.

Сол сияқты жеке қондырғыларды басқару және ішкі транспортты жүргізу автоматтандырылмаған, сондықтан оларда істейтін жұмысшылардың саны көп. Мысалы, шахталарда кәзір ленталы және конвейерлі транспортерлердің өзінде ғана 1500 моторист және машинист бар. Егер конвейерлерді басқару автоматтандырылса, олардың көпшілігін басқа жұмысқа ауыстыруға болар еді. Сонда осының өзінен жылына 10 миллион сомдай қаржы үнемдеуге болады.

Бұл жұмыс бізде әлі шешімін күтіп отырған, алдағы міндет. Өткен жылы біз конвейер желісін автоматтандыруға арналған «РУК-2» қондырғысының бір тобын алдық. Бірақ олар Қарағанды бассейнінің жағдайына жарамсыз болып шықты. Ал тиісті кәсіпорындар біздің шахталарға «ВИРС» қондырғысын жасап беруді кешіктіріп келеді. Ол әлі өндірістік сынаудан да өткен жоқ.

Шахта транспортын толық механикаландыру мақсатымен көмір институты конвейердің жаңа конструкциясын ұсынды, оның ұзындығы 2 мың метрге жетеді. Бұл конвейер забойлардың кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сонымен бірге шахта транспортындағы жұмыстарды жеңілдетіп, бірсыпыра жұмысшыларды басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік береді.

Бұл институт сонымен бірге скип, калорифер, су тартқыш қондырғыларды автоматтық жолмен басқарудың схемасын ұсынды. Бұл схема № 70 шахтада қолданыла бастады. Скип қондырғысын басқару мұнда бір жылдан бері автоматтанған. Автоматтанған қондырғының өнімділігі 15—25 процент артты, онда жұмыс істейтіндердің саны 8 адамға азайды, сөйтіп 70 мың сом қаржы үнемделеді. Кәзір № 23 шахтада да көтергіш қондырғыны басқару ісін автоматтандыру аяқталып келеді.

Әзірлік жұмыстарын кеңінен механикаландырудың да маңызы зор. Бұл үшін таяу уақыттың ішінде қатты жынысты жерлерде проходка қазатын комбайн жасау керек. Сол сияқты электровоз және вагонетка паркін жетілдіре түсумен бірге, көмір тасымалдауды үздіксіз әдіспен жүргізуді ұйымдастыруға баса көңіл бөлінеді. Бұл үшін ленталы конвейерлер қолданылады, ал су бар жерде көмірді сумен ағызып тасу әдісі де кеңінен қолданылады.

Тентек кеңінен келесі жылдан бастап тәулігіне мыңдаған тонна көмір шығаратын қуатты шахта салына бастайды. Шахтаның техника-экономикалық көрсеткіштері жоғары болу үшін жобада шахтаны са-

лудын және оны пайдаланудың мүлде жаңа схемасы белгіленген, негізгі және көмекші жұмыстар толық жаңа машиналар мен механизмдер арқылы атқарылатын болады. Бұл шахтада көмір мүлде жаңа агрегатпен қазылады, ол көмірді ойып, қазу, тиеу және забойды бекіту жұмыстарын бірдей жүргізеді. Көмір лавадан темір жол вагондарына дейін конвейермен тасылады. Бұл агрегат автомат арқылы басқарылады. Мұндай шахтада еңбек өнімділігі кәзіргі шахталардан 5—6 есе жоғары болады, өндірілген көмірдің түсер құны кәзіргіден екі есе төмен, яғни 1 тонна көмірдің түсер құны шамамен 20 сом болады.

Шахталардың өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, машиналар мен жабдықтарды жетілдіре түсу ісіне біздің шахтерлер мен механизаторлар да зор үлес қосып келеді. Биылғы жылдың бірінші тоқсанының өзінде шахтерлерден, жұмысшылардан, инженер-техник қызметкерлерден 355 бағалы ұсыныс түсті, олардың 256 өндіріске енгізілді. Алдын-ала жасалған есеп бойынша осы ұсыныстарды өндіріске енгізудің нәтижесінде биыл кемінде 117 мың сом қаржы үнемделеді.

Қарағанды жұртшылығына № 31 шахтаның слесары Слепов жолдастың аты көптен мәлім. Ол жүзден астам рационализаторлық ұсыныс енгізді. Шахталарда жұмыс істейтін комбайндардың барлық түріне де ізденгіш жаңашыл өзінің өзгерістерін енгізді. Мұндай жаңашылдар бізде өте көп.

Партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары өндіріс жұмысын механикаландыру жөніндегі міндеттерді орындауда жаңашылдардың ұсыныстарына мұқият зер салып, олардың кешіктірілмей пайдаланылуына қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумының шешімдерінде бұл жөнінде былай деп көрсетілген: «Партия ұйымдары техниканы ілгері дамыту жолындағы күресті басқарып, өндіріс жұмыстарын барлық жағынан түгел механикаландыру және автоматтандыру мәселелерімен нақтылы және айқын мақсатпен шұғылданып отыруға, ілгері дамытын және озық істердің бәрін қостап, өндіріске қажырлылықпен енгізіп отыруға, жаңа техникаға және жаңашылдардың тәжірибесіне кертартпалықпен, немқұрайдылықпен қараушылыққа қарсы батыл күрес жүргізуге міндетті. Жаңаны сезу, еңбек өнімділігін арттыруға, өндіріс мәдениетін өрге бастыруға үнемі қамқорлық жасау әрбір коммунистке тән қасиет болуға тиіс».

Кәзір облыстың барлық шахталарында, кәсіпорындарында, құрылыстарында, сонымен қатар аудандық, қалалық партия актив жиналыстарында еңбекшілер июнь Пленумының шешімдерін кеңінен талқылап, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру жөнінде партия белгілеген шараларды тезірек жүзеге асыруға көмектесетін нақты ұсыныстар енгізуде, қосымша қаржы жұмсамай-ақ өнім шығаруды арттыруға, шығарылған өнімнің сапасын жақсартуға болатын мүмкіндіктерді ашуда. Еңбекшілердің көптеген ұсыныстары кәзірдің өзінде жүзеге асырыла бастады.

Жаңа техниканы енгізу, өндіріс жұмыстарын толық механикаландыру және автоматтандыру негізінде өнім шығаруды шұғыл арттырып, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау облыс партия ұйымдарының ең жауапты да абыройлы міндеті екенін әрбір коммунист жақсы біледі. Олар техникалық прогресс, өнерлі-өнегелі еңбек жолындағы күрестің ту ұстаушысы болады.

Облыс еңбекшілері партия ұйымдарының басшылығымен жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, елімізде коммунизм құрудың материалдық-техникалық негізін жасау ісіне лайықты үлес қосады.

# Совхоздарда өнімнің түсер құнын кеміту жолдары

Ш. ӘМІРОВ

Коммунистік құрылыс үшін, халықтың тұрмыс-күйін көтере беру үшін социалистік ауыл шаруашылығын жаңадан күшті қарқынмен өркендетудің маңызы зор екенін КПСС XXI съезі ерекше атап көрсетті. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикізатпен толық қамтамасыз етерліктей, мемлекеттің ауылшаруашылық азық-түлігі жөніндегі басқа да тілектерін толық қанағаттандыратарлықтай дәрежеге жетуге тиіс.

Жетіжылдықтың тапсырмаларын орындау үшін Қазақстанның ауыл шаруашылығының қызметкерлері жыл сайын кемінде 1,5 миллиард пұт астық алып, 1965 жылы қант қызылшасын былтырғымен салыстырғанда 1,9 — 2,2 есе, шитті мақтаны 1,7 — 2, етті 2,9 есе, сүтті 1,8 есе, жүнді 2,1 есе артық өндіруге тиіс.

Кәзіргі уақытта республикамыз жетіжылдықтың ет өндіру жөніндегі тапсырмасын бес жыл ішінде орындау үшін, яғни 1963 жылдың өзінде ауыл шаруашылығының әр 100 гектарына шаққанда 9 центнер ет алу үшін күресуде. Биыл мемлекетке 800 мың тонна ет тапсыру мақсаты алға қойылып отыр.

Ауылшаруашылық өнімдерін осыншама мол өндіру ісінде совхоздарымыздың алатын орны үлкен. Соңғы жылдары совхоздардың саны едәуір көбейді. Кәзір бүкіл елдегі совхоздардың 15 проценті біздің республикада. Қазақстан совхоздарының үлес салмағы зор екенін мына фактілерден де айқын көруге болады. Біздегі совхоздардың 84 миллион гектар, оның ішінде 18 миллион егістік жері бар, олар жиналатын астықтың 60 проценттен астамын, дайындалатын астықтың 67 процентін, мал шаруашылығы өнімдерінің 40 проценттен астамын береді. 1958 жылы бүкіл елдің совхоздары тапсырған товарлы астықтың жартысына жуығы (45 проценттен астамы) Қазақстан совхоздарында дайындалды.

Елімізде астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіру ісінде республика совхоздарының үлесі еселеп өсіп отырған жағдайда өнімдердің өзіндік құнын кеміту мәселесі бірінші кезекке қойылады. КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «Өндірілетін өнімнің өзіндік құнына барлық жағынан бірдей терең талдау жасамайынша, оны ақшамен бақылап отырмайынша, шаруашылықты онан әрі жүргізуге болмайды».

Совхоз өнімдерінің өзіндік құнын кемітудің жолдарын көрсету үшін ең алдымен өнімнің өзіндік құны деген не екенін түсіну қажет.

Совхоздарда өндірілетін өнімдердің өзіндік құны пайдаланылған өндіріс құралдарының құнынан және қажетті бұйымның құнынан, совхоз қызметкерлерінің еңбегіне төлеуге жұмсалған шығыннан құралады. Демек, өзіндік құн — шаруашылық есептегі кәсіпорынның белгілі өнім өлшемін өндіруге жұмсаған шығынының ақшалай баламасы болып табылады.

Социализмнің объективті экономикалық заңдарын неғұрлым толық пайдалана отырып, шаруашылықты дұрыс ұйымдастырып, ойдағыдай өркендету өнімдердің өзіндік құнын ұдайы кемітіп отыруға жол ашады. Әсіресе өнімнің өзіндік құны еңбек өнімділігін үнемі арттыру негізінде кемітіледі.

Өнімнің өзіндік құны, тозу құны пайдаланылған өндіріс құралдарының (амортизациясы), жемшөптің, тұқымның, тыңайтқыштың, жанар майдың және басқа материалдардың құны арқылы бейнеленеді. Демек, өндіріс құралдарын үнемдеп, өнімді пайдалану, материалдарды үнемдеп жарату жолымен де әрбір кәсіпорын өнімнің өзіндік құнын кеміте алады.

Совхоз практикасында белгілі бір шаруашылықтағы өнімнің дара өзіндік құны есепке алынып отырады. Совхоздар экономикасында аймақтық (қоғамдық) орта өзіндік құн ерекше орын алады. Бұл өзіндік құн бойынша белгілі бір табиғи экономикалық аймақта өнімнің көпшілігі (астық, сүт, ет, жұмыртқа және т. б.) өндіріледі. Аймақтық (қоғамдық) орта құнды мемлекет совхоз өндірісінің өнімдерін өткізудің аймақтық бағасын белгілегенде негізге алады. Өнім өлшемінің жеке-дара өзіндік құны әр совхоз үшін орта аймақтық мөлшерден не жоғары, не төмен болуы мүмкін. Бұл әр шаруашылықтың жұмысына, оның нақты табиғи-экономикалық жағдайына байланысты.

Өзіндік құнда болып жататын өзгерістерді талдау халық шаруашылығының жеке тараулары мен кәсіпорындардың шаруашылық қызметіне бақылау жасап отыруға мүмкіндік береді.

Совхоздағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны мыналардан құралады: 1) негізгі және қосымша жалақы, әлеуметтік қамсыздандыруға үлес бөлу; 2) негізгі құралдардың амортизациясы (тозу құны); 3) жұмсалған материалдар (тұқым, жемшөп, жанармай, жағармай және басқалары); 4) өндірісті басқаруға байланысты жұмсалған ақшалай шығындар.

Социализм тұсында еңбек өнімділігі мен ұлттық табыстың артуы жалақының үздіксіз өсуінің материалдық негізі болып табылады. Еңбек өнімділігін арттыру қарқыны жалақының өсу қарқынынан озып отырған жағдайда ғана өнім өлшемінің өзіндік құны кемітіледі, қоғамдық байлық молая береді.

Негізгі қорларды неғұрлым жақсы пайдалану, еңбек өнімділігін еселеп арттыру үшін күресу, затқа айналған бұрынғы еңбекті (жанар, жағар майды, тұқымды, жемшөпті, жөндеу материалдарын және басқаларды) үнемдеу, әкімшілік-басқару шығындарын үнемі азайту үшін күресу—совхоз өнімдерінің өзіндік құнын кемітудің негізгі жолдары.

Совхоз өнімдерінің өзіндік құнын кеміту сол совхозда шаруашылықты жүргізуге де, бүтіндей ел экономикасының, әсіресе өнеркәсібінің дамуына да тікелей байланысты, өйткені совхоздарға негізгі өндіріс құралдарын социалистік өнеркәсіп мемлекет белгілеген баға бойынша беріп отырады.

Өнімнің өзіндік құны мен сол өнімді өткізу бағаларының мөлшері өндірістің пайда келтіру дәрежесінің қандай екенін көрсетеді. Сондықтан да совхоздардың келтіретін пайдасының аз-көптігі әрбір шаруашылықта өндірілген өнімнің нақты өзіндік құнына және өткізу бағаларының дәрежесіне байланысты келеді.

Совхоз өнімдерін мемлекетке тапсыру бағалары табиғи-экономикалық аймақтарды еске ала отырып саралап белгіленген. Өткізу бағалары сол өнімдерді өндірудегі шығындардың орнын жауып қана қоймай, сонымен қатар белгілі мөлшерде қор жинауға да мүмкіндік береді. Алайда соңғы бес жыл ішінде барлық облыстар, сондай-ақ бүкіл республика бойынша сүт, қой, сиыр, шошқа етінің өзіндік құны олардың тапсыру бағаларынан жоғары болып жүр. Кейбір облыстардың жеке совхоздары мал шаруашылығын жөнді өркендете алмай, одан зиян шегуде.

Шаруашылыққа шебер басшылық жасалғанда, өндірістің мүмкіндіктерін таба біліп, оны іске асырғанда мал өсіруді өте-мөте табысты

саланың біріне айналдыруға болады. Бұл үшін екі шаруашылықты мысалға алып көрсетейік. Қостанай облысының Федоров совхозы жұмысты бірнеше жыл бойы пайдалы істеп келеді. Ал онымен бір жағдайда, көршілес отырған Шандақ совхозы туралы мұны айта алмаймыз. Бұл шаруашылықтың жұмыс көрсеткіші алғашқыдағыдан әлдеқайда нашар. Оны мына салыстыру кестесінен айқын көруге болады.

	Федоров совхозы		Шандақ совхозы	
	жоспар бойынша	іс жүзінде	жоспар бойынша	іс жүзінде
Дәнді дақылдардың шығымдылығы (гектарына центнер есебімен)		6,7		5,0
Әр центнер астықтың өзіндік құны (сом, тиын есебімен)	32,45	35—33	32—43	59—26
Әр сиырдан сауылған сүт (кг.)	2250	2305	1700	1656
Әр центнер сүттің өзіндік құны (сом, тиын есебімен)	91—14	89—81	105—53	112—30
Әр центнер еттің өзіндік құны:				
сиыр еті	583—37	500—50	484	540
Шошқа еті	873—40	815—30	870	687
Қой еті	500	287	254	423
1958 жылдың шаруашылық қорытындысында пайда	—	306 мың сом		
зиян	—			2881 мың сом

Жоғарыда келтірілген мәліметтен тек жалғыз шошқа етінің өзіндік құны бойынша ғана Шандақ совхозы тәуір екенін ал басқа көрсеткіштер бойынша Федоров астық совхозы бірінші орында екенін көреміз. Федоров совхозында егіннің шығымдылығы жөніндегі тапсырма 59 процент орындалды, әр центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан 8,9 процент қана артты, солай болса да астық тапсырудың өзінен 179 мың сомның табысы алынды. Ал Шандақ совхозында әр центнер астықтың өзіндік құны жоспардағыдан 82,6 процент жоғары болып, шаруашылық екі миллиондай сомның зиянын шекті.

	Федоров		Шандақ	
	сомасы	%	сомасы	%
Әр центнер астықтың өзіндік құны (сом, тиын)	35,33	100	59,26	100
Оның ішінде:				
жалақы	7,02	19,7	9,83	16,6
жанармай	3,46	9,8	5,63	9,5
тұқым	8,57	24,3	17,59	29,7
Амортизация (тозық)	4,27	12,1	4,93	8,3
Күнделікті жөндеу	4,62	13,1	6,70	11,3
Тікелей жұмсалған шығын	2,32	6,6	10,48	17,1
өндірістік шығындар	3,31	9,4	2,67	4,5
Жалпы совхоздық шығын	1,75	5,0	1,43	2,4



Бұл екі совхоздағы әр центнер астықтың өзіндік құнын талдап көрейік. Шандақ совхозында астықтың өзіндік құны жоғары болуының себебі тұқымның (негізінен осы шаруашылықтың өзінде өндірілген) жанармайдың қымбатқа түскендігінен, жалақыға қаражаттың көп жұмсалуынан. Шандақ совхозында мал шаруашылығы өнімдерінің (шошқа етінен басқасы) өзіндік құны жоспардағыдан және мемлекетке тапсыру бағаларынан жоғары болды — міне сондықтан бұл шаруашылық зиян көрді.

Өнімнің өзіндік құны арқылы совхоздардың барлық шаруашылық қызметі бейнеленеді. Онда өндірісті ұйымдастыру, шаруашылық есепті, үнем тәртібін қолдану, еңбек өнімділігін арттыру, сөйтіп сол арқылы егін шығымдылығын, малдың өнімділігін көтеру, агрозоотехникалық тәсілдерді қолдана отырып, өнім өндіруге еңбек пен қаржыны аз жұмсау үшін күресу, шаруашылықты басқаруға жұмсалатын қаржыны ұқыпты пайдалану, өнімсіз шығындарды жою жөнінде әрбір совхоздың және оның қызметкерлерінің бүкіл жұмысы айнадағыдай айқын көрінеді. Сонымен бірге өзіндік құнды еңбек өнімділігінің, дәнді дақылдар шығымдылығының қол жеткен дәрежесі, малдан алынатын өнімдердің мөлшері, еңбек ұйымдастыру және оған ақы төлеудегі өзгерістер, негізгі және айналмалы қорларды, жерді пайдалану (ауылшаруашылық жерінің әр 100 гектарына өндірілетін өнім) шаруашылықты белгілібір салаға бағыттап өркендету, бірнеше саланы ұштастыра дамыту жайы бейнеленеді.

Совхоздардың есеп-қисап практикасында шығындар екі түрге: тікелей және үстеме шығынға бөлінеді. Тікелей шығынның едәуір бөлегін тұқым, жанармай, амортизация, запас бөлшектердің құны яғни затқа айналған бұрынғы еңбек мөлшері алады. Ал оның біраз бөлегі ғана еңбекке ақы төлеуден құралады. Алайда тың игеру жылдары 1953 жылмен салыстырғанда әр центнер астықтың өзіндік құны ішінде жалақының үлес салмағы мен нақты мөлшері артты. Мұның өзі еңбекке ақы төлеудегі кемшіліктерден болды, өйткені жаңа жерлердегі совхоздарда еңбекке ақы төлеу ісі өндірістік жұмыстың ақырғы нәтижесіне, яғни жиналған егін өніміне, өндірілген өнімнің өзіндік құнына тікелей байланысты жүргізілмей келеді. Ал оның бержағында астықтың әр центнерінің өзіндік құнында жанармайдың, жағар материалдарының, жөндеу ісінің құн мөлшері, үстеме шығындар ұдайы кеміп отырды. Бұл игілікті іс совхоздарды жаңа техникамен жабдықтау, жанармайды, жағар материалдарды үнемдегені үшін жалақыға қоса сыйлық беру нәтижесінде қамтамасыз етіліп жүр. Ауа райы қолайсыз жылдары бұдан ауытқитын кездер де ұшырайды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құн тағдырын жемшөп пен еңбекке ақы төлеу шешеді. Ірі қара төлінің, шошқаны семірткенде қосқан салмағының және сүттің әр центнерінің өзіндік құнында жемшөп бірінші, еңбекке ақы төлеу екінші орын алады, ал бұған керісінше қой шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнында еңбекке төленетін ақы бірінші, жемшөп екінші орында болып келеді. Мұның себебі республиканың оңтүстігінде қой жыл бойы дерлік жайып бағылады, мұндай жағдайда шопандар ақысы 50 процент артады.

Жеке облыстардың, сондай-ақ жеке совхоздардың табиғи-климаттық жағдайларына қарай мал шаруашылығы өнімдерінің құрылымында түрліше айырмашылықтар кездеседі. Солтүстік-шығыс облыстардың совхоздарында өнімдердің өзіндік құнында жемшөптің үлес салмағы республикалық орта мөлшердегіден жоғары. Мұны оңтүстік облыстармен салыстыруға да болмайды. Өйткені мұнда мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнында еңбекке төленетін ақының мөлшері солтүстіктегіден артық келеді. Қазақстан совхоздарында өнімдердің өзіндік құны екі бағытта өзгереді. Астық шаруашылығында бірқа-

лыпты жағдайда өнімнің өзіндік құны арзандайды, ал мал шаруашылығында, бұған керісінше едәуір қымбаттайды немесе өнімдердің жеке түрлері бойынша бірнеше жыл бойы өзгермей қалып отырады. Мысалы, республикамыздың совхоздарында 1955 жылы сүттің әр центнерінің өзіндік құны 120 сом болса, 1956 жылы одан 26 процент қымбаттады, ал 1957 жылы 1956 жылғыдан 21 сомға арзандады, бірақ 1955 жылдың дәрежесіне жете алмады. 1957 жылмен салыстырғанда былтыр сүттің әр центнерінің өзіндік құны онан әрі арзандаудың орнына 11 процент қымбаттап, жоспарлы мөлшерден 23,5 процент асып түсті.

Совхоздарды тұтас алғанда қой еті мен жүннің өзіндік құны біраз кеміді. Мал шаруашылығы өнімдерінің басқа түрлері бойынша өзіндік құнның едәуір қымбаттағаны байқалды.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының мұндай қымбаттауының себептері аз емес. Біріншіден, республикадағы жаңа совхоздардың көбінде мал шаруашылығы жөнді өркендемеген; екіншіден, бірқатар жерлерде мал шаруашылығын өркендетудің бағыты талай рет өзгертіле берді, үшіншіден, совхоздардың өзінде өндірілген жемшөп қымбатқа түсті. (Мысалы, 1958 жылы шөптің әр центнерінің өзіндік құны жоспардағыдан 3 сом 51 тиын, сүрлем — 2 сом 7 тиын қымбат болды); төртіншіден, шаруашылықтың бұл саласында істейтін қызметкерлердің жалақысы өсіп, еңбек өнімділігі артпады, бесіншіден, мал шаруашылығының шағын мөлшерінде мамандарды ұстауға шығын біршама көп жұмсалды, сондай-ақ үстеме шығындар да тиісті мөлшерден де асып кетті.

Совхоз өндірісінде өнімдердің өзіндік құнын үнемі кеміте беруде еңбек өнімділігін арттырып отырудың маңызы зор.

Егін шығымдылығы неғұрлым жоғары болса, астықтың әр центнерінің өзіндік құны солғұрлым төмен болады. 1953, 1954 жылдары дәнді дақылдардың шығымдылығы 1950 жылғыдан төмен болды, бірақ астықтың өзіндік құны 1953 жылы 9,8 процент, 1954 жылы 20,9 процент арзанға түсті. Мұның өзі, сол жылдары егіннің шығымдылығы төмен болғанына қарамастан, астық шаруашылығында еңбек өнімділігінің өскенін, егін шығымдылығының өзіндік құнға тікелей емес, еңбек өнімділігі арқылы әсер еткенін ыспаттайды.

Сүт мал шаруашылығында малдың өнімділігі еңбек өнімділігіне де әсер етіп келеді. Сиырлардың сүт өнімділігімен салыстырғанда еңбек шығыны 1955 жылдан бері біресе азайып, біресе көбейіп жүр. 1950 жылға қарағанда, былтыр совхоздарда сүттің әр центнерін өндіруге жұмсалған еңбек шығыны 3,8 процент кеміп, сауын малының өнімділігі 10,6 процент артты.

Республика ауыл шаруашылығының жетіжылдық жоспарына сәйкес дәнді дақылдардың әр гектарынан жиналатын өнім 3—4 центнер арттырылуға тиіс. Бізде астық шаруашылығын өркендетуде бай тәжірибеге ие болған ірі колхоздар мен совхоздар бар, құнарлы жер де жеткілікті. Егін шығымдылығын арттырудың зор мүмкіншілігінің бірі міне осында. Мәселе сол мүмкіншіліктерді шебер пайдалана білуде. Кәзір ауылшаруашылық жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы жүргізу үшін совхоздарда техника жеткілікті. Республиканың әрбір табиғи-экономикалық аймағына қарай дұрыс ауыспалы егісті тез енгізу керек, онда қара пардың мөлшері жеткілікті болуға тиіс. Т. С. Мальцевтің жүйесі бойынша өңделген парды пайдаланудың маңызы зор. Ақмола облысының Новосельск совхозында 1958 жылы осы жүйе бойынша өңделген парға егілген егіннен гектар басы 1,9 центнер астық қосымша алынды. 1960 жылы бүкіл республика бойынша тек сортты тұқым себу жобаланып отыр. Озат шаруашылықтардың тәжірибесіне қарағанда сортты тұқым себілген жерде дәнді дақылдардың шығымдылығы едәуір артып, оның өзіндік құны кемиді. Бірыңғай сортты тұқым сепкен «ҚазЦИК»

совхозы былтыр 26 мың гектардан аса алқаптың әр гектарынан 13,8 центнер өнім жинады, ал осы шаруашылықпен жағдайы бірдей, бірақ егіске сортты тұқым сеппеген «Шортанды» совхозында жиналған өнім гектар басы 10 центнерден ғана жиналды. Ал оның бержағында бірінші совхозда астықтың әр центнерінің өзіндік құны екінші шаруашылықтағыдан 10 сом 62 тиын арзанға түсті.

Совхоздарда адамдардың еңбегіне ақыны егіннің шығымдылығына, малдың өнімділігіне қарай төлеу, демек, өндірілген өнімнің мөлшеріне, оның өзіндік құнының арзан-қымбатына, совхоздың жинаған қорына қарай төлеу берік заңға айналуы шарт. Міне осы шартты мүлтіксіз орындап, совхоз қызметкерлерінің еңбекке ақы төлеуді ұдайы жетілдіріп отыруы совхоз өнімдерінің өзіндік құнын арзандатуға жол ашады.

Өнімнің өзіндік құнын арзандатуда егін жинауда ысырапқа жол бермеу, мал шаруашылығында өнімнің сапасын жақсарту, төлді көп өсіру, малдың қысыр қалуын, шығынын жою үлкен орын алады.

Өткен жылдардың тәжірибесі астық ысырабына қарсы күресте егінді бөлектеп жинауды кең қолданудың маңызы зор екенін айқын көрсетті. Бұл әдіс ойластырылып, дұрыс қолданылған жерде гектар басы қосымша 2—3 центнерден астық алынды.

Төлдейтін малдың қысыр қалуы көп, соның салдарынан әр 100 малдан алынатын төл саны аз. Былтыр біраз сиырдың қысыр қалуынан республика совхоздары бойынша ондаған мың бұзау кем өсірілді. Төлдейтін малды жақсы бағып-күтпеу, одан төлдің аз алынуы, малдың төл есебінен өсуін тежеп, өнім өлшеміне шығынның көп жұмсалыуына, оның өзіндік құны жоғары болуына әкел соғады. Совхоздардың жұмыс көрсеткішін төмендетіп жүрген жағдайдың бірі — мал шығынының тиылмауы. Мұның да өнімдердің өзіндік құнын кемітуге әсерін тигізетіні мәлім.

Машина құрал-саймандарды неғұрлым тиімді пайдалану, егіншілік пен мал шаруашылығында жұмыстарды жаппай механикаландыру, өндірісті жақсы ұйымдастыру арқылы да ауылшаруашылық өнімдерін арзанға түсіруге болады.

Шаруашылықты тиімді салаға арнап өркендету (мамандандыру) ісін дұрыс ұйымдастыру, өндірістің бірнеше саласын ұштастыра дамыту — үстеме шығынды азайтады. Ал мұның да пайдасы зор. Қазақстанның мал шаруашылығы басым болып келген совхоздарында көп уақыт бойы жер нашар пайдаланылды, жердің әр жүз гектарына шаққанда өнім аз алынып отырды. Бұған бір жағынан, шаруашылықтың қосымша және көмекші салаларының мардымсыз дамытылғандығы да себеп болды. Совхоз өндірісін мамандандыру өнімнің бір түрін өндірумен ғана шұғылданып, шаруашылықтың басқа саласын дамытудан бас тарту болып саналмайды. Шаруашылықтың бағыты және оның жеке салаларын дамыту белгілі бір ауданның нақты ерекшеліктеріне, оның табиғи-экономикалық жағдайларын неғұрлым тиімді пайдалану мүддесіне сай келуге тиіс.

Әр шаруашылықтың табиғи-экономикалық ерекшелігі еске алынып, 1956 жылы республикамыздың 255 совхозы ет малын өсіру бағытына көшірілген болатын. Соның нәтижесінде совхоздар бойынша ет өндіру мөлшері арта бастады. Былтыр 11 облыстың совхоздары тапсырған сиыр малының ет сапасы біраз жақсарды. Бірақ мал семірту, бордақылау, еттің өзіндік құнын кеміту ісінде әлі де кемшіліктер бар.

Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Көкшетау, Ақмола облыстарының совхоздарында малды семірту, бордақылау ойдағыдай ұйымдастырылмады. Соның салдарынан республика бойынша етке тапсырылған малдың 10 проценттейінің қоны ортадан төмен болды. Былтыр Батыс Қазақстан облысының ет совхоздары мал семірту, бордақылау жөнінен басқаларға үлгі көрсетті. Мұндағы шаруашылықтардың етке өткізген

ірі қараның 96 проценті, қойдың 86 процент семіз және қоны ортадан жоғары болды.

Совхоз өндірісінде шаруашылықты мамандандырудың және оның саласын ұштастырудың өнімнің өзіндік құнына қандай әсер ететінін республика совхоз өндірісінің негізгі салалары — астық, қой, қаракөл, сүт малы совхоздарының мысалынан көруге болады. Астық совхоздарында негізгі өнімнің өзіндік құны шаруашылық бағыты басқа совхоздардағыдан төмен. Ал мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны республикадағы орта мөлшерден едәуір жоғары. Сүт және қой, қаракөл шаруашылықтарымен салыстырғанда астық совхоздарында шошқа еті әрдайым арзанға түсіп келеді. Өйткені шошқа шаруашылығында барлық мал азығының 75 — 80 проценті жем болады. Ал оның көбі совхоздарда бар арзан астық пен оның қалдықтарынан құралады. Демек, азығы арзан болған соң мұнда шошқа еті де арзанға түседі.

Мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны табиғи жағдайға да байланысты. Солтүстік пен оңтүстікте мал бағу тәсілдері бірдей емес. Бұларда, әсіресе малдың қолға қарайтын уақыты жағынан бірқыдыру айырмашылық бар екені белгілі. Өндірілетін өнім мөлшерін ұлғайтуға және оның өзіндік құнын кемітуге совхоздарды мамандандыру ісінің қандай әсер ететінін анықтағанда жеке аудандардың табиғи-экономикалық жай-жағдайын мұқият еске алып отыру шарт. Сол жерде жөнді шықпайтын дақылдарды егуді немесе өнімі мардымсыз мал тұқымдарын өсіруді ұсынуға болмайды. Солтүстік-шығыс облыстардың совхоздарында өнім мөлшеріне келетін жемшөптің өзіндік құнын ұдайы кеміту керек. Мұнда жемшөп дайындау жұмыстарын жаппай механикаландыру, еңбек ұйымдастыру, оған ақы төлеу тәртібін дұрыс қолдану, құнарлылығы күшті жемшөпті мол дайындап, оны жақсы сақтау, қыста норма бойынша жұмсау шаралары жүзеге асырылуға тиіс.

Қой еті мен жүн өндіру мақсатына жемшөп аз пайдаланылатын оңтүстік облыстардың совхоздарында отарлы мал шаруашылығының мәдениетін көтеру, шопандар бригадасында еңбекке ақы төлеуді дұрыс жүргізу, аз жұмыс қолымен көп малды ойдағыдай бағып-күту сияқты жұмыстың озық әдістерін кең тарату — міне мұның бәрі өнімнің өзіндік құнын әжептәуір кемітуге жәрдемдеседі.

Әрбір шаруашылық табысты болу үшін жұмысты зиян келтірмей істеуге тиіс. Жеке совхоздың табыстылығын анықтағанда екі фактордың шешуші маңызы бар екенін ескеру керек, оның бірі—өнімнің өзіндік құны, ал екіншісі өнімді өткізу бағалары болып саналады. Жоғарыда айтылғандай, бізде ауылшаруашылық жылын зиянмен аяқтап жүрген совхоздар да бар. Бұл олқылықтан қайткенде де арылу керек. Шаруашылық есепті қолданып, еңбек өнімділігін еселеп арттыру, өнімдердің өзіндік құнын кемітіп отыру арқылы зиянның орнын жауып қана қоймай, сонымен қабат белгілі мөлшерде табыс келтіруге республикадағы әрбір совхоздың шамасы жетеді, оған оның мүмкіншілігі де мол.

Астықты, етті, сүтті, майды, жүнді тағы басқа өнімдерді үнемі көп өндіріп, оны мемлекетке керегінше тапсырып отырумен бірге өнімдердің өзіндік құнын арзанға түсіру — Қазақстан ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, әсіресе совхоз қызметкерлерінің абыройлы ісі.

# Партия оқу жылының қорытындылары және алдағы міндеттер

С. ӨЖКЕНОВ,

*Қазақстан ҚП Ақтөбе облыстық комитетінің секретары*

Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихи ХХІ съезі коммунистік қоғам құрылысын кеңінен жүргізу программасын жасап, болашаққа жол көрсетіп берді. Бұл жоспарды жүзеге асыру жолында коммунизмге сай материалдық-техникалық база жасаумен бірге совет адамдарының саналылық дәрежесін арттыру керек. Партияның Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасында бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында бұл міндеттер барынша айқын көрсетілген.

Кәзір барлық коммунистер, бүкіл совет халқы партияның ХХІ съезінің материалдары мен шешімдерін зор ынтамен оқып, үйренуде. Съезд материалдарын насихаттау ісіне біздің облыстың партия ұйымдары да айырықша көңіл бөліп отыр. Облыстың партия ұйымдары ХХІ съездің тарихи шешімдерін түсіндіруді қысқа мерзімді науқан емес, бірнеше жылдарға арналған негізгі міндет деп ұғынады.

Жұртқа мәлім, съезд шешімдерін кеңінен насихаттауда біздің кадрларымызды идея жөнінен шынықтырудың сыннан өткен түрі—партия оқуының жүйесі маңызды орын алады. Кәзір партия оқуы жүйесінде сабақ аяқталды. Енді өткен оқу жылының кейбір қорытындыларын шығарып, өз жұмысымыздың жақсы және көленке жақтарын айтуға болады. Мұның келешек үшін пайдасы зор.

Партия оқуы жүйесінің үйірмелері мен мектептерінде сабақты коммунистік құрылыстың күнделікті барысымен, колхоздардың, совхоздардың, кәсіпорындардың, құрылыстардың жұмысымен тығыз байланыстыра түсуге ерекше көңіл бөлінді, мұның өзі саяси оқудың пәрменділігін, оның алға қойған мақсатқа жетуге көмегін күшейтті. Өмірмен тығыз байланыстыру насихат жұмысының мазмұнын байытты, оның жана түрлерін тудырды. Мектептердің, үйірмелердің, теориялық семинарлардың көпшілігінде сабақтар қызылықты, мазмұнды, жоғары идеялық дәрежеде өтті.

Бұған, әсіресе партия оқуы жүйесінің түрлі буындарын құруда коммунистердің өскелең талаптары мен тілектерін ескеріп отыру елеулі себеп болды. Коммунистердің тілегі бойынша, өткен оқу жылдарына қарағанда КПСС тарихы жөніндегі үйірмелердің саны едәуір артты. Егер 1957 — 1958 оқу жылында облыста партия тарихын үйрену жөнінде 160 үйірме болса, өткен оқу жылында — 265 үйірме болды. Ағымдағы саясат жөніндегі үйірмелер саны 241-ден 80-ге дейін кеміді. Бұрын кейбір бастауыш партия ұйымдары саяси мектептерді бағаламай келген еді. Өткен оқу жылында бұл кемшілік түзетілді. Облыста 179 саяси мектеп құрылды. Сонымен қатар марксизм-ленинизм негіздерін үйрену жөнінде 46 үйірме жұмыс істеді. Кадрлардың экономикалық білімін арттыру мәселесіне айырықша көңіл бөлінді. Облыста өнеркәсіптің, транспорттың, құрылыстың, ауыл шаруашылығы мен сауданың экономикасын үйрену жөнінде 88 үйірме, семинар құрылды, саяси экономия жөнінде 46 үйірме және семинар, 5 экономикалық мектеп, марксизм-ленинизм кешкі университетінің экономикалық факультеті болды. Мұ-

нымен қатар маркстік философия жөнінде де семинарлар жұмыс істеді. Саяси оқудың барлық түрлері бойынша 15 мыңнан аса коммунист қамтылды, бұл облыс партия ұйымы құрамының 90,5 проценті.

Үйірмелердің, семинарлар мен мектептердің көпшілігі өз жұмысын оқу жоспарына толық сай жүргізді: ауыл-селолық жерлерде айына 2—3 рет, қалалар мен жұмысшы поселкелерінде — 4 рет сабақ өтіп тұрды.

Саяси оқудың идеялық мазмұнын арттыруда насихатшыларды дұрыс іріктеп алу, олардың арасындағы жұмысты жақсарту елеулі роль атқарды. Үйірмелер мен мектептердің және семинарлар жетекшілерінің, насихатшылардың жалпы құрамының 60 процентінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Партияның облыстық комитеті, қалалық комитеті мен аудандық комитеттері насихатшылар семинарларын өткізіп тұруға көбірек көңіл бөлді. Өткен жылдардағыдай насихатшыларды облыс орталығына жинап алу қойылып, биыл олардың семинарлары көбінесе аудан орталықтарында өткізіліп тұрды. Мұның өзі семинарларға насихатшылардың көп қатысуына, ең бастысы — семинарлардың нақты міндеттерге сай өткізілуіне мүмкіндік берді.

Жұрын, Мартук, Шалқар, Новороссия аудандық партия комитеттері насихатшылар арасындағы жұмысты едәуір жақсартты. Мысалы, Жұрын аудандық партия комитетінде насихатшылардың үш рет екі күндік семинары және екі күндік кеңесі өткізілді, оларда 32 лекция оқылып, баяндамалар жасалды, насихатшылар Сталин, Ленин атындағы колхоздарда партия тарихын үйрену жөніндегі үйірмелердің жұмыс тәжірибесімен танысты.

Мартук аудандық партия комитеті ұйымдастырған семинарларда теория мәселесі жөнінде 22 лекция, насихат жұмысының әдістері жөнінде 27 лекция оқылды. Әрбір семинарда аудандық партия комитеттерінің секретарьлары баяндама жасап, партияның XXI съезінің шешімдеріне байланысты аудан партия ұйымдарының алдында тұрған міндеттерді айтты.

Насихатшыларды іріктеп алу, орналастыру және тәрбиелеу жөнінде Ақтөбе қалалық партия комитеті едәуір жұмыс жүргізді. Мұнда басшы қызметкерлердің насихат жұмысына тікелей қатысуы жөніндегі талап толық жүзеге асырылуда. Қалада үйірмелер мен семинарларды басқаруға басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінен 47 адам, инженер-техник қызметкерлерден 59 адам тартылды.

Қалалық партия комитеті жанында 7 тұрақты семинар жұмыс істеді. Олардың әрқайсысында жыл ішінде 6 — 7 сабақ өткізілді, бұл сабақтарда КПСС теориясы мен тарихының маңызды мәселелері, ішкі және халықаралық өмірдің мәселелері қызу талданды. Насихатшылар семинарларының алдында әрдайым үйірмелер мен мектептерде өтілетін сабақтың материалдары да зерттеліп отырылды. Кәзір барлық қалалық, аудандық партия комитеттерінде, бірқатар бастауыш партия ұйымдарында насихатшылардың тұрақты семинарлары құрылып, жұмыс істеп жатыр.

Ферросплав заводы партия ұйымының да насихатшылармен жұмыс істеуде тәуір тәжірибесі бар. Оқу жылының ішінде насихатшылар кеңесі үш рет өткізілді, бұл кеңестерде олар еркін, жолдастық жағдайда өз тәжірибелерін алмасты. Осы жылдың январь айында завод партия комитеті КПСС тарихы жөніндегі үйірмеде ашық сабақ өткізді, оны тәжірибелі насихатшы Иоффе жолдас басқарды. Оған завод партия ұйымының барлық насихатшылары шақырылды. Өтілген сабақты талдау үстінде насихатшылар тыңдаушылардың оқылған материалды жақсы білетінін, сабақ өткізудің тиімді түрі қолданылатынын атап көрсетті. Шынында да Иоффе жолдастан көп нәрсе үйренуге болатынына насихатшылардың көзі жетті.

Партия оқуы жүйесіндегі бір өзгешелік — КПСС ХХІ съезінен кейін коммунистердің марксизм-ленинизмді оқып үйренуге ынталылығының арта түскендігі. Оқу жылының екінші жартысында партия оқуының барлық буындарында КПСС ХХІ съезінің материалдары мен съезд шешімдері жанжақты, терең оқытыла бастады. Бұл кезде партия оқуы жүйесінің үйірмелерінде, семинарлары мен мектептерде тыңдаушылар саны да артты, қосымша ондаған үйірмелер мен семинарлар құрылды.

Әңгіме сан жағынан өсуде ғана емес. Съездің шешімдері мен материалдарын оқып үйрену партия оқуының жалпы дәрежесіне қолайлы әсер етті. Ең бастысы кадрлардың маркстік-лениндік іліммен қарулануға деген ынтасы артты. Үйірмелер мен семинарлардың сабақтары творчестволықпен, өмірмен тығыз байланысты өткізіліп, кәсіпорынның, колхоздар мен совхоздардың өндірістік қызметіне жақсы ықпал жасағаны жөнінде көптеген мысалдар келтіруге болады.

Ақтөбе химия комбинатында өнеркәсіп экономикасын үйрену жөніндегі семинарды комбинаттың бас инженері Стерлин жолдас басқарды. Мұнда семинардың тыңдаушылары негізінен цехтардың, сменалардың бастықтары, мастерлер, инженер-техник қызметкерлер, өндіріс озаттары болатын. Әсіресе мұнда теориялық мәселелерді үйрену практикалық іспен, цехтардың және учаскелердің жұмысымен тығыз байланысты жүргізілді, тыңдаушылар өз учаскесінің шаруашылық қызметіне талдау жасап, кемшіліктерді ашып отырды, өндірістің қосымша мүмкіндіктерін жақсы пайдалану жөнінде көптеген бағалы ұсыныстар енгізді. Мұнда семинар жетекшісі ғана емес, сонымен бірге комбинаттың бас бухгалтері Сарайкин, еңбек және жалақы бөлімінің бастығы Бураковский, жоспарлау бөлімінің бастығы Неймер жолдастар және басқа мамандар лекция оқыды. Мұндай лекциялардың тыңдаушыларға өте пайдалы екенін айтпауға болмайды. Мысалы, Бураковский жолдас еңбек өнімділігі туралы және оны арттырудың жолдары туралы баяндай келіп, комбинатта еңбек өнімділігін арттырудың нақты жолдарын талдап көрсетті. Мысалы, күкірт қышқылы цехында тосапты кетіру процесін механикаландыру есебінен еңбек өнімділігін 2 процент, жүкті тиеу және түсіру жұмыстарын механикаландыру есебінен — 1,5 процент, жұмыс күнін толық пайдалану, қыдырымпаздықты жою, жұмыс орнын жақсарту есебінен — 2,5 процент, техникалық негізделген нормаларды енгізу жолымен кемінде 8 процент арттыруға болатынын көрсетті. Демек, мұндай нақты міндеттерді қою тыңдаушылардың творчестволық ынта-жігерін арттыруға себепші болды. Тыңдаушылардан кәсіпорынның қызметін жақсартуға бағытталған ондаған ұсыныстар түсуі де кездейсоқ нәрсе емес. Мұның бәрі комбинатты техникалық қайта құру және оның келешек жоспарын жасау кезінде ескерілді.

Экономикалық семинардың жұмысы тыңдаушылар арасында еңбек тәртібін нығайтуға көмекші болды, олардың өндірістік қызметіне және комбинаттың бүкіл көрсеткішіне қолайлы әсер етіп отырды. Биылғы жылы комбинат негізгі өнімдердің түсер құнын едәуір кемітті, бірсыпыра экономикалық көрсеткіштер жөнінен облыс кәсіпорындарының арасында алдыңғы қатарда келеді.

Новороссия ауданы, Мағаджан совхозында ауыл шаруашылығы экономикасы жөніндегі семинар сабақтарының бірінде ауылшаруашылық өнімдерінің түсер құны туралы мәселе талқыланды. Семинар тыңдаушылары — ферма менгерушілері мен мамандар сабақтан кейін совхоз өнімінің түсер құнын кеміту жолдары туралы толып жатқан бағалы ұсыныстар айтты. Бұл ұсыныстар коллектив жиналыстарында да талқыланды, сөйтіп совхоздың басқару аппаратын 52 адамға қысқартуға, 203 мың сом жалақы қорын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Степной ауданы «Авангард» ауылшаруашылық артелінің, басқа да бірталай колхоздардың, совхоздардың және кәсіпорындардың пар-

тия ұйымдарының үйірмелерінде өткізілген сабақтар ол шаруашылықтардың жұмысына игілікті әсер етіп отырды.

Партияның ХХІ съезінің қарарларын оқып үйрену коммунистердің практикалық қызметіне көмекші болуда. Олардың саяси белсенділігі, істің жағдайына жауапкершілігі едәуір артты. Бастауыш партия ұйымдарының ішкі жұмыстары жақсара түсті. Қазір коммунистер өндіріс мәселелерімен терең шұғылданатын болды.

Партияның ХХІ съезі ұсынған теориялық мәселелерді үйрену, сондай-ақ аудандарда, кәсіпорындарда, колхоздарда, совхоздарда жетіжылдық жоспарды жүзеге асырудың практикалық мәселелерін талқылау жөнінде конференциялар өткізу кең өріс алып отыр. Новороссия ауданында өткен экономикалық конференцияда «Ауданның колхоздары мен совхоздарында бір центнер астық, ет, сүт, жүн, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруге жұмсалатын еңбек пен ақшалай қаражатты кеміту жолдары туралы» мәселе талқыланды. Бұл конференцияға колхоз председателдері, совхоздар мен РТС-тердің директорлары, ауыл шаруашылығының мамандары, есеп қызметкерлері, колхоз бен совхоз өндірісінің озаттары қатысты. Конференцияға қатысушылар ауданның бірсыпыра шаруашылықтарында өндірілген өнімнің түсер құнына талдау жасай отырып, оны кеміту жолдарын нақты мысалдармен көрсетті.

Шалқар ауданында болған экономикалық конференцияда мал шаруашылығы өнімдерінің түсер құнын кеміту жолдары талқыланды, колхоз өндірісінде еңбекті ұйымдастыру және нормалауды жақсартудың нақты шаралары белгіленді, осы ауданның «Жаңа жол» колхозында еңбеккүнді ақшалай төлеуге көшу жоспарымен танысылды. Мұндай конференциялар Ключевой және Степной аудандарында да болып өтті, ал қалған басқа аудандарда да өткізіледі.

Мұндай конференцияларда әсіресе колхоз өндірісін онан әрі дамыту, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға көмектесетін қосымша мүмкіндіктерді тиімді пайдалану, өнім өндіруге жұмсалатын еңбек пен қаражат шығынын кеміту жолдарына назар аударылады.

Коммунистердің марксизм-ленинизм теориясын оқып үйренуге ынталылығы теориялық конференцияларда көрінді. Оқудың бұл жанды және қызықты түрін кәзір облыс партия ұйымы барынша кеңінен пайдаланып отыр. ХХІ съездің материалдары бойынша облыста 18 теориялық конференция өткізілді, оларға жүздеген коммунистер мен партияда жоқ жолдастар қатысты. Мұның өзі социализмнен коммунизмге өтудің ХХІ съезд аяға қойған міндеттерін коммунистердің, совет азаматтарының терең түсінгісі келетінін көрсетеді. Мысалы, Новороссия ауданында болған теориялық конференцияда партия мен үкіметтің колхоз құрылысын онан әрі дамыту жөніндегі шаралары, Ключевой, Шалқар аудандарындағы конференцияларда еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру мәселесі және кәзіргі кезеңде идеологиялық жұмыстың міндеттері, Ойыл ауданында коммунизм құрылысын кең өрістетудің дәуірінде өндірістік қатынастарды онан әрі жетілдіру мәселесі талқыланды.

Теориялық конференцияларға қатысушылардың көпшілігі партияның ХХІ съезінің шешімдері туралы еңбекшілер алдында лекциялар оқып, баяндамалар жасады. Саяси оқуды бұқара арасындағы тәрбие жұмысымен осылайша ұштастыра жүргізу насихат жұмысын неғұрлым пәрменді де жемісті етеді.

Партия оқуы жүйесінде сабақтардың идеялық дәрежесін арттыруда саяси-ағарту кабинеттері едәуір роль атқарды. Лекциялар циклдері, топтап және жеке консультация ұйымдастыру, тұрақты әдебиет көрмелері, көрнекі құралдар — осының бәрі насихатшылардың сабақты мазмұнды да тартымды өткізуіне жағдай жасады. Темір, Жұрын, Новороссия аудандық партия комитеттерінің, ферросплав заводының, Шұбар-



құдық мұнай кәсіпшілігінің, Қандыағаш және Эмба станцияларының саяси-ағарту кабинеттері, Ақтөбе қалалық партия комитетінің саяси-ағарту үйі маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып үйренуші коммунистерге зор көмек көрсетті. Мысалы, Ақтөбедегі саяси-ағарту үйінде ғана съезд материалдары бойынша 68 лекция, ал партия тарихы, марксизм-ленинизм теориясы жөнінде 402 лекция оқылды.

Саяси-ағарту кабинеттері қорытынды сабақтарды ұйымшылдықпен өткізуге де көмектесті. Көптеген партия ұйымдарында оқу жылы съезд материалдары бойынша теориялық конференциялар, семинарлар және әңгімелер өткізумен аяқталды. Мысалы, Ақтөбе құрылыс тресі партия ұйымының КПСС тарихын үйрену жөніндегі үйірмесінде қорытынды сабақтар «Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау», ал педагогикалық училищенің семинарында — «Коммунистік құрылыстың жаңа кезеңі және маркстік-лениндік теорияның кейбір мәселелері» деген тақырыптарды талқылауға арналды.

Қорытынды сабақтар коммунистер мен партияда жоқ активтердің жетіжылдық жоспардың негізгі міндеттерін, ХХІ съезде талданған теориялық мәселелерді тәуір меңгергенін көрсетті.

Биыл комсомолдың саяси оқуы жүйесінде де сабақ ұйымшылдықпен және мазмұнды етті. Облыста 18 мың комсомолецтер мен жастар саяси оқуға қатысты.

Мұның бәрі партия ұйымдарының бұқара арасында саяси-ағарту мәселесіне көбірек көңіл бөле бастағанын, идеологиялық жұмыстың бұл маңызды саласына олар нақты басшылық ете бастағанын дәлелдейді. Партия оқуының мәселелері партияның қалалық комитеті мен аудандық комитеттерінің пленумдарында, бастауыш партия ұйымдарының жиналыстарында жиі-жиі талқыланатын болды. Апрель және май айларында барлық аудандарда партия комитеттерінің пленумдары болды, бұл пленумдарда КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілерінің арасында бұқаралық-саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы талқыланды. Аудандық партия комитеттерінің бюросы саяси оқу барысы жөнінде партия ұйымдары секретарьларының есебін жиі-жиі тындап отырды. Қалалық және аудандық партия комитеттерінің мүшелері, партия активі үйірмелер мен мектептердің сабағына қатысып, насихатшыларға көмектесіп отыратын болды. Қалалық партия комитетінің саяси-ағарту үйі жанында 20 адамнан құралған методикалық топ жұмыс істейді.

Осындай көрнекті қорытындылармен бірге партия оқуында елеулі кемшіліктер де болды. Бірсыпыра партия ұйымдарында сабақ уақытында өтпей қалып та жүрді. Мысалы, Шербаков совхозында партия тарихын үйрену үйірмесінде бүкіл жыл бойы небәрі тек екі-ақ сабақ өтті. Байғанин, Темір, Ключевой аудандарының кейбір партия ұйымдарында мектептер мен үйірмелерде сабақтардың идеялық-теориялық дәрежесі төмен болды. Мұндай жерлерде партияның ХХІ съезінің материалдарын терең талдап, баяндау орнына оны жай оқып беріп, құрғақ әңгімеге салынған насихатшылар да кездесті.

Кейбір насихатшылар үйірмелер мен мектептердегі сабақтарда маркстік-лениндік теория іске асқан біздің өмір шындығымыз екенін жете ескермеді, теориялық мәселелерді баяндағанда социалистік қоғам өмірінен, тыңдаушылардың өздері жұмыс істейтін коллективтердің өмірінен нақты мысалдар келтіріп отырмады. Ал екінші бір насихатшылар жергілікті материалдармен және ағымдағы шаруашылық міндеттерімен көп әуестейіп, ғылыми коммунизмнің теориялық мәселелерін, коммунистік қоғам орнатудың заңдылығы мен жолдарын анықтап түсіндіруге ұмтылмады.

Базбір насихатшылардың жұмысындағы елеулі кемшілік, олар жетіжылдық жоспардың орындалу нәтижесінде халыққа қандай пайда

келетіндігін көп айтады да, материалдық және мәдени игіліктердің молшылығын жасау үшін барлық совет адамдарының жанқиярлық еңбек істеуі керек екеніне тыңдаушылардың назарын жеткілікті аудармайды. Міне мұның бәрі партия комитеттерінің, партия ұйымдарының насихатшыларға жеткілікті дәрежеде көмектесіп, олардың жұмысын бақылап, басшылық жасап отырмағанын көрсетеді.

Кәзір барлық жерде де партия оқуы жүйесінде оқу жылы аяқталды. Үйірмелер мен семинарларда қорытынды сабақтар өтті, оларда тыңдаушылар жоғары белсенділік және марксизм-ленинизм негіздерін үйренуде бірқатар білімдер алғанын көрсетті.

Экономикалық және теориялық конференциялар, лекциялар, баяндамалар, консультациялар, үгітшілердің әңгімелері, сұрақ және жауап кештері, бұқара арасында саяси-ағарту жұмысын жүргізудің басқа да түрлері жаз айларында кеңінен өрістетілуге тиіс. Мұндағы мақсат — ХХІ съездің материалдары мен шешімдерін оқып үйренуді онан әрі тереңдету. Съезд шешімдерінің жалпы қағидаларын түсіндірумен қатар елімізде коммунистік құрылыстың ғылыми негіздерін, жетіжылдық жоспардың басты міндеттерін, бүкіл еліміздің, сондай-ақ өз республикамыз бен облысымыздың, өз кәсіпорнымыздың, колхозымыз бен совхозымыздың дамуын терең зерттеп үйренуге көшу керек.

Жаңа оқу жылына әзірлене отырып, біз партиялық насихаттың сапасын барынша арттырудың, оның нақты және пәрменді болуын, оның тәрбиелік ролін күшейтуді өз жұмысымыздың негізіне аламыз.

Жаз айларында жаңа оқу жылына әзірлікті кең өрістетуді көздеп отырмыз. Әсіресе насихатшы кадрларды іріктеп алу, даярлау ісіне айырықша көңіл бөлінеді. Осы мақсатпен сентябрь айында облыс орталығында насихатшылардың 15 күндік семинарын өткізбекшіміз. Мұның үстіне партияның қалалық комитетінің және аудандық комитеттерінің саяси-ағарту кабинеттері меңгерушілерінің семинар-кеңесі, сондай-ақ партияның қалалық комитеті мен аудандық комитеттері лекторларының семинарлары өткізіледі.

Алдағы оқу жылында «Совет Одағы Коммунистік партиясы тарихының» жаңа оқулығы, сондай-ақ басқа да оқу құралдары жарыққа шығуымен байланысты партиямыздың тарихы мен теориясын терең оқып үйрену жөнінде зор мүмкіншіліктер ашылып отыр.

Кәзір облыста бастауыш партия ұйымдарының жиналыстары, партияның қалалық комитеттері мен аудандық комитеттерінің бюро мәжілістері өтіп, оларда өткен оқу жылының қорытындылары және жаңа оқу жылына әзірлік жөніндегі міндеттер талқылануда.

Партия ұйымдарының кәзіргі айбынды міндеті кадрларға саяси білім берудегі жинақталған тәжірибені баянды ете отырып, оны байыта беру, партияның ХХІ съезінің шешімдері мен материалдарын онан әрі насихаттап, түсіндіре беру, партия оқуы жүйесінде жаңа оқу жылына жақсы әзірлену болып табылады. Міне мұның бәрі облыс еңбекшілерін жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы алған міндеттемелерін орындау үшін қажырлы күреске жұмылдыруға қызмет етеді.



# Өмірдегі коммунизм өркендері

Ж. АРАЛБАЕВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитетінің лекторы*

Адамзаттың ең озат, ең батыл ойшылдары ғасырлар бойы арман етіп келген коммунизм кәзір Совет Одағында орнатылуда. Коммунистік партия бастаған совет халқы елімізде социализмді толық және түпкілікті орнатып, оның жоғарғы сатысы — коммунизм құрылысын кең көлемде жүргізу дәуіріне енді.

Социализмнен коммунизмге өту дегеніміз — тарихи заңды процесс, бұл заңды бұзуға немесе оған соқпай өтуге болмайды. Коммунизмге бірте-бірте өтудің заңдылығын көрсете келіп, ұлы Ленин коммунизм социализмнің мейлінше нығайған, жанжақты дамыған кезінде ғана басталады деп үйретті.

Социализмнен коммунизмге өту коммунизмнің екі сатысының да экономикалық негізі болып табылатын өндірістің социалистік тәсілін дамытып жетілдіре беруді талап етеді. Мұнсыз барлық адамдардың керегін неғұрлым толық қанағаттандыруға еркін жететін молшылық жасап, қоғам байлығын көбейтіп, қорландыру, бара-бара әрбір еңбекші адам өзінің қабілетіне қарай еңбек етіп, тұтыну заттарын керегінше ала алатын дәрежеге жету мүмкін емес. Коммунизмнің осы негізгі талабына толық сай материалдық-техникалық база жасаудың ғылыми жолын В. И. Ленин ашты. Осы ілімге сүйеніп, партияның XXI съезі елімізде коммунизм орнатуға бағытталған ұлы жоспардың құрамды бөлегі жетіжылдық жоспарды қарап бекітті. Съездің шешімдерінде коммунистік қоғамның адамдарын тәрбиелеп өсіру мәселесінің де алуан түрлі шаралары белгіленген. Сонымен кәзір еліміз коммунистік қоғамның материалдық және рухани жағдайларын жасау дәуіріне аяқ басып отыр.

Бұл дәуірде коммунизмнің кәзір өмірде бар белгілері барған сайын өсіп-өркендей бермекші. Кәзір коммунизмнің біздің тұрмысымыздағы айқын белгілері деп нені айта аламыз? Ол ең алдымен біздің экономикамыздың сипатынан және өндірісті ұйымдастыру тәсілімізден көрінеді. Социалистік қоғамның өндіргіш күштерінің кәзіргі даму барысында-ақ коммунизмнің материалдық-техникалық негізі бірте-бірте жасалып келеді. Бұл — қоғам өндірісінің барлық саласы тез қарқынмен және жоспарлы дамуын; өндіріс жұмысын жан-жақты механикаландыруды және автоматтандыруды; елді толық электрлендіруді, атом қуатын пайдалануды; ғылым мен техниканы қарыштап алға бастыруды; жана техниканы меңгерген жеткілікті кадр даярлауды; қоғамдық өндірістің құрылымын жетілдіруді, еңбек өнімділігінің коммунизмге сай молшылық жасай алатын жоғары дәрежесіне жетуді қамтиды.

Кейбіреулер мұндай материалдық-техникалық база капиталистік елдерде, әсіресе Америка Құрама Штаттарында жоқ па деуі мүмкін. Бұлай деп ойлау кәзіргі шындыққа үстірт қарағандық болар еді. Өйткені, капитализм тұсында техниканы дамуы халықтың әл-ауқатын жақсартуға, еңбекші бұқараның еңбегін жеңілдетуге бағытталмайды, үркердей монополистердің көптеп пайда табуын көздейді. Капиталистер жана техниканы, түрлі автоматты тек өзіне пайда келтіретін болса ғана қолданады. Ал қолданған жағдайда жұмысшы табын қанауды

күшейтеді, жұмыссыздардың санын көбейтеді. Америка социологтарының есебі бойынша, егер АҚШ-тың кәзіргі өңдеуші өндірісі түгел автоматтанса, онда жұмыс істеп жүрген 17 миллион жұмысшының саны 1,5 миллионға дейін кеміген болар еді? Мұнсыз-ақ кәзір АҚШ-та жұмыссыздардың саны 5 миллиондай болып отыр. Демек, капитализм тұсында өндіріс жұмыстарын механикаландыру, автоматтандыру кәсіп иелеріне олжа келтірсе, еңбекшілер бұқарасына қырсық болып тиеді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасы жетілген социалистік қоғам жағдайында ғана жасалады. Мұнда өндірістің негізгі мақсаты — халық игілігі. Социалистік қоғамда өндірісті автоматтандыру халыққа қызмет етеді, еңбек жағдайын жеңілдетеді, еңбектің өнімділігін арттырады. Үстіміздегі жетіжылдықта өндіріс жұмыстарын жан-жақты механикаландыру негізінде қолмен атқаратын ауыр еңбек жойылашақ. Жұмысы толық автоматтандырылған цехтар мен өндіріс орындары жылдан-жылға көбейе береді. Совет Одағында кәзірдің өзінде толық автоматтанған электр станциялары, машина жасау және металлургия өнеркәсібінің кейбір цехтары, бірсыпыра химия өнеркәсіп орындары бар. Жеті жыл ішінде металлургияда 50-ден аса автоматтанған прокат станы жасалып, іске қосылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында автомат-тракторлар жұмыс істей бастайды. Адамды машинаның көмекшісі болудан оның қожасына айналдыратын, еңбек өнімділігін ондаған, жүздеген есе арттыратын коммунизмнің техникадағы өркендері міне осындай.

Коммунизмнің белгілерін миллиондаған еңбекші бұқараның еңбек тасқынынан да көруге болады. Мұнан қырық жыл бұрын В. И. Ленин алғашқы коммунистік сенбіліктерді жұмысшы табының коммунизм орнату жолындағы ұлы бастамасы деп бағалаған еді. Кәзір социалистік жарыс шын мәнісінде бүкіл халықтық қозғалысқа, коммунистік жарысқа ұласып отыр. Совет адамдарының кәзіргі таңдағы іс әрекетінің ұраны — коммунистше еңбек етіп, коммунистше өмір сүру.

Коммунистік еңбек коллективтерінің үлгілі ісі барлық еңбек адамдарына өнеге болуда. Сондықтан да бүкіл еліміздегі сияқты Қазақ республикасында да коммунистік еңбек коллективі атағына ие болу жолындағы қозғалыс кен өріс алып отыр. Олардың қатары кәзір халық шаруашылығының барлық саласында күннен күнге көбейіп келеді. Көмірлі Қарағанды қаласында № 1 «Вертикальная» шахтаның даңқты комбайнері Бондалетов жолдас басқарған бригада республикамызда коммунистік еңбек бригадасын құрудың бастаушысы болды. Алматы ауыр машина жасау заводындағы Иван Кораблин жолдас басқарған коммунистік еңбек бригадасының мүшелері жұмыс нормасын 200 процентке дейін орындайды, оқып мамандығын, жалпы білімін арттырады, тұрмыста, қоғам орындарында басқаларға өнеге көрсетеді. Ленин орденді Ақмола облысының Ярославский атындағы совхозының Довжик жолдас басқарған коммунистік еңбек бригадасы биыл Отанымызға 470 мың пұт астық тапсыруға ұйғарды. Біздің мүддеміз — қоғам мүддесі. Қоғам үшін қажырлы еңбек ету, әрқашан, барлық жерде өнегелі, үлгілі болу ең құрметті міндетіміз, — делінген бригаданың міндеттемесінде. М. Довжик елім, Отаным деген ер екенін іс жүзінде көрсетті. Ол В. И. Гаганованың үлгісімен екінші бригадаға барды.

Бұлар сияқты бригадалар кәзір республикамызда көп. Совет адамдары коммунистше еңбек етуді, коммунистше тұрмыс құруды ардақты борышымыз деп біледі. Бұл совет адамдарының кәзірдің өзінде-ақ коммунистік саналылықты көрсетіп отырғанын дәлелдейді.

Коммунизмнің белгілерін совет адамдарының патриотизмінен де көреміз. Олар қоғамдық мүддені жеке мүддеден жоғары ұстайды. Біздің ондаған, жүздеген мың таңдаулы адамдарымыз партияның шақыруы бойынша, өздерінің байырғы жайлы мекендерін тастап, тың жер-

лерге, шығыстағы ірі құрылыстарға жұмысқа барды. Олар кәзір қалың орманды, таулы елсіз жерді меңгеріп, электр станцияларын, заводтар салуда. Біздің адамдар өз Отанының, өз халқының мүддесі жолында ерліктің талай-талай тамаша үлгілерін көрсетіп келеді. Тарих халықтың мұндай жаппай ерлік көрсеткенін білген емес, халықтың жаппай ерлігін тек социализм ғана туғызды. Бұл халық арасында коммунистік көзқарастың қалыптасуын көрсетеді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында, бізде қоғамдық асханалар, балалар бақшалары, яслилері пайда болған кезде, В. И. Ленин бұларды «коммунизм өркендерінің үлгілері» деп атаған еді. Данышпан Ленин сол кездің өзінде-ақ бұлар пролетарлық мемлекеттің қолдауымен «...өсіп, жетіліп, толық коммунизмге айналмақ» деп жазған болатын (Шығармалар, 29-том, 247-бет). Коммунизмнің бұл өркендері кәзір шапшаң өсіп, жетіліп келеді. Кәзір бүкіл халыққа қызмет ететін қыруар көп қоғамдық асханалар, халық ағарту, денсаулық сақтау орындары, тұрғын үй және мәдени-тұрмыс қызметін атқаратын орындар бар.

Біреулер мұндай орындар аса дамыған капиталистік елдерде бар емес пе, бірақ оны коммунизмнің өркендері деп ешкім де атамайды ғой деуі мүмкін. Иә, кейбір буржуазиялық мемлекеттерде техниканың соңғы табыстары негізінде салынған мәдени-тұрмыс орындары, асханалар мен ресторандар, жақсы құрылған тұрғын үйлер, жабдыкталған мектептер және басқалар бар. Бірақ бұл орындардың капитализм тұсында алатын әлеуметтік орны және атқаратын қызметі мүлде басқаша. Ол күнін әрең көріп, ертеңгі тіршілігі уайым болған еңбекші бұқараға емес, ат төбеліндей азшылыққа, еріккен капиталистерге қызмет етеді. Оған бұл елдердің еңбекші бұқарасының ішіп-жеу, киіну дәрежесі соғысқа дейінгі дәрежесіне де жетпей отырғанын айтсақ та жеткілікті. Біріккен Ұлттар Ұйымының «балаларға арналған көмек қорының» есебі бойынша, дүние жүзіндегі балалардың тең жартысына жуығы асқа жарымай, азап шегуде. Мысалы, Грецияда 500 мың бала тоя тамақ ішпейді. Оңтүстік Кореяда «Пусан Ильба» газетінің хабарлағанындай, жаңа туған нәрестелердің 50 проценті бір-екі жасқа келмей жатып, өліп қалады. Францияның «Франс обсервер» журналы капиталистік елдердегі барлық халықтың 66 проценті қажетті мөлшерде тамақтанбайды, ал жылына өлетін 60 миллион адамның 30 — 40 миллионы тамақтың тапшылығынан өледі, мұның өзі капитализмді айыптайтын қаралы акт деп жазды.

Капиталистік елдерде еңбекші бұқараның жақсы үйлерде тұруға, орта мектептерде, әсіресе жоғарғы оқу орындарында оқуға мүмкіншілігі жоқ. Мысалы, АҚШ-та, Италияда мындаған семья бас панасыз отырса, көптеген жеке меншіктегі үйлер босқа тұр.

Қоғамдық меншікке негізделген, адамды адамның қанауын жойған социализм бүкіл халықтың үнемі өсіп отырған материалдық және мәдени тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыру мақсатын көздейді. Совет елінде істеліп жатқанның бәрі халық бұқарасының тұрмыс дәрежесін күннен-күнге арттырып, коммунизмнің «әркімнен қабілетіне қарай, әркімге кереміне қарай» деген талабын іске асыруға жағдай жасайды.

Коммунизм адамның бойындағы тамаша қасиеттерінің дамуына жағдай жасайды, адамды өзімшіл, мен-меншіл қылықтан біржолата арылтып, коллектившіл, қоғамшыл етеді. Ол адамның барлық творчестволық қабілеті мен дарынын барынша толық жанжақты көтеруге кең өріс ашады. Әрине, адамның бұл қасиеттері өздігінен келмейді, олар Коммунистік партия мен басқа да қоғамдық ұйымдардың тәрбие жұмыстарының нәтижесінде, еңбекте, қоғамдық саяси істерде, сол сияқты адамның материалдық, мәдени тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыруға тікелей қызмет ететін қоғамдық жұмыстардың барлық

түрін жетілдірудің барысында өркендеп өседі. Еліміздегі жүздеп, мыңдап құрылып жатқан балалар яслилері мен бақшалары семья тәрбиесі мен қоғамдық тәрбиені ұштастыруға, тәрбиені педагогикалық негізде жүргізуге мүмкіндік береді. Мұнан кейін мектептерде оқуды өнімді еңбекпен ұштастыра жүргізу—осының бәрі жас ұрпақтың өмірге жаңа көзқарасын қалыптастырады.

Адамдардың керегін қанағаттандыру дегеніміз әншейін сән-салтанат үшін орынсыз тілек қоя беру деген сөз емес, коммунистік қоғамның мәдениетті адамының тұрмыстағы қажеті. Мысалға адамның тамаққа деген керегін алып көрелік. Адам тамақты бойына сіңіре алатын мөлшерде ғана іше алады. Медицина академиясының тамақ жөніндегі институты тамақтанудың ғылыми негізделген мөлшерін жасап шығарды. Бұл мөлшер бойынша әрбір адамға жылына 73-тен 91 килограмға дейін ет керек. Ал бізде ет өндіру мөлшері қандай десеніз: жетіжылдықтың аяғында жылына жан басына 71 килограмнан ет келмек.

Бұл ғылыми дәлелденген мөлшер бойынша еліміздің түрлі аудандарында жан басына 292 килограмнан 585 килограмға дейін сүт және сүт өнімдері қажет. Ал біздің елімізде 1965 жылы жан басына 450 килограмнан сүт және сүттің басқа өнімдері өндірілмек. Жан басына 40 килограмнан қант өндіру керек болса, жетіжылдықтың аяғында 41—44 килограмм өндірілетін болады.

Адамға жылына 180—365 дана жұмыртқа керек. Елімізде 1965 жылы жан басына 164 жұмыртқа өндірілетін болады. Ғылыми негізделген норма бойынша жан басына 55 килограмнан 219 килограмға дейін картоп қажет болса, бізде жетіжылдықтың аяғында ол 653 килограмм өндіріліп, әр адамға қажет мөлшерден үш есе асып түседі.

Бұл фактілер халқымызды негізгі азық-түлік өнімдерімен қажетінше қамтамасыз ету көп ұзамай іске асатынын көрсетеді.

Қазірдің өзінде-ақ коммунизм құрылысшыларының көптеген қажетті олардың еңбегінің саны мен сапасына қарамастан тегін бөлінеді. Совет азаматтары тегін білім алып, ауырғанда тегін емделеді, қартайғанда немесе мүгедек болғанда тегін жәрдем алады. Еңбекшілер клубтарының, кітапханалардың, тағы басқалардың тегін қызметімен пайдаланып жүр. Совет елінде қоғамдық өндірісте 100 миллионға жуық жұмысшы, қызметші, колхозшы еңбек етеді, 20 миллионға жуық адам пенсия алады, 5 миллион бала балалар яслилерінде, бақшаларында, балалар үйлерінде тәрбиеленеді, жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орындарында, мектептерде, еңбек резервтері училищелерінде оқып жүргендерден 3,3 миллион адам мемлекет есебінен стипендиямен, жатақханамен қамтамасыз етілген. 1965 жылы мектеп-интернаттардағы оқушылардың саны кемінде 2 миллион 500 мыңға жетеді. Таяудағы болашақта барлық балалар интернатта тәрбиеленетін болады. Пионер лагерінде жыл сайын 5,6 миллион бала дем алады. Жыл сайын үш миллионнан астам жұмысшы, қызметші, колхозшылар санаторий мен курорттарда, демалыс үйлерінде емделіп, тынығады. Жеті миллионға жуық көп балалы және жалғыз басты аналар мемлекеттен жәрдем алып тұрады.

Бұлар біздің тұрмысымыздағы коммунизмнің айқын белгілері. Бұл мақсатқа жұмсалатын мемлекет қаражаты 1965 жылы 360 миллиард сомға жетпек. Сонда шамамен жылына әрбір еңбеккерге 3 800 сомнан келеді. Егер бұған тұрғын үй, мектеп, мәдени-тұрмыс және медицина орындарын салуға жұмсалатын қаражатты қоссақ, онда әрбір еңбеккердің үлесіне келетін жалпы сома жылына 4 600 сом болады. Оның үстіне таяу уақытта халықтан салық алынбайтын болады. Сөйтіп халықтың әл-ауқаты, мәдени тұрмысы жақсарған үстіне жақсара береді.

Материалдық игіліктер молшылығы адамның еңбегімен жасалады, сондықтан еңбекті қоғам мүшелерінің ерікті әдетті ісіне айналдырудың маңызы зор. Бұл барытта көп салалы тәрбие жұмыстарымен қатар ма-

териалдық ынталандыру да аз роль атқармайды. Ол адамдарды тәртіпке баулиды, еңбекті жалпыға бірдей міндетті іске айналдырады. Н. С. Хрущев жолдас айтқандай, материалдық жағынан ынталы болып, сананың жетілуі нәтижесінде еңбек біртіндеп қоғам мүшелерінің дағдылы ісіне айналады. Сөйтіп еңбек дені сау адам үшін қуаныш пен рахаттың қайнар көзі болып алады.

Коммунизм тұсында ой еңбегі мен дене еңбегінің, қала мен деревняның арасында елеулі айырмашылықтар болмайды. Бұл айырмашылықтардың кәзірдің өзінде өндіріс жұмыстарын жаппай машиналандыруға, автоматтандыруға, еңбеккерлердің білім дәрежесі мен мамандығы арта түсуіне байланысты бірте-бірте азайып келе жатқаны мәлім.

Еліміздің коммунизм шыңына қарай даму дәуірінде социалистік меншіктің екі түрі — колхоздық және жалпыхалықтық меншік бір-біріне жақындай түседі. Колхоздық-кооперативтік меншіктің қоғамдастыру дәрежесін арттыра беру негізінде ол бүкілхалықтық меншікке ұласа береді. Келешекте колхозды деревня қала үлгісіндегі көркейген елді пункттерге айнала бермек.

Коммунизмге бірте-бірте жақындаған сайын, адамдардың қажеті толық қанағаттандырыла берген сайын олардың ғылыммен, көркем өнермен, әдебиетпен, спортпен тағы басқаларымен шұғылдануына бос уақыты көбейе береді. Коммунистік қоғамның адамы жанжақты дамыған, ішкі дүниесі ражап бай, алуан түрлі өнерлі адам болмақшы.

Коммунизмге қарай алға басқан сайын жұртшылық көркемөнерге көптеп қатыса түседі. Кәзір бізде іс жүзінде солай болып та отыр. Көркемөнерпаздық кәзір совет халқының мәдени өмірінің бөлінбес құрамы болып алды. Ал өнерпаздардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Тек біздің республикада ғана 1958 жылғы өткізілген өнерпаздар байқауына 200 мыңнан аса әнші мен бишілер, тақпақшылар мен сөз тапқырлар, ойын-сауық, сахна өнерінің неше алуан жүйріктері қатысты.

Кәзір қалалар мен ауыл-селоларда халық театрлары және халықтық мәдениет университеттері пайда болып, кең етек алуда. Мәдениет университеттері әдебиет пен өнерді, театр мен музыканы, бейнелеу өнері мен кино өнерін насихаттаумен бірге, ғылым мен техниканың жаңалықтарын да кең таратады. Бұлар коммунистік қоғам мүшелерінің эстетикалық жақсы қасиеттерін қалыптастырудағы және совет адамдарының рухани қажеттерін өтеудегі коммунизмнің тұрмысымыздағы жарқын көрінісі емес пе?

Тұрмысымыздағы коммунизмнің айқын белгілерін совет халқының ел билеу қызметінен де көруге болады. Совет Одағында мемлекеттік өкімет органдарының бәрі сайланып қойылады. Сөйтіп халық мемлекет басқару ісіне кеңінен белсенді қатысып отырады. Оған орталықта және жергілікті жерде барлық өкімет билігін қолына алып отырған Советтерде 1 миллион 800 мың депутат жұмыс істейтінін айтсақ та жеткілікті. Коммунистік партия мен Совет үкіметі жалпы мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешерде халықтың талқысына салып, ақылдасып отырады. Мысалы, Совет Одағы халық шаруашылығын өркендетудің 1959—1965 жылдарға арналған жоспарының жобасын талқылау барысында бүкіл елімізде еңбекшілердің 968 мыңнан аса жиналысы болып өтті. Оған 70 миллионнан аса адам қатысты; 4 миллион 672 мың адам сөз сөйлеп, ескертпелерін айтты, қосымшалары мен ұсыныстарын енгізді. Бұған қоса, орталық және жергілікті партия мен совет органдарына, газет, журнал, радио мен телевидение редакцияларына еңбекшілерден 650 мыңнан аса хат, мақала түсті; оларда жобаның түрлі тараулары жөнінде бағалы ұсыныстар мен ескертпелер жазылды.

Еңбекші бұқараны коммунизм құрылысына белсенді қатыстырудың жана түрі шыға бермекші. Ерікті халық жасақтары, жолдастық соттар кәзірдің өзінде қоғамдық тәртіп пен коммунистік қоғам тұрмы-

сының ережелерін сақтаудағы мемлекет қызметін орындауда. Бұл да коммунизмнің тұрмысымыздағы айқын белгілерінің бірі.

Коммунистік партия жаңа қоғамның тамаша өркендерін барынша мәпелеп өсіру жолында, оларға қамқорлық жасап, нығайта беру жолында көптеген ұйымдастыру шараларын жүзеге асырады. КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі соңғы үш-төрт айдың ішінде «Қоғамдық тамақтануды онан әрі дамытып, жақсарту туралы», «Халықтың тұрмыс қажетін өтеуді жақсарту шаралары туралы», «1959 — 1965 жылдарда мектеп-интернаттарды өрістету шаралары туралы» және «Мектепке дейінгі балалар мекемелерін онан әрі өрістету, мектеп жасына жетпеген балаларды тәрбиелеу және оларға медициналық қызмет ету ісін жақсарту шаралары туралы» аса маңызды шешімдер қабылдады. Партияның Орталық Комитетінің июнь айында болып өткен Пленумының өндіріс жұмыстарын жанжақты механикаландыру, автоматтандыру, ескірген машина жабдықтарын жаңғырту және жаңарту туралы шаралары партияның ХХІ съезі белгілеген коммунистік құрылыстың жоспарын іске асыруға бағытталған.

Совет халқы партиямыздың бұл шараларын өзінің жақын, төл ісі деп біліп, зор шаттықпен қарсы алуда. Бүкіл елімізде коммунистік жарыс кең өріс алып келеді. Әрбір совет адамы коммунизм құрылысының ортақ ісіне өз үлесін қосуда. Коммунизмнің тұрмысымыздағы кәзіргі айқын белгілері барған сайын өсіп, өркендей береді.



# Монғол Халық Республикасы

## социализм жолында

М. ХАНГАЛОВ,

заң ғылымының кандидаты

Үстіміздегі жылдың 11 июлінде Монғолияны азат ел қатарына қосқан монғол халық революциясының жеңісіне 38 жыл толды. 1921 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясының игілікті әсері арқасында монғол халқы өзінің Халықтық-революцияшыл партиясының басшылығымен тарихи жеңіске жетіп, империализм мен феодализмнің енсе басқан қаратүнегін серпіп тастады. Монғол халқының әлеумет және ұлт азаттығы үшін бұл күресіндегі тарихи жеңісі, Октябрь революциясының халықаралық маңызы мен әсері зор болады деген лениндік дана қағиданың ақиқаттығына айқын бір дәлел болды. 1920 жылдың май айында В. И. Ленин асқан көрегендікпен былай деп жазған еді: «Біздің революцияның... барлық елдерге әсер етуі жағынан халықаралық маңызы бар... Орыс үлгісі барлық елдерге олардың болмай қоймайтын, жақындағы келешегінен бірсыпыра, өте мәнді нәрселерді көрсетіп отыр» (Шығармалар, 31-том, 5-6-беттер).

Ұлы Октябрь социалистік революциясы күллі капитализмнің отарлық жүйесінің іргесін шайқалтып, империализмнің бұдан былай қарай отар елдерді қанай түсуіне матау салып, езілген халықтардың ұлт азаттығы жолындағы күресіне үлгі көрсетіп берді.

1921 жылы Монғолияда болған халық революциясы—Ұлы Октябрь социалистік революциясының тікелей әсерінен болған алғашқы демократиялық революциялардың бірі еді. Бұл революция — жүздеген жылдар феодализм, империалистік езгіні, зорлық-зомбылықты көп көрген Шығыстағы отар елдердің ішіндегі ең мешеу қалған монғол халқына теңдік әперді. Революцияға дейінгі ескі Монғолия экономикасы мен мәдениеті тоқырап қалған ел еді. Ал енбекшілерге кенедей жабысып, сүліктей сорған ат төбеліндей алпауыттар елдің экономикасы мен мәдениетін көтеруді ойламады да. Елде өнеркәсіп, ұлт рыногы деген атымен болмады. Халық жер жырттып, диканшылық етуді білмеді. Шаруашылықтың негізгі түрі — көшпенді мал шаруашылығы болды. Ішкі, сыртқы сауда түгелдей дерлік өсімқор сауда капиталының қарамағында болды. Бір жағынан өсімқор саудагерлерге жем болған енбекші халық, екінші жағынан Маньчжурия әкімдері мен жергілікті феодалдардың алым-салығынан, зорлық-зомбылығынан көз аша алмады.

Феодалдық ескі Монғолияда біріне бірі қарама-қарсы екі тап—бір жағында аз ғана ақсүйектер мен шіркеу алпауыттар тобы болса, екінші жағында, басыбайлы араттар бұқарасы болды. Шұрайлы жер, көк-орай шалғын мал жайылымдары мен кең өрісті үстем тап иемденді. Ал халықтың басым көпшілігі — басыбайлы араттар малдан да, жерден де, барлық құқықтан да айрылды. Оның үстіне феодалдар мен шетел басқыншыларының мүддесін көксеген лама шіркеуі сияқты дін орындары түгел дерлік сауатсыз халықтың көзін бояп, жазмышқа көну керек, ешбір қарсылық жасап бас көтермеу керек деген үгітті үдете берді.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының азаткер идеясы мен бостандық өнегесі, көп зәбір көріп, жапа шеккен монғол халқы үшін жол көрсетіп, жөн сілтер шамшырақ болды. Халық бостандық көксеп,

ұлттық, әлеуметтік бұғаудан безіп, бұрынғыша тұрғысы келмеді, ал ел билеушілер халықты бұрынғы дағдылы әдіспен билеп-төстей алмады.

Монғол халық революциясы феодализм мен империализмге қарсы бағытталған революция еді. Революцияның бірінші міндеті — империалистік қанауды күйретіп, елді тәуелсіз, еркін даму жолына түсіру еді.

Революция алдындағы Монғолияның ішкі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы мен сыртқы саяси ахуалына байланысты монғол халық революциясының өзіне тән бірқатар ерекшеліктері болды. Ол ерекшеліктер мынадай еді:

Біріншіден, монғол халық революциясы Ұлы Октябрь социалистік революциясының тікелей әсерімен, сондай-ақ орыс жұмысшы табының көмегімен және соның идеялық басшылығымен жүзеге асты.

Екіншіден, монғол халық революциясының тегеуіріні ең алдымен империализмге қарсы бағытталды. Сондықтан да монғол халқының бостандық алуды аңсаған көтерілісі, Советтік Россияның империалистік шетел басқыншыларына қарсы күресімен ұштасты.

Үшіншіден, монғол халқының империалистік құлдыққа қарсы күресі феодализмге қарсы күреспен ұласты.

Төртіншіден, империализм мен феодализмге қарсы буржуазиялық-демократиялық сыпаттары халық революциясы елде халықтық демократиялық құрылысты орнатуға тиісті болды. Бұл құрылыс Монғол Халық Республикасына Совет Одағының риясыз көмегі арқасында дамуының капиталистік сатысына соқпай, тікелей социализмге өтуге жағдай жасады.

Монғолияда болған халық революциясының осындай кейбір ерекшеліктері болуына байланысты, ол кәдімгі буржуазиялық-демократиялық революциядан ерекше өзгешелігі бар, жаңа типтегі революция болды. Монғолиядағы революциялық жағдай елді шетел басқыншылары билеп-төстеп тұрған кезде, еңбекші араттарға түскен екі жақты езгі мен қанаудың ауыртпалығы арта түскен кезде қалыптасты.

1919 жылдың ноябрінде богдо-гэгэн бастаған ат төбеліндей арын сатқан азғындардың кесірінен Ішкі Монғолияның автономиясы жойылды. Елде генерал Сюй Шу-чжэннің әскери диктатурасы орнады. Ол сол кездегі Монғолияның астанасы Урга қаласындағы, сондай-ақ тағы басқа да жерлердегі қытай гарнизондарына арқа сүйеп, иек артқан еді. Ал араттарға он екі мыңдай қытай басқыншыларын тамақпен, отынмен, көлікпен, жемшөппен қамтамасыз етіп отыру міндеттелді.

1920 жылдың октябрінде монғол жеріне барон Унгерн бастаған «азиялық атты дивизия» тосқауылдан баса көктеп енді. Келер жылдың февралінде ол Урганы басып алды. Ал қытай гарнизондары Қияқтыдағы Маймаченнің солтүстігіне шегініп, жергілікті гарнизондарға қосылды.

1919 жылы 3 августа Совет мемлекеті Ішкі Монғолияның автономия болып тұрған кезінде оның үкіметіне арнаулы үндеу жолдап, онда Совет мемлекеті өзінің патшалық Россия иемденген барлық артықшылықтар мен ерекшеліктерден бас тартатынын, бұдан былай қарай Монғолияны терезесі тең ел деп санайтынын мәлімдеген еді. «Барлық билік монғол халқының өз қолында болуға тиісті. Ешбір шетелдің Монғолияның ішкі істеріне араласып, қол сұғуына правосы жоқ» деп көрсетілгенді ол мәлімдемеде.

Совет мемлекетінің бұл мәлімдемесін әртүрлі бұланға салған богдо-гэгэн үкіметі оны монғол халқына естіртпеуге тырысып бақты. Бірақ богдо-гэгэн құйыршықтарының нешәтүрлі сұрқиялығына қарамастан, Совет мемлекетінің мәлімдемесі туралы хабар көп ұзамай-ақ бұқара халыққа белгілі болды. Монғолияның озық ойлы адамдары бұл мәлімдемені қуана қарсы алды.

Елдегі революциялық жағдайдың осындай пісіп жетілген шағында араттар табының революциялық күресіне бағыт беріп, басшылық жасайтын революцияшыл партияның керектігі айқын болды. Осындай революцияшыл партияның бірінші съезі 1921 жылғы 1 мартта Қияқты қаласында өтті. Съезд монғол халқының көрнекті көсемі Сухэ-Батордың басшылығымен өтті. Съезде сөйлеген сөзінде ол: монғол халқы бостандық үшін шабуылға өзі аттануы керек деп көрсетті. Бізге кәзіргі жағдайда ең дұрыс бағыт — Советтік Россиямен тығыз байланыс жасау, сонымен ынтымақтасу. Біз сонда ғана халықтың қас жауы барон мен оның қолдаушыларының, князьдар мен ламалардың күлін көкке ұшырып, монғол жерінен аластай аламыз.

Партия алдына тәуелсіз Монғол мемлекетінің өкімет билігін еңбекші халықтың қолына беруді міндет етіп қойды. Сондай-ақ Монғол Халықтық партиясына өзінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы үшін күресуші араттардың революцияшыл сана-сезімін өсіру міндеті жүктелді.

Партияның бірінші съезінің шешіміне орай, 1921 жылдың 13 мартында Қияқты қаласында Монғолиядағы партия ұйымдарының, партизандар жасақтары мен шекараға жақын аудандарда тұрушы араттар өкілдерінің конференциясы болды. Конференция Сухэ-Батордың ұсынысы бойынша қарулы көтерілісті даярлап, оны өткізу үшін Уақытша халық үкіметін құрды. Конференцияның қарарында қарулы көтерілістің мақсаты шетел басқыншыларын елден толық аластау және еңбекшілердің көздеген түпкі мақсатына жетуіне көмектесе алатын үкімет құру деп көрсетілді.

1921 жылдың 18 мартында партизан жасақтарынан бірлесіп, нығая түскен Монғол халық армиясы Уақытша халық үкіметінің бас қолбасшысы Сухэ-Батордың басшылығымен қытай басқыншыларынан кәзіргі Алтынбұлақ қаласын азат етті. Ал 10 апрельде Монғолияның Уақытша халық үкіметі акгвардияшыл қаракшыларға, басқа да басқыншыларға қарсы күреске Совет мемлекетінен көмек сұрады. Монғол халқының бұл өтінішіне орай Совет мемлекеті Қызыл Армия бөлімдеріне монғол жерінен жауды аластап, акгвардия бандаларын жоюға бұйрық берді. Монғолдың революцияшыл әскери бөлімшелерімен бірге Қызыл Армия бөлімдері халық бұқарасының көмегіне сүйене отырып, жауды талқандады. 1921 жылдың 6 июлінде Урга қаласына кірді. Ал июльдің 8 күні астанаға Уақытша халық үкіметі мен партияның Орталық Комитеті келіп орналасты.

Сөйтіп, Монғол халық революциясы жеңді. 1921 жылдың 11 июлі күні салтанатты түрде Монғол Халық үкіметі құрылды деп жарияланды.

Жас халық өкіметіне өз жұмысын қиын-қыстау күндерде, мейлінше шиеленіскен ауыр жағдайда жүргізуге тура келді. Бұл — империалистердің әлі де болса ел ішінде бұқпантайлап жүрген акбандаларға, феодалдарға, лама шіркеуіне, сондағы діншілдерге, қытай өсімқорларына, шетелдік капитал фирмаларына арқа сүйеп, қаша ұрыс салып жүрген шағы болатын. Ел ішінде аштық, жоқшылық басталды, шаруашылық күйзелді, сауда тоқырап қалды. Міне осындай қиын жағдайда халық үкіметі ұлттық тәуелсіздікті нығайтуға тиіс болды. 1921 жылдың күзіне халық үкіметі Совет мемлекетінен Монғолиядан Қызыл Армия бөлімдерін әкетпей елді акбандалардан түгел босатуға көмектесуді өтінді. Совет мемлекеті 28 октябрьде бұған өзінің келісімін білдірді. Сөйтіп 1922 жылдың орта шенінде Монғолия басқыншылардан түгел дерлік азат етілді. Елде халық өкіметі толық орнады.

Жас Монғол мемлекетінің кемеліне келіп нығайуына 1921 жылғы 5 ноябрьде Москва қаласында қол қойылған Совет-Монғол достық қарым-қатынасы туралы бітімі үлкен роль атқарды. Бұл Монғолияның тарихында тұңғыш рет шетелдік мемлекетпен жасасқан теңдес бітімі болды.

Сол күні Сухэ-Батор бастаған монғол делегациясын В.И. Ленин қабылдады. В.И. Ленин делегация мүшелерімен әңгімесінде, Монғолияның халықаралық және ішкі жағдайларының ерекшеліктеріне тоқтады. Монғол Халықтық революцияшыл партиясының алдында тұрған қиыншылықтарды көрсетті. Дамудың капиталистік сатысына соқпай социалистік жолына түскен, артта қалған мешеу Монғолияның өркендеу болашағын сөз етті.

Қазіргі кезде Монғол Халықтық революцияшыл партиясы өз елінің жаңа социалистік жолмен өркендеуіне барлық күш-жігерін сала отырып, В.И. Лениннің «Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31-том, 243-бет) деген ілімін әрдайым басшылыққа алуда.

Революция жеңістерін баянды етуді көздеген Монғолдың халық үкіметі мен партиясы бірсыпыра шараларды жүзеге асырды. 1921 жылдың өзінде-ақ Уақытша халық үкіметі жерге князьдардың меншігін жойған еді. Ал 1922 жылдың январында араттардың басыбайлығын жою туралы заң қабылданды. Июльде революция жаулары мен тыңшыларға қарсы күресетін арнаулы орган — Мемлекеттік ішкі тәртіпті қорғау ұйымы құрылды.

Халық үкіметі 1923 жылдың мартында жер-жердегі басқару орындарына бұқараны көп тарту туралы заң қабылдады. Осыдан былай қарай князьдардың ел билеудегі мұрагерлігі жойылды. Жергілікті өкіметтің барлық органдарын міндетті түрде сайлау тәртібі енгізілді.

Жергілікті басқару органдарына бұқараны көп тартумен қатар елдің экономикасын да қайта құру бағытында көптеген жұмыстар істелді. Соның бірі ретінде 1921 жылдың декабрінде халық кооперативінің орталық басқармасы ұйымдастырылды. Араттардың өсімқорларға берешек несиесі төленбейтін болды. Сондай-ақ кедей шаруашылықтар міндетті салықтан босатылды.

Халық өкіметі діншілдерді барған сайын тежей түсу саясатын белгіледі. Шіркеуді мемлекеттен бөлді. Сот жүргізу ісі қайта құрылды.

1924 жылдың ноябрь айында Ұлы Халық Хуралы бірінші Конституцияны бекітіп, Монғол Халық Республикасын ресми жариялады.

Монғол халық революциясының жеңісі нәтижесінде елдің мемлекеттік құрылысы мен экономикасында, таптық қарым-қатынастарда түбірлі өзгерістер жасалды. Сөйтіп еңбекші көпшіліктің мәдениеті мен материалдық тұрмысын үздіксіз жақсартуға жағдай туғызылды. Мемлекет пен партия тарапынан халық шаруашылығын өркендету жөнінде көптеген шаралар жүзеге асырылды.

Ең алдымен шаруашылықтың негізгі саласы — мал шаруашылығын өркендетуге көп көңіл бөлінді. Мал емдейтін орындар, мал дәрігерлері көбейтілді. Пішен дайындау, көптеген суат жасау, құдық қазу ісі қолға алынды. Араттар егіншілік кәсібін үйретілді.

1924 жылы Совет Одағының көмегімен өнеркәсіп-сауда банкісі құрылып, монғолдың ұлттық ақшасы — тугрик қолданыла бастады. Тұтыну кооперациясы қаулап тез өсе бастады. Совет Одағының Монғолияға деген адал ниетті, туысқандық көмегі арқасында оның ұлттық өнеркәсібі пайда болып, ойдағыдай дами түсті. 1926 жылы бірсыпыра өнеркәсіп орындары салына бастады. 1934 жылдың март айында Монғол Халық Республикасындағы ең ірі өнеркәсіп орны Уланбатор қаласындағы Чойбалсан атындағы өнеркәсіп комбинаты жұмысқа кірісті. Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың саны 1934 жылы 1928 жылмен салыстырғанда 10 есе өсті.

1940 жылы монғол халқы өзінің Халықтық-революцияшыл партиясының басшылығы арқасында тағы бір үлкен табысқа ие болды. Рево-

люцияның феодализмге қарсы қойылған міндеті түбегейлі шешілді. Феодалдар тап ретінде жойылды, осыған байланысты елдің өндіргіш күштері феодалдық бөгеттерден біржола арылды. «Кәзір біз дамудың капиталистік жолынан басқа жолға толық түстік деп айта аламыз, — деді Чойбалсан жолдас өзінің 1940 жылғы мартта болған партияның X съезінде сөйлеген сөзінде. Монғолия жеңген социализм елінің көмегі арқасында феодализм мен басыбайлылықтан тікелей социализмге өтуші бірінші ел болып отыр».

Социалистік Монғолияның кәзіргі экономикасында меншіктің үш түрі бар: мемлекеттік, кооперативтік меншік және әркімнің өз еңбегімен жинаған жеке меншігі. Оның ішінде жер, оның әртүрлі қазба байлығы, орман, сулар, фабрикалар мен заводтар түгел дерлік мемлекет меншігіне—бүкілхалықтың игілігіне айналып отыр.

Монғол халық демократиялық мемлекеті халық шаруашылығын жоспармен дамытудың нәтижесінде социалистік құрылыста келелі-келелі табыстарға ие болды. Халық шаруашылығын өркендетудің бірінші және екінші бесжылдық жоспарларын ойдағыдай орындаудың арқасында Монғолия бірыңғай мал өсіруші мешеу елден аграрлы-индустриялы елге айналды. Елде жеңіл өнеркәсіппен бірге ауыр өндірістің кен, мұнай, энергетика, құрылыс сияқты тараулары кең құлаш сермеуде.

Екінші бесжылдықтың (1952 — 1957) орындалу барысында өнеркәсіптің негізгі өнімдерін өндірудің дәрежесі мынадай мөлшерде өсті: көмір шығару 3 есе, электр қуатын өндіру 2 есеге жуық, тері илеу 28 процент, шегірен былғары жасап шығару 2 есе, туырлық, үзік басу—2 есе, пима басу 3 есе, былғары аяқ киім 3 есе. Сол сияқты 1957 жылы түсті металдар, сұйық отын, бензин едәуір артық шығарылды. Екінші бесжылдықта күрделі құрылысқа жұмсалған қаражат бірінші бесжылдықтағыдан 3 еседей артық болды.

Мемлекеттік және кооперативтік сауданың бөлшек товар айналысындағы үлес салмағы 1957 жылы 98 процент болды.

Осы уақыт ішінде ауыл шаруашылығында да елеулі өзгерістер болды. Екінші бесжылдықтың аяғында араттар шаруашылығының 35 проценті кооперативке ұйымдасты. Бүкіл елдегі барлық малдың 25 проценті, барлық егістік жердің 78 проценті социалистік шаруашылықтың коғамдық меншігінде болды.

Монғолияның ауыл шаруашылығын социалистік жолмен дамытудың негізгі түрі — ауылшаруашылық бірлестіктері. Кәзір Монғолияда 700 ауылшаруашылық бірлестігі бар. Олар мал шаруашылығымен де, егіншілікпен де шұғылданады. Ауылшаруашылық бірлестіктерімен бірге кәзір елде 21 мемлекеттік шаруашылық бар. Мемлекеттік шаруашылықтарға елдің бүкіл жерінің 1,8 проценті қарайды, кәзіргі кезде мемлекеттік шаруашылықтар социалистік өндіріс болып отыр. Ауыл шаруашылығын социалистік жолмен дамытуда халық үкіметі ұйымдастырған машина-малшаруашылық станциялары мен көлік күшімен пішен шабатын станциялардың көмегі көп болды. Кәзіргі кезде Монғолияның егіс даласында 2 500 трактор, 550 комбайн жұмыс істейді; селолық жерде 200 электр станция, 3000 автомашина бар.

Монғол халқының мәдениеті де өсіп келеді. Ересектер арасында сауатсыздық мүлдем дерлік жойылды. Елде жалпыға бірдей бастауыш білім беру ісі жүзеге асырылуда. Кәзіргі Монғолияның 500-ден аса бастауыш, орта дәрежелі, арнаулы мектептері мен жоғарғы оқу орындарында 100 мыңнан аса оқушылар оқиды. Бұл әрбір алтыншы монғол азаматы оқып білім алуда деген сөз. Жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің саны әрбір мың адамға бестен келеді. Бұл Англия, Франция сияқты капиталистік елдердегіден жоғары. Монғолия ауруханалардың саны жағынан Жапонияны басып озды. Ал, әрбір мың адамға келетін дәрігердің саны жағынан Монғолия Пакистан, Иран, Түркия

сықылды елдерді әлдеқашан басып озды. Монғол халқының мәдени дәрежесі өскендігінің айқын белгілерінің бірі ұлттық опера ұйымдастырылып, музыка, театр, бейнелеу өнерлерінің онан әрі үздіксіз дамуы.

Монғолияның мәдениеті мен әдебиеті, өнері бұрын болмаған белеске көтерілді. Оның әдебиеті — бүгінгі бақытты өмірді, монғол халқының социализм орнату жолындағы қажырлы күресін тамылжыта жыр етеді. Монғол халқының өмірінде баспасөз елеулі роль атқарады. Қазір республикада көптеген тиражбен 27 газет, 17 журнал шығады.

Қазір Монғол Халық Республикасының еңбекшілері халық шаруашылығын онан әрі дамыта түсудің үшжылдық (1958 — 1960) жоспарын ойдағыдай орындап шығу үшін күресуде. Үшжылдық жоспардың негізгі міндеттері — өндіргіш күштерді жаңа сатыға көтеру, социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете түсу, халықтың мәдениеті мен әл-ауқатын арттыра беру.

Социализм орнатып жатқан Монғол Халық Республикасына ұлы Совет Одағы бастаған социалистік лагерьдегі барлық елдер туысқандық көмек көрсетуде. Мысалы, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының жәрдемімен және қаржысымен 1960 жылы Монғолияда Уланбатор бу электр станциясы мен Сухэ-Батор атындағы электр станциясы іске қосылмақ. 1958 — 1960 жылдары Чехословакия Республикасының көмегімен жылына 200 мыңға дейін былғары жасап шығаратын завод осы заманғы техникамен жабдықталады. Ал, Герман Демократиялық Республикасы полиграфия өнеркәсібін өркендетуге көмектеседі.

Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында былай деп атап көрсетті: «Шаруашылықтың социалистік системасында экономикалық заң—жоспарлы пропорциялы даму заңы әрекет етеді. Бұрын экономика жағынан артта қалған елдер осы заңның арқасында басқа социалистік елдердің тәжірибесіне, олардың ынтымағы мен өзара көмегіне сүйене отырып, уақытты ұтады, өздерінің экономикасы мен мәдениетін алға бастырады. Сөйтіп, барлық социалистік елдердің экономикалық және мәдени дамуының жалпы өрісі теңеле түседі». Міне осы қағиданың дұрыстығын Монғол Халық Республикасының өркендеу жолы толық дәлелдеп отыр.

Монғол Халық Республикасы— дербес социалистік мемлекет. Ол халықтардың бүкіл дүние жүзінде қырғын соғыс болдырмау, бейбітшілікті баянды ету жолындағы күресіне өз үлесін қосып келеді. Монғол халқының делегаттары бейбітшілікті сақтауды көздеп өткізген Азия мен Тынық Мұхит елдерінің халықаралық үш конгресіне де қатысты. Монғол Халық Республикасы Дүниежүзілік бейбітшілік советінің, Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының, Дүние жүзі кәсіподақ советінің, сондай-ақ Халықаралық демократиялық жастар мен студенттер одағының жұмысына әрдайым қатысып отырады.

Монғол халқы мен Совет Одағы халықтарының 1921 жылғы революция күндерінің от жалынында біте қайнаған достығы барған сайын берік шыңдала түсуде. Ол шаруашылықтың, экономиканың, мәдениет және мемлекет құрылысының барлық саласын түгелдей қамтып келеді. Кішкене мемлекет пен ұлы мемлекет арасындағы бұл достық қатынас пролетарлық интернационализм талабына негізделген социалистік жаңа қарым-қатынастың айқын үлгісі.

Совет Одағының халықтары монғол халқының социализм орнату жолындағы табыстарына шын жүректен қуанады. Монғол Халық Республикасында социализмнің толық та түпкілікті жеңіп шығатын кезі алыс емес. Өзінің Халықтық-революцияшыл партиясы бастаған монғол халқы сол қуанышты кезенге неғұрлым тез жету жолында қажырлы күрес жүргізіп келеді.

# Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы

## ХІІІ ТАРАУ

### Партияның халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күресі. СССР-де социализмнің жеңуі

(1933—1937 жылдар)

#### 1. Фашистік агрессияның басталуы. Соғыс қаупі өскен жағдайдағы совет сыртқы саясаты

1933 — 1937 жылдардағы халықаралық жағдайдың сипаты: капиталистік дүниеде экономикалық депрессия болды, капиталистік қоғамның барлық қайшылықтары онан әрі шиеленісе түсті, Германияда фашистік диктатура орнады, фашистік агрессия өршіді.

Капиталистік елдердегі экономикалық жағдайдың бір ерекшелігі — 1929 — 1932 жылдардағы дағдарыстан кейін өрлеу болмады, ал әдетте экономикалық дағдарыстардан кейін өрлеу болып отыратын. Бұл жолы дағдарыс 1933 жылы ұзаққа созылған депрессияға айналды. Ол 1937 жылға дейін, капиталистік елдерде қайтадан кезектегі экономикалық дағдарыс басталғанға дейін созылды. 1929 жылдан 1937 жылға дейін капиталистік дүниенің өнеркәсіптік өнімі көбеймеді деуге болады. Жұмыссыздардың саны өте көп болды. Америка Құрама Штаттарында 1935 жылы жұмыссыздардың саны 10 миллионға жуық болды. Капиталистік және отарлық дүниенің көптеген елдерінде революциялық өрлеу өсе түсті. Үлкен таптық ұрыстардың жана тізбегі болғалы келе жатты.

Көптеген елдерде капиталистік монополиялар өз үстемдігін сақтап қалудың жолы фашистік тәртіпті, яғни монополиялық капиталдың ең реакцияшыл элементтерінің ашықтан-ашық террористік диктатурасын орнатуда деп білді. Олар фашизмді жұмысшы қозғалысын жаныштау мақсатында да, дүниені қайта бөлу жолында соғыс ашу үшін де пайдаланбақшы болды.

Әсіресе Германияда жағдай қатты шиеленісіп кетті. Капитализмнің уақытша тұрақтау жылдарында герман империализмі америка кредиттерінің көмегімен өзінің экономикалық қуатын қайтадан қалпына келтірді. Осы қуатқа сүйене отырып, ол Версаль шартының бұғауларын бұзуға, Эльзас, Лотарингияны, поляк жерлерін, отарларды — бірінші дүниежүзілік соғыста герман империализмі жоғалтқандардың бәрін басып алуға тырысты. Герман империалистері мұнымен тынбай, дүниені өз пайдасы үшін түбірінен қайта бөлу жоспарын дайындады. Сонымен қатар Германия экономикалық дағдарыс өте қатты күйзелткен елдердің бірі еді. Германияда жұмысшы табы арасында революциялық өрлеу ерекше күшті болды. Германия буржуазиясы социалистік революциядан қорықты.

Гитлер басқарған және өзін демагогтық пен ұлттық-социалистік деп атаған фашистік партия герман нәсілін үстем етеміз дейтін соғыс-құмарлық шовинистік ұрандарды ашықтан-ашық көтеріп, басқа халық-

тарға өш болуды уағыздады, коммунистерге қарсы қатал жазалар қолдануды, жұмысшы қозғалысын жаныштауды талап етті.

Герман империализмінің басшы топтары өкімет басына гитлершілерді қоюға ұйғарды. 1933 жылы январьда Европаның ең ірі елінде — Германияда — мемлекет басында соғыс партиясы болып шықты.

Гитлер үкіметі Германияның барлық прогресшіл күштерін және ең алдымен коммунистерді қырып-жоя бастады. Ол демократиялық право мен бостандық атаулының бәрін жойды, Германияның дүниежүзілік үстемдігін орнату жөнінде есуас идея таратты. Гитлершілдер соғысқа дайындала отырып, Версаль шартына қарамастан, жаппай әскер міндетін қайта енгізіп, елді жанталаса қаруландыруға кірісті. 1936 жылы, тағы да сол бұрынғы шарттарды бұза отырып, гитлершілер Рейн облысына әскер енгізді. Германия қарулы күштері бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін алғаш рет Францияның шекараларына қайтадан жақындап келді. Сонымен, Қиыр Шығыста соғыс қаупінің ошағы шығысымен іле-шала Европаның қысқасында соғыстың екінші ошағы ұйымдас-тырылды. Совет Одағы өзінің батыс шекараларындағы қорғанысын да нығайту қамын ойлауға тиіс болды.

Дүниені қайта бөлуді көздеген үшінші держава Италия еді, онда 1922 жылдың өзінде фашистік тәртіп орнаған болатын. 1935 жылы Италия империалистері Эфиопияны басып алу жолында соғыс ашты. 1936 жылы Германия мен Италия, республикалық үкіметке қарсы фашистік бүлікті қолдап, Испанияда азамат соғысының өртен салды. Бұлай еткенде герман және итальян фашистері Францияға тылдан қауіп туғызу үшін және Англия мен Францияның Атлантика мен Жерорта теңізіндегі маңызды-маңызды коммуникацияларын соққының астында ұстау үшін Испанияда бекініс болды. Жапон, герман және итальян басқыншылары Азия, Европа және Африка халықтарына, сонан арғы жерде Америка халықтарына да қатер туғызды.

Сонымен қатар бұл агрессияшыл үш мемлекет Америка Құрама Штаттарының, Англия мен Францияның империалистік мүдделеріне елеулі нұқсан келтіре бастады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың нәтижесінде бұл жеңуші мемлекеттер басқаның бәрінен көп ұтып, капиталистік дүниеде басшылық жағдайға ие болған-ды. Енді оларды Германия мен Жапония дүниежүзілік рыноктарда ығыстыра бастады. Жапония милитаристері америка және ағылшын империалистерін Қытайдың солтүстік-шығыс провинцияларынан (Маньчжуриядан) қуып шыққаннан кейін, оларды Англия мен Америка Құрама Штаттарының орасан зор экономикалық мүдделері болып отырған бүкіл Қытайдан ығыстырып шығаруға дайындалды. Эфиопияда бекініп алған Италия сол жерден Англияның Египет пен Қызыл теңіздегі, Индияға баратын, Иран мен Ирак мұнайына баратын жолдардағы позицияларына қатер туғызды. Бірақ ең мықты агрессор Германияның туғызған қаупі өте-мөте күшті еді.

Сонымен, капиталистік системаның жалпы дағдарысы жағдайында болған экономикалық дағдарыс пен оның салдары, бір жағынан, дүниені қайта бөлу жолында соғыс дайындаушы Германия, Жапония және Италияның, екінші жағынан, өзінің империалистік позицияларын қорғаушы АҚШ, Англия және Францияның арасындағы империалистік қайшылықтарды қатты шиеленістірді.

Коммунистік партия капитализмнің шамалы тұрақтауының күйреуінің және оның барлық қайшылықтарының сөзсіз шиеленісетіндігін күні бұрын көріп қана қоймай, сонымен қатар екінші дүниежүзілік соғыстың пісіп келе жатқандығын да алдын ала білді. Бұл туралы ВКП(б) XVII съезі барынша ашық айтты.

Агрессия совет еліне Европада да, Қиыр Шығыста да қауіп туғызды. Гитлершілдер Украинаны және басқа совет жерлерін басып алу



үшін, сонымен қатар, «коммунизмді жою» мақсатымен Совет Одағына қарсы соғысқа шақырды. 1936 жылы Германия мен Жапония «антикоминтерн пактісі» дейтін пакт жасады, бір жыл өткеннен кейін бұған Италия да қосылды. Мұның өзі үш агрессордың блогы болды. Блокқа қатысушылар оны барынша антикоммунистік сипаты бар деп жариялап бақты, бірақта іс жүзіне келгенде герман-жапон-итальян блогы СССР-ге ғана қарсы бағытталып қоймай, сонымен қатар Англия, Франция және Америка Құрама Штаттарына да қарсы бағытталған еді. Коммунизмге қарсы «крест жорығы» қажет деп гитлершілер даурыға айқайлады. Бірақ олар коммунизмге қарсы күреске шақырған ұранды бетке ұстап, герман монополияларының пайдасы үшін дүниені қайта бөлу мақсатымен дүниежүзілік соғысқа дайындық жүргізді.

Осындай шиеленіскен халықаралық жағдайда партия бейбітшілікті қорғаумен болды. Социализм құрылысының мүдделері, СССР мен бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің мүдделері осыны талап етті. Партия Совет мемлекетінің барлық елдермен, Совет Одағымен екі арада нақ осындай позицияда болғысы келетін елдермен, сауда қарым-қатынастарын кеңейту жолын ұстады.

Сонымен қатар фашистік агрессияның өршуіне байланысты партия Совет Одағының сыртқы саясатын агрессияның шенгеліне түскен және өз отанының тәуелсіздігі үшін күресуші халықтарды қорғауға бағыттады.

Бейбітшілік ісін қорғай отырып, Совет мемлекеті қай уақытта болса да агрессорларға тойтарыс беру үшін дайындалуға тиіс болды. Өсіп келе жатқан империалистік агрессия жағдайларында басқыншының және бейбітшілікті бұзушының қандайына болса да өлтіре соққы беруді дайындау соғысты болғызбаудың ең сенімді құралы еді. Совет мемлекетінің өсе түскен шаруашылық және саяси күші, оның Қарулы күштерінің қуаты, Совет Одағы халықтарының достығы, барлық елдердің бейбітшілікті сақтауды барынша көксеп отырған еңбекшілерінің моральдық қолдауы ең алдымен нақ агрессияға қарсы күреске қызмет етуге тиіс болды.

Фашизм мен соғысқа қарсы күрес мүдделері жұмысшы табының қимылдарының бір жерден шығуын, сонымен қатар бейбітшілік пен демократияны жақтаушылардың бәрінің күштерін соғысқа, фашизм мен реакцияға қарсы барлық адамдардың күштерін жұмылдыруды барынша талап етті. Фашистік қауіптің өсуіне байланысты жұмысшы табының ішінде өз қатарларын бірлестіруге және демократияшыл күштердің бәрін пролетариаттың төңірегіне топтастыруға тырысушылық күшейді.

1935 жылдың жазында Коммунистік Интернационалдың VII конгресі болды. Бұған 65 елдің коммунистік партияларының өкілдері келді. Конгресс халықаралық пролетариаттың революцияшыл күштерінің өскендігін және марксизм-ленинизм принциптері негізінде коммунистік партиялардың идеялық топтасқандығын көрсетті. Капиталистік елдердің коммунистік партияларындағы антилениндік топтар идея жағынан талқандалып, оқшау қалдырылды. Троцкизмге және коммунистік партиялардың ішіндегі оңшыл оппортунизмге қарсы күресте ұйтқы болған маркстік-лениндік табанды топ шындалып шықты; бұл топ Қытайда Мао Цзэ-дунның, Германияда — Э. Тельманның, В. Пиктің және В. Ульбрихтың, Францияда — М. Торез бен М. Қашеннің, Италияда — А. Грамши мен П. Тольяттидің, Финляндияда — О. Куусиненнің, Болгарияда — Г. Димитров пен В. Коларовтың, Америка Құрама Штаттарында — У. Фостердің, Чехословакияда — К. Готвальдтың, Польшада — О. Ленскийдің, Испанияда — Х. Диас пен Д. Ибарруридің, Англияда — У. Галлахер мен Г. Поллиттің төңірегіне бірікті.

Коминтерннің VII конгресі фашизм мен соғыс қаупі күшейген жағдайда дүниежүзілік жұмысшы қозғалысының алдында тұрған негізгі мәселелерді талқылады. Ол бүкіл дүние жүзі алдында фашизмнің шын мәнін, оның орасан зор қауіптілігін және барлық елдердің еңбекшілері үшін фашизм әзірлеп отырған жаңа соғыстың аса қауіптілігін ашып көрсетті. Халықаралық коммунистік қозғалыстың озат қайраткері, фашизм мен соғысқа қарсы ержүрек күрескер Георгий Димитровтың баяндамасы бойынша конгресс жұмысшы табының бірлігі жолында және фашизм мен соғысқа қарсы кең халық майданын құру жолында күрес жүргізу міндетін қойды. Ол барлық коммунистік партияларды социал-демократиялық партиялармен, реформистік кәсіподақтармен және еңбекшілердің басқа да ұйымдарымен біріге отырып, фашизм шабуылы мен соғыс қаупіне қарсы шығуға шақырды. Конгресс барлық халықтарды өздерінің тәуелсіздігі үшін, империалистік езгіге қарсы күресіп жатқан елдерге барынша көмектесуге шақырды.

ВКП(б) мен туысқан коммунистік партиялар барлық бейбітшілік сүйгіш, антифашистік күштерді топтастыру идеясын барынша қолдады.

Кейбір елдерде, мәселен, Франция мен Испанияда антифашистік күрестің барысында халық майданы құрылды. Дұрыс стратегия мен тактиканы жүргізудің үлгісін Қытай Коммунист партиясы көрсетті, оны марксизм-ленинизмнің ірі теоретигі, партияның көсемі және бұқараның тәжірибелі басшысы Мао Цзэ-дун басқарды, ол 1935 жылы январьда партия Орталық Комитетінің секретары болып сайланды.

Бірақ II Интернационал партияларының оншыл басшылары жұмысшы қозғалысының бірлігін орнатуға да, халық майданын құруға да елдердің көпшілігінде бөгет жасады. Жұмысшы қозғалысының жікке бөлінуі фашизмге және соғысқа қарсылардың күштерін едәуір әлсіретті.

Совет мемлекетінің сыртқы саясатына басшылық ету саласында ВКП(б) күштің көбін агрессиядан коллектив болып сақтану, агрессорға коллектив болып тойтарыс беру системасын құруға жұмсау қажет деп есептеді. 1933 жылы декабрьде партияның Орталық Комитеті қаулы қабылдады, бұл қаулыда Совет Одағының Ұлттар лигасына кіру мүмкіншілігі және көптеген европалық мемлекеттердің қатысуы мен агрессиядан өзара қорғану туралы регионалдық келісім жасау мүмкіншілігі айтылды. Көп ұзамай-ақ СССР-ді Ұлттар лигасына кіруге шақырды, ал Совет үкіметі бұған өзінің ризалығын білдірді.

Бұл кезде халықаралық жағдайдың өзгеруіне байланысты Ұлттар лигасының позициясы да біршама өзгерді. Өзінің жұмыс істей бастаған кезінен бері Ұлттар лигасы Европа мен Азияда ағылшын-француз үстемдігінің құралы болып келді. Бірақ енді мұндай үстемдікке басқа империалистік державалар: Европада — Гитлер Германиясы, Азияда — Жапония таласа бастаған-ды. Мұндай жағдайларда Англия мен Франция қорғаныс халіне түсті. 1933 жылы Германия мен Жапония Ұлттар лигасынан шықты. Мұндай жағдайлардың бәрі Ұлттар лигасын, онша жетіле қоймағанымен, агрессияға қарсы күрес үшін құрал ретінде пайдалануға кейбір үміт туғызды. Совет Одағы Ұлттар лигасында Қытай, Эфиопия, Испания халықтарын, сонан соң империалистік басқыншылардың шеңгеліне түскен басқа да халықтарды қатты қорғап шықты.

Европаның ірі елдерінің ішінде Германияның іргелес көршісі болып отырған Францияға фашистік шабуылдың қаупі басқадан үлкен болды. Осыған байланысты Совет Одағының Франциямен жақындасуы белгіленді. Агрессияға коллективтік тойтарыс беру туралы договор жасау жөнінде 1934 жылы СССР мен Франция бірлесіп ұсыныс жасады. Жобаланған коллективтік қауіпсіздік системасы, осы система құруды

бастаған екі мемлекетпен қатар, Орталық және Шығыс Европа мемлекеттерін, оның ішінде Германияны да қамтуға тиіс еді.

Ағылшын үкіметі сөз жүзінде коллективтік қауіпсіздік системасын жақтап, іс жүзінде Гитлердің мұндай системаны жасатпай қоюна көмектесті. Польшаның буржуазиялық-помещиктік үкіметі де қауіпсіздік системасына қарсы шықты.

Германияның, Англияның және Польшаның қарсыласуы нәтижесінде коллективтік қауіпсіздік системасын құру туралы кеңінен келісімге келудің мүмкін еместігін білгеннен кейін, СССР үкіметі 1935 жылы Франция және Чехословакиямен өзара көмектесу туралы договорлар жасасты. Агрессия болған күнде Чехословакиямен жасасқан договор бойынша СССР-дің Чехословакияға көмектесу жөніндегі міндеттемесі Франция тарапынан да осындай көмек берілген жағдайда ғана күшіне енбек болды. Франциямен және Чехословакиямен жасалған договорлар агрессорларға тиісті тойтарыс беруге негіз болатын еді.

Бірақ бұлай болмай шықты. Париж бен Праганың билеуші топтарында, сондай-ақ Лондонда да, гитлершілдермен жасырын келісу саясатын жақтаушылар басым болды. Француз және Чехословак үкіметтері СССР мен жасалған договорларға саботаж жасай бастады және онан соң оларды практикада қолданбай тастады. Батыс державаларының үкіметтері жапон, итальян және герман агрессиясына елеулі қарсылық көрсетпеді. Испанияда герман-итальян интервенциясы болып жатқан кезде Англия мен Франция үкіметтері өздерінің ұлттық мүдделеріне қарамастан «кіріспеу» позициясын ұстады, мұның өзі іс жүзіне келгенде фашистік агрессияға көмектескендік болды.

1933 жылы Совет Одағы мен Америка Құрама Штаттарының арасында дипломатиялық қарым-қатынастардың қайтадан қалпына келтірілуі дүниежүзілік саясатта СССР ықпалының өскендігін көрсететін маңызды саяси факты болды. Бұл акт Америка Құрама Штаттарының СССР сияқты ұлы державаны «танымау» жөніндегі көп жылдарға созылған саясатының теріс екендігін көрсетті. Америка Құрама Штаттары басшы топтарының банкрот болған өз саясатынан бас тартуға мәжбүр болған себебі, біріншіден, өз мүдделеріне қатер туғызған жапон мен герман агрессиясынан қорықты, оған қарсы күресте олар Совет Одағынан үміттенді, екіншіден, көпке созылған дағдарыс жағдайларында совет рыногын өте-мөте керек етті. Қарым-қатынастарды дұрыстағаннан кейін совет-американ саудасы едәуір өсті.

Америка Құрама Штаттары мен СССР арасында дипломатиялық қатынастардың орнауы бейбітшілік сақтауға жақсы жағдай туғызды. Бірақта тұтас алғанда Америка Құрама Штаттарының саясаты фашист агрессорларының бір халықтан соң бір халықты бөгетсіз құлдыққа салуына мүмкіндік беріп, оларды көтермелеп отырды. 1935 жылы Құрама Штаттардың конгресі соғысушы елдерге американ қару-жарақтарын жіберуге тыйым салған заң қабылдады. Италия-эфиоп соғысы болып жатқан жағдайларда бұл заң қару-жараққа өте мұқтаж болған Эфиопияның Америка Құрама Штаттарынан қару-жарақ сатып алуына мүмкіншілік бермеді. Бұл заң іс жүзінде агрессорға ешқандай зиян тигізбеді. Нашар қаруланған Эфиопияға қарсы соғыста Италия американ қару-жарақтарын онша керек еткен жоқ. Басқаша айтқанда, бұл заң фашист агрессиясына көмектесті. Испанияда соғыс басталған кезде конгресс бұл заңның күшін азамат соғыстарына да жүргізу жөнінде қаулы алды. Американ заңы бұл жерде де фашист агрессорларының мүдделеріне қызмет етті, олардың құрбаны болған — Испанияның заңды үкіметіне қару беруден бастартты.

30-шы жылдардағы халықаралық жағдай партия мен Совет Одағының халықтарынан елдің қорғаныс қабілетін нығайту үшін бар күшті қарыштап жұмсауды талап етті.

## 2. Партияның социалистік экономиканы нығайтып, дамыту жолындағы күресі: Бұқара арасында партиялық-саяси жұмыстың күшеюі. Партияның XVII съезі

Бірінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығып, совет халқы 1933 жылы екінші бесжылдықты жүзеге асыруға кірісті. СССР халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісін аяқтау дәуіріне кірді.

Социалистік құрылыстың екінші бесжылдықтағы жағдайларының бірінші бесжылдықтағыдан көп өзгешеліктері бар еді. Бұл кезде елімізде социализмнің іргесі қаланды: халық шаруашылығының барлық салаларын техникамен қайта жабдықтаудың негізі болған қуатты индустрия жасалды, деревняда колхоз құрылысы жеңді. Сонымен СССР-де социализмнің бұдан әрі өсуіне берік негіз жасалды.

Сонымен қатар социалистік қайта құру ісін аяқтау дәуірінде оның өз ерекшеліктері мен қиыншылықтары да болды.

Өнеркәсіпте күрделі құрылысты онан әрі кеңейтумен қатар жана кәсіпорындарды игеру міндеті бірінші қатарға қойылды. Мұның өзі ескі заводтар мен фабрикаларды пайдаланудан анағұрлым қиын болды. Қажетті инженер, техник кадрларды және маман жұмысшыларды дайындау үшін, жаңа техниканы пайдалануды оларға тәжірибе беру үшін, жаңа ғана құралып келе жатқан көптеген мың жас жұмысшы коллективтерінің дәл және үйлесімді жұмысын жолға қою үшін белгілі бір уақыт керек болды.

Ауыл шаруашылығында колхоздарды бұдан да былай ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беру негізгі жұмысқа айналды. 1931—1932 жылдары бұл бағытта партия бірталай жұмыс істеді. Бірақта бұл істің қиын екенін тәжірибе көрсетті. Екінші бесжылдық басталарда шаруа шаруашылықтарының үштен екісіне жуығы (61,5 процент) колхоздарға бірікті. Бірақ жас колхоздардың көпшілігі ұсақ және экономика жағынан әлсіз еді. Ол кездегі колхоз меншігі шаруалардың қоғамдас-тырған өндіріс құрал-жабдықтары: жылқы, плуг, соқа, тырма, кейбір қора-жайлар болатын. Колхоз меншігінің ең маңызды бөлегі — бөлінбейтін қоры — 1932 жылы 4,7 миллиард сом ғана болды, яғни орта есеппен алғанда бір колхозға 22 мың сомнан келді. Колхоздардың төрттен үш бөлегінде ірі қара мал товарлы фермалары болған жоқ. Колхоздар қоғамдық шаруашылықты жолға қойып, дамытуда, оны осы заманғы техникамен жабдықтауда, тәжірибелі кадрлармен нығайтуда партия мен Совет мемлекетінің ұдайы көмек көрсетуін керек етті.

Екінші бесжылдықта партия СССР-де капиталистік элементтерді біржолата жою міндетін шешті. Мұның өзі өліп бара жатқан қанаушы таптар қалдықтарының жанталасқан қарсылығын туғызбай қойған жоқ. Бірінші бесжылдықтың ішінде капиталистік элементтер негізінен жойылды. Бірақ олар жоғалып кете қойған жоқ. Бұрынғы өнеркәсіпшілер, саудагерлер, кулактар және олардың итаршылары барлық ел ішіне жайылды: жаңа құрылыстарға, заводтар мен фабрикаларға, темір жол және су транспортының кәсіпорындарына, колхоздар мен совхоздарға, совет мекемелеріне және сауда ұйымдарына жайылды. Енді олар ашықтан-ашық шыға алмады. Бұл үшін олардың күші болмады. Бірақ олар күресуін тоқтатқан жоқ. Олар совет өкіметі мен партияға қарсы кек сақтап, зиянкестік жасады, мемлекет пен колхоз мүлкін талан-таражға салды, совет құрылысының негізін — қоғамдық меншікті әлсіретуге тырысты. Мұның өзі тап күресінің ең етек алған формасы болатын. Өндіріс пен сауданың барлық саласында шаруашылықтың жаңа, социалистік формаларын баянды ету қажет болды, мемлекет пен колхоз меншігін барынша қатаң сақтау ісін ұйымдастыру, капиталистік элементтерді түгел жою қажет болды.

Екінші бесжылдықта партияның алдына совет адамдарының санасындағы капитализм қалдықтарын жою міндеті және еліміздің бүкіл еңбекші халқын социализмнің белсенді, саналы құрылысшысына айналдыру міндеті мықтап қойылды. Бұл міндеттің қиын екенін және оны орындауға ұзақ уақыт керек екенін партия жақсы білді. Марксизм-ленинизм адамдардың санасы олардың қоғамдық өндірістегі жағдайынан кейін қалады деп үйретеді. Бірінші бесжылдық ішінде өнеркәсіпке төрт миллионнан астам жаңа жұмысшылар мен қызметкерлер келіп қосылды. Бұл адамдар ірі өндірістің мектебінен өтпеген және бірқыдыру жағдайларда ұсақ меншікшілдік ниетке берілуге бейім тұрған адамдар болатын. Ұсақ меншікшілдік әдет-ғұрыптар әсіресе колхозшыларда күшті болды. Совет адамдарының санасындағы ескіліктің қалдықтары мемлекет пен колхоздың мүлкіне салақ қараудан, оны талантаражға салудан, бүлдіруден, жұлымырлықтан және социалистік еңбек тәртібін бұзудан байқалып отырды. Совет адамдарының санасындағы ұнамсыз мінез-құлықтарды өліп бара жатқан таптардың қалдықтары мен капиталистік қоршаудың өшпенді күштері барынша пайдаланып бақты.

Социалистік құрылыстың жаңа жағдайларында материалдық ынталандырудың, социалистік принципін қатты сақтау, еңбекті дұрыс ұйымдастыру, социалистік жаңа тәртіп орнату туралы Лениннің нұсқаулары ерекше үлкен маңыз алды.

Ленин шаруалардың психологиясын өзгертудің аса маңызды құралы ауыл шаруашылығын механикаландыру мен электрлендіру негізінде қайта қаруландыру болады деп есептеді. Ол былай деді:

«...Ұсақ егіншіні өзгерту, оның бүкіл психологиясы мен дағдыларын өзгерту ісі — талай ұрпаққа жететін іс. Тек материалдық база, техника, егіншілікте тракторлар мен машиналарды кең көлемде қолдану, кең көлемде электрлендіру ғана ұсақ егінші жөніндегі бұл мәселені шеше алады; былайша айтқанда, оның бүкіл психологиясын сауықтыра алады» (Шығармалар, 3-том, 221-бет).

Партияның жұмысындағы ең басты мәселе социалистік өндірісті ұйымдастыру және еңбекшілерді еңбек пен социалистік меншікке саналы түрде қарау рухында тәрбиелеу болды. Социалистік жолмен қайта құруды аяқтау міндеттері партияның еңбекші бұқараға саяси әсер етуді күшейте түсуін, шаруашылық құрылыстағы ұйымдық-практикалық басшылықты жақсарту түсуін, жұмыс әдістерін бұдан былай да жақсарту беруін талап етті.

Партия социалистік өндірісті нығайтып, дамытып отырды. Партия көңілдің денін халық шаруашылығының шешуші орындарына бөлді.

Деревняда колхоз құрылысының орнауымен бірге партияның ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі жауапкершілігі өсе түсті. Партия енді коллективтенген шаруашылықтың ғылым мен техниканың табыстарын пайдалану негізінде жоспармен жүргізілуі жөнінде колхоздар мен колхозшыларға күнделікті көмек көрсетуге тиіс болды. Орталық Комитет колхоздарды нығайту ісіне партияның үзілді-кесілді көңілін аударды. Бұл жөнінде ВКП(б) Орталық Комитетінің январь Пленумының қаулысы бойынша машина-трактор станциялары мен совхоздардың жанынан 1933 жылдың қысында құрылған саяси бөлімдердің ерекше зор маңызы болды. Партияның Орталық Комитеті МТС саяси бөлімдеріне 17 мың және совхоздарға 8 мың тәжірибелі партия қызметкерлерін жіберді. МТС саяси бөлімдері бастықтарының арасында 80 процентіне жуығы партияға 1920 жылға дейін өткен коммунистер еді.

Саяси бөлімдер ұйымдастырылғаннан кейінгі жерде машина-трактор станциялары колхоздарға саяси және ұйымдық шаруашылық басшылық ететін, колхозшылардың қалың бұқарасына партия ықпалын жүргізетін орталықтарға айналды.

Саяси бөлімдер МТС пен колхоз коммунистерін топтастырды. Партияның XVI және XVII съездерінің арасындағы дәуірде село коммунистерінің саны екі есе дерлік көбейіп, 790 мың адамға жетті. Деревня партия ұйымдарын өндірістік принцип бойынша қайта құру аяқталды. 1933 жылдың күзіне қарсы колхоздарда МТС саяси бөлімдері мен аудандық партия комитетінің тікелей басшылығы бойынша жұмыс істеген, 30 мың партия-комсомол топтары және 38 мың жеке коммунистер болды. Колхоз партия ұйымдары колхоз өндірісінің нағыз ұйымдастырушысына айнала бастады.

Саяси бөлімдер партияда жоқ колхоз белсенділерін саяси тәрбиелеп, топтастыру жөнінде көп жұмыс істеді. Әрбір колхозда саяси бөлімдердің басшылығымен қоғамдық шаруашылықты жолға қойып, еңбек тәртібін нығайту жолындағы күресті басқарған белсенді колхозшылардың белсенді берік тобы құрылды.

МТС саяси бөлімдері МТС-тердің және олардың қамтуындағы колхоздардың жұмысы мен өміріне партиялық бақылау жүргізді, колхоз құрылысы жауларының қулық-сұмдықтарын батыл әшкерелеп, іске алғысыз етті, совет өкіметі заңдарын колхоздар мен колхозшылардың дер кезінде және бұлжытпай орындауын қамтамасыз етіп отырды. Колхоздар өз ішіне еніп кеткен кулактардан және басқа қаскүнем элементтерден тазартылды.

Саяси бөлімдер колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу, дайындау және тәрбиелеу ісіне өте зор көңіл бөлді. Колхоздардың жүздеген мың председателдері, шаруашылық бөлімдерінің басшылары, бригадирлер, егіншілер, мал өсірушілер және колхоз есепшілері МТС-тердің қасында курстерде дайындалды. Саяси бөлімдер 250 мыңнан аса алдыңғы қатарлы колхозшыларды іріктеп алып, колхоздың басшы жұмысына, оның ішінде 30 мыңға таяу адамды колхоз председателдігіне тағайындады. Олар колхозшыларды тәрбиелегенде колхоздардың ең бірінші парызы Совет мемлекетінің алдындағы өз міндеттемесін орындау екенін ұғынатын етіп тәрбиеледі.

Саяси бөлімдердің қызметкерлері барлық уақытта колхоз бұқарасының қалың ортасында болды, колхозшылардың колхоз құрылысының саяси мәселелерін шешуіне көмектесті, оларды еңбекке адал қарау және колхоз байлығына мұқият болу рухында тәрбиеледі. Олар колхоз басшыларына колхозшылар еңбегін дұрыс ұйымдастыру жөнінде көмектесті.

МТС-тердің жанынан саяси бөлімдер құру арқылы партия колхоздарға елеулі көмек көрсетті. Колхоздар анық нығая бастады. Колхозшылардың еңбек тәртібі күшейді. 1933 жылғы көктемгі егіс, егін жинау және астық дайындау науқаны неғұрлым ынтымақтылықпен, ұйымшылдықпен өтті.

Елді индустрияландырудың лениндік сара жолын партия талмай жүргізіп отырды. Орталық Комитет ауыр индустрияны жоспар бойынша және тез дамытуды барынша қолға алды, өнеркәсіптің жеке салаларының, әсіресе көмір өнеркәсібінің, сонымен қатар темір жол транспортының кемшіліктерін дер кезінде ашып, артта қалушылығын жойды. Елді индустрияландырумен қатар жаңа қалалар, өнеркәсіп орталықтары өсті, жаңа кен байлықтары ашылды және шаруашылық өмірге еліміздің шеткері аймақтары тартылды. Осыған байланысты темір жол транспортына қойылатын талап есе түсті. Сонымен қатар транспорт және де қуатты жаңа электр станциялар мен металлургия заводтары көмірмен және кокспен үздіксіз жабдықтап отыруды тіледі. Халық шаруашылығы жыл сайын көмірді көп тіледі.

Бірінші бесжылдық ішінде транспортты техникамен қайта жабдықтау және көмір өндірісін механикаландыру жөнінде едәуір жұмыс істеді. Бірақта транспорт пен көмір өнеркәсібі өздеріне тез өсіп келе

жатқан халық шаруашылығы қойған талаптарды қанағаттандыра алмады. Көмір өнеркәсібі мен транспорт жұмысының қанағаттанғысыз болуының басты себептері теңгермені, жұмысшы күшінің тұрақсыздығын туғызған, жаңа техниканы саябыр меңгеріп, нашар пайдаланушылықты туғызған шаруашылық басшылығының кемшіліктерінде және материалдық ынталандыру принципін бұзылуында болды. Партия ұйымдарының транспорт пен Донбасо шахталарына басшылығы ойдағыдай болмады.

Орталық Комитет партия және шаруашылық ұйымдарының бұл кемшіліктерді жоюына көмектесті. Трестер мен басқармалардың аппараты қысқартылып, жеңілдетілді; инженерлер мен техниктердің көпшілігі өндіріске жіберілді. Шахтерлер мен теміржолшылардың еңбегіне ақы төлеу жұмысы тәртіпке салынды: қалыпты нормалар белгіленді, жаңа техниканы ойдағыдай меңгерген жетекші маман жұмысшыларды көтермелеуді көздеген прогрестік-сыйлық системасы енгізілді.

Партия саясат жұмысына жігерлі сипат беру үшін және партия ұйымдарының ұйымдастырушылық ролін көтеру үшін, партия Орталық Комитеті 1933 жылдың жазында темір жол транспортында саяси бөлімдер, ал Донбасо шахталарында партия ұйымдастырушыларының институтын құрды. Транспорттағы саяси бөлімдер мен шахталардағы партия ұйымдастырушылары бұқара арасындағы партиялық және саяси жұмысқа жедел басшылық етті, шаруашылық қызметкерлерге өндіріс жоспарын орындау, еңбек тәртібін нығайту жөнінде көмектесті, жұмысшылар арасында жаңа техниканы меңгеру, еңбек өнімділігін арттыру жолында социалистік жарысты дамытты.

Партияның қолданған шараларының арқасында 1933 жылы көмір 12 миллион тонна артық өндірілді — бұдан бұрынғы жылдан бір жарым есе көп өндірілді.

Саяси бөлімдер, ұйымның төтенше формасы бола отырып, партияның күші мен беделіне сүйенді. Олар социалистік құрылыстың артта қалған учаскелерінде, халық шаруашылығы үшін ерекше маңызы болған учаскелерінде құрылды. Саяси бөлімдер өз міндетін орындап шықты. Солардың арқасында ауыл шаруашылығындағы және темір жол транспортындағы партия басшылығының дәрежесі көтерілді, партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысы жігерлі, жедел сипат алды. Олар партия органдарына зор көмек көрсетті, социалистік құрылыстың басқа учаскелеріндегі партия ұйымдарын өз тәжірибесімен байытты. Коммунистердің өндірістегі авангардтық ролі күшейді. Партия жұмысшы табының, инженер-техник қызметкерлердің және колхозшы шаруалардың еңбектегі белсенділігін жаңа сатыға көтерді.

Совет халқының саяси және еңбек жігері қатты тасыған жағдайда Москвада 1934 жылы 26 январьдан 10 февральға дейін ВКП(б) XVII съезі болып өтті. Бұл кезде партия қатарында 1 874 488 мүше және 935 298 кандидат болатын.

XVII съезд Орталық Комитеттің, Орталық тексеру комиссиясының, Орталық бақылау комиссиясының, Жұмысшы-шаруа инспекциясының, Коммунистік Интернационал атқару комитетіндегі ВКП(б) делегациясының есепті баяндамаларын, екінші бесжылдық жоспарын және ұйымдастыру мәселелерін (партия және совет құрылысы) талқылады. ВКП(б) Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндаманы И. В. Сталин жасады. Орталық Комитеттің есебінде партияның лениндік сара жолын жүзеге асырудың нәтижесінде СССР-де болған ұлы өзгерістер көрсетілді. Мешеулік пен орта ғасырлық шырмауды бойына сыпырып тастаған Совет Одағы мүлде көркейіп кетті. СССР артта қалған, аграрлық елден алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды державаға айналды.

Қала мен деревнядағы социализм жеңістері СССР халық шаруашылығының құрылымына принциптік өзгерістер енгізді. Өнеркәсіптегі социалистік сектор 99,5 процентке жетіп, жалғыз өзі үстем болды. Социалистік сектордың ауыл шаруашылығындағы үлес салмағы, дәнді дақылдар егіс көлемін алатын болсақ 84,5 процент болды. Капиталистік элементтер саудадан толық ығыстырылып шығарылды.

Бұл фактілер СССР-де капиталистік шаруашылықтың жойылғандығын мейлінше дәлелдеп көрсетті. Халық шаруашылығының барлық салаларында жалпыхалықтық және кооперативтік-колхоздық меншік түрінде шаруашылықтың социалистік системасы үстем болды.

СССР-де аса терең мәдени революция жасалды. Революцияға дейінгі Россияның кейпіндегі қараңғы, сауатсыз, мәдениетсіз елден Совет Одағы алдыңғы қатарлы мәдениетті елге айнала бастады. Совет ұлттарының тілдерінде жүргізілетін толып жатқан жоғарғы, орта және бастауыш мектептер ел ішіне жайылды. Жаңа совет интеллигенциясының кадрларын дайындау жөнінде орасан көп жұмыс жүргізілді. Бірінші бесжылдықтың ішінде халық шаруашылығындағы мамандардың саны екі еседей өсті. Мәдени құрылыстың қарыштап алға басқандығы баспаның, киноның, радионың, клубтар мен театрлардың ерекше қаулап өсуінен айқын көрінді.

Съезд идеялық-саяси басшылық ету мәселелеріне қатты көңіл бөлді. Ол партияның теориялық дәрежесін тиісті сатыға көтеруге, партияның барлық буындарында идеологиялық жұмысты күшейтуге, ғылыми коммунизм идеясын талмай насихаттауға және коммунистер мен партияда жоқ белсенділерді интернационализм рухында тәрбиелеуге, марксизм-ленинизмнен ауа жайылушылықты батыл сынауға шақырды.

Партияның XVII съезі СССР халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспары туралы XVII партия конференциясы ұсынған қарарды және екінші бесжылдықтың негізгі саяси және шаруашылық міндеттерін бекітті.

Бүкіл халық шаруашылығында екінші бесжылдықтың ішіндегі күрделі жұмыстардың мөлшері 133 миллиард сом болып белгіленді, ал бірінші бесжылдықта мұның мөлшері 64 миллиард сомнан астам болатын. Өнеркәсіптің жалпы өнімінің көлемі 1937 жылы 1913 жылдың дәрежесіне қарағанда шамамен алғанда сегіз есе өспек болды. Съезд партия, совет шаруашылық және кәсіподақ ұйымдарына бар күшін жаңа техника мен жаңа өндірістерді меңгеруге, жұмысшылардың мамандығын көтеріп, инженер-техник кадрларды дайындауға жұмсауды тапсырды. Ауыл шаруашылығында басты мәселе колхоздарды, МТС-тер мен совхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту, егіншілікті негізінен механикаландыруды аяқтау, агротехниканы қолдану, мал басын көбейту және оның өнімділігін көтеру еді. Транспорт пен байланысты техникалық қайта құру жөнінде үлкен жұмыстар жоспарланды. Ғылым мен мәдениетті онан әрі дамыту ісі белгіленді.

XVII съезд партия мен совет құрылысы туралы арнаулы қаулы алды. Съезд ұйымдастыру жөніндегі басшылықты партияның саяси басшылығының дәрежесіне дейін көтеру міндетін қойды. Ұйымдастыру жұмысында басты мәселе адамдарды іріктеп алу және істің орындалуын тексеріп отыру болды. Партия мен үкіметтің қаулыларының орындалуын тексеру жұмысын жақсарту үшін XVII съезд партияның XII съезі қойған міндеттерді орындап шыққан ЦКК — РКИ-ді ВКП(б) Орталық Комитетінің жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы және СССР халық комиссарлар Советінің жанындағы Советтік бақылау комиссиясы етіп қайта құруға қаулы алды.

XVII съезд партияның жаңа уставын қабылдады. Оның кіріспе бөлімінде Коммунистік партияға қысқаша анықтама берілген, жұмысшы табы мен барлық еңбекшілердің социализм жеңісі жолындағы күресі



үшін партияның маңызы және пролетариат диктатурасының система-сында партияның алатын орны көрсетілген. Сан жағынан өсіп, ұйымдық жағынан нығайған партия ұялары бастауыш партия ұйымдары деп аталатын болды. Партия уставына партияның ішкі демократиясы мен партия тәртібі туралы арнаулы бөлім қосылды. Ол бөлімде партия саясатының мәселелерін ерікті және нақтылы түрде талқылау — партияның әрбір мүшесінің, партияның ішкі демократиясынан тұратын, ешкім қол сұғуға болмайтын правосы болып табылады делінді. Сонымен қатар коммунистер мен партия ұйымдарының ең бірінші міндеті — партияның бірлігін сақтау, фракцияшылдыққа, жік туғызуға тырысушылықтың қандаймен болса да күресу деп баса көрсетілді.

Партия өзінің съезіне топтасқан, тас-түйін берік күйінде келді. Съезде ешқандай оппозициялық топ болған жоқ. Идея жағынан партия талқандаған бұрынғы оппозиционерлер Зиновьев, Каменев, Бухарин, Рыков, Томский және басқалар съезде кінәларын мойындарына алып, партияның табыстарын мадақтап сөз сөйледі. Бірақ съезд делегаттары олардың сөздерінің шындығына сенбеді, өйткені олар өз қателерін ресми мойындағанымен, партияның сара жолына ресми қосылғанымен, мұны практикалық жұмыспен, партияның лениндік сара жолы үшін күреспен дәлелдеген жоқ-ты.

Социализм табыстары коммунистер мен барлық еңбекшілерде өз елі үшін заңды мақтаныш сезімін туғызып, социализмнің толық жеңетіндігіне олардың сенімін күшейте түсті. Совет халқымен бірге оның тарихи жеңістеріне капитализм елдерінің миллиондаған еңбекшілері де қуанды. Олардың көңіл ауаны шетелдік коммунистік партиялардың съезге жазған құттықтауларынан байқалды.

ВКП(б) XVII съезінің қарарларына сәйкес партия өз қатарларындағы мүшелердің сапасын онан әрі жақсарту жөнінде бірсыпыра шаралар қолданды.

XVI және XVII съездердің арасындағы дәуірде партияға 600 мыңға таяу жана мүшелер кірді. Партияға жана мүшелердің мұндай жаппай енуіне байланысты оның қатарына кездейсоқ мансапқор және тікелей қаскүнем элементтер де еніп кетіп отырды. Сонымен бірге партияда кейбір бұрынғы оппозиционерлер де болды, олар екіжүзді әрекет жүргізді: сөз жүзінде партияның жолын жақтап, ал іс жүзінде оны жүзеге асыруға бөгет жасады. Партия өзінің жауынгерлігін әлсіреткен мұндай адамдардан арылуға тиіс болды. 1933 — 1934 жылдары жаппай тазалау жүргізілді. Партияға жаңадан мүшелер мен кандидаттар алу уақытша тоқтатылды. Тазалау кезінде жіберілген елеулі қателер, әсіресе «енжар» дейтіндерді партиядан дәлелсіз шығару сияқты қателер аз болмағанымен, сонда да тазалау жалпы алғанда партияның кездейсоқ және мансапқор элементтердің көбінен арылуына көмектесті. Бірақта түгел әшкереленіп, аласталмаған екіжүзді, жау элементтер партияда тазалаудан кейін де қалып қойған еді.

1934 жылы 1 декабрьде Ленинградта, Смольныйда, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі С. М. Киров револьверден зұлымдықпен атқан оқтан қаза тапты. Қылмыс істеген жерінде ұсталған кісі өлтіргіш СССР де социализмнің жеңіп шығуын көздеген сара жолды берік жүргізген партияның басшы қайраткерлеріне өшіккен дұшпан болып шықты, зығырданы қайнаған сілімтік болып шықты, бұрын зиновьевтік антипартиялық топқа қатысқан кейбір адамдармен байланысты болғаны анықталды. Ол партия қатарында қалып келген, қолында партиялық билеті болған, міне сол билетті бетке ұстап, зұлымдық қылмыс істеген.

С. М. Кировтың қаза табуы антисоветтік жексұрын әрекеттерді бүркеу үшін партия билетін пайдалануға болатындығын көрсетті. Социализмге және Совет мемлекетінің мүдделеріне қарсы әрекеттерді,

мұндай әрекеттер не нәрсемен бүркелсе де, болғызбау үшін партияны жат элементтерден аман сақтау керек болды.

Ең алдымен партия документтерін тексеріп, ауыстыру осындай шаралардың бірі болды. Партия документтерін тексеру, оларды жүргізе беру және сақтау ісінің дұрыстығын тексеру 1934 жылдың октябрінде-ақ ұсынылған болатын. ВКП(б) Орталық Комитетінің қолында бұл істің онша жақсы емес екендігін көрсететін көптеген фактілер бар еді. Коммунистерді есепке алу, партия документтерін жүргізу және сақтау— партия-ұйымдастыру жұмысының аса маңызды құрамды бөлегі— көп жағдайларда таза техникалық іс қатарында саналды. Сондықтан олар көбіне жай қызметкерлердің қолында болды, оны аудандық және облыстық партия комитеттерінің басшы қызметкерлері бақыламады. Партия шаруашылығындағы былықтың елеулі зардабы болды. Партия билетін ұрлау, партия документтерін қолдан жасап алу және өшіріп қайта жазу қауіпті сипат алды. Тек жуликтер мен алаяқтар ғана емес, сонымен қатар совет құрылысының қас дұшпандары, зиянкестік мақсат көздеген нағыз жаулар да осылай етіп отырды.

Партия документтерін тексеріп, ауыстыру 1935—1936 жылдары жүргізілді. Тұтас алғанда бұл тексеріс өзін ақтады. Партия жат және кездейсоқ элементтерден мықтап тазарды, өз қатарын нығайтты, өз жауынгерлігін күшейтті. Коммунистерді есепке алу, партия документтерін сақтау және беру жұмысына тәртіп енгізілді. Партия ұйымдарының басшылары партия бұқарасымен неғұрлым тығыз байланысты болды.

Бірақта партия документтерін тексеріп, ауыстыруда партия кадрлары жөнінде партияның нұсқаулары бұзылды. Мұны партиядан толып жатқан адамдардың шығарылуы дәлелдеді. Соңғы тазалаудың кезіндегі сияқты, «енжарлардың» қатарына жатқызылған коммунистерді партиядан дәлелсіз шығарушылық болды. Көп жағдайларда социализм ісіне берілген адамдар да «енжарлар» деп жарияланып жүрді. Мұндай бұрмалаушылықтар партия ішіндегі жағдайларға әсер етпей қоймады.

Партия документтерін тексеру мен ауыстыру кезінде-ақ бұл кемшіліктер мен қателерді Орталық Комитет ашып көрсете бастады. Ол партия ұйымдарына коммунистерді беталды партиядан шығаруды қоюды және «енжарлар» дейтіндерді партиядан шығару жөніндегі істердің барлығын қайта карауды тапсырды. Бұл мәселе ВКП(б) Орталық Комитетінің 1936 жылы июнь пленумында арнаулы мәселе ретінде қаралды.

Партия документтерін тексеріп, ауыстырғаннан кейін 1936 жылдың 1 ноябрінен бастап партияға мүше алу қайта басталды. Орталық Комитет партия ұйымдарына партияға алуға жөкекелеп карау қажет екендігін ескертті, партия қатарына «еліміздің шын алдыңғы қатарлы, жұмысшы табының ісіне шын берілген ең жақсы адамдарын, ең алдымен жұмысшылардан, сонымен қатар социализм жолындағы күрестің түрлі учаскелерінде тексерілген шаруалар мен еңбекші интеллигенциядан» таңдап алу қажет екендігін ескертті.

Өзін идея жағынан қаруландырып, ұйымдық жағынан нығайта отырып, партия социализм құрылысындағы өзінің басшылық ролін ойдағыдай орындап отырды, совет халқын екінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға және СССР-де социалистік қоғам орнатуға бастады.

### 3. Екінші бесжылдықтың мерзімінен бұрын орындалуы. СССР-де социализмнің жеңуі. Советтік жаңа Конституция

Партия мен халықтың екінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы күрес жаңа еңбек ерлігін туғызды.

Қиыншылықтарды жеңе отырып, партия жаңа кәсіпорындар мен жаңа техниканы меңгеру проблемасын ойдағыдай шешті. Ең алдымен қара металлургияда жұмыс нәтижелі болды. 1934 жылы шойын қорыту 10,4 миллион тоннаға, болат қорыту 9,7 миллион тоннаға, прокат өндіру 7 миллион тоннаға жетті. Шойын мен болат өндіру 1913 жылға қарағанда екі жарым есе дерлік артты.

Колхоз құрылысы жеңуімен бірге ауыл шаруашылығы бұрынғыдан тез дами бастады. 1934 жылдың аяғына таман колхоздар шаруа шаруашылықтарының 75 процентіне жуығын және егіс көлемінің 90 процентін біріктіріп, жеңілмейтін берік күшке айналды. Дәнді және техникалық дақылдар өнімі көбейді. Астық дайындау мен астық сатып алу бұрынғыдан тынғылықты жүргізілді. Халықты бірінші бесжылдықтың бас кезінде енгізілген карточка системасынсыз-ақ жабдықтауды толық қамтамасыз ету үшін мемлекет сол жылы ауыл шаруашылығынан астық пен басқа өнімдерді жеткілікті алды.

1934 жылы ноябрьде ВКП(б) Орталық Комитетінің пленумы нанды және басқа азық-түлікті карточкамен бөлу системасын жою туралы шешім қабылдады. Өнімді бір орталықтан бөлу орнына барлық жерде кеңінен совет саудасы жүргізіле бастады. Мұның өзі еліміздің бүкіл шаруашылық өмірін едәуір жақсартуға, жұмысшы табының шаруалармен одағын бұдан әрі нығайтуға, социалистік құрылыстың жаңа табыстарына жеткізді.

Колхоз құрылысының нығаюы партияның МТС саяси бөлімдерін аудандық партия комитеттерімен қосу арқылы қалыпты партия органдары етіп қайта құруға мүмкіншілік берді. МТС саяси бөлімдері өз міндеттерін абыроймен орындап шықты, ал енді колхоз деревнясына басшылық етудің қиындауына байланысты бұдан былайғы жерде қалыпты партия және совет органдарын, колхоз деревнясында барлық жұмысты — саяси, әкімшілік, шаруашылық, мәдени-тұрмыс және сондай жұмыстарды қамти алатын етіп кеңейтіп, нығайту керек болды. Мұндай шара партияның ұйымдастыру жөніндегі басшылығының икемді екендігін тағы да көрсетіп берді.

Екінші бесжылдық жоспардың орындалу барысында халық шаруашылығындағы техниканың саны бірден бірге көбейе берді. Өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығы станоктарды, машиналарды және басқа техникалық жабдықты бірінші бесжылдықта қанша алса, екінші бесжылдықтың алғашқы екі жылында ғана сонша алды. Сонымен, партияның негізгі шаруашылық міндетін — халық шаруашылығын техникалық қайта құруды аяқтау міндетін шешу қамтамасыз етілді. Сонымен қатар жаңа техниканы шебер қолдана білетін кадрлардың өсуі од техниканың дамуына ілесе алмайтындай қауіп туды. Техниканың өсуі мен оны меңгеру арасында сәйкессіздік туды.

Жаңа техниканы меңгеру жолында бұрынғыдан да табанды күрес жүргізу қажет болды. Сол жылдары еліміздің шаруашылық дамуының негізгі буыны осында еді. Совет Одағының өндіргіш күштерінің бұдан былайғы өсуі жаңа техниканы меңгеруге байланысты болды. Техниканы меңгеріп, оны толық пайдалана білетін кадрлар проблемасы шешуші маңыз алды. Партия «Барлық істің тетігін кадрлар шешеді!» деген ұран көтерді. Бұл ұран «Қайта құру дәуірінде техника бәрін шешеді!» деген ұранның, еліміз ең алдымен техникаға мұқтаж болып отырған кезде, қайта құру дәуірінің бас кезінде партия ұсынған ұранның табиғи жалғасы еді. Енді бұл проблема шешілгеннен кейін, жаңа техниканы меңгере алатын кадрларға баса көңіл бөлу қажет болды. Оның бержағында әңгіме ондаған және жүздеген мың адамдар туралы болған жоқ, қайта өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында, армияда — техника бар жердің барлығында жаңа техниканы жүргізіп, толық пайдалануға қабілеті бар миллиондаған адамдар туралы болды.

«Барлық істің тетігін кадрлар шешеді!» деген ұранды жариялай отырып, партия жаңа техниканы меңгеру процесі практикада кәзірдің өзінде болып отырғанын көрді. Өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында және халық шаруашылығының басқа тарауларында ескірген техникалық нормаларды қайта қарау жөнінде алдыңғы қатардағы жұмысшылардың қозғалысы басталды.

Ескірген нормаларды қайта қарау өнеркәсіптің ең алдымен көмір мен металлургия сияқты салаларында басталды. Халық шаруашылығының осы маңызды салаларына қашанда болсын партия ерекше көңіл бөліп келді. Ал мұның өзі пайдасыз болған жоқ. Ескі техникалық нормалардан асырып, неғұрлым жоғарғы еңбек өнімділігін беретін жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер көбейді. 1934 жылы Совет үкіметі көмір өндіру жөнінде екпінді жұмыстың үлгісін көрсеткені үшін № 1 шахтаның (Горловка) көмір қазушысы Никита Изотовты Ленин орденімен наградтады. Көптеген жұмысшы-шахтерлер оның тәжірибесінен үлгі алды.

Өнеркәсіп өндірісі екпінділерінің қозғалысы бүкіл елге жайылды. 1933 жылдың аяғына таман өнеркәсіп пен транспортта бес миллионға жуық екпінділер болды. Бірінші бесжылдықтың ерекше сипаты болған жаңа құрылыс шабыты енді жана техниканы меңгеру шабытымен, еңбек өнімділігін көтеру жолындағы күреспен толықтырылды.

1935 жылы жаңа техниканы меңгеру жолындағы, ескі техникалық нормаларды қайта қарау жолындағы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қозғалысы көмір қазушы А. Стахановтың есімімен стахановшылар қозғалысы деп аталды, ол бір сменада 102 тонна көмір қопарып, нормасын қалыпты нормадан 14 есе артық орындаған болатын. Өндіріс жаңашылдары халық шаруашылығының барлық салаларында шыға бастады. Партия Стахановтың және өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің барлық жаңашылдарының бастамасын қолдады. Алдыңғы қатарлы жұмысшылардың қозғалысына саяси баға беріп, оны басқарды.

Жаңашылдардың еңбек өнімділігін арттыру жолындағы қозғалыс бұқараның социалистік жарысындағы жаңа кезең болды. Оның бұрынғы жылдардағыдан өзгешелігі — ол енді жаңа, тамаша техникаға және техниканы меңгерген кадрларға сүйенді. Бұл қозғалыс бесжылдықтардың ішінде жұмысшы табының мәдени-техникалық дәрежесінің өсу нәтижесінде туды. Мұның өзі халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік өндірістік қатынастардың жеңуіне, адамдардың еңбекке деген көзқарасының түбірінен өзгеруіне, еңбекке деген социалистік көзқарасқа байланысты болды.

Өнеркәсіп пен транспорттың алдыңғы қатардағы жұмысшыларының 1935 жылы ноябрьде шақырылған Бүкілодақтық кеңесі бүкіл еліміздің жұмысшы табын еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күреске жұмылдыруда үлкен роль атқарды. Кеңеске үш мыңға таяу адам қатысты. Кеңеске қатысқандар өздерінің жана техниканы пайдалану тәжірибесін, жоғары техникалық нормаларды орындау тәжірибесін ортаға салды. Бұдан өндірістегі өз табыстарын бүкіл қоғамның мүддесі үшін барлық жұрттың игілігі етуге тырысатын совет адамы бейнесінің жаңа белгілері көрінді.

Кеңес алдыңғы қатарлы жұмысшылардың техниканы жақсы пайдалану және еңбекті жақсы ұйымдастыру жолындағы жаппай қозғалысы өндірісті дамыту үшін қашанда қажетті болатын еңбек өнімділігін жәй арттырумен ғана тынбайды деп тапты. Кеңесте сөйлеген И. В. Сталиннің берген анықтамасы бойынша бұл қозғалыс «социализмнен коммунизмге өтуге және ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылықты жоюға қажетті болған еңбек өнімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізе алатын және жеткізуге болатын бірден-

бір дұрыс жол ашты» («Ленинизм мәселелері», 11-басылуы, 469-бет).

Бұл жөнінде партия мен халық Лениннің «коммунизм дегеніміз алдыңғы қатарлы техниканы пайдаланатын, ерікті, саналы, бірлескен жұмысшылардың, капиталистік еңбек өнімділігіне карағанда, жоғары еңбек өнімділігі» (Шығармалар, 29-том, 423-бет) деген нұсқауын қашанда басшылыққа алып келді және басшылыққа алып отыр.

Өндіріс жанашылдарының қозғалысы әдеттегі нәрсе емес еді. Мұның өзі СССР-дің социализм заманына кіргендігін көрсететін белгі болды. Мұның өзі еңбекті жанаша ұйымдастырғандық болды: өндірісте еңбекті дұрыс бөлу, маман жұмысшыларды екінші дәрежедегі дайындық жұмысынан босату, жұмысшы орнын жақсылап ұйымдастыру, еңбек өнімділігін көтеру болды. Үздік дамыған капиталистік елдердегі еңбек өнімділігінен көп реттерде асып түсетін жаңа жұмыс нормалары енгізілді. Тұтыну заттарының өнімін тез көбейтіп, оларды арзандату үшін жағдай жасалды. Жұмысшылар мен қызметшілердің жалақысы едәуір өсірілді. Жұмысшы табының мәдени-техникалық дәрежесі көтерілді.

Өндіріс жанашылдарының қозғалысын басқарумен қатар партия оны жаппай қозғалысқа айналдыруға тырысты. Партия ұйымдары жаңа техниканы меңгерудегі әрбір бастаманы, ескірген, төменгі нормаларды өзгертуде әрбір бастаманы батыл көтеріп, оны жалпы жұрттың игілігіне айналдырды. Партия ұйымдарының басшылығымен жұмыстың прогрестік әдістерін талқылау үшін өндірістік-техникалық конференциялар шақырылды; жұмыс тәжірибесін тарату жөнінде заводтар арасында пікір алысу ісі жүргізілді; алдыңғы қатарлы жұмысшылар артта қалған жұмысшыларды, қарт жұмысшылар жас жұмысшыларды камкорлықтарына алды; алдыңғы қатарлы тәжірибе тарататын мектептер құрылды. Техникалық білім алу жөнінде басшылық рольді коммунистер атқарды. Олар сырттан оқу және кешкі курстер, мектептер, техникумдар мен жоғары оқу орындары арқылы өздерінің техникалық білім дәрежесін ұдайы көтеріп отырды. Жұмысшы табының мәдени-техникалық дәрежесін көтеру партия ұйымдарының күрделі жұмысы болды, өндірістің алдыңғы қатардағыларының прогресшілдік қозғалысы тек осының негізінде ғана нығайып, дами алатын болды.

Әрбір жана, прогресшілдік қозғалыс ескіге қарсы күресте өзіне жол ашып отырады. Өндіріс жанашылдарының бұқаралық қозғалысы да осылай болды. Кейбір жұмысшылар жоғары жұмыс нормалары нарықты төмендетеді, жалақыны азайтады деп қорықты. Техникалық нормалар жөнінде ескі пікірлерден арыла алмаған инженер-техник қызметкерлердің бір бөлегі бұл қозғалысты басқаруға да, оны дұрыс ұйымдастыруға да дәрменсіз болды. Ескі мамандардың ішінде өндіріс жанашылдарының қозғалысын болғызбауға тырысқан, оған қаскүнемдікпен караған адамдар да болды. Бұл кедергілердің барлығын жою ең алдымен алдыңғы қатардағы және прогрестік нәрселердің барлығына бас-көз болатын коммунистердің міндеті болды. Ал олар өз міндетін ойдағыдай орындап отырды.

ВКП(б) Орталық Комитетінің стахановшылар қозғалысына байланысты өнеркәсіп пен транспорт жұмысын талқылаған 1935 жылғы декабрь пленумы өндіріс жанашылдарының бұқаралық қозғалысына көп көмек етті. Партия Орталық Комитетінің пленумына үш мыңға таяу шаруашылық және партия қызметкерлері, инженерлер мен алдыңғы қатарлы жұмысшылар қатысты. Орталық Комитеттің пленумы алдыңғы қатарлы жұмысшылардың тәжірибесін есепке ала отырып, ескірген жұмыс нормаларын батыл және үзілді-кесілді қайта қарап, ол нормаларды жаңа нормалармен ауыстыруды ұсынды. Барлық жұмысшылардың техникалық білімдерін көтеруге ерекше көңіл бөлінді.

Жаңашылар қозғалысының нәтижесінде өнеркәсіптегі еңбек өнімділігі екінші бесжылдықтың ішінде жоспар бойынша белгіленген 63 проценттің орнына 82 процент өсті. Бұл уақыттың ішінде өнеркәсіп өнімі ең алдымен өндірісте жаңа техниканы пайдалану негізінде еңбек өнімділігін арттыру арқылы өсті.

Өнеркәсіпті социалистік халық шаруашылығының негізі деп қарай отырып, партия ауылшаруашылық өндірісіне де ұдайы көп көңіл бөліп отырды. Социалистік егіншіліктің дамуында өз кемшіліктері болды. Колхоздар ұсақ жеке шаруа шаруашылықтарынан құралды, сондықтан колхозшылардың еңбегінде жекеше шаруашылықта қалыптасқан әдет-ғұрыптар байқалып отырды. Бірақ колхоздар жеке шаруа шаруашылығына қарағанда өнімді анағұрлым көп беруге тиіс еді және бере алатын да болды. Партия ұйымдарының назары істің осы жағына аударылды.

Деревняда жерді жақсы ұқсату жолында, дәнді және техникалық дақылдардың түсімділігін көтеру жолында, мал шаруашылығының артта қалушылығын жою жолында кеңінен күрес жүргізілді. Ауылшаруашылық өндірісінің техникасын жақсы білетін көптеген кадрлар өсіп жетілді.

Колхоз құрылысын бұдан әрі нығайту үшін екпінді колхозшылардың 1935 жылы февральда болған Бүкілодақтық II съезінің зор маңызы болды, бұл съезд ауылшаруашылық артелінің жаңа уставын қабылдады. Бұл устав ірі ауылшаруашылық өндірісін жүргізу жөнінде біраз тәжірибе жиналған кезде қабылданды. Осы тәжірибе жаңа уставта қорытылды. Бұл уставта колхоз құрылысының толық жеңген жағдайында ауылшаруашылық артелінің ішкі өмірі мен жұмысын анықтаған негізгі ережелер тұжырымдалды. Жаңа устав колхоздардың бұдан әрі ұйымдық-шаруашылық жағынан нығаюына көмектесуге тиіс болды.

Устав бойынша колхоздардың ұқсатып отырған жерлері оларға мәңгі пайдалануға бекітіліп берілді, мұның өзі колхоздардың дамып, нығаюына берік негіз жасады. Уставта қоғамдық ірі шаруашылықты қалай дұрыс жүргізу керек екендігі көрсетілді. Жеке шаруашылықтың қоғамдық өндірістің мүдделеріне сай келетін, сонымен қатар колхозшының және оның семьясының керектерін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болатын мөлшерлері бұл уставта анық белгіленді. Жаңа устав колхоз демократиясының неғұрлым кең дамуын көздеп, колхозшылардың праволарын кеңейтті, мұның өзі олардың ынта-жігерін және еңбектегі белсенділігін көтеруге себеп болды.

Колхоз уставының жүзеге асырылуының ауылшаруашылық өндірісіне, еңбек тәртібін нығайтуға және еңбек өнімділігін арттыруға пайдасы тиді. Бірақта мұның өзі партия мен халықтың қажымай еңбек етуін тіледі. Колхоздарды берік ұйымдық-шаруашылық негізге қою үшін және ауылшаруашылық өндірісінің ұдайы өсуін қамтамасыз ету үшін партия қызу жұмыс істеді.

Орталық Комитеттің 1935—1937 жылдардағы пленумдарында егісті дайындап, жүргізу және егін жинау мәселелері, нығая қоймаған колхоздарға көмек көрсету, мемлекеттік астық дайындау және астық сатып алу науқандарын жүргізу мәселелері ұдайы қаралып отырды. Партияның облыстық және аудандық комитеттері мен колхоз партия ұйымдары да нақ осы мәселелерге ұдайы қатты көңіл бөліп отырды.

Партияның селолық аудандық комитеттері колхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастыру және еңбек ақыны дұрыс төлеу жолында, еңбек тәртібін нығайту жолында, колхоздар үшін басшы кадрларды іріктеп алу жолында, коммунистерді колхоз өндірісінің шешуші учаскелеріне қою жолында, колхоз партия ұйымдарын нығайтып, түрлі колхоздарда жүрген жеке коммунистерді ұйымдастыру жолында бұл жылдар ішінде көп жұмыстар істеді.

Бұл бағыттағы әрбір жаңа адым партия ұйымдарының жұмыстарында бағалы табыс болды. Қолхоздарға партия басшылығы барған сайын жақсарып отырды.

Ауылшаруашылық артелінің жаңа уставын іс жүзінде қолдана отырып, колхоз коммунистері колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайтты, колхоз өндірісін көтерді. Олар колхозшы шаруаларды еңбекке жаңаша, социалистік тұрғыдан қарайтын етіп тәрбиеледі.

Колхоздарды нығайта отырып, сонымен қатар партия шаруалардың жаңа топтарын колхозға тарту үшін жағдайлар жасады. Устав қабылданарда шамамен алғанда төрт миллиондай шаруа шаруашылықтары әлі де колхозға кірмей отырған, ал екінші бесжылдықтың аяғында бір жарым миллионға таяу шаруа шаруашылықтары колхоздан тыс болды.

Екінші бесжылдық жоспарын орындауда, әсіресе оның соңғы жылдарында, жұмысшы табы, колхозшы шаруалар және интеллигенция қызу еңбек етті. Совет халқы жанқиярлық еңбек етудің арқасында, нақ бірінші бесжылдық сияқты, екінші бесжылдықты да мерзімінен бұрын, 1937 жылдың 1 апреліне қарсы—4 жыл 3 ай ішінде орындады.

1937 жылы ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 1932 жылмен салыстырғанда екі еседен артық өсті және 1913 жылмен салыстырғанда сегіз есе өсті.

Ірі өнеркәсіптің және әсіресе машина жасау өнеркәсібінің өсуі халық шаруашылығының барлық салаларын техникамен қайта жабдықтау ісіне тиімді әсер етті. 1937 жылы бүкіл өнеркәсіп өнімінің 80 проценттен астамы бірінші және екінші бесжылдықтар дәуірінде салынған немесе толығынан қайта құрылған кәсіпорындардан алынды. Ауыл шаруашылығын механикаландыру ісінде ірі табыстарға қол жетті. 1937 жылы ауыл шаруашылығында 456 мың трактор, 129 мыңға таяу комбайн және 146 мың жүк машиналары жұмыс істеді. Енді халық шаруашылығының техникалық қайта құрылуын аяқталды деп есептеуге болатын еді.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі екінші бесжылдық та ойдағыдай орындалды. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру аяқталды. Колхоздарға 18,5 миллион шаруа шаруашылықтары кірді, яғни олардың жалпы санының 93-проценті біріктірілді. Шаруалардың барлық дәнді егісінің ішінде колхоздардың дәнді егісі 99 проценттен артығырақ болды.

1937 жыл дәнді және техникалық дақылдардың егісі үшін ерекше қолайлы жыл болды: бұл жылы астық пен техникалық дақыл бұдан бұрынғы жылдардың барлығынан да көп жиналды.

Бірақ мал шаруашылығының қалпына келуі әлі де баяу еді. Жеке шаруашылықтан колхозға көшуде қатты зардапқа ұшыраған мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін ел ішінде астық өндірісін шұғыл көтеру, мал азығын едәуір молайту және шаруашылықтың бұл саласын көтеруде колхозшылардың материалдық ынтасын арттыру қажет болды.

Кадрлар проблемасының негізінен шешілуі екінші бесжылдықтың үлкен жетістігі болды. Халық шаруашылығы үшін даярланған жоғары және орта дәрежелі білімі бар мамандар бірінші бесжылдықпен салыстырғанда екі еседен аса көбейді.

Екінші бесжылдықтың ішінде халықтың материалдық әл-ауқаты едәуір жақсарып, мәдени дәрежесі көтерілді. СССР-дің ұлттық табысы екі еседен артық көбейді, ал жұмысшылар мен қызметшілердің жал-ақысының қоры—екі жарым есе көбейді, сонымен бірге олардың саны 18 процент өсті. Колхоздардың ақшалай табысы үш еседен артық өсті.

СССР-де мәдени революция анағұрлым алға басты. Бастауыш және орта мектеп оқушыларының саны екінші бесжылдық ішінде 8 миллионнан аса өсті. 1937 жылы жоғары оқу орындарында 500 мыңнан аса

студенттер оқыды. 1937 жылдың басында совет интеллигенциясының қатарында 10 миллионға таяу адам болды.

Екінші бесжылдықта лениндік ұлт саясатын жүзеге асыру ісінде ірі-ірі жетістіктер болды. Ұлт республикаларында үлкен өнеркәсіп құрылысы басталды. Жергілікті халықтың ішінен көптеген инженер-техник кадрлар өсіп шықты.

СССР-де социализм жеңісінің, халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік өндірістік қатынастар орнауының нәтижелері осындай болды. Социалистік революцияның аса қиын міндеті — жаңа, социалистік экономика құру міндеті шешілді.

СССР-де социализм В. И. Ленин белгілеген жоспар бойынша орнатылды. Социализм орнатуда Коммунистік партия негізгі, бастаушы күш болды. Партияның республикалардағы, облыстардағы, аудандардағы және бастауыш ұйымдардағы көптеген кадрлары социализм жеңісі жолындағы күрестің ауыр салмағын өз мойындарымен көтерді. Жұмысшы табы, еңбекші шаруалар бұқарасы мен совет интеллигенциясы партия саясатын бірауыздан қолдап, өздерінің ерлік еңбегі арқылы социализмнің жеңісін қамтамасыз етті.

Совет Одағының өмірінде болған келелі өзгерістер, елдің экономикасында және оның қоғамдық құрылысында социализмнің шешуші жеңістерге жетуі жаңа совет Конституциясында заң жүзінде баянды етілді. Конституция жобасы бес жарым ай талқыланды, бұған совет азаматтары мейлінше белсене қатысты.

1936 жылы ноябрьде Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезі болды, бұл съезд СССР-дің жаңа Конституциясын қабылдау үшін шақырылған болатын. «СССР Одағы Конституциясының жобасы туралы» баяндаманы И. В. Сталин жасады. Ол елдің өмірінде 1924 жылдан 1936 жылға дейін болған өзгерістердің тамаша айқын бейнесін суреттеді.

Социалистік система жеңіп шықты. Өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншігі жаңа, социалистік құрылыстың мызғымас негізі ретінде халық шаруашылығының барлық салаларында жеңді. СССР-де дағдарыстар, қайыршылық және жұмыссыздық сияқты халық үшін қасіретті де азапты құбылыстар біржолата жойылды. Қоғамның барлық мүшелерінің ауқатты және мәдениетті өмір сүруі үшін жағдайлар жасалды.

Халықтың таптық құрамы өзгерді. Қанаушы таптардың бәрі жойылды. СССР-де жұмысшы табы, шаруалар табы және интеллигенция қалды. Бірақ социализм жолындағы күрестің барысында бұлар да түп бірінен өзгерді.

Капитализмді жойып, өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық, социалистік меншікке айналдырғаннан кейін Советтер елінің жұмысшы табы пролетариат деген сөздің нақтылы, ескі мағынасындағы пролетариат болудан қалды. СССР пролетариаты қанау атаулының бәрінен азат етілген, қоғамда жетекші жағдайда болып, оның дамуын коммунизмге қарай ілгері бағыттап отырған жұмысшы табына айналды. Мұның өзі адамзат тарихында бұрын болып көрмеген мүлде жаңа жұмысшы табы еді.

Шаруалар табы да өзінің ұлтарақтай жеріне байланған және помещиктердің, кулактардың, саудагерлердің, өсімқорлардың қанауында болған ұсақ өндірушілер табы болудан қалды. Колхоз құрылысының жеңуімен бірге шаруалар қанау атаулыдан құтылды. Шаруалардың еңбегі қоғам меншігіне негізделген коллективтік еңбек болды. СССР-де адамзат тарихында бұрын болып көрмеген мүлде жаңа шаруалар құрылды.

СССР-дің интеллигенциясы да өзгерді. Ол халыққа еңбек ететін және қанау атаулының бәрінен басы бос социалистік жаңа интеллиген-



ция болды. Оның көпшілігі жұмысшылар мен шаруалардан шыққан еді. Оның мүдделері жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың мүдделеріне сай келе бастады, солармен бірге ол социализм орнатты. Мұндай интеллигенция да адамзат тарихында болып көрмеген еді.

СССР-ді мекен еткен барлық халықтардың бейнесі социализм құру жылдарында түбірінен өзгерді. Олар социалистік ұлттар ретінде бір-жолата қалыптасты. Олардың арасындағы бұрынғы сенбеушілік сезімінің орнына өзара достық сезімі орнады. Біртұтас одақтас социалистік мемлекет системасында олардың туысқандық ынтымағы орнады.

Советтік құрылыстың арқасында қазақ, қырғыз, түркмен, тәжік, Солтүстік, Дағыстан халықтары және басқа халықтар капитализмнің азапты сатысына соқпай, социализмге өтті.

Жаңа совет Конституциясы СССР-де социализм жеңісін заң жүзінде баянды етті, онда: шаруашылықтың социалистік системасы мен өндіріс құрал-жабдықтарының социалистік меншігі Совет Одағының экономикалық негізі болып табылады делінген.

Жаңа Конституция мемлекеттік құрылысқа аса ірі жаңалықтар енгізді, бұл жаңалықтар советтік демократизм мен Совет Одағы халықтарының ара қатынастардағы нағыз интернационализмді барлық жағынан дамытуға бағытталған. Ол Советтер сайлауында болған тежеулердің барлық қалдықтарын жойып, көп сатылы сайлаудың орнына тікелей сайлау жүргізетін болды. Еңбекшілер депутаттарының барлық Советтерінің сайлауы жалпыға бірдей, тікелей, тең және жасырын дауыс беру арқылы жүргізілетін болды. Советтерге сайлау және сайлану жөнінде совет елінің барлық азаматтары тең право алды.

Жаңа Конституция СССР-дің барлық азаматтарының еңбек ету, демалу, білім алу правосын қартайғанда, сондай-ақ ауырғанда және еңбек қабілеттігінен айрылып қалған жағдайда материалдық жәрдем алу правосын заң жүзінде баянды етті.

Барлық азаматтарға адам баласы ғасырлар бойы күресіп келген праволар бере отырып, Конституция азаматтарға мынадай елеулі міндеттер де жүктеді: Совет мемлекетінің заңдарын берік сақтау, еңбек тәртібін парыз тұту, өзінің қоғамдық борышына адал қарау, социалистік өмір ережелерін сыйлау, қоғамның социалистік меншігін сақтап, нығайту, өзінің ардақты борышын — Совет мемлекетінің Қарулы Күштерінде әскер қызметін атқару борышын адал орындау, социалистік Отанды жан аямай қорғау. Конституцияда: «Отан қорғау — СССР-дің әрбір азаматының қасиетті борышы» деп жарияланған.

Совет Одағы азаматтарының праволары мен міндеттерінде бүкіл-халықтық социалистік демократизмнің принциптері көрсетілген.

Советтік қоғам және мемлекет құрылысын бұдан әрі демократияландыру жұмысшы табы диктатурасының әлеуметтік негізін кенейтіп, нығайтты.

СССР-дің жаңа Конституциясында демократизмнің ең жоғарғы түрі — социалистік демократизм көрсетілген.

СССР Конституциясында Коммунистік партияның совет қоғамындағы басшылық жағдайы баса көрсетілген. Конституцияда былай деп жазылған:

«...жұмысшы табынан және еңбекшілердің басқа да топтарынан шыққан аса белсенді, аса саналы азаматтар Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясына кіріп ұйымдасады, бұл партия — еңбекшілердің социалистік құрылысты нығайту және өркендету жолындағы күресінде олардың алдыңғы қатардағы отряды, бұл партия — еңбекшілердің барлық ұйымдарының, қоғамдық ұйымдарының да, мемлекеттік ұйымдарының да жетекші ұйтқысы».

Жеңген социализм елінің Конституциясы — дүние жүзінде барлық уақытта болған конституциялардың қайсысынан болса да ең демократияшыл конституция.

Жаңа совет Конституциясын енгізу капиталистік елдердегі, әсіресе фашистік тәртіп орнаған елдердегі, демократия жолындағы барлық күрескерлер үшін өте үлкен көмек болды. Конституцияның орасан зор халықаралық маңызы осында еді.

Жаңа Конституцияның қабылдануы СССР-дің жаңа даму дәуіріне, социалистік қоғам орнатуды аяқтау және социализмнен біртелеп коммунизмге өту дәуіріне енгенін көрсететін бүкіл дүниежүзілік тарихи фактінің бейнесі болып табылады.

### ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Совет елінің ішкі өмірінде 1933 — 1937 жылдар халық шаруашылығының барлық салаларын социалистік жолмен қайта құрудың аяқталуы және негізінен социалистік қоғамның орнауы арқылы сипатталады. СССР-де социализмнің жеңуі Октябрь социалистік революциясынан кейінгі аса ірі екінші тарихи оқиға болды. СССР-де социализм орнауы — Лениннің өсиеттерін орындау болды, Коммунистік партияның ұйымдастыру мен басқару қызметінің, оның данышпан басшылығының нәтижесі, партия саясатын бірауыздан қолдаған жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның ерлік еңбегінің нәтижесі болды.

Екінші бесжылдықты орындаудың нәтижесінде Совет Одағы қуаты зор социалистік индустриялы-колхозды державаға айналды, өзінің шаруашылығы мен қорғаныс мұқтаждарын барлық қажетті қару-жарақпен және жабдықтармен қамтамасыз ететін державаға айналды. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру аяқталды.

Халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды аяқтау жолындағы күрес бұқара арасындағы партиялық саяси жұмысты едәуір күшейтуді, ұйымдық жұмысты бұдан әрі жақсартуды талап етті. Партия социалистік қайта құрудың аса маңызды міндеттеріне: өнеркәсіпте жаңа кәсіпорындар мен жаңа техниканы меңгеру; колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту; қалалар мен деревнялар үшін өндірістік-техникалық интеллигенцияның көптеген кадрларын дайындау міндеттеріне көп көңіл бөлді.

Еліміздің экономикасында социалистік өндірістік қатынастардың жеңуі нәтижесінде совет қоғамының таптық құрылысы өзгерді. Барлық қанаушы таптар жойылды. Екі дос тап — жұмысшы табы мен шаруалар және олармен тығыз байланысты еңбекші интеллигенция қалды. СССР-дегі социалистік ұлттардың арасында достық пен туысқандық ынтымақ орнады. Халықтың моралдық және саяси бірлігі орнады. Осындай жағдайларда партияның бастауы бойынша совет халқы еліміздің экономикалық және саяси өміріндегі өзгерістерді көрсеткен ССР Одағының жаңа Конституциясын қабылдады, мұның өзі дүние жүзіндегі ең демократияшыл конституция болды.

Социализмнің жеңуімен бірге адамды адамның қанауы жойылды, еңбекшілердің материалдық жағдайы түбірінен жақсарды. Еліміздің экономикасында социалистік системаның жеңуі жоғарғы техника негізінде қоғамдық өндірістің тоқтаусыз және тез өсуі үшін, қоғамдық байлықтың көбеюі үшін және еңбекшілердің әл-ауқатының ұдайы көтерілуі үшін жағдай жасады.

СССР-де халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісі халықаралық қауіпті жағдайда аяқталды. Германияда өкімет басына фашизмнің келуі және Европада герман фашизмінің агрессиялық

әрекеттерінің, Қиыр Шығыста жапон империализмінің агрессиялық әрекеттерінің өршуі СССР-ге қарсы соғыс қаупін күшейтті. Сондықтан партия мен халық социалистік бейбіт құрылыс мәселелерімен ғана шұғылданып қоймай, сонымен қатар сыртқы жаудан қорғануға да дайындалды.

Өшпенді капиталистік қоршау жағдайында және сырттан шабуыл жасау қаупі ұдайы төніп тұрған жағдайда СССР-де социализмнің орнауы Коммунистік партия бастаған совет халқының бұрын болып көрмеген бүкіл дүниежүзілік тарихи ерлігі болды.

## XIV ТАРАУ

### Партия социалистік қоғамды нығайту және өркендету күресінде. Елдің қорғанысын күшейту

(1937 жыл — 1941 жылдың июні)

#### 1. 1937 — 1938 жылдары фашистік агрессияның күшейе түскен жағдайында СССР-дің бейбітшілік пен халықтардың қауіпсіздігі жолында жүргізген күресі

1937 жылдың күзінде капиталистік дүниеде жаңа дағдарыс басталғанда 1929 — 1933 жылдардағы экономикалық дағдарыстың зардаптары әлі жойылып та бітпеген еді. 1929 жылдың дәрежесімен салыстырғанда 1938 жылы өнеркәсіп өнімі Америка Құрама Штаттарында 72 процент, Францияда 70 процент болған еді. 1937 жылғы дағдарыстың өзгешеліктерінің бірі — өздерінің экономикасын соғысқа бейімдеп қайта құрып алған агрессияшыл елдердің — Жапонияның, Германияның және Италияның дағдарысқа ұшырамағандығы болды. 1929 жылғы дәрежемен салыстырғанда 1938 жылы өнеркәсіп өнімі Жапонияда 185 процентке, Германияда 121 процентке жетті. Бұл елдерде өнеркәсіптің өрлеуі соғысқа әзірленумен байланысты болды да, жұмысшылардың қаналуын ерекше күшейтті, демократиялық праволардың қандайынан да болсын жұрдай болған еңбекші таптарды күйзеліске ұшыратты. Дағдарыстың өз елдеріне де сөзсіз жайылуынан қауіптенген герман және итальян фашистері Жапонияның билеуші милитаристік тобымен бірлесіп отырып соғыс әзірлігін тездетті.

Басты-басты капиталистік елдер арасында товар өткізетін рыноктер мен шикізат шығатын жерлер үшін күрес барған сайын шиеленісе түсті. Экономикалық дамудың біркелкі болмауы агрессияшыл мемлекеттердің соғыс арқылы дүние жүзін күшпен қайта бөлуге ұмтылуын күшейте түсті. Қытайдың солтүстік-шығыс провинцияларына орнығып алған Жапония империалистері Қытайды өзінің отарына айналдыру мақсатымен 1937 жылы оны түгелдей басып алу үшін соғыс бастады. Герман фашистері 1938 жылы әскерлерін Австрияға енгізіп, оны басып алды. Бұдан соң олар Чехословакияны басып алуға әзірлене бастады. Италия мен Германия Испанияда соғыс интервенциясын жүргізе берді.

Жер шарының бірқатар аудандары, соның ішінде Қытай сияқты үлкен ел де соғыс өртінің жалынына шалынған болып шықты. Бұл соғыстар агрессияшыл, империалистік мемлекеттер тарапынан басқыншылық соғыс болса, ал агрессияға душар болған Эфиопия, Испания, Қытай халықтары тарапынан ұлт-азаттық, әділетті соғыс болды.

Қытайда 1927 жылдан бастап екінші революциялық азамат соғысы болып жатты. Бұл соғысты ішкі және сыртқы реакциялық күштерге қарсы Коммунистік партияның бастауымен революцияшыл халық жүргізді. Жапон агрессиясының күшеюіне байланысты империалистік басқыншыларға қарсы күреске бүкіл халықты біріктірудің өте қажет екендігі келіп туды. Коммунистік партия өз отанын қорғауға шыққан бірден бір нағыз патриоттық күш болды. Ол «азамат соғысын тоқтатып, Жапонияға бір кісідей болып соққы беруге ұран тастады», бүкіл халықты басқыншыларға батыл соққы беруге шақырды. Қытай коммунистері бүкіл елді құлдыққа салу қаупін төндірген жапон империалистеріне қарсы қытай халқының ерлік күресін басқарды.

Бүкіл жер жүзіне соғыс өрті барған сайын кең жайыла түсті. Соғыстың дүниежүзілік соғысқа айналып кету қаупі төнді.

Кеңінен өріс алған фашистік агрессия жағдайында Коммунистік партия мен Совет мемлекеті коллективтік қауіпсіздікті және агрессорларға тойтарыс беруді қамтамасыз ету үшін жаңа күш-жігер жұмсады. Гитлер Германиясы Австрияны басып алғаннан кейін, 1938 жылдың март айында Совет үкіметі фашистік агрессияның онан әрі өршуіне жол бермеу үшін және дүниежүзілік жаңа соғысты болдырмау үшін бірлесіп қимылдауға Совет Одағының әзір екендігі туралы мәлімдеме жасады. СССР үкіметі Ұлттар Лигасында немесе одан тыс жерде басқа державалармен бірлесе отырып нақтылы шараларды тез талқылауды ұсынды. «Ертең кеш болып қалуы мүмкін, — делінген бұл мәлімдемеде, — бірақ бүгін уақыт әлі де өте қойған жоқ, ол үшін барлық мемлекеттер, әсіресе ұлы державалар бейбітшілікті бірігіп сақтап қалу проблемасы жөнінде жалтақсыз берік бағыт ұстауы керек».

Гитлершілдер Чехословакияға қатер төндіре бастаған кезде Совет үкіметі 1935 жылғы Совет-Чехословакия договоры бойынша СССР-дің өзіне алған міндеттемелеріне толық сәйкес, егер Франция да көмек көрсететін болған жағдайда, Чехословакияға көмекке келуге өзінің әзір екендігі туралы бірқатар мәлімдемелер жасады. Совет үкіметі СССР-дің, Франция мен Чехословакияның әскери өкілдерінің кеңесін шақырып, Чехословакияны Гитлер агрессиясынан қорғауға қажет болған нақтылы шараларды талқылауды ұсынды. Совет Одағы тіпті Чехословакияға договорда көрсетілген міндеттемелерінен де артық көмек көрсетуге әзір еді: егер Чехословакия біздің көмегімізді қабылдауға келіссе және агрессорға өзі де қарсылық көрсетсе, оған Франциясыз-ақ көмек көрсетуге дайын тұрды.

Бейбітшілікті сақтап қалу халықтардың мүддесі талап еткеніндей СССР-дің агрессорға бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастыру шараларын батыс державалардың қолдау-қолдамауына едәуір байланысты болды. СССР, Англия, Франция және АҚШ сияқты елдердің коалициясына (одақтасуына) қарсы шығуға Гитлердің батылы да бармаған болар еді және ол одақтастыққа көптеген басқа елдер де қосылған болар еді.

Алайда, фашистік агрессорлар батыс державаларының мүдделеріне, тіпті олардың өмір сүруіне де елеулі қауіп төндіріп тұрса да, бұл державалардың билеуші топтары коллективтік қауіпсіздік саясатын тағы да қабылдамай тастады. Олар фашистік агрессорларға жол беру саясатын артық көрді, олармен ымыраласып аламыз деп үміттенді. Олардың көздегені — соққыны өздерінен тайдырып, оны Совет Одағына қарсы бағыттау болды. Батыс державалардың реакцияшыл топтары Германия мен Жапонияны Совет Одағына айдап салмақ болды, ондағы мақсаттары социалистік мемлекетті жойып жіберу еді, сонымен қатар өздерінің бәсекелестерін де әлсірету еді, өйткені СССР-ге қарсы күргізілетін соғыс агрессорлар үшін оңайға соқпайтыны айқын еді. Осындай зұлымдық саясат арқылы Англияның, АҚШ пен Францияның

монополистері бүкіл дүние жүзінде өздерінің үстемдігін орнатуға деме-ленді.

Гитлершілдер Чехословакияға қарсы агрессия әзірлеп жатқан кезде Англия, Франция, Германия және Италия үкіметтерінің басшылары 1938 жылғы сентябрьде Мюнхенде жиналып, Чехословакияның бірнеше шекаралық аудандарын Германияға беру туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, ағылшын-француз билеуші топтары Чехословакияға опасыздық жасады. Агрессорларға дем берген бүкіл осы масқаралық саясат конференция өткен қаланың атымен — мюнхендік саясат деп аталды. Батыс державаларының ықпалымен Чехословакияның буржуазиялық үкіметі тізе бүкті, елді қорғауға толық мүмкіндігі бола тұра және бұл жөнінде өзіне Совет Одағы көмектесетін болса да, елдің ұлттық мүддесіне опасыздық жасап, гитлершілдерге қарсылық көрсетуден бас тартты. АҚШ үкіметі Мюнхен конференциясына ресми түрде қатысқан жоқ, бірақ оның шақырылуын мақұлдап, шешімдерін толық қуаттады. Тек Совет Одағы ғана Мюнхен опасыздығын айыптап шықты.

Франция Чехословакияға көмектесудің орнына оған опасыздық жасараннан кейін өзара көмектесу жөніндегі 1935 жылғы француз-совет договорының іс жүзінде күші жойылды.

Сол сияқты, «араласпау саясаты» деп аталатын саясатты бетке ұстай отырып, ағылшын, француз және америкалық үкіметтері Испанияда фашизмнің жеңуіне де жәрдемдесті, ал шынында бұл жеңіс батыс державаларының өздерінің стратегиялық жағдайларын әлсіретуге әкеп соқты. 1939 жылдың басында Испанияның республикалық үкіметі жеңіліске ұшырады. Ел ішінде фашистік тәртіп орнады.

Партия мен Совет үкіметі батыс державаларының Мюнхендегі опасыздығынан тиісті қорытынды жасады. Агрессорларға қарсы күресте олардың ынтымақтасып іс істеуіне сенуге болмайтындығы барған сайын айқын бола берді.

## 2. Социализм жағдайындағы партия-саясат жұмысы. Партияның XVIII съезі

Капиталистік дүние душар болып жатқан экономикалық және саяси жойқын сілкіністер Совет Одағында жоқ еді. Екінші бесжылдықтың міндеттері орындалып, капитализмнен социализмге өту дәуірі аяқталды. 1921 жылы енгізілген жаңа экономикалық саясат біржола аяқталды. СССР-де социалистік қоғам негізінен орнатылды. Партияның XVIII съезі Совет Одағы социалистік қоғам орнатуды аяқтау және социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту жолына түскенін атап өтті.

Социализм орнатуды аяқтау социалистік өндіріс қарым-қатынастарының дамуы және жетілуі негізінде бірте-бірте коммунизмге өту болып табылады. Толық коммунизм социализмнің нығайуы мен дамуы негізінде социализмнен туады.

«Социализм, — деп жазды Ленин, — капитализмнен тікелей туатын қоғам... Коммунизм — қоғамның неғұрлым жоғарғы түрі, сондықтан ол тек социализм әбден орныққан кезде ғана дами алады» (Шығармалар, 30-том, 277-бет).

Социализм мен коммунизм коммунистік қоғамның дамуындағы екі фаза болып табылады. Олардың ортақ бір негізі бар: өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік орнына қоғамдық меншік орнайды, сонымен қатар адамды адамның қанауы жойылады. Өндірістік қарым-қатынастар қанаудан азат болған адамдардың ынтымағы мен өзара көмегі негізінде құрылады. Өндіріс қоғамның барлық мүшелерінің үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерін барынша толық қанағаттандыру мақсатына бағындырылған. Қоғамдық өндіріс жоғары техника негізінде үздіксіз өсіп, жетіліп отырады.

Коммунистік қоғамның бұл екі фазасының айырмашылығы — өндіргіш күштері дамуының дәрежесінде, қоғамдық өнімді бөлісу әдісінде, қоғам мүшелері саналылығының дәрежесінде.

Социализм дегеніміз — коммунизмнің төменгі фазасы. Социализм тікелей капитализмнен туады да, онда ескі қоғамның кейбір белгілері сақталады. Бұл өндіріс саласында да, өнімді бөлісу саласында да айқын көрініп отырады. Еңбекке және қоғамдық меншікке деген социалистік көзқарас адамдардың санасында бірден қалыптаса қоймайды. Өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншікке көшуі және адамды адамның қанауын жою өнімдерді бөлудегі кейбір теңсіздікті әлі жойып жібере алмайды. Материалдық игіліктердің молшылығын қамтамасыз ету үшін қоғамдық өндірістің даму дәрежесі әлі жеткілікті болмайды. Өнім бөлу «әркімнің қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген принциппен жүзеге асырылады. Сондықтан социализм қоғам және мемлекет тарапынан еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшерін қатаң бақылауды талап етеді. Социализм тұсында қала мен деревняның арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтар сияқты қоғамдық теңсіздіктің сарқыншақтары сақталып қалады. СССР-дің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, социализм тұсында социалистік меншік екі формада болады: жалпыхалықтық және колхоз-кооперативтік меншік. Бұлар біріне-бірі қарсы қойылмайды, қайта жалпы мақсатқа — коммунизм орнату мақсатына қызмет ететін социалистік меншіктің екі формасы болып табылады. Сол сияқты социализм тұсында товар-ақша қатынастары да сақталып қалады, олар арқылы мемлекет еңбек мөлшері мен тұтыну мөлшеріне есеп, бақылау жүргізеді және қоғам мүшелері арасында өнімдерді бөлісуді тәртіпке салып отырады.

Коммунизм адам баласы қоғамы дамуының ең жоғарғы сатысы болып табылады. Халық мақсатына пайдаланылатын ғылым мен техниканың бұдан былай да дами беруімен қатар қоғамның өндіргіш күштерінің дәрежесі де өрлеп арта бермек. Адамдар социалистік саналылықтың жоғарғы дәрежесіне жетіп, капитализмнің қалдықтарынан арылады. Адам еңбегі кісінің ең бірінші өмірлік қажетіне айналады. Осындай жағдайда «қоғам байлығының барлық негіздері телегей-теңіз болып арады» (К. Маркс, Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармалары, II том, 15-бет). Қоғам өнімді бөлісудің: «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген коммунистік принципін жүзеге асыра алады. В. И. Ленин коммунистік қоғамды жалпы жұрттың тұрмыс күйінің жақсаруы және баянды бейбітшілік деп сипаттады. Коммунизм тұсында қала мен деревняның арасында, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында елеулі айырмашылықтар болмайды. Бірыңғай жалпыхалықтық меншік орнатылуымен байланысты жұмысшы табы мен шаруалар арасында айырмашылық болмайды, қоғамның тапқа бөлінуі мүлде жойылады, жұрттың бәрі коммунистік қоғамның еңбекшілері болып алады.

Коммунистік қоғам орнату партиядан, Совет мемлекетінен және бүкіл халықтан көп күш-жігер жұмсауды талап етеді. Лайықты материалдық-техникалық база жасау да, сол сияқты болашақ коммунистік қоғамның адамдарын қалыптастыру да қажет. Социализмнен-ақ коммунизмге қарай нағыз бұқаралық, бүкіл халықтық қозғалыс басталады. Социализм өндіргіш күштердің, адамның дене және ой қабілеттерінің дамуына барынша кең жол ашты. Социализм тұсында халық шаруашылығының барлық саласын жоспарлы және пропорциялы дамытудың объективтік заңы толық жүзеге аса бастады. Совет мемлекеті халық шаруашылығын өркендетуді коммунизм орнату мүдделеріне бағыттауға неғұрлым кең мүмкіндік алды.

СССР-де социализмнің жеңуімен байланысты совет қоғамының моральдық және саяси бірлігі орнады. Тарихта тұңғыш рет адам мүдделерінің бірлігі, мақсаттарының ортақтығы негізінде бірлескен және өзінің авангарды Коммунистік партияның төңірегіне берік топтасқан қоғам пайда болды. Жұмысшы табы диктатурасының әлеуметтік базасы кеңейіп, нығайды. Қолхоз құрылысы шаруаларды социализм рухында тәрбиелеу ісіне орасан зор ықпал ете бастады. Ендігі жерде жаңа қоғам құрудың бұдан былайғы табыстары көбінесе еңбекші бұқараның коммунистік саналылығына және партияның бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысына байланысты болды.

Социализмнің жеңуі жағдайында партияның коммунистік қоғам құрылысына басшылық етудегі ролі бұрынғыдан да арта түсті. Партияның алдында үлкен және өте қиын міндеттер тұрды. Солардың ішіндегі ең маңыздысы — халық шаруашылығының барлық саласында социалистік өндірістік қарым-қатынастарды нығайту және дамыта беру еді. Партия бұдан былай да қоғамдық өндірісті өркендете беруді өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндірісті шаруашылықтың басқа салаларынан озат ұстауға бейімдеп жүргізуге тиісті болды, өйткені елде азық-түліктің жеткілікті болуының, тіпті молшылығын жасаудың кілт осында еді. Жаңа социалистік экономика жағдайында өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын басқарудың және оларға басшылық етудің әдістерін жетілдіре беру қажет болды. Еңбекшілерге, ең алдымен олардың еңбекке және қоғамдық меншікке көзқарасы жөнінде коммунистік тәрбие беру барған сайын үлкен маңыз ала берді. Халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесін үздіксіз арттыра беру жөніндегі партияның қамқорлығы арта түсті.

Жаңа жағдай партия жұмысына жанаша қарауды, бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысын күшейте түсуді талап етті. Партия коммунистік құрылыстағы өзінің басшылық ролін күшейту және әрбір коммунистің саяси және еңбектегі белсенділігін арттыру мақсатымен партияның ішкі демократиясын кеңейтуге бағыт алды.

Партия социализм жолындағы күрестің барысында едәуір нығайды, шаруашылыққа басшылық етуде де, сол сияқты партия көпшілік жұмысында да да зор тәжірибеге ие болды. Партия осы тәжірибені меңгере отырып, ұйымдастыру-партиялық және саяси-көпшілік жұмыстарын едәуір жақсы жолға қоя алатын болды. Алайда партия ұйымдарының жұмысында елеулі кемшіліктер болды, социализм жеңуі және совет құрылысының одан әрі демократиялана беруі жағдайында бұл кемшіліктерге мүлде төзуге болмайтын еді. Партия басшыларының бір бөлегі, шаруашылық жұмыстарының тар шеңберінде қалып қойып, халықаралық және ішкі саясат мәселелеріне көңіл бөлмейтін болды, партиялық-саяси жұмыстардан қол үзе бастады. Бірқатар партия ұйымдарында партия уставы бұзылды: партия практикасында, сайлаудың орнына жай толықтыра салу (кооптация) көбірек орын алды, партия конференциялары ұзақ уақыт шақырылмай қалып жүрді. Партияның беріктігінің, жауынгерлігінің негізі болып табылатын — партияның ішкі тұрмысының лениндік нормалары бұзылды. Партия ұйымдарының жұмысындағы осы кемшіліктер туралы мәселе ВКП(б) Орталық Комитетінің 1937 жылғы февраль — март пленумында қаралды. Орталық Комитеттің пленумы шаруашылық табыстары партия-саяси жұмыстарының табыстарымен ұштастырған жағдайда ғана баянды болатынын атап көрсетті. Орталық Комитет партия ұйымдарын шаруашылық органдарына партиялық басшылық етудің лениндік принципін жете меңгеруге шақырды, бұл принцип шаруашылық органдарын нығайта беріп, ұдайы көмек көрсетіп отыруды және оларға ұсақ қамқоршылық етуден аулақ болуды талап етеді. Сонымен бірге Орталық Комитеттің пленумында жаңа Конституцияның негізінде өткізілетін СССР Жоғарғы Сове-

тінің сайлауына партия ұйымдарының әзірлік жүргізуі туралы мәселе талқыланды.

Жаңа Конституцияның енгізілуі және советтік сайлау системасының онан әрі демократияландырылуы еліміздің саяси өміріндегі жаңа бет бұрыс болды. Партия бұл бет бұрысты барынша қамданып қарсы алуға және СССР Жоғарғы Советінің алдағы сайлауында өзінің басшылық ролін қамтамасыз етуге тиіс болды. Бұл үшін уставтың талап еткеніндей, партияның өзі демократиялық практиканы дәйекті түрде жүзеге асыруы, партияның ішкі тұрмысында демократиялық централизм принциптерін ақырына дейін жүргізіп отыруы қажет болды. Орталық Комитет партия ұйымдарына өз жұмыстарын партияның ішкі демократиясын кең өрістетуге негізінде қайта құруды ұсынды. Қайта құрудың мәнісі партия органдарына сайлаусыз толықтыра салу практикасын жою, бұл органдарға сайлау кезінде тізім бойынша дауыс беруге тиым салу, дауысты жабық (жасырын) беру тәртібін белгілеу болып табылады.

Орталық Комитеттің шешімі негізінде партия ұйымдары адамдар арасындағы жұмысқа баса назар аударды. Кадрларды зерттеу және тәрбиелеу, партияда бар және партияда жоқ бұқараны саяси тәрбиелеу ісімен көбірек шұғылданатын болды. Сын мен өзара сын кең өрістетіле бастады. Партия органдарының 1937 жылы жүргізілген сайлауы коммунистердің белсенділігі едәуір артқан жағдайда өтті.

Партиялық жұмысты қайта құру СССР Жоғарғы Советінің сайлауын өткізуге партияның жақсы әзірленуіне көмектесті.

Партия сайлауға партияда жоқтармен одақтасып, бір блок болып келді, депутаттыққа олармен бірге ортақ кандидаттар ұсынды. Жеткен социализм елінде өкіметтің жоғарғы органдарының сайлауында коммунистер мен партияда жоқтардың сайлау блогінің болуы әбден заңды да табиғи құбылыс еді. Ол совет қоғамының моральдық-саяси бірлігінің дәлелі болды және сол бірліктің айқын сипаттамасы болды.

СССР Жоғарғы Советінің сайлауы 1937 жылғы 12 декабрьде болып өтті. Дауыс беруге барлық сайлаушылардың 96,8 проценті қатысты. Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін сайлауға қатысқандардың 98,6 проценті дауыс берді. Сан миллион совет халқы осының өзімен Коммунистік партияға толық сенімін білдіріп, оның саясатын мақұлдады. Сайлаудың қорытындылары партияның басшылығымен социализм орнатуда қол жеткен табыстардың айқын көрінісі болды. Сайлаудың қорытындылары совет қоғамының шын мәнісіндегі бірлігінің, СССР Конституциясында бейнеленген социалистік демократизмнің күші мен өмірге бейімділігінің көрсеткіші болды.

Социализмнің жеңіп шығуы партиялық және советтік демократияны одан әрі дамыта беру үшін қолайлы жағдай жасады. Бұған партияның кейін бағалағанындай, И. В. Сталиннің жеке басына табынушылыққа байланысты партиялық және советтік демократияны тікелей бұзушылық қайшы келді. Партияның ішкі демократиясы мен советтік демократияға тап жауы мен оның агентурасына қарсы кескілескен күрес жағдайында сөзсіз болатын кейбір шек қоюды И. В. Сталин заңға айналдыра бастады. Ол партиялық тұрмыстың Ленин белгілеген нормаларын, коллективтік басшылық принципін бұза бастады. Көптеген маңызды мәселелерді ол жеке өзі шешіп отырды.

Сталиннің қызметінде сөз бен іс арасында, теория мен практика арасында алшақтық пайда болды. И. В. Сталиннің еңбектерінде тарихтың жасаушысы халық туралы, партияның және коллективтік басшы ретіндегі оның Орталық Комитетінің ролі туралы, кадрларға көңіл бөлу туралы, партияның ішкі демократиясын өрістетуге туралы және басқалар жөнінде дұрыс, маркстік қағидалар берілді. Ал мәселе іске келіп тірелгенде И. В. Сталин бұл маркстік-лениндік қағидалардан шеттей



берді. Ол тарихи процесте жеке адамның ролін асыра бағалауға болмайтындығы туралы марксизм тұрғысынан айта отырып, іс жүзінде жеке өзінің басына табынудың тарауына жәрдемдесті.

И. В. Сталин Совет мемлекетін барынша нығайта түсіп, жаулардың тіміскілеу әрекеттері жөнінде және бәрінен де бұрын капиталистік дұшпандық қоршаудың тіміскілеу әрекеттері жөнінде қырағы болу керек екенін әділдікпен атап көрсетті. Социализмнің жеңген жағдайында да бұл талап өзінің маңызын сақтады. Сонымен бірге троцкистердің, зиновьевшілдердің, оңшылдардың, ұлтшылдардың талқандалған оппозициялық топтарының жеке элементтер жөнінде де қырағылықты сақтау қажет болды, олар әсіресе, троцкистер партияға қарсы жүргізген күресінің барысында партияны талай рет алдады, совет заңының барлық шегінен аттап өтіп, контрреволюциямен бірікті. Сондықтан мемлекеттік органдар олар жөнінде қажетті шаралар қолдануға тиісті болды.

Сонымен бірге 1937 жылы Сталин СССР-де социализм жеңген жағдайында Совет мемлекеті бұдан былай да алға басқан сайын ел ішіндегі тап күресі онан сайын шиеленісе түсуге тиіс деген қате тезис ұсынды. Совет елінде «кімді-кім женеді?» деген мәселе шешіліп жатқан дәуірде, социализмнің негіздерін орнатып жатқан кезде тап күресі мейлінше шиеленіскен еді. Ал енді социализм жеңіп, қанаушы таптар жойылып, совет қоғамында моральдық-саяси бірлік орнағаннан кейін тап күресінің онан әрі сөзсіз шиеленісе түсетіндігі туралы тезис қателескендік еді. Бұл тезис іс жүзінде партияның саяси жағынан талқандалған идеялық жауларын жаппай жазалауға негіз болды. Ешбір кінәсі жоқ көптеген адал коммунистер мен партияда жоқтар да жазаланды. Сұрқия, саяси авантюрист Берия мемлекеттің өте жауапты қызметіне осы кезде өтіп алды, ол өзінің қылмысты әрекеттерін іске асыруда ешбір жауыздықтан тайынбады, И. В. Сталиннің жеке басының кемшіліктерін пайдалана отырып, партия мен халыққа берілген көптеген адал адамдарға жала жауып, қырып жіберді. Сол кезде Ішкі істер халық комиссары қызметінде болған Ежов масқаралық роль атқарды. Оның қатысуымен партияның ісіне мейлінше берілген көптеген қызметкерлер, коммунистер мен партияда жоқ адамдар жала жабылып, өлтірілді. Өздерінің қылмысты әрекеттері үшін Ежов пен Берия тиісті жазасын тартты. Ешбір дәлелсіз жазаланған адамдар 1954—1955 жылдары толық ақталды.

Социалистік заңдылықты бұзушылық және жаппай жазалаушылық Коммунистік партияға елеулі зиян келтірді. Алайда И. В. Сталиннің жеке басына табынушылықтың салдарында жіберілген қателер совет қоғамының өркендеуіне кедергі жасағанымен ол өркендеуді тоқтата алмады, ал олай болса, совет құрылысының социалистік табиғатын өзгертуі мүмкін емес еді. Совет халқы партияға толық сенім көрсетті, оның нұсқауларын басшылыққа алып отырды және социализмнің ұлы ісін алға бастыра берді. Социалистік құрылыс үсті-үстіне жана жеңістерге жете берді.

Социализмнің жеңісі партияға жаңа мүшелердің көптеп кіруімен және совет интеллигенциясының едәуір өсуімен бейнеленді. Көп жағдайда тәжірибесі жеткіліксіз және идеялық-саяси жағынан қажетті түрде шынықпаған жас кадрлар партия, совет және шаруашылық жұмыстарының басшы қызметіне жоғарылатыла бастады. Осы жағдайда партияның интеллигенцияны, совет және партия кадрларын идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу жұмысын күшейту талап етілді.

ВКП(б) Орталық Комитеті партиялық насихат пен үгітті жақсарту жөнінде бірқатар шаралар қолданды. Орталықта және жергілікті орындарда партияның идеялық жұмысын жүргізетін аппарат күшейтілді. Әртүрлі мектептер мен курстар арқылы партия кадрларын даярлау және қайта даярлау жүйесі құрылды. 1938 жылы «ВКП(б) тарихының қысқаша курсы» басылып шықты, партияның тарихын үйрену жөнінде

зор жұмыс өрістетілді. Марксизм-ленинизмді насихаттауда партия-совет баспасөзі үлкен орын алды. Партияның бұқара арасындағы идеологиялық жұмысы кең өріс алды.

Социалистік құрылыстың жаңа кезеңіне қадам басқан партия мен халықтың өмірінен 1939 жылғы 10 мартта шақырылған ВКП(б)-ның XVIII съезі маңызды орын алды. Съезге партияның 1 588 852 мүшесі мен 888 814 кандидатының өкілі қатысты.

Партияның XVIII съезі партияның басшы органдарының есептерін тындап талқылады, СССР халық шаруашылығын өркендетудің үшінші бесжылдық жоспарын қарап бекітті және ВКП(б) уставына өзгерістер енгізу туралы мәселені талқылады.

ВКП(б) Орталық Комитетінің И. В. Сталин жасаған есепті баяндамасында СССР-дің халықаралық және ішкі жағдайының мәселелері, партияның ішкі тұрмысының мәселелері терең талданды.

Партияның съезі фашистік мемлекеттердің бостандық сүйгіш халықтарға қарсы соғыс өртін тұтандыруы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісіне төнген қатер болып табылатыны атап көрсетілді. Бұл кезде соғыс әлі дүниежүзілік бола қойған жоқ еді, бірақ ол өз шеңберіне 500 миллионнан аса адамды қамтып та алған болатын.

Партияның съезінде батыс державаларының мюнхендік саясаты, агрессорларға жол беру саясаты әшкереленді. «Араласпау саясатын» жақтаушылар бастаған қатерлі саяси ойын олар үшін елеулі сәтсіздікпен аяқталуы ықтимал екені атап көрсетілді. Кешікпей-ақ бұл сақтандырудың орынды екендігі расталды.

Совет үкіметінің сыртқы саясатын мақұлдап, партияның XVIII съезі мынадай директива берді: бейбітшілік саясаты және барлық елдермен іс жүзіндегі байланыстарды нығайту саясаты бұдан былай да жүргізіле берсін; сақ болу және өзгенің қолымен от көсеуге дағдыланған соғыс арандатушыларының елімізді жанжалға киліктіруіне жол берілмесін; Қызыл Армия мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлік қуаты барынша нығайтыла берсін; бейбітшілік пен халықтар арасындағы достыққа мүдделі болып отырған барлық елдердің еңбекшілерімен арадағы халықаралық байланыстар нығайтыла берсін.

СССР-дің негізгі экономикалық міндеті — басты-басты капиталистік елдерді жан басына өнім өндіру жөнінен қуып жетіп, басып озу міндеті туралы мәселенің ерекше маңызы болды. В. И. Ленин Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында-ақ бұл міндетті социализм елінің болашағы ретінде алға қойған болатын. СССР-де социализм жеңген жағдайда, халық шаруашылығын техника жағынан қайта құру ісі негізінен аяқталған кезде бұл міндет партияның және бүкіл совет халқының таяудағы іс жүзіндегі міндеті болып қойылды.

Партияның XVIII съезі СССР-де социализмнің жеңуі советтік құрылысты бұрынғыдан да баянды еткенін, жұмысшы табының шаруалармен одағын және СССР халықтары арасындағы туысқандық қатынастарды бұрынғыдан да нығайта түскенін қанағаттана атап көрсетті. Социализмнің жеңісі негізінде совет қоғамының жаңа қозғаушы күштері: халықтың моральдық-саяси бірлігі, СССР халықтарының достығы және советтік патриотизм өсіп дамыды. Бұл қозғаушы күштер советтік саяси құрылысты ерекше берік етті.

Партияның XVIII съезі маркстік-лениндік теорияның социалистік қоғамды нығайтып, дамыта беру үшін, коммунизм құрылысы үшін айырықша зор маңызы бар кейбір мәселелерін қарады.

Маркстің, Энгельстің, Лениннің еңбектерінде социалистік мемлекет орнатудың негізгі принциптері талдап берілді, пролетарлық мемлекеттің буржуазиялық мемлекеттен түбірлі айырмашылығы бар екендігі ашып көрсетілді, пролетарлық мемлекеттің мақсаттары мен міндеттері белгіленіп, оның негізгі даму жолдары, содан соң коммунизмге өтерде

мемлекеттің құрып бітуінің негізгі жолдары көрсетілген. Алайда социалистік мемлекеттің құруы туралы мәселені қарағанда Маркс, Энгельс және Ленин жалпы принциптік ережелерді ғана берді. Өйткені практика ол кезде бұл мәселеге толық жауап беру үшін көптеген мәліметтерді әлі бермеген еді.

Социалистік мемлекет туралы мәселе партияның XVIII съезінде одан әрі дамытыла түсті. Есепті баяндамада И. В. Сталин егер капиталистік қоршау өмір сүретін болса коммунизм тұсында да мемлекеттің қажет екендігі туралы қариданы тұжырымдап берді. Мұның өзі социализм мен коммунизм орнату үшін және совет халқының қолы жеткен жеңістерін империалистік мемлекеттердің шабуылынан қорғау үшін социалистік мемлекеттің жұмысшылар мен шаруалардың қолындағы басты құралы ретіндегі маңызын атап көрсеткендік еді. И. В. Сталин Совет мемлекеті дамуының басты-басты тарихи кезеңдерін және оның негізгі функцияларын қысқаша сипаттап берді. Совет мемлекеті дамуының негізгі екі фазасынан өтті. Бірінші фазасы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен бастап қанаушы таптарды жоюға дейінгі уақытты қамтиды. Екінші фазасы СССР-де қанаушы таптар жойылып, социализм жеңген кезден басталды. Социалистік мемлекет өзінің бірінші фазасында мынадай функция атқарды: еліміздің ішінде құлатылған таптарды жаныштау, елімізді сырттан болатын шабуылдан қорғау, мемлекеттік органдардың шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбиелік жұмыстарын басқару. Екінші фазада қанаушы таптарды жаныштау функциясы болмайды, өйткені олар жойылып біткен, ал социалистік меншікті қорғау функциясы дами түседі, шаруашылық-ұйымдастыру және мәдени-тәрбиелік функциялары жанжақты дамитын болады, елді шеттен болатын шабуылдан әскери қорғау функциясы толық сақталады. Социализмнің жеңген жағдайында социалистік мемлекеттің функцияларының өзгеруі тіпті де оның әлсіреуі және құруы болып табылған жоқ. Қайта, пролетариат мемлекеті нығая түсуі арқылы бірте-бірте өтуге тиіс, бұл ең алдымен мемлекет өміріне еңбекшілердің қалың тобының өзінің белсене қатысуы болып табылады. Осы негізде партияның съезі мемлекеттің барлық органдарын, әсіресе социализм елін қорғау функциясын іске асыруға тиісті органдарды барынша нығайта беруге шақырды.

Партияның Орталық Комитетінің есепті баяндамасында совет интеллигенциясы және оған дұрыс көзқарас туралы мәселе көрнекті орын алды. Социализмнің жеңуі жағдайында интеллигенция жұмысшы табымен және колхоз шаруаларымен тығыз байланысты, совет қоғамында, оның экономикалық және мәдени дамуында едәуір күш болып табылатын нағыз халықтық интеллигенцияға айналды.

Партияның XVIII съезі партия ұйымдарын совет интеллигенциясы кадрларына жете көңіл бөліп, шын ықыласпен қарауға, оған бұрын болып келген сенбеушілікті, интеллигенция жөнінде революция дәуіріне дейінгі етек алып келген көзқарастардың қалдықтарын батыл жоюға міндеттеді. Совет интеллигенциясы партия мен мемлекеттің толық сенім көрсетіп, үнемі көңіл бөлуін ақтаған еді.

Партияның XVIII съезі СССР-дің негізгі экономикалық міндетін шешудегі маңызды қадам болып табылатын СССР халық шаруашылығын дамытудың үшінші бесжылдық (1938—1942 жылдар) жоспарын қабылдады. Ол жоспар елдің индустриялық қуатын арттыра беруді, колхоз құрылысын нығайта беруді, халықтың материалдық әл-ауқатын және мәдени дәрежесін арттыра беруді, Совет Одағының қорғаныс қабілетін күшейте беруді көздеді. Өнеркәсіп өнімін өндіруді 1937 жылмен салыстырғанда 1942 жылы екі есе дерлік көбейту ұйғарылды. Үшінші бесжылдықта жұмсалатын күрделі қаржының мөлшері бірінші және

екінші бесжылдықтарда жұмсалған барлық күрделі қаржының сома-сымен шамалас болды.

Отан қорғау өнеркәсібін дамыта беру, отын, электр қуаты және өндірістің басқа тарауларында да мемлекеттік мол қорлар жасау үшін-ші бесжылдықтың аса маңызды міндеттері болды. Елдің шығыс аудандарында — Оралда, Еділ бойында, Сібірде және Орта Азияда біртектес заттар шығаратын (дублер) кәсіпорындар салынбақ болды. Жоспарда елдің шығысында көмір-металлургия базасын ұлғайту, Еділ мен Орал аралығындағы өңірде жаңа мұнай базасын жасау, СССР-дің шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарында жаңа астық базасын жасау қаралды.

Съездің жұмысында ұйымдық мәселелер едәуір орын алды. Съезд ВКП(б) уставына өзгерістер енгізу туралы қарар қабылдап, жаңадан редакцияланған уставты бекітті. СССР-дің экономикасы мен тап құрылымындағы болған түбірлі өзгерістерге байланысты партияға адам қабылдауда алынушының белгілі бір әлеуметтік топқа жататынына қарай қолданылатын әртүрлі категорияға бөлу жойылды. Партияға кірушілер үшін партияға алудың бірыңғай шарты мен бірыңғай кандидаттық стаж белгіленді.

Бұл, әрине, партияға өтемін дегендерге талапты төмендету немесе партияға алынатындар құрамының жайына партия ұйымдарының жауапкершілігін бәсеңдету деген сөз емес еді. Партияға коммунизм ісіне берілген адамдарды жеке-жеке іріктеп алу тәртібін қатаң сақтап, партияның құрамын үнемі жақсартып беру міндеті сол бұрынғы күйінде қалған еді. Уставқа партия мүшелерінің праволары жөнінде қосымшалар енгізілді. Устав бойынша әрбір коммунист: партия саясатының практикалық мәселелерін партия жиналыстарында және партия баспасөзінде еркін және іскерлікпен талқылауға қатысып отыруға; партия жиналыстарында партияның қандай қызметкерін болса да сынауға; партия органдарына сайлауға және сайлануға; өзінің қызметі немесе мінез-құлқы туралы шешім қабылданатын кездің бәрінде де өзінің қатынасуын талап етуге; партияның Орталық Комитетіне дейін партиялық инстанцияның қалағанына барып, қалаған мәселесі мен арызын айтуға праволы.

Съездің «ВКП(б) уставына өзгерістер енгізу туралы» қарарында партия мүшелерінің тағдырына формальдық, қалай болса солай бюрократтық түрде қарау және партия кадрларының абыройын төгетін жақалқорлар мен мансапқорлардың әрекеттері теріс деп мінелді. Партияның XVIII съезі қабылдаған уставы партия мүшелерін партиядан шығару туралы, болмаса шығарылғандарды партия мүшелігіне қайта алу туралы мәселені шешкенде тағылған айыптың дәлелділігіне көңіл бөліп, мейлінше талдау жасалуын қамтамасыз ететін бірқатар ережелермен толықтырылды. Устав өтпелі дәуірде партия құрамын жақсартудың құралы болған және капиталистік элементтер жойылып, социализмнің жеңген жағдайында өзінің маңызын жоғалтқан жаппай тазалауды жойды. Партияның ішкі демократиясын бұдан былай да өрістете беру жөніндегі партияның қабылдаған шаралары ВКП(б) уставына енгізілді.

Өндіріс орындарының, соның ішінде колхоздардың, совхоздардың және МТС-тердің бастауыш партия ұйымдарына әкімшіліктің жұмысын бақылау правосы берілді. Бұл өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, совхоздардың, МТС-тердің жұмысы жөнінде бастауыш партия ұйымдарының жауапкершілігін арттырды.

Партияның уставына съездің енгізген өзгерістері мен қосымшалары партияның ішкі демократиясының өрістеуіне, коммунистердің белсенділігі мен инициативасының артуына және партияның бүкіл ішкі жұмысының жақсаруына көмектесті.

ВКП(б) XVIII съезі партияны СССР-дің дамуының жаңа кезеңіне— социализм орнатуды аяқтап, бірте-бірте коммунизмге өту кезеңіне қадам басуынан туатын міндеттерді шешуге меңзеп бағыттады.

### 3. Партия мен Совет мемлекетінің 1939 жылы фашистік агрессияға бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастыру жолында жүргізген күресі. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы

Партияның XVIII съезінен кейін дүние жүзі майданында болған оқиғалар съездің халықаралық жағдайға берген бағасын толығынан растады.

Батыс державаларының мюнхендік саясаты олардың өздері мен фашистік мемлекеттер арасындағы империалистік қайшылықтар СССР-ге қарсы жүргізілетін соғыс арқылы жойылуы мүмкін деген үмітке негізделген еді. Бірақ бұл үміттің ең болмағанда таяу уақытта ақтала қоймайтындығының белгілері көріне де бастады. 1939 жылдың мартында гитлершілдер тіпті Англия мен Францияның келісімін алмай-ақ Чехословакияның қалған бөлегін басып алды, ал Мюнхен конференциясы күндерінде олар мұндай келісуді қажет деп тапқан еді. Чехословакияны басып алғаннан кейін Гитлер үкіметі дереу Польшаға қарсы агрессия әзірлігіне кірісті. Жерінің бір бөлігін беру, Польшадағы немістердің жағдайын өзгерту және басқалар жөнінде Польша үкіметіне арсыз және ешбір орындалмайтын талаптар қойды. Сонымен қатар Гитлер Германиясы Версаль бітім договоры бойынша Англия мен Франция басып алған бұрынғы неміс отарларын қайтарып алу жөніндегі өзінің талаптарын тоқтатуды ойына да алған жоқ. Мюнхен опасыздығының арқасында батыс державаларының өз мақсаттарын қорғап қалатыны және Гитлермен дәйекті келісімге келе алмайтыны айдан анық болды.

Осындай жағдайда 1939 жылдың көктемінде Англия мен Франция Польшаға, Грецияға, Румынияға, Түркияға, былайша айтқанда, фашист басқыншылары қауіп төндіріп отырған бірқатар мемлекеттерге мемлекеттік тәуелсіздігін сақтауға кепілдік беретінін мәлімдеді. Сонымен қатар Англия мен Франция герман агрессиясына қарсылық көрсетудің әдістері туралы Совет Одағымен келіссөз бастады.

Осының бәрі Англия мен Францияның СССР-ге қарсы Гитлермен келісу саясатынан бас тартып, фашистік агрессорға бірігіп тойтарыс беру саясатына көшкендігі болып табылды ма? Кешікпей-ақ мұның бұлай еместігі анықталды. Ағылшын мен француз үкіметтері екі-жақты амал-айла жүргізді. Олар тек өздерінің тактикасын өзгерткені болмаса, бұрынғысынша Гитлермен астыртын келісуге тырысты. Екі елдің де демократияшыл жұртшылығы өз үкіметтерінен Совет Одағымен тығыз ынтымақтасуды қатты талап етті. Англия мен Францияның билеуші топтары мұндай ынтымақтастықты ешбір қаламаса да өздерінің нағыз шын жоспарларын бүркемелеуді көздеп, СССР-мен келіссөз жүргізуге қайткенде де мәжбүр болды. Мұнымен бірге олар Совет үкіметімен жүргізілетін келіссөзді Гитлерге қысым жасаудың кілті деп біліп, СССР-дің қатысуымен күшті коалиция (одақ) жасалу мүмкіндігімен оны қорқытпақ еді де, сөйтіп Гитлерді батыс державалармен келісімге келуге көндірмек еді.

Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкіметі бұл жайды ескерген болатын. Солай бола тұрса да Совет үкіметі Англиямен, Франциямен келіссөз бастауға ұйғарды. Совет Одағы агрессорға бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастырып, дүниежүзілік жаңа соғысты болдырмау үшін бірде-бір реті келген жағдайды, болмашы мүмкіншілікті болса да қапы жібермей, пайдаланғысы келді. Бірақ келіссөздің барысында Англия мен Франция үкіметтерінің бұл мақсатқа жету үшін СССР-мен ынтымақтасуға шынында ниеті жоқ екенін көрсеткен еді.

Ағылшын және француз үкіметтерінің Совет Одағына жасаған алғашқы ұсыныстарын мүлде қабылдауға болмайтын еді. Бұл ұсыныстардың мақсаты өздеріне ешбір нақтылы міндеттер алмастан, тек СССР-ді ғана соғысқа қатысу туралы міндеттермен шырмап, оны Германиямен соғысқа киеліктіру, сөйтіп өздері соғыстан тыс қалу болды.

Совет үкіметі ағылшын мен француздардың ұсыныстарын екі жаққа да бірдей болу принципіне сай келмейді деп қабылдамай тастады. Совет үкіметі бұған жауап ретінде өз ұсыныстарын енгізді: онда үш держава арасында өзара көмектесу туралы договор жасасу көзделді. Бұл договор егер Европада келісуші үш державаның біріне қарсы агрессия бола қалса, сол сияқты Польшаға, Румынияға, Балтық бойындағы мемлекеттерге, Түркияға және Бельгияға қарсы агрессия жасалса СССР, Англия және Франция өзара бір-біріне көмекке келуге міндеттеген болар еді. Сонымен бірге келісімге қатысып отырған осы үш Ұлы державаның әрқайсысының көрсететін соғыс көмегінің мөлшері мен түрінің дәл белгіленуі ұсынылды. Совет ұсыныстарының қабылдануы державалардың қуатты коалициясын (одағын) фашистік Германияға қарама-қарсы қойып, агрессияның өріс алуын тоқтатуы мүмкін еді.

Ағылшын және француз үкіметтері СССР-мен үш мемлекеттің бәріне өзара бірдей міндеттемелер алуына негізделген договор жасауға келіспеді. Осының салдарынан келіссөздер ұзаққа созылды. 1939 жылдың март айында басталған бұл келіссөздер сол жылдың август айына дейін созылды. СССР мен арадағы келіссөздердің барысында ағылшын және француз үкіметтері договордың жана жобаларын үсті-үстіне ұсына берді. Бірақ бұл жобаларға бір ортақ белгі болды — совет-герман соғысына ұрындыру мақсатын көздеді. Демократияшыл жұртшылықтың қысымынан сескеніп, Англия мен Франция амалсыздан ғана кейбір көңілшілік жасады. Осының бәрі екі үкіметтің екеуіне де, әсіресе Англияға СССР мен келісімге келу емес, қайта бір өзге мақсаттар үшін осындай келісім туралы тек бос сөз жүргізу қажет болғанын дәлелдеді.

СССР-дің инициативасымен 1939 жылғы августа Москвада өткізілген үш мемлекеттің әскери өкілдері келіссөздерінің барысында Германия соғыс бастай қалған күнде Англия мен Францияның Совет Одағымен коалиция (одақ) құрғысы келмейтіні әбден анықталды.

Совет Одағы ол кезде Германиямен шекаралас емес еді. Қызыл Армия герман әскерлерімен кездесіп, оларға қарсы соғыс қимылдарын бастау үшін совет әскерлері екі елдің аралығындағы Польшаның жерін басып өтуге тиіс болды. Ағылшын-француз-совет әскери келіссөздерінің барысында Польша үкіметінің совет әскерлерін өз жері арқылы өткізуден бас тартатындығы, ал Англия мен Франция поляк үкіметін өзінің бұл позициясын өзгертуіне көндіруге елеулі ешнәрсе қолданбай отырғаны анықталды. Ал енді мұнсыз Совет Одағы Германияға қарсы соғысқа іс жүзінде еш жерден қатыса алмайтын болды. Англия мен Франция, СССР мен келіссөздер бастай отырып, іс жүзінде қолға қару алып, онымен бірігіп Гитлер агрессиясына қарсы шығуды тіпті де ойламайтыны анық еді. Москвада совет командованиясымен келіссөздер жүргізіп жатқан ағылшын әскери миссиясына арналған құпия нұсқауда: Совет Одағы алдында «Британ үкіметі өзіне ешқандай нақтылы міндеттемелер алғысы келмейді» деп ашық айтылған болатын.

Совет Одағымен келіссөздер жүргізе отырып, ағылшын үкіметі сонымен қатар герман үкіметімен жасырын келіссөздер бастап, Гитлерге өзара шабуыл жасаспау пактысын және дүние жүзі көлемінде ықпал жүргізу салаларын бөлісіп алу туралы келісім жасасуды ұсынды. Бұл арада қайта бөлісуге жататын елдердің қатарына Қытай мен Совет Одағы қосылсын деген барып тұрған жан түршігерлік зұлымдық ұсыныс жасалды. Ағылшын үкіметі СССР мен келіссөздер жүргізуді

тоқтатамыз деп гитлершілдерге уәде берді. Англия Польшаның тәуелсіздігі жөнінде таяуда ғана өзі берген кепілдігінен бас тартуға да келісті, дәл Чехословакия жөнінде істегені сияқты, Польшаны да сыртынан сатып, Гитлерге беруге әзір болды.

СССР-ге төнген қауіпті күшейте түскен нәрсе — оған батыстан ғана емес, сонымен бірге шығыстан да соғыс қатері төніп келе жатты. Шығыс жағында Совет Одағы жапон империалистеріне қарсы қытай халқының жүргізген күресінде оған материалдық және моральдық көмек көрсетті, ал АҚШ пен Англия жапон агрессорларын қолдап, оларға стратегиялық материалдар беру арқылы жомарт көмек көрсетті. «Жапон басқыншыларына қарсы соғыс басталғаннан бері, — деп жазды Мао Цзэ-дун, — бізге империалистік мемлекеттердің бірде-бір үкіметі шын көмек көрсеткен жоқ — тек жалғыз Совет Одағы ғана бізге соғыс авиациясы мен материалдық қорлар жөнінен көмектесті» (Мао Цзэ-дун. Таңдамалы шығармалар, 3-том. 190-бет). СССР мен Жапонияның арасындағы қатынастар барған сайын шиеленісе түсті. 1938 жылы жапон милитаристері Владивостоктың маңында Хасан көлі ауданындағы совет территориясына қарулы шабуыл жасады. Олар Совет Одағының күшін және тойтарыс беруге әзірлігін мылтық найзасымен байқап көрмек болды. 1939 жылдың жазында жапонның едәуір соғыс күштері Халхин-Гол өзені ауданында Монғол Халық Республикасының территориясына басып кірді, ал Совет Одағының Монғол Халық Республикасымен 1936 жылдан бері өзара көмектесу туралы договоры бар еді. Шабуылдың екеуіне де жапон әскерлерін үлкен шығынға ұшырата тойтарыс берілді.

Сөйтіп, гитлершілдер СССР-дің батыс шекарасына жақын жерде Польшаға басып кіруге әзірленіп жатқанда, ал батыс державаларымен арадағы келіссөздер Англия мен Францияның кінәсінен тұйыққа тірелген кезде, СССР Қиыр Шығыста соғыс қимылдарын жүргізуге мәжбүр болды. Мейлінше қолайсыз қиын жағдай туды: Совет Одағына саяси әбден оқшаулану жағдайында соғыс қаупі төнді, оның үстіне бұл қауіп бірден екі майданда — батыстан және Қиыр Шығыстан төнді.

Елді өзіне төнген қауіптен қайткен күнде де құтқару қажет болды. Бұл совет халқы мен Совет мемлекетінің өмір сүру-сүрмеу мәселесі ғана емес еді. Бүкіл дүние жүзінде социализмнің мүдделері мен барлық елдер еңбекшілерінің мүдделері ең тұңғыш, сонымен бірге сол кездегі бірден-бір ғана социалистік мемлекетті сақтап қалуды талап етті.

ВКП(б) Орталық Комитеті мен Совет үкіметі партияның XVIII съезінің: сақ болу керек және басқаның қолымен от көсеуге тырысатын соғыс арандатушыларының елімізді жанжалға киліктіруіне жол берілмесін деген нұсқауларын басшылыққа алды. 1939 жылдың августында Германиямен өзара шабуыл жасаспау туралы герман үкіметі ұсынған договорды жасасу туралы жауапты шешім қабылдағанда партия мен үкімет осы нұсқауға сүйенді. Бұл шешім Англияның, Францияның, сол сияқты Польшаның да Гитлер агрессиясына қарсы бірлесіп күресу туралы СССР мен пәрменді келісім жасағысы келмейтіндігі толық анықталып, СССР-дің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа мүмкіндіктердің бәрі сарқылғаннан кейін ғана қабылданған еді.

Совет Одағына өзара шабуыл жасаспау договорын ұсынғанда герман үкіметінің өз ойы бар еді және ол СССР-ге қарсы басқыншылық соғыс жүргізуден әсте де бас тартқан жоқ еді. Бірақ ол Совет Одағына қарсы соғыс жүргізудің өзіне орасан зор қиыншылықтар келтіретіндігімен есептесті, сондықтан да ең алдымен Батыс Европа елдерін өзіне бағындырып алып, ал одан соң бұл елдердің қорларын пайдалана отырып, СССР-ге басып кіруді көздеген еді. Ал Совет Одағына келетін болсақ, ол осы договорды жасасу арқылы қорғануға әзірлік жасау үшін біраз уақыт ұтатын болды және батыс державалары бізге одақтас бол-

ғысы келмеген 1939 жылдың қолайсыз жағдайында екі майданда соғысқа тартылу қаупінен құтылды. Англияның, Францияның және АҚШ-тың реакцияшыл билеуші топтары СССР-ді оқшау қалдыруға және оған қарсы капиталистік державалардың бірінғай майданын құруға тырысып бақты. Бұл ретте Германия мен Жапонияға екпінді күштің ролі жүктеліп, соғыста өз халықтарының қанын төгуі тиіс болды да, содан кейін батыс үш держава соғыста әлсіреген елдерге өздерінің өктемдігін еркін жасамақ болды.

СССР капиталистік қоршауда жападан жалғыз болып, ал коммунистердің бірлікке шақыруын қабылдамай тастаған оңшыл социалистер халықаралық жұмысшы табын бөлшектеп жіберген сол кездегі жағдайда соғысты болдырмай тастау шешілмейтін міндет еді. Бірақ өзіне осындай өте қолайсыз болған жағдайда тұңғыш социалистік елді соғыстан сақтап қалуға болатын еді және сақтап қалуға тиісті де еді. Совет үкіметі өзінің халқы алдында және бүкіл дүние жүзіндегі социализм ісінің мүддесі үшін мюнхеншілдердің реакцияшыл тіміскісінің күл талқанын шығаруға міндетті болды. Бұған Германиямен жасалған өзара шабуыл жасаспау договоры көмектесті.

Мюнхеншілдер соғыс өртін тұтандырғанда соғыстың капиталистік дүние мен жекеленіп оқшау қалған совет елі арасында тууын тіледі. Ал іс жүзінде соғыс капиталистік дүниенің өз ішінде басталды. Осының салдарынан мюнхен саясатшылары, халық мәтеліндегі: «Біреуге ор қазба — оған өзің түсерсің» дегендей, қиын жағдайға ұшырады. Олар СССР-ді Германия мен Жапонияға қарсы соғысқа киліктіріп, өздері соғыстан шет қала тұрып және соғыстан әбден қалжыраған барлық үш елге өздерінің шарттарын таңа алатындай мезгілді күтіп, оған дейін күш жинай беруге ниеттенді. Ал іс жүзінде ауыр жағдайда олардың өздерінің соғысуына тура келді.

1939 жылдың 1 сентябрінде Германия Польшаға шабуыл жасады. Польша халқы фашистік агрессияның құрбандығы болды. Польша халқы оған табан тіресе қарсылық көрсетті, мұнда коммунистер және олардың төңірегіне топтасқан жұмысшылар мен басқа да еңбекшілер ерлік роль атқарды. Бірақ буржуазиялық-помещиктік үкімет ұлттық опасыздық жасап, Совет Одағының көмегін қабылдамай тастағандықтан, Польша Гитлер Германиясының аса күшті шабуылына төтеп бере алмады.

Гитлершілдердің Польшаға жасаған шабуылынан кейін ағылшын және француз үкіметтері Гитлер Германиясының Польшаны жайғастырысымен Франция мен Англияға және олардың орасан көп отарына тап беретініне ешбір күмәнданбады. Осыны түсінген Англия мен Францияның үкіметтері 1939 жылғы сентябрдің бас кезінде Германияға соғыс жариялады.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталды.

Англия мен Франция Германияға қарсы соғысқа шыққанда Польша үшін шыққан жоқ, тіпті фашизмді құлату мақсатымен де шыққан жоқ, олар соғысқа өздерінің империалистік мүдделері мен позицияларын қамтамасыз ету үшін, қауіпті бәсекелесін әлсірету және өздерінің ұлы державалық жағдайын сақтап қалу үшін кірісті. Сондықтан да Англия мен Франция Польшаға шын мәнісінде көмектесу үшін ештеңе істеген жоқ. Герман әскерлері Польшаның территориясы арқылы шығысқа қарай жедел алға басып, СССР-дің шекарасына жақындай түсті.

Партия мен Совет үкіметі Германиямен жасасқан договордың гитлершілдермен соғысуды біраз уақыт кешеуілдетуге Совет Одағына көмегі болғанымен де, олардың өз міндеттемелерін көпке дейін бұзбайтынына сенуге болмайтынын ескерді. Сондықтан елдің қорғаныс мүдделері үшін шабуыл жасал, алға басып келе жатқан Гитлер әскерлерін СССР-дің өмірлік маңызы бар орталықтарынан алыс жерде тоқтатып, олардың стратегиялық шептерін шығысқа, біздің бұрынғы шекарамыз-



ға қарай, яғни Минскінің жақын кіреберісіне жақындатуына жол бермеу керек болды. Сонымен бірге Совет Одағы Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның туысқан халықтарының тағдыры жөнінде немқұрайды қарап қала алмады, оларды фашистік езгіге түсіре алмады. 1939 жылғы 17 сентябрьде Қызыл Армияның бөлімдері шекараны өтіп, қысқа мерзім ішінде Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны алды. Бұл облыстар украин және белорусс халықтарының біртұтас мемлекеттері болып, Советтік Украинамен, Советтік Белоруссиямен қайта қосылды.

1939 жылы Гитлер Германиясы мен ағылшын-француз империализмі арасында басталған соғыс, итальян-эфиопия және жапон-қытай соғысына немесе Испаниядағы соғысқа қарағанда, алғашында басқаша сипатта болған еді. Бұл соғыстардың бір жағы үшін басқыншылық, екінші жағы үшін азаттық сипаты болды. Германия, Англия мен Франция арасындағы соғыс алғашында екі жағына да империалистік соғыс болды. Поляк халқы агрессияның құрбандығы болған басқа елдердің халықтары сияқты, өзінің тәуелсіздігі үшін күресті, ал ұлы держауларды алатын болсақ, екі жағы да — Гитлер Германиясы да, Англия мен Франция да империалистік мақсаттарды көздеді.

Алайда фашистік агрессияның құрбандығы болған барлық халықтармен бірге Англия мен Францияның ортақ жауы герман фашизмі болып шықты. Оның үстіне Англия мен Францияның 1940 жылы гитлершілдерден ауыр жеңілістерге ұшырауының салдарынан бұл екі державаның енді өздерінің империалистік арам ойларын іске асырудан гөрі, өздерінің ұлттық тәуелсіздіктерін сақтап қалуды ойластыруларына тұра келді. Сонымен қатар Англияда, Францияда, сол сияқты АҚШ-та да өз үкіметтерінен фашизмге қарсы азаттық соғысты белсене жүргізуді талап еткен халық бұқарасының әсері күшейді. Осы жағдайда халықтардың ықпалымен Англия мен Францияның Гитлер Германиясына қарсы соғысы бертін келе өзінің сипатын өзгертті. Бұл соғыс іс жүзінде бейбітшілік сүйгіш халықтардың фашистік агрессияға қарсы соғысымен ұласып, азаттық сипат алды. Соғыстың азаттық сипаты әсіресе Совет Одағы соғысқа кіріскеннен кейін Англия, Франция, одан соң АҚШ СССР мен бірге Гитлерге қарсы ортақ коалиция (одақтың) қатарында болып шыққан кезде күшейе түсті.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғаннан кейінгі алғашқы кезде Англия мен Франциядағы, сол сияқты АҚШ-тағы мюнхендік элементтер соғыс майданын СССР-ге қарсы бұрып жіберу үмітінен әлі де айырыла қоймады. Батыс майданындағы ағылшын және француз әскерлері шайқасқа мүлде дерлік кіріспей, Германияға қарсы елеулі соғыс қимылын жүргізбеді. Соның өзінде Англия мен Франция Совет Одағымен шекаралас мемлекеттерді оған қарсы соғысқа киліктіруге тырысты. Латвияда, Эстония мен Литвада империалистердің тіміскілеу әрекеттерінен түк шықпай қалды. Бұл әрекеттердің осы елдердегі бүкіл демократиялық күштерді қатты ызаландырғаны соншалық — бұл үш мемлекеттің үкіметтері 1939 жылдың сентябрь және октябрь айларында өзара көмектесу туралы Совет Одағымен договор жасасуға мәжбүр болды. Бірақ бұдан кейін де Прибалтика елдерінде жүргізілген антисоветтік қастық әрекеттер тиымалды, Прибалтика өзін апатқа соқтыратын империалистік авантюраға тартылу қаупінде қалып қойды. Нақ осы кезде Прибалтика республикаларының еңбекші бұқарасы 1919 жылы Антанта құлатқан совет өкіметін өз елдерінде дереу қайта орнатуды және совет елімен қайта қосылуды талап етіп шықты. Халық бұқарасының күшті ықпалымен 1940 жылғы июньде прибалтикалық үш мемлекеттің үшеуінде де үкіметтер ауысты. Өкімет билігі прогресшіл күштердің қолына көшті. Парламент сайлаулары жүргізіліп, ол бұл елдерде демократиялық жағдайда өткен тұңғыш сайлау болды. Литваның

Латвияның және Эстонияның жаңадан сайланған парламенттері осы елдерді Советтік Социалистік Республикалар Одағына алуды тілеп Совет үкіметіне өтініш жасады. 1940 жылы августа СССР Жоғарғы Советі бұл өтінішті қанағаттандырып, Литван, Латыш және Эстон Советтік Социалистік Республикаларын СССР-дің құрамына алды.

1918 жылы өзінен күшпен бөліп әкетілген Бессарабия және Солтүстік Буковина да Совет Одағына қайта қосылды, ондағы украин халқы Советтік Украинаға іш тартты. Прибалтика мен Бессарабияның Совет Одағына қайта қосылуы СССР-дің қауіпсіздігін нығайтты, өйткені жаулар бұл аудандарды өз әскерлерін совет елінің аса маңызды орталықтарына жақындататын шабуыл жасайтын ұрымтал тіректер ретінде пайдалануы мүмкін еді.

Империалистер Финляндияда уақытша болса да кейбір жеңіске жетті. Олар 1939 жылдың аяғында фин реакционерлерін Совет Одағына қарсы соғысқа айдап сала алды.

Англия мен Франция, СССР-дің әлсіреуін тілеп, финдерге қару-жарақ беріп белсене көмектесті және француз шекарасында Германияның аса зор соғыс күштері шоғырланып тұрғанына қарамастан, финдерге көмекке өздерінің әскерлерін жіберуге әзірленді. СССР мен жүргізген соғыста фин әскерлерінің жеңілгендігі ғана ағылшын француздардың совет-фин соғысына араласу жоспарын іске асыртпай тастады. Финляндия мен СССР-дің арасындағы соғыс 1940 жылы мартта Москвада бітім договорына қол қойылуымен аяқталды.

Гитлершіл Германия 1940 жылы апрельде Скандинавияға шабуыл жасап, Дания мен Норвегияны оп-оңай басып алды. Германия май айында өзінің Батыс майданында да шабуылға шықты. Гитлер әскерлері Голландия мен Бельгияны лезде-ақ басып алды. Англияның Франция мен Бельгиядағы экспедициялық күштері талқандалды, олардың қалдықтары қару-жарақтарын тастап, Англияға өтіп кетті. Герман әскерлері талқандаған француз армиясы елдің ішкі түкпіріне қарай шегінді. 1940 жылы 22 июньде реакцияшыл француз үкіметі тізе бүкті. Францияда фашизмге қарсы күресті француз патриоттары жүргізе берді, олардың алдыңғы қатарында коммунистер шайқасты. Уақытша бітім шарттары бойынша Францияның едәуір жерін, оның ішінде Парижды да Гитлер әскерлері басып алды.

Мюнхен саясатының өкінішті қорытындысы осындай болды. Франция талқандалды, ал Англия Гитлер Германиясымен жекпе-жек қалды.

Батыс Европада соғыстың өріс алуы Коммунистік партия мен Совет мемлекетінен сыртқы саясат саласында жаңа шаралар қолдануды талап етті. Міндет соғыстың және фашистік агрессияның онан әрі кең тарауына жол бермеуде болды. Совет үкіметі 1940 жылғы апрельде Гитлер Германиясын Швецияның бейтараптығын бұзудан сақтандырып, бұл елді неміс шапқыншылығынан құтқаруға көмектесті.

Совет үкіметі Германияның Финляндияны, Болгарияны, Түркияны, Югославияны өз ықпалына бағындырып алуына жол бермеуге түрлі шаралар қолданды. Бірақ Франция жеңілгеннен кейін Гитлер Германиясының күшейгені соншалық, оның басқыншылық қимылдарын тежеу барған сайын қиындай берді. Гитлершілдер өз әскерлерін Финляндияға, Румынияға және Болгарияға кіргізді, ал олардың реакцияшыл үкіметтері Германияның қол шоқпарына айналды. 1941 жылы апрельде гитлершілдер Югославияға, одан кейін Грецияға шабуыл жасап, бұл елдерді басып алды.

Фашистік Германия 1940 жылдың екінші жартысынан бастап-ақ СССР-ге қарсы соғысқа тікелей әзірлік жасады. Ол Совет Одағының халықтарын құлдыққа түсіруді, социализм мен демократияның дүниежүзілік тірегін жоюды, сөйтіп өздерінің агрессияшыл жоспарларын

онан әрі жүзеге асыра берудің басты бөгетін жоюды көздеді. Бұдан соң титлершілдер Британ аралдарын басып алмақ болды. Бірақ өздерінің тылында Қызыл Армия тұрғаннан кейін шабуыл жасауға батылы бармады. Олар Жапониямен бірігіп АҚШ-ты да талқандамақ болды.

Совет еліне төнген қаһарлы қауіп партиядан және совет халқынан Совет Одағының индустриялық қуатын дамыту және оның қорғаныс қабілетін арттыра түсу жөнінде жұмысты бұрынғыдан да күшейтуді талап етті.

#### 4. Партияның өнеркәсіп саласындағы ұйымдастыру жұмысы. Елдің индустриялық қуатын арттыру және оның қорғаныс қабілетін нығайту

Партия СССР-дің халық шаруашылығын өркендетудің үшінші бесжылдық жоспарын социалистік қоғам орнатуды аяқтауда және негізгі экономикалық міндетті жүзеге асыруда алға қарай басатын зор қадам деп қарады.

Алайда өнеркәсіп саласындағы жоспарды орындауда үлкен қиыншылықтар кездесіп отырды. Халықаралық жағдай барған сайын шиеленісе түсті. Фашистік агрессорлар тұтандырған екінші дүниежүзілік соғыс Совет Одағына тікелей қауіп болды. Халықты агрессорлардың шабуылына тойтарыс беруге дайын тұратын етіп ұстап, едәуір көп қаржыны, материалдық қорлар мен адам резервтерін бейбіт құрылыс объектілерінен алып, елдің қорғаныс қуатын нығайтуға ауыстыру қажет болды.

Үшінші бесжылдық жоспарды орындауға кіріскенде партия бұдан басқа да қиыншылықтарға кездесті. Өсіп келе жатқан өнеркәсіп үнемі ағылып келіп жататын жұмысшы күшіне, әсіресе маманданған күшке мұқтаж болды, ал мұндай жұмысшы күші екінің бірінде жетіспей отырды. Сонымен қатар қолда бар жұмысшы күші де әрдайым дұрыс пайдаланылмай келді. Бұған ұйымдастыру-шаруашылық жұмыстарындағы олжылықтар себеп болды. Еңбек ұйымдастыру мен еңбек ақы төлеу дұрыс тәртіпке келтірілмеді. Өнеркәсіптің барлық тарауларының ең жаңа техникамен молынан жабдықталуы техникалық басшылықты жақсартуды талап етті. Ал солай бола тұрып өнеркәсіп орындары мен халық комиссариаттарында басшы қызметкерлер құрамы жиі ауысып жатты, мұның өзі өнеркәсіпті басқаруға және оның өндірістік нәтижелеріне кеселін тигізді. Партияның өнеркәсіпті ұйымдастыру жұмысының өзі де қиыншылықтарды жеңіп, кемшіліктерді жоюға, социалистік индустрияның онан әрі ұдайы өрістеп, өркендей беруін қамтамасыз етуге бағытталған еді.

Партияның шаруашылық саясаты өндіргіш күштерді мейлінше дұрыс орналастыру, жаңа құрылыстардың қарқынын шапшаңдату, әрбір кәсіпорынның өндірістік қуатын толық игеру бағытында жүргізілді.

Жаңа өнеркәсіп орындары шикізат шығатын жерлерге жақындату негізінде салынды. Партия мен халықтың назары еліміздің шығыс аудандарының — Еділ бойының, Оралдың, Батыс және Шығыс Сібірдің, Орта Азия мен Қиыр Шығыстың экономикасын дамытуға аударылған еді. Партия осы аудандардың экономикасын комплексті дамытуға күш салды. Әрбір ауданның өзінде құрылыс материалдарын өндіру ісі жолға қойылып, электр станциялары, көмір шахталары, рудниктер, металлургия заводтары салынып жатты, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өркендетілді. Еділ мен Оралдың аралығында жаңа мұнай базасы — «Екінші Баку» құрылып жатты. Оралда Магнитогорск металлургия комбинаты кеңейтіліп, Төменгі-Тагиль металлургия заводының құрылысы аяқталды. Забайкальде (Петровск-Забайкальский) және Қиыр Шығыста («Амурсталь») ірі металлургия заводтары салынып жатты. Машина жасау, химия және мұнай айыру өнеркәсібінің біртектес кә-

сіпорындары құрыла бастады. Өнеркәсіп орындарын кооперациялау принципі кеңінен жүзеге асырыла бастады.

Партия үнемдеудің қатаң тәртібін жүргізуге камқорлық жасады. Ақша қаржылары, құрылыс материалдары және жабдықтар, ең алдымен, алғашқы бесжылдықтар ішінде басталған құрылыстарды аяқтауға жұмсалды. Орташа және шағын электр станцияларының, шахталардың және басқа кәсіпорындардың құрылыстарын өрістету бағыты партияның шаруашылық саясатындағы соны жаңалық еді. Осының арқасында құрылыстардың мерзімі тездетілді және өндіріс қуаты жылдам арттыра берілді.

Партия мен үкімет өнеркәсіптің жетекші саласы—көмір мен металлургия өнеркәсіптерінің жұмысын жақсартуға көп көңіл бөлді. Бұл өте қажет еді. Елдің көмір мен металл жөніндегі қажеті жыл санап арта түсті. Қорғаныс өнеркәсібіне металл көп керек болды. Алайда 1939 жылы шойын мен болат өндірудің көбеюі былай тұрсын, тіпті біраз азайып кетті; көмір шығару, әсіресе Донбаста, болар-болмас қана артты. Бұл бүкіл халық шаруашылығының өркендеуіне елеулі қауіп туғызды және соғыс қаупі үдеп тұрған жағдайда бұған мүлде төзуге болмайтын еді.

Партия көмір мен металлургия өнеркәсіптерінің артта қалуының себептерін анықтады. Ең басты себеп — шаруашылық-техникалық басшылықтың нашарлығы, жергілікті партия ұйымдары тарапынан шахта мен металлургия кәсіпорындарының жұмыстарына жеткілікті көңіл бөлінбегендігі болды.

Донбастың көмір өнеркәсібіндегі зор қырсық жұмысшы күшінің тұрақтамаушылығы болды. Кейде бір жыл ішінде шахталардағы жұмысшылардың құрамы түгелдей жаңарды. Бұл өндірістік программаны орындауға мықтап әсер етті. Мұның үстіне шахтерлерге еңбек ақы төлеу тәртібінде және олардың еңбегін ұйымдастыруда бұрмалаушылық болды. Жұмыс нормалары кем белгіленген жұмысшылар нормаларын орындап және асыра орындап жатса да, нақты шығарылған көмір мемлекеттік жоспардағы тапсырмадан кем болды. Инженер-техникалық кадрлар көбіне теріс пайдаланылды. Алғашқы бесжылдықтардың ішінде көмір өнеркәсібі көптеген инженер және техник кадрларымен толықтырылды. Бірақ олардың көпшілігі трестер мен басқармаларда отырды. Ең жаңа техникамен жабдықталған шахталар осының салдарынан жеткілікті техникалық басшылықпен қамтамасыз етілмеді және еңбектің, көмір шығарудың жаңа, прогрестік әдістері өте баяу қолданылды, еңбек өнімділігі бір дәрежеде қалды деуге болады.

Дәл осындай кемшіліктер металлургия өнеркәсібінде де болды. Магнитогорск, Кузнецк комбинаттарында және Оңтүстіктің металлургия заводтарында Макеевскі, Сталинскі, Запорожскі партия ұйымдары басшы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу, маманданған металлургтер даярлау және олардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру сияқты маңызды мәселелермен аз шұғылданды. Бұл жабдықтардың қуатының толық пайдаланылмауына әкеліп соқты. Сол сияқты жаңа домна және мартен пештерін салу қарқынының баяулығы, руда шығару жұмысының артта қалуы да металлургияны өркендетуге қолайсыз әсерін тигізді.

Партияның Орталық Комитеті 1940 жылдың бірінші жартысында Донбастағы көмір өнеркәсібінің және металлургия өнеркәсібінің жұмысын жақсарту туралы бірнеше қаулылар алды. Орталық Комитет партия және шаруашылық ұйымдарынан: жұмысшылар арасындағы партиялық-саяси жұмысты және кәсіпорындарына басшылық ету ісін жақсартуды; өндірістің негізгі учаскелерін инженер-техник кадрларымен нығайтуды; жұмысшылардың мамандығының арттырылуын және олардың еңбегінің дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етуді; еңбек ақы төлеу тәртібін

реттеуді; жаңа шахталар, домна және мартен пештерінің құрылысын жедел қарқынмен жүргізуді талап етті.

Осы шешімдерді басшылыққа ала отырып, партия ұйымдары өндірісті ұйымдастыру, партия-шаруашылық және инженер-техник кадрларын іріктеп алу, оларды өндіріске дұрыс орналастыру мәселелерімен көбірек және нақты шұғылданатын болды. Партия ұйымдары кәсіпорындар әкімшілігінің жұмысына бақылау жасай отырып, партия мен үкімет директиваларының орындалуына шаруашылық қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруға күш салды. Партиялық-саяси жұмыс өндіріс міндеттерін орындаумен, жаңа техниканы меңгеру, еңбек тәртібін нығайту жолындағы күреспен неғұрлым тығыз ұштастырыла бастады.

Партия қолданған шаралардың нәтижесінде көмір және металлургия өнеркәсібіндегі жағдай жақсарды. Көмір шығарудың 1940 жылғы өсімі 20 миллион тоннадай болды. Еліміздің көмір өнеркәсібінің өсуі бұған дейін мұндай болған емес еді. 1940 жылдың аяғында металдың тәулігіне өндірілетін орташа мөлшері 1937 жылмен салыстырғанда едәуір артты.

Партия ұйымдарының басшылығымен кәсіпорындарда өрістеген социалистік жарыс барған сайын бұқаралық қозғалысқа айнала бастады. Жарыстың жаңа түрлері көп станокта жұмыс істеу, шапшаң әдіспен жұмыс істеу, бірнеше мамандықты атқару, шикізатты, материалдарды, электр қуатын үнемдеу, өнімсіз шығындарды азайту сияқты және сондай түрлері туды. Коммунистер социалистік жарысты бастай отырып, партияда жоқ жұмысшыларды ертіп отырды. Партия ұйымдарының инициативасымен кәсіпорындарында өндірістік-техникалық конференциялар өткізіліп отырды. Өндіріс жаңашылдарының тәжірибесі қорытылып, көпшілікке таратылды, еңбектің озат әдістерінің мектептері құрылды.

Соғыс алдындағы жылдарда сегіз сағаттық жұмыс күніне, жеті күндік жұмыс аптасына көшудің және жұмысшылар мен қызметшілердің кәсіпорындардан, мекемелерден өз бетімен кетіп қалуына тиым салудың өнеркәсіпті мықтап өрге бастыру үшін зор маңызы болды. Жұмысшылар мен қызметшілердің ұсыныстары бойынша СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1940 жылғы 26 июньдегі Указымен енгізілген бұл шаралар еліміздің қорғанысын күшейтудің қатаң талабынан туған еді. Олар кәсіпорындарының жұмысына жақсы әсер етті: еңбек тәртібі нығайды, еңбек өнімділігі артып, өнім шығару өсті. Партияның басшылығымен мемлекеттік еңбек резервтерінің жүйесін құру арқылы өнеркәсіпті маман жұмысшылармен қамтамасыз ету сияқты маңызды проблема шешілді. Жыл сайын жастарды қолөнер училищелері мен фабрика-завод оқуының мектептеріне алу (мобилизациялау) жарияланатын болды. Мектептер мен училищелерді бітіргендер мемлекеттік кәсіпорындарға жіберіліп отырды. Сөйтіп өнеркәсіп пен транспортқа маман жұмысшылар үздіксіз келіп тұратын болды, мемлекеттің экономикалық және соғыс қуатын күшейте түсті. Совет адамдары және ең алдымен жастардың өзі еңбек резервтерін құру туралы совет өкіметінің заңын аса қанағаттанып қарсы алды. Олар бұл шараның социализм елінде қоғамдық пайдалы еңбек етуге, білім алуға, ғылымға араласуға барлық жолды ашып берген өсіп келе жатқан жас ұрпаққа жасалған қамқорлық екенін көрді.

Өнеркәсіпте совет әйелдері едәуір орын алды. 1940 жылдың басында өнеркәсіптегі барлық жұмысшылар мен қызметкерлердің 41 проценті әйелдер болды. Құрылыста істейтіндердің төрттен бірі әйелдер болды. Әйел жұмысшылар жаңа техниканы ойдағыдай меңгеріп отырды. Әйелдерді өндіріске тартудың халық шаруашылығы мен қорғаныс саласында зор маңызы болды. Бейбітшілік кезінде-ақ еркектердің маманды-

ғын меңгеріп алған олар соғыс бола қалған жағдайда армияға шақырылған еркектердің өндірістегі орнында ойдағыдай істей алатын еді.

Партия мен жұмысшы табының күш салуының нәтижесінде Совет Одағының өнеркәсібі кемшіліктерді жоя отырып, соғыс алдындағы жылдарда өрлей басты. СССР-де 1940 жылы 166 миллион тонна көмір шығарылды, 15 миллион тонна шойын, 18 миллион тоннадан аса болат қорытылды. Электр қуатын өндіру 48,3 миллиард киловатт-сағатқа жетті. Совет Одағының Ұлы Отан соғысына кірісердегі өнеркәсіп экономикалық базасы осы еді.

Елдің индустриялық қуатын күшейту туралы қамқорлық жасай отырып, партия қол жеткен табыстарға бір минут та қанағаттанып қалған емес. Соғыс қаупі күшейе түскен жағдайда өнеркәсіптің жұмысы туралы мәселе партия қызметінің ең өзекті мәселесі болды. Бұл мәселе 1941 жылы февральда XVIII партия конференциясында жанжақты қаралды. Конференция партия ұйымдарының өнеркәсіп пен транспорт саласындағы міндеттерін талқылады. Кәзіргі соғысты техникалық-экономикалық тұрғыдан алып қарайтын болсақ, мұның өзі моторлар соғысы, резервтер соғысы болып табылатындығы атап көрсетілді. Осыны ескере отырып, партия индустрияны елдің қорғанысын нығайту дәрежесіне жеткізу үшін шаралар қолданды. Бұл үшін халық комиссариаттары мен партия ұйымдары тарапынан өнеркәсіптің жұмысына басшылық ету ісін үнемі жақсартып, жетілдіре беру қажет болды.

Басшылықты кәсіпорындарға мейлінше жақындату мақсатымен 1939 жылы көптеген халық комиссариаттары жекелендіріліп бөлінген еді. Өнеркәсіптің неғұрлым шағын салаларын басқарған жаңа халық комиссариаттары құрылды. Алайда бұл шаралар жеткіліксіз еді. Халық комиссариаттары көбіне жалпы жинақталған мәліметтерге сүйеніп, жылдық өндіріс жоспары орындалды деп санап келді, ал соның өзінде өнімнің басты-басты түрлері жөнінде жоспар іс жүзінде орындалмай қалып отырған-ды. Ал партия ұйымдары, облыстық және қалалық комитеттер өнеркәсіп және транспорт мәселелерімен жеткілікті терең шұғылданбады.

ВКП(б) XVIII конференциясы өнеркәсіп пен транспорттың мұқтажына партия ұйымдарының назарын жаңадан аударды. Партия ұйымдарының алдына бірқатар нақты шаруашылық-саяси міндеттер қойылды: кәсіпорындарының жұмысын үнемі бақылап отыруды және олардың партия директиваларын орындауын қамтамасыз ету; кәсіпорындары мен темір жолдарда жабдықтардың, материалдардың және барлық мүліктердің нақты есебі мен дұрыс сақталуын жолға қою; жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын және саймандарды, материалдарды, шикі заттарды, отынды, электр қуатын үнемдеп жұмсауды қамтамасыз ету; кәсіпорындарында үлгілі тәртіп, тазалық орнату; кәсіпорындарының бірқалыпты жұмыс істеуін және олардың өндіріс жоспарларын мезгілінде орындауын жөнге салу; технологиялық процестердің тәртібін қатаң сақтау және сапалы, комплектілі етіп өнім шығаруды қамтамасыз ету; жаңа техниканы жетілдіре беру, игеру жөнінде талмай жұмыс істеу; өнімнің өзіндік құнын үнемі төмендете беру, шаруашылық есепті нығайту және ысырапшылдықты жою.

Конференция жұмысшыларды материалдық жағынан көтермелеу және жұмысты жақсы істегені үшін басшыларға сыйлық беру принциптерін дәйекті түрде іс жүзіне асыруды, кәсіпорындарында дара басшылықты нығайтуды және өндіріске техникалық басшылықты жақсартуды талап етті. Өнеркәсіп пен транспортқа партиялық басшылықты жақсарту үшін қалалық, облыстық, өлкелік партия комитеттерінде және одақтас республикалар Компартияларының Орталық Комитеттерінде өнеркәсіптің негізгі салалары мен транспорт жөнінде секретарьлар болуы белгіленді.

Конференция халық шаруашылығының 1941 жылға арналған жоспарын қабылдады, бұл жоспар өткен жылғыдан әлдеқайда көлемді болды. Бұл жоспар елдің қорғанысын күшейте түсуді көздеді.

XVIII партия конференциясының шешімдері халық шаруашылығының барлық салаларының және ең алдымен өнеркәсіп пен транспорттың жаңадан өрлеуіне едәуір қозғау салды.

1941 жылдың алғашқы жартысында өнеркәсіпті өркендетудің ең жоғары қарқыны үшін қатты күрес жүргізілді. 1941 жылдың ортасында СССР өнеркәсібінің жалпы өнімі үшінші бесжылдық жоспардың 1942 жылғы белгілеген дәрежесінің 86 процентіне жетті.

Соғыс қаупі үдей түскен жағдайда партия мен үкімет қорғаныс өнеркәсібін өркендетуге өте зор көңіл бөлді.

Елдің экономикасы жалпы артта қалғандығының салдары революцияға дейінгі Россияның соғыс өнеркәсібінде де бар еді. Ол дамыған капиталистік елдердің соғыс өнеркәсібінен кейін қалған еді. Патшалық Россияның соғыстарда жеңілу себептерінің бірі осыдан болды. Совет өкіметі жағдайды негізінен өзгертіп жіберді. Индустрияландыру негізінде алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің соғыс өнеркәсібінен кем түспейтін жаңа қорғаныс өнеркәсібі жасалды.

Бірінші бесжылдықты орындаудың нәтижесінде СССР-де автомобиль, трактор, танк және авиация өнеркәсібі құрылды. Екінші және үшінші бесжылдықтар кезінде СССР-дің қорғаныс өнеркәсібі жалпы өнімнің өсу қарқыны жағынан өнеркәсіптің басқа салаларынан едәуір алда болды. Үшінші бесжылдықтың үш жылында барлық өнеркәсіптің өнімінің жыл сайынғы өсімі орта есеппен 13 процент, қорғаныс өнеркәсібінде—39 процент болды.

Қорғаныстық маңызы бар кәсіпорындарда ВКП(б) Орталық Комитетінің партия ұйымдастырушылары жұмыс істеді. Олар партия жұмысының жайы үшін тікелей Орталық Комитеттің алдында жауапты болды және Орталық Комитеттен тіке көмек алып отырды. Партия жұмысын өндірістік міндеттерді шешу ісімен дұрыс ұштастыра білетін маман инженерлер мен жақсы ұйымдастырушылар қатарынан партияның көрнекті қызметкерлері Орталық Комитеттің партия ұйымдастырушылары болып тағайындалатын болды.

Шикізатпен, жабдықпен, отынмен, электр қуаты және басқаларымен қамтамасыз етуде қорғаныстық маңызы бар кәсіпорындар ерекше жағдайда болды.

Партияның үздіксіз күш-жігер салып, қорғаныс өнеркәсібі жөнінде тынбастан қамқорлық жасауы арқасында соғыс алдында елімізде едәуір қорғаныс заводтары мен басқа да соғыс өнеркәсіп орындары болды, бұлар соғыс жылдарында танктерді, самолеттерді, зеңбіректер мен ок-дәрілерді және басқа да қаруларды көптеп шығаруға мүмкіндік берді.

Бірақ қорғаныс өнеркәсібін өркендетудегі сөзсіз жетістіктермен қатар, оның жұмысында елеулі кемшіліктер де болды. Соғыс алдындағы жылдарда авиация өнеркәсібі мемлекеттік тапсырмаларды орындауда кейін қалып келді. Қорғаныс өнеркәсібінің кейбір салалары қарудың жаңа түрлерін соғыс алдында ғана көптеп шығаруға кірісті, ал мұның өзі соғыстың бас кезінде Қызыл Армияны ең жаңа техникамен жарақтандыру ісін біраз бөгеді.

Соғыс алдындағы жылдарда Совет мемлекетінің Қарулы Күштері қайта құрылды: территориялық-милициялық принципмен құрылған әскери бөлімшелер мен құрамалар таратылды; Қарулы Күштер тұрақты әскер қатарында міндетті қызмет атқару тәртібіне көшірілді. Армия саны едәуір көбейтілді. Советтік Қарулы Күштердің міндетті қызмет атқару принципі бойынша құрылуы ССР Одағы Жоғарғы Советінің 1939 жылғы сентябрьдегі сессиясында қабылданған «Жалпыға бірдей

әскери міндеттілік туралы» жаңа заңда баянды етілді. Совет мемлекеті өз армиясының капиталистік мемлекеттер армиясына қарағанда нашар болуына жол бере алмады. Социализмнің жеңістерін қорғау ісі, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік жолындағы күрестің табысты болуы көбінесе Совет Одағының және оның Қарулы Күштерінің күші мен қуатына байланысты болды.

### 5. Партияның колхоз құрылысын нығайта беру, ауылшаруашылық өндірісін өркендету жолындағы күресі

Елдің экономикасында өнеркәсіптен кейін ауыл шаруашылығы, ең алдымен колхоз өндірісі өте маңызды орын алды. Бесжылдықтың ішінде халық тұтынуын бір жарым-екі есе арттыруда, әсіресе азық-түлікті молайтуда ауыл шаруашылығы елеулі роль атқаруы тиіс болды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің дами беруіне қажетті шикізат қорын молайту ісі де ауыл шаруашылығының онан әрі өрге бастырылуына байланысты болды.

Бірақ халықаралық жағдайдың шиеленісуі және елге соғыс қаупінің төнуі салдарынан соғыс алдындағы жылдарда ауыл шаруашылығы едәуір қиыншылықтарға кездесті. Мысалы, ауыл шаруашылығын комплексті механикаландыру ісін аяқтау үшін колхоздар мен совхоздар көптеген тракторларға, комбайндарға және басқа ауылшаруашылық машиналарына мұқтаж болды, солай бола тұрса да тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын шығаруға арналған металдың бір бөлегін қорғаныс қажетіне жұмсауға тура келді. Екінші бесжылдыққа қарағанда үшінші бесжылдықтың ішінде трактор өндіру екі есе кеміді.

Бірақ колхоз құрылысы және ауыл шаруашылығын техника жағынан қайта қаруландыру жөнінде партия мен Совет мемлекеті жүргізген жұмыстар тіпті осы қиын жағдайдың өзінде де ауыл шаруашылығының үздіксіз алға баса беруін қамтамасыз етті. 1940 жылы колхоздар бүкіл шаруалар үйінің 96,9 процентін біріктірді. Егістік жердің 99,9 проценті солардың қолында болды. 7 мың МТС колхоздарға қызмет істеді. Елде 4 мыңнан астам совхоз болды. Колхоздар мен совхоздардың егіс даласында 531 мың трактор, 182 мың егін оратын комбайн, 228 мың жүк автомашиналары жұмыс істеді. 1 миллион 400 мың тракторшы, комбайншы мен шоферлер осы орасан зор машина паркінде қызмет істеді.

Колхоз құрылысы партияның үздіксіз көңіл бөліп, күнделікті қамқорлық жасап отыруын талап етті. Колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайту партия ұйымдарының деревнядағы жұмысының аса маңызды міндеті болды. Бірақ колхоз құрылысын нығайту жолдарын қызметкерлердің бәрі бірдей дұрыс түсіне бермеді. Колхозшыларды өз еңбегінің нәтижесіне материалдық жағынан ынталандыру принципі көбінесе еленбей келді, колхоздардың қоғамдық шаруашылығын ұлғайтып, нығайту жөнінде тиісті қамқорлық жасалмады, сұғанақтық, жеке меншікшіл пиғылдарына ымырашылдық жасалды.

Осының бәрі колхоз құрылысындағы көптеген басқа да қателердің негізі болып табылды және колхоз өндірісін дамыту ісіне теріс әсерін тигізді. Колхоз құрылысын нығайтып, өркендете беруді өзінің алдына міндет етіп қоя отырып, партия колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру принципін дәйекті жүргізіп отыруға тиіс болды, қоғамдық шаруашылыққа зиянын тигізіп отырған сұғанақтық, жеке меншікшіл пиғылдарына қарсы барынша қатал күресу керек болды.

Партия ауыл шаруашылығына басшылық етуде колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың партия ұйымдарына сүйенді. Колхоз құрылысының дамуымен қатар колхоздарда партия ұйымдары да өсіп нығайып отырды. 1941 жылдың бас кезінде колхоздарда 62 300 партия ұйымы болды. Колхоз өндірісін дамыту жөнінде олардың жауапкершілігі артты. Партия уставы колхоз партия ұйымдарына колхоз басқар-



маларының жұмысын бақылау правосын берді. Қолхоз партия ұйымдары өздерінің маңына колхоз активін топтастырды, деревняның барлық мәдени күштерін жұмысқа қосты. Деревняда үлкен күш болған комсомолдар да қолхоз құрылысы ісіне қамтылды. Ол кезде олар екі миллионнан астам еді. Комсомол ұйымдары село жастарын колхоздарды нығайту жолындағы күреске бастады.

Соғыс алдындағы жылдарда колхоз құрылысының негізін нығайту жөнінде партия көптеген маңызды шаралар жүргізді. Солардың бірі— колхоздарда жерді пайдаланудағы елеулі бұрмалаушылықты жою болды. 1939 жылдың май айында ВКП(б) Орталық Комитетінің пленумында ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советінің «Қолхоздардың қоғамдық жерлерін талан-таражға салудан қорғау шаралары туралы» қаулысының жобасы қаралып, қабылданды. Бұл қаулыда колхозшылардың үй іргесі жерінің нормалары туралы ауылшаруашылық артелі уставының колхоздарда бұзылуы, үй іргесі жерінің заңсыз көбейтілуі, колхоздардың қоғамдық жерінің талан-таражға салынып жырмалануы сияқты көптеген фактілер атап көрсетілді.

Колхоздардың жерді пайдалану мәселесі қоғамдық мүдделер мен колхозшылардың жеке мүддесін дұрыс ұштастыру мәселесімен тығыз байланысты болды. Үй іргесіндегі учаскелерді уставта көрсетілген нормадан артық кесіп беру колхоздардың қоғамдық шаруашылығын әлсіретуге, колхозшылардың өз шаруашылығын ұлғайта түсуге әкеп соғатын еді. Үй іргесіндегі шаруашылық көмекші шаруашылық сипатын жоғалтып, колхозшы табысының негізгі көзіне айналды. Кейбір колхоздарда үй іргесіндегі учаскелер іс жүзінде колхоз үйінің жеке меншігіне айналып кетті, ол учаскелерді колхозшылар өзінің қалауынша пайдаланатын болды: оны арендаға берді, колхозда істемесе де, үй іргесіндегі учаскені өзінің пайдалануында қалдырып отырды. Колхоздарда көптеген жалған колхозшылар пайда болды, олар колхоздарда мүлде жұмыс істемеді, немесе қарасын ғана көрсетіп, уақытының көбін жеке өзінің көмекші шаруашылығына жұмсады.

Міне мұның бәрі колхоздарда қоғамдық еңбек өнімділігінің өсуіне кедергі жасады, еңбек тәртібін бұзды, колхоз өндірісінің берекесін кетірді. Жұмыс күші шынында артығымен жеткілікті бола тұрса да, көптеген колхоздарда жұмыс күшінің жалған жетіспеушілігі орын алып келді.

Партияның Орталық Комитеті мен үкімет партия және совет ұйымдарын колхоздарда жер пайдалануды тәртіпке салуға шақырды. Колхоздардың қоғамдық жерлері кол сұғылмайтын жер деп жарияланды. Үй іргесіндегі жерлерді колхоздар мен колхозшылардың арендаға беруіне тиым салынды. Сонымен қатар үй іргесіндегі жердің көлемін ауылшаруашылық артелінің уставында белгіленген мөлшерден артық қандай да болсын көбейтуге тиым салынды. Колхозшылардың жеке пайдалануындағы артық жердің барлығы колхоздарға қайтарылуы тиіс болды. Колхозшылардың, жеке шаруалардың және басқа да азаматтардың пайдалануындағы үй іргесіндегі жерлерді өлшеп шығудың нәтижесінде 2,5 миллион гектардан астам артық жер табылды, оның 1,7 миллион гектары қоғамдық, колхоз жеріне қосылды, ал қалғаны колхоздардың орталығы маңындағы үй іргесі жерлерінің қорына берілді. 1939—1940 жылдары 800 мыңнан астам колхозшылардың әр жердегі бытыраңқы үйлері колхоз поселкелері мен колхоздардың орталық усадьбаларына көшірілді. СССР-дің түрлі аудандарында ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне қарай, еңбекке жарамды әрбір колхозшы мен колхозшы әйелдің жыл ішінде табуға тиісті міндетті еңбеккүн мөлшері белгіленді. Осылардың нәтижесінде колхоздардың жер пайдалануы жақсарды, еңбек тәртібі нығайды, жыл ішінде қажетті еңбеккүн мөлшерін тапқан колхозшылардың саны көбейді.

Бұл кезде ауыл шаруашылығындағы елеулі кемшілік — мал шаруашылығының артта қалушылығы болды. 1928 жылдың 1 январында шаруашылықтың барлық категориясы бойынша ірі қара мал саны 60,1 миллион болса, 1939 жылдың 1 январында оның саны 53,5 миллион болды. Мал шаруашылығын көтеруді қамтамасыз етерліктей тиімді шаралар қабылдау қажет болды. Мал шаруашылығының өркендеуі ендігі жерде көбінесе колхоздарда мал фермаларының ұйымдастырылып, ұлғайтылуына байланысты болды. Бірақ бірқатар колхоздарда мал фермалары мүлде болмады, немесе оларда мал өте аз болды. Колхоздарда мал шаруашылығын қалпына келтіру және өркендету шаруашылықтың осы саласында колхоздардың материалдық ынталылығы принципінің қалай жүзеге асырылатынына тікелей байланысты болды.

1939 жылдың июлінде ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі «Колхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша мал шаруашылығын өркендетудегі көтермелеу шарасы болған нәрсе — ет тапсыру колхоз фермаларындағы мал басына қарай есептелмей, колхоздарға бекітіліп берілген жер көлеміне қарай есептелетін болды. Мал басына қарай ет тапсырудың ескі тәртібі жойылды. Бұл шараны жүзеге асырудың нәтижесінде тек 1939 жылдың өзінде ғана колхоздарда 200 мыңға жуық мал фермасы ұйымдастырылды, ал одан бұрынғы өткен 10 жылдың ішінде 347 мың ғана ферма ұйымдастырылған еді. Колхоздарда қоғамдық өнімді мал саны 1939 — 1940 жылдары 15,6 миллионнан 20,1 миллионға дейін өсті.

Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралар колхоздарды нығайта түсті. Өркендеген бір ғана астық шаруашылығы бар колхозға қарағанда мал шаруашылығы бар колхоз шаруашылық жағынан неғұрлым пайдалы колхозға айнала бастады. Осымен бірге ел үшін келелі міндет — мал шаруашылығын өркендету және халықты азық-түлік өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету міндеті шешілді.

Мал шаруашылығы өнімін дайындауды гектар бойынша есептеп тапсыру тәртібі дұрыс болып шықты. 1940 жылдың мартында ВКП(б) Орталық Комитетінің пленумы ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу саясатына өзгерістер енгізу мәселесін талқылап, мемлекетке міндетті тапсырмалардың бәрін гектар бойынша есептеп тапсыруға көшу қажет деп тапты. Осымен тек салынған егінді ғана есептейтін дайындаудың ескі тәртібі жойылды. Бұл тәртіп алдыңғы қатарлы колхоздарды тиімсіз жағдайға қойды, олардың қоғамдық шаруашылықты өркендетуге деген ынталылығына нұқсан келтірді. Енді барлық колхоздардың жағдайы бірдей болды. Дайындаудың жаңа тәртібі колхоздарда егіс көлемінің кеңейтілуіне және ауылшаруашылық өндірісінің барлық бағытта дамуына себеп болды. Бұл тәртіп сонымен бірге колхоз өндірісін төменнен колхоздардың өздері жоспарлауын жақсарту үшін жағдай жасады. Бірақ жоспарлаудың бұл принципі ол кезде толық жүзеге асырылмады.

Екіншілікте социалистік системаның орнығуы ауыл шаруашылығын өркендетуде Совет мемлекетінің жоспарлау реттеу ролін күшейтті. Партия мен Совет өкіметі кейбір дақылдарды және ауыл шаруашылығының тұтас салаларын елдің территориясына неғұрлым дұрыс орналас-тыруға мүмкіндік алды, олардың жалпы халық шаруашылығының қажеттерін өтеу үшін және мемлекеттік мүдделер үшін өркендетілуі керек болған түрлерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік алды. Жоспарлы социалистік ауыл шаруашылығының артықшылығы техникалық дақылдар егісінің көбейтіле түскендігінен айқын көрінді. Техникалық дақылдар егісінің көлемі 1913 жылмен салыстырғанда 1940 жылы екі еседен аса (4,9 миллион гектардан 11,8 миллион гектарға дейін) артты.

Мақта өндіруде зор табыстарға қол жетті. Мақта егілген жер көлемі 1913 жылы 688 мың гектар болса, 1940 жылы 2 миллион 76 мың гектарға жетті. Мақтаның шығымы артты. Шитті мақтаның жалпы түсімі 1913 жылы 744 мың тонна болса, 1940 жылы 2 миллион 237 мың тоннаға жетті. СССР-дің тоқыма өнеркәсібі, сондай-ақ қорғаныс өнеркәсібінде көбіне отандық мақтамен қамтамасыз етілді. Зығыр, күнбағыс, қант қызылшасы сияқты дақылдардың да егіс көлемі артты.

Бұл кезде дәнді дақылдардың елдің оңтүстігінен шығыс аудандарына (Оңтүстік Оралға, Сібірге, Қазақстанға) ауыстырылуы да техникалық дақылдар егісінің көбеюіне көмектесті. Оңтүстік аудандардың жерлері техникалық дақылдар өндіруді ұлғайту үшін босатылып жатты. Елдің шығысында көптеген құнарлы жақсы жерлер болды, оның ішінде жеке шаруа шаруашылығының кезінде жырту мүмкін болмағаны және тыңайған жерлер бар еді. Кейбір жерлерде ауылшаруашылық техникасы молырақ болған колхоздар осы жерлерді игере бастады. ВКП(б) Орталық Комитеті шығыс аудандары СССР-дің ең негізгі астықты аудандарының бірі бола алады және болуға тиіс деп атап көрсетті.

Ауыл шаруашылығының негізі — астық өндіру болып табылатынын, астық шаруашылығын өркендетудің негізінде ауыл шаруашылығын өрге бастырудың қалған барлық міндеттері шешілетінін партия атап көрсетті. Партия, оның жергілікті ұйымдары дәнді дақылдар шығымының мейлінше арттырылуын және астық өндіруде колхоз құрылысының мүмкіндіктеріне сай келетін көрсеткіштерге қол жетуін көздеді. Бұл істе партия, совет ұйымдары үлкен инициатива көрсетті. Жергілікті қызметкерлердің ұсыныстары бойынша және белсене қатысуымен елдің оңтүстік-шығыс аудандарында қуаңшылықпен күресу шараларын, шығыс аудандарда жаңа астық базасын жасау шараларын белгіледі. Украина КП(б) Орталық Комитетінің ұсынысы бойынша 1940 жылдың аяғында ВКП(б) Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлары Советі «Украина ССР-інде ауылшаруашылық дақылдарының шығымын және мал шаруашылығының өнімін арттырғаны үшін колхозшыларға қосымша еңбек ақы төлеу туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы бойынша енгізілген ақы төлеу тәртібі еңбек өнімділігін арттыруға қолайлы жағдай жасады; ақы төлеудің бұл тәртібі кейін де СССР-дің басқа облыстары мен аудандарына да қолданылды.

Партия жүргізген жұмыстардың нәтижесінде колхоздар астық шаруашылығын өркендетуде кейбір табыстарға жетті. Бірақ елде астық проблемасы әлі де шешілген жоқ еді. Артта қалған аудандар мен колхоздар аз емес еді. Бірқатар аудандарда астық шығымы төмен болып келді, мұның өзі астықтың жалпы түсіміне қолайсыз әсерін тигізді. 1913 жылға қарағанда астықтың жалпы түсімі 1940 жылы біраз жоғары болғанмен де елімізде өндіріліп отырған астықтан төрі анағұрлым көп астық керек болды. Бірсыпыра себептерге байланысты астық жөніндегі қажетіміз арта түсті: 1913 жылмен салыстырғанда 1940 жылы қала халқы екі еседен аса өсті; мал шаруашылығының өркендеуі астық өндірісіне тікелей байланысты болды. Мемлекетке астық дайындау мен астық сатып алу мөлшері көп белгіленді, бірақ ол елдің астық жөніндегі барлық қажетін өтей алмады.

Ауыл шаруашылығындағы, ең алдымен дәнді дақылдар өндіруге кемшіліктерге неғұрлым сын көзімен қаралған болса, колхоз құрылысы жағдайында астық шаруашылығы ойдағыдай дамыған болар еді. Егіннің биологиялық шығымы деп аталатын мәліметтер бойынша елде жыл сайын жиналатын астықтың жалпы түсімі жеті миллиард пұттан асты деп саналып келді. Іс жүзінде қоймаға түскені әлдеқайда кем болды. Астық шаруашылығы жөніндегі табысты бұл сияқты асыра бағалау

ауыл шаруашылығында істейтін кадрларды дәнді дақылдардың шығымын арттыра беруге жұмылдырмауы былай тұрсын; қайта оларды тоқмейілдендіріп, жайбарақаттық пиғыл туғызды. Өзін өзі ақтамаған жерлерде егіншіліктің шөптанапты системасымен әуестенушілік дәнді дақылдардың, әсіресе бидайдың егіс көлемін арттыруға белгілі түрде бөгет жасады. Ауыл шаруашылығын жүргізу практикасында жүгері егісінің маңызы жете бағаланбады, ал жүгері егісі сол кездің өзінде-ақ астық қорын едәуір толықтырып, мал шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз еткен болар еді. Ауыл шаруашылығын өркендетудегі басты кемшілік бірқатар жылдар бойы ауылшаруашылық өнімдерін арттыруда колхозшыларды барлық ауылшаруашылық қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандыру принципінің бұзылып келгендігі болды.

Бірақ ауыл шаруашылығындағы осы сияқты кемшіліктер мен қателіктерге қарамастан, партия және оның жергілікті ұйымдары соғыс алдындағы жылдарда халық шаруашылығының осы маңызды саласын едәуір нығайтты. Міне соның нәтижесінде СССР-дің ауыл шаруашылығы соғыс кезіндегі ауыр сындарға төтеп бере алды, армия мен елді азық-түлік пен және шикізатпен керегінше жабдықтауға қабілеті жетті.

#### 6. Еңбекшілердің материалдық және мәдени дәрежесінің көтерілуі. Совет мемлекетінің саяси қуатының күшеюі. Партия қатарының өсуі

Совет қоғамында материалдық өндірістің дамуы бүтіндей халықтың әл-ауқатын арттыруға, социалистік мемлекеттің қуатын нығайтуға бағытталған. Бұл — социализм мен коммунизм құрылысы дәуіріндегі қоғамның экономикалық дамуының заңдылығы. Социализмнің жеңуі және қанаушы таптардың жойылуы жағдайында халық тұрмысының материалдық күші үздіксіз артып отырды, мұның өзі халық табысының өсуінен, жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек ақысының артуынан, колхозды шаруалардың табысының молаюынан, товар айналымының дамуынан, тұрғын үй құрылысының ұлғаюынан, қалалар мен селолардың көркеюінен айқын байқалды. Халық табысы 1937 жылғы 96,3 миллиард сомнан 1940 жылы 128,3 миллиард сомға дейін өсті. Еңбек ақы қоры халық шаруашылығында осы жылдардың ішінде 1,5 есе өсті. Мемлекеттік және кооперативтік бөлшек сауданың товар айналымы 126 миллиардтан 174,5 миллиард сомға дейін ұлғайды.

Колхоздар мен колхозшылардың ақшалай және заттай табыстары молайды. Колхозшылар өздерінің өнімдерін колхоз базарында сатудан едәуір табыс тапты.

СССР халықтарының материалдық әл-ауқатының өсуімен қатар олардың мәдениет дәрежесі де артты. Әлеуметтік-мәдени шараларға мемлекет тарапынан жұмсалған қаржы 1938 жылғымен салыстырғанда 1940 жылы 16 процент артты. 1940 — 1941 оқу жылында бастауыш және орта мектептерде 35 миллионнан астам, жоғары оқу орындарында (сырттан оқитындарды қоса алғанда) 800 мыңнан астам адам оқыды.

Еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесінің үздіксіз жақсара түсуі халықтың барлық топтарын партия мен үкіметтің төңірегіне онан әрі топтастыра түсті. Осы негізде жұмысшы табы мен колхозды шаруалардың одағы онан әрі нығая түсті. Совет мемлекетінің саяси қуаты артты.

Советтік Социалистік мемлекеттің күшінің қуатты негізі рухтандырушы советтік патриотизм болып табылады. Елде партияның өзі нағыз патриоттық күш болып келді. Партияның мақсаты — өзінің халқына, өзінің Отанына үнемі қызмет ету.

Отанға қызмет ету идеясы — коммунистік қоғам орнату жолындағы күреспен тығыз байланысты.

Өз Отанына деген сүйіспеншілік сезім, өз халқына, өз еліне деген мақтан өзінің жеке басының асқан ерлігімен елінің даңқын арттыру — осының бәрі әсіресе социализмнің жеңген жағдайында совет елінде керемет күшті жарыққа шықты. Адам тарихта тұңғыш рет өзінің тағдырына толық қожайынмын деп сезетін Отанға ие болды. Оны қалай сүймессін, оның қалай даңқын арттырмасын! Социалистік Отанды өзінің істерімен нығайта беру, сырттан болатын шабуылдан оны ерлікпен қорғау әрбір совет адамының қасиетті борышы болып келді.

Советтік патриотизм СССР-дің барлық халықтарының ұлттық әдет-ғұрпы мен мақсатын, барлық халықтардың социалистік бірден-бір Отаны болып отырған — Советтік Социалистік Республикалар Одағының — көп ұлтты Совет мемлекетінің ортақ өмір мақсаттарымен берік ұштастырады. Бұл барлық халықтар тең праволы және адамды адамның қанауы жойылған одақтық біртұтас мемлекетке біріккен жана социалистік ұлттардың патриотизмі. Советтік патриотизм пролетарлық интернационализммен берік ұштасқан. Совет адамдарының патриоттық істері мен асқан ерлігі халықтарды ажыратуға емес, олардың арасында достықты нығайтуға, барлық елдердің еңбекшілеріне олардың бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күресіне көмектесуге бағытталған.

Соғыс алдындағы жылдарда совет адамдарының еңбек майданында патриоттық қозғалысы кең өріс алды. Партия мен үкімет бұл халықтық қозғалысты қолдап отырды. 1938 жылы еңбектегі үздіктің ең жоғарғы дәрежесі — Социалистік Еңбек Ері атағы белгіленді және «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медальдары тағайындалды.

Совет адамдарының патриоттық істерінің ерекше өзгешелігі мынада: олар өздерінің ерлік істерімен басқаларды да сол сияқты даңқты істер істеуге баулиды. Мысалы, 1938 жылы атақты тракторист П. Н. Ангелина совет әйелдеріне — «Жүз мың әйел — тракторға мінсін» деген патриоттық шақыру жасады. Оның шақыруына 200 мыңға жуық әйел үн қосты. Мұндай мысалдар өте көп болды.

Совет адамдары өз Отанының даңқы үшін қаһармандық істер жасады. Ледокол «Седовтың» экипажы — 15 батыр-морьяк екі жылдан аса уақыт Солтүстік Мұз мұхитында жүзіп, атақты сапар шекті. В. Чкалов сияқты совет ұшқыштары ұзақ сапарға қонбай ұшып жетіп, өз Отанының даңқын арттырды. Отан үшін көптеген даңқты істер істеген совет полярниктерінің ерекше атағы шықты. Қызыл Армия мен флотта, шекара әскерлерінде жалынды патриоттар тәрбиеленді, олар социалистік Отанның қаһарман қорғаушылары болды. Ленин комсомолы Коммунистік партияның басшылығымен көп мыңдаған батыл, күшті, ержүрек патриоттарды тәрбиелеп шығарды.

Лениндік ұлт саясатының дұрыс жүзеге асырылуы, СССР-дің ұлт республикаларының жанжақты дамуы нәтижесінде СССР-дің қуаты арта түсті. 1936 жылдың декабрінде СССР-дің жана Конституциясы негізінде совет республикаларының закавказьелік федерациясы жойылды. Азербайжан, Армян және Грузин советтік республикалары тікелей СССР құрамына кірді. Қазақ және Қырғыз автономиялы совет республикалары да одақтас республикалар болып қайта құрылды. Қазақ және Қырғыз коммунистік партиялары құрылды. Үшінші бесжылдық тұсында социалистік ұлттардың дамуы барынша алға басты. Бұған одақтас және автономиялы республикалардың өнеркәсібін, ауыл шаруашылығы мен мәдениетін мейлінше дамыта беруге бағытталған Совет мемлекетінің экономикалық, саяси және мәдени шаралары себепкер болды. Украина, Белоруссия, Закавказье мен Орта Азия одақтас рес-

публикалары шаруашылық пен мәдениет дамуында үлкен табыстарға жетті. Тіпті бұрын мейлінше артта қалған халықтардың өзі де елді социалистік индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің игілікті ықпалын сезді. Барлық басқа халықтармен бірге олар да экономикалық және мәдени дамудың ортақ арнасына қосылды. Мұны бірқатар одақтас республикалардың индустриялық дамуының фактілері сипаттады. 1913 жылмен салыстырғанда, ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 1940 жылы Өзбек ССР-інде 7 есе, Қазақ ССР-інде 20 есе, Грузин ССР-інде 27 есе, Қырғыз ССР-інде — 153 есе, Тәжік ССР-інде — 324 есе өсті. Іс жүзіндегі теңсіздікті жоюдың нәтижесінде Совет мемлекетінің күші мен беріктігінің қуатты негізі — СССР халықтарының достығы бұрынғыдан анағұрлым нығая түсті.

Бұл жылдарда жаңа социалистік республикалардың — Литваның, Латвияның, Эстонияның Совет Одағына кіруі, Батыс Украинаның Советтік Украинаға, Батыс Белоруссияның Советтік Белоруссияға және Бессарабияның Советтік Молдавияға қайта қосылуы совет мемлекетінің саяси, экономикалық және қорғаныс қуатының нығаюына және оның халықаралық беделінің арта түсуіне едәуір себепші болды. Бұл республикалар мен облыстардың халықтарының азат халықтардың ұлы семьясы — Совет Одағына кіруі бұл халықтардың тарихи дамуындағы түбірлі бетбұрыс болды.

Жаңа республикалар мен облыстарда совет өкіметі орнауының алғашқы күндерінен бастап-ақ еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға бағытталған әлеуметтік ұлы өзгерістер басталды. Бұл ұлы өзгерістер Украина, Белоруссия, Молдавия, Литва, Латвия, Эстония коммунистік партияларының тікелей басшылығымен жүргізілді. Бұл жөнінде Совет Одағының орталық партия және үкімет органдары оларға нағыз белсенді көмек көрсетіп отырды. Украинаның, Белоруссияның, Молдавияның, Литваның, Латвияның және Эстонияның коммунистік партиялары капиталистік құлдықтан арылып, өздерінде советтік құрылыс орнатқан еңбекшілерді идеялық жағынан тәрбиелеу жөнінде зор жұмыстар жүргізді. Жергілікті халықтардан совет, партия және шаруашылық кадрларын даярлау жөнінде көп жұмыстар жүргізілді. Партия және совет аппараттары нығайтылып, олардың жұмысы жақсара түсті.

Жаңа советтік республикалардың коммунистік ұйымдары өздерінің тілеуі бойынша Бүкілодақтық Коммунистік партияның құрамына қабылданды. 1940 жылдың октябрінде Литваның, Латвияның, Эстонияның коммунистік партиялары ВКП(б) құрамына алынды. Нақ осы кезде Молдавия облыстық партия ұйымы Молдавия Коммунистік партиясы болып қайта құрылды, Бессарабияның коммунистері де осыған кірді. Батыс Украина мен Батыс Белоруссияның коммунистік ұйымдары Украина коммунистік партиясына және Белоруссия Коммунистік партиясына қосылды.

СССР-де социализмнің жеңуі, үшінші бесжылдықтың алғашқы жылдары тапсырмаларының ойдағыдай орындалуы партия тұрмысына ерекше жақсы әсерін тигізді. Партияның халықпен байланысы күшейді, советтік қоғамның таңдаулы, алдыңғы қатардағы адамдары партия қатарына көптеп келді. 1939 жылдың 1 апрелінен 1940 жылдың июніне дейін партияға кандидат болып 1 127 802 адам, партия мүшелігіне — 605 627 адам алынды.

Партияға өткендердің негізгі басым бөлігі жұмысшы табының, колхозшы шаруалар мен интеллигенцияның таңдаулы өкілдері болды. Олар өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісінің озаттары, рационализаторлар мен өнер тапқыштар, ғылым мен техника адамдары, дәрігерлер мен мұғалімдер, мәдениет пен искусство қызметкерлері, инженерлер мен агрономдар, Советтік Қарулы Күштердің жауынгерлері мен командирлері еді.

Жұмысшыларды, шаруаларды және интеллигенцияны партияға қабылдаудың бірыңғай шарттарының белгіленуі, қалалық және аудандық партия комитеттеріне партияға алу туралы мәселені біржола шешу правосының берілуі партия қатарының өсуіне себеп болды. Ал мұның өзі жұмысшылардың, колхозшылар мен интеллигенцияның таңдаулы адамдарын партияға іріктеп алудағы партия органдары мен бастауыш партия ұйымдарының жауапкершілігін бәсеңдеткен жоқ, қайта арттыратүсті. Партияға адамдар көптеп алынған жағдайда оның қатарына лайық емес адамдардың еніп кетуі мүмкін екендігін ұмытуға болмайтын еді. Солай бола тұрса да, бірқатар партия ұйымдарында сан қуу салдарынан партияға адам алудың лениндік принципі бұзылып отырды. Кейде тексерілмеген және лайық емес адамдар алынды. Кейбір қалалық және аудандық партия комитеттерінде, бастауыш партия ұйымдарында партияға адам алу ісінде мұқият тексеріп, барлық жағынан талқылап карамай, көптеген істің бірден үстірт каралуы сияқты зиянды практикаға жол беріліп келді. Мұндай жағдайларда партияға адам алу мәселесін шешу көп реттерде формальді бос тәртіпке айналды.

Көптеген облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері партияға алынушылардың құрамын зерттеу ісімен нашар, жеткіліксіз шұғылданды, партия қатарының өсуін реттеуге қажетті көңіл бөлмеді. Қалалық партия ұйымдарында партияға алынушылар қатарында алдыңғы қатардағы маман жұмысшылар, ал селолық партия ұйымдарында — колхозшылар, тракторшылар мен комбайншылар аз екені жиі кездесіп отырды.

Орталық Комитет партияға адам қабылдағанда жеке іріктеп алу принципін қатаң сақтауды қамтамасыз ететін бірқатар шаралар ұсынды. Сол шаралардың ішіне мыналар кірді: партияға кіруге тілек білдіріп берілген әрбір өтініштің мұқият тексеріліп, зер салына қаралуы, партияға өнеркәсіп орындарында — жетекші маман жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін, селода — колхозшыларды, тракторшыларды, комбайншылар мен интеллигенцияны іріктеп алуға ерекше көңіл бөлінуі талап етілді. Облыстық комитеттер мен өлкелік комитеттер және одақтас республикалардың коммунистік партияларының орталық комитеттері партия ұйымдарының өсуін үнемі бақылап отыруға, партияға алу мәселесін жиі-жиі талқылап отыруға міндетті болды.

Партия ұйымдарына партияның жас мүшелеріне большевиктік тәрбие беруді күшейту, партия мүшелігіне өтуге тілек білдіргендер үшін елеулі сынақ ретінде кандидаттық мерзімнің маңызын арттыру ұсынылды. Партия ұйымдары кандидаттардың саяси және іскерлік қабілетін тексеруді қамтамасыз етуге, партияның программасы, уставы, саясатымен танысуда оларға көмек көрсетіп отыруға міндетті болды.

XVIII съезден кейін партия ұйымдары коммунистерді идеялық-саяси жағынан тәрбиелеу жұмысын күшейтті, партиялық насихат ісін жақсартты. XVIII съездің шешімдері мен Коммунистік партияның тарихын оқып үйрену негізінде партия оқуы өрістетілді. Партияның басшы кадрларын идеялық-теориялық жағынан даярлау ісіне ерекше көңіл бөлінді. Партия қызметкерлерін даярлау үшін мектептер мен курстардың саны көбейді.

Партия тарихын оқып үйрену марксизм-ленинизмнің үздік шығармаларына зор ықыласын туғызды. Осыны ескере отырып, партияның Орталық Комитеті марксизм-ленинизм әдебиеттерін шығаруды едәуір көбейту шараларын қолданды.

Ұлы Отан соғысының қарсаңында партия төрт миллион мүшесі бар қуатты ұйымға айналды. Ол Совет мемлекетінің күллі өмірі мен ісіне басшылық етті, социалистік қоғам орнатуды аяқтап, және бірте-бірте коммунизмге өту жолындағы совет халқының күресін бастады.

## ҚЫСҚАША ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1937 — 1941 жылдар СССР тарихындағы жаңа кезеңнің басталуы, социализм құрылысын аяқтап, бірте-бірте коммунизмге өту кезеңі болды. Бұл кезде халықаралық жағдай капитализмнің жалпы дағдарысының шиеленісе түсуімен, фашистік мемлекеттер тарапынан империалистік агрессияның күшейе түсуімен, екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен, Совет Одағы үшін соғыс қаупінің арта түсуімен сипатталды.

Партия, үкімет және халық социалистік қоғамды нығайтып, дамыта берумен шұғылдана отырып, СССР-дің негізгі экономикалық міндетін шешуге — жан басына азық-түлік өнімін өндіруде жете дамыған капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу міндетін шешуге кірісті. Мұның өзі еліміздің индустриялық қуатының күшеюінен, колхоз құрылысының дамып нығаюынан, СССР халықтарының материалдық және мәдени дәрежесінің артуынан айқын көрінді.

Партия мен Совет мемлекеті соғысты болдырмау үшін мүмкін болғанның бәрін істеді. Совет Одағы фашистік агрессияға бірлесіп тойтарыс беруді ұйымдастыру үшін белсене күрес жүргізді. Алайда бірлесіп тойтарыс беру ісі тек СССР-ге ғана байланысты болып қоймай, сол күреске қосылмаған және Совет Одағын қажетті түрде қолдамаған көптеген басқа мемлекеттерге де байланысты еді. Соғыс қаупі өрши түсуге байланысты партияның, Совет үкіметінің, халықтың алдына елдің қорғанысын нығайту міндеті мейлінше қатты қойылды.

СССР-де социализмнің жеңуі тұрмыстың барлық саласында социализмді баянды етіп, дамытуға бағытталған бүкіл халықтың бұрынсоңды болып көрмеген творчестволық инициативасын тасытты. Партия бұқараның творчестволық белсенділігін бастай отырып, СССР-дің жаңа Конституциясы негізінде советтік демократияны кеңейту жөнінде бірқатар шаралар жүргізді. Советтік социалистік қоғам өмірінің барлық салаларында партияның басшылық ролі де арта түсті.

ЭКП(б)-нің XVIII съезі бұл жылдардағы аса маңызды оқиға болды. Ол социализм жеңген жағдайда коммунистік құрылыстың жаңа міндеттерін белгіледі, партияны топтастырып, барлық совет адамдарын сол міндеттерді орындау күресіне жұмылдырды. Съезд партияның өмірі мен ісіндегі жаңа жағдайға толық сай келетін партия жұмысының ұйымдық жаңа формаларын жасап берді. Партияның XVIII съезі социалистік мемлекеттің маркстік-лениндік теориясының маңызды, зәру проблемаларын дамытты. Съезде совет интеллигенциясы туралы маңызды саяси және теориялық мәселе кең талқыланды. Партияның кадрларды маркстік-лениндік рухта тәрбиелеу жұмысы күшейді.

Партия Совет мемлекетін нығайту жөнінде зор жұмыстар жүргізді. Жұмысшылар мен шаруалардың одағы бұрынғыдан анағұрлым бекіп, нығая түсті, Совет Одағы халықтарының достығы бұрынғыдан да берік беки түсті. СССР-дің батыс шекараларында жаңа советтік республикалардың құрылуы және олардың Совет Одағына кіруі олардың тарихи дамуының жаңа дәуірі болып есептелді және СССР-дің саяси, экономикалық және соғыс қуатының нығаюына жағдай жасады.

Бұл жылдары СССР-де мәдени революцияны жүзеге асыруда орасан зор табыстарға қол жетті, мұның өзі толып жатқан совет интеллигенциясы кадрларының құрылуынан, әсіресе советтік ұлт республикаларында кадрлардың өсуінен айқын көрінді. Еліміздің халықтары арасында бұрын болып келген іс жүзіндегі теңсіздік тұрмыстың түрлі саласында жойылды.



## Қазақстан Магниткасы құрылысында

Қазақ даласының көркі, республикамыздың ғана емес, бүкіл еліміздің мақтанышы, индустрия алыптарының бірі — Қарағанды металлургия заводын салу қызу жүріп жатыр. Мұны республикамыздың еңбекшілері мақтанышпен Қазақстан магниткасы деп атап кетті.

Заводтың құрылысшылар қаласы—республикамыздағы ең жас қала. Бұл қала айналасы үш жылдың ішінде-ақ пайда болды. Бұл социалистік қоғамға ғана тән қарқын. Совет адамдары құлашын міне осылай сермейді!

Болашақ металлургтер қаласының төрт-бес қатар зәулім үйлер тізілген асфальтті кең көшесінің бірі — Металлургтер проспекті деп аталады да, бұған кесе көлденең салынған ортасында гүлді, саялы аллеясы бар көше Құрылысшылар проспекті деп аталады. Металлургтер проспектінің жанынан трамвай жолы салынған, оның бір ұшы алып заводтың өзіне тіреліп жатса, екінші ұшы Теміртаумен жалғасып жатыр.

Алғашқы бесжылдықтарда Магнитогор металлургия комбинаты, Сталинград трактор заводы сияқты алыптарды құрылысшылар шыжыған ыстыққа, қақаған боранға қарамай, палаткаларда тұрып салған еді. Міне енді Қазақстан магниткасын салу осылай зәулім үйлер салудан, кең, әсем, сұлу проспектілер жасаудан басталып отыр. Мұның өзі де біздің өскендігіміздің, қол жеткен табыстарымыздың айғағы.

Кәзірдің өзінде құрылысшылар қаласының отыз мыңнан астам халқы бар, оның 22 мыңдайы құрылысшы. Бұлар Отанымыздың барлық түкпірінен партияның шақыруымен, жүрегіннің әмірімен келген жастар — талапты да талантты ерлер. Олар үшін Қазақстан магниткасы өмір мектебі, өмір жолындағы асулы белес. Жастар қажырлы еңбекпен бірге оқып білім алуда. Бұл үшін оларға барлық жағдай жасалған. Қалада бес кітапхана, жұмысшы жастардың кешкі мектебі бар. Бұл мектепте мыңнан астам құрылысшы жастар орта білім алуда. Оқу комбинатының жұмыс істей бастағанына екі жыл болды. Осы уақыттың ішінде онан 11 мыңнан астам жас әртүрлі мамандық алып, сан алуан құрылыс техникасының тетігін үйреніп шықты. Кешкі құрылыс техникумында кәзір бес жүздей адам оқиды. Құрылысшылар қаласында Қарағанды технологиялық институтының бөлімшесі бар. Онда да жүздеген жастар оқып жүр.

Құрылысшылар қаласы күн санап емес, сағат санап өсіп келеді. Мұнда бір күннің өзінде әлденеше үй бітіп, оған құрылысшылар, болашақ металлургтер кіріп жатады. Екі күннің бірінде магазин, балалар бақшасы, болмаса клуб, аурухана үйі қатарға қосылып, оның ашылу салтанаты болып тұрады. Биылдың өзінде 77 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Таяудағы төрт-бес жылдың ішінде 350 мың шаршы метрдей тұрғын үй салынбақшы, құрылысшылардың, металлургтердің мәдениет сарайы салынады. Жаңа қаланың құрылысшылары биыл «Достық» бақшасын отырғыза бастады. Бұл бақшаның бір шеті шалқыған айдын көлге ұштасып жататын болады. Болашақта ме-

таллургия қаласы мен алып заводтың арасынан орманды жасыл алқап жасалады. Бұл қаланы заводтың шаң-тозаңынан, түтінінен қорғап тұрады.

Қазақстан магниткасының құрылысшылары биыл декабрь айында алғашқы домнаны іске қосып, онан шойын ағызуға бөл байлады. Сондықтан кәзір бүкіл республикамыздың партия, совет орындары, еңбекшілері алып заводтың құрылысына ерекше зейін қойып отыр. Қара металлургияның бұл алыбын салуға бізге еліміздің барлық туысқан халықтары көмектесуде. Отанымыздың барлық түкпірлерінен де сан алуан техника, завод жабдықтарын тиеген эшелондар күндіз-түні ағылып келіп жатады. Кәзір Қарағанды металлургия заводы құрылысшыларының заказдарын Совет Одағының 35 экономикалық ауданының кәсіпорындары зор құрметпен орындап жіберіп жатыр. Мұның өзі еліміздегі халықтардың туысқандық бірлігінің, достық ынтымағының айқын көрінісінің бірі.

Қарағанды металлургия заводының құрылыс алаңына алғаш келген адам алдымен мұндағы сан алуан қуатты машиналардың көптігіне назар аударады. Аспанмен таласқан биік мұнаралы крандардың, адымды экскаваторлардың, қуатты бұрғылау машиналарының, ерсілі-қарсылы ағылған жүк машиналарының гүрілі күндіз-түні бір бәсеңдемейді.

Қазақстан магниткасы кәзір күшті қарқынмен салынып жатыр. Мұндағы құрылыс қарқынын, жұмыс екпінін анығырақ көрсету үшін мынадай бір мысал келтірейік: Қарағанды металлургия заводтарының құрылысында бір күнде, басқа сан алуан құрылыс жұмыстарын есептемегенде, 22 мың текше метр жер қазылып, бір жарым мың текшеметр бетон құйылады. Магнитогорск комбинатын салған кезде бір айда игерілген қаржы Қазақстан магниткасын салуда бір күнде игеріледі, яғни күн сайын екі миллион сомның құрылыс жұмыстары атқарылады. Бір ай мен бір күннің парқынан советтік құрылыс индустриясының қаншалықты адымдап алға кеткенін айқын сезесіз.

Кәзір құрылыс тресінің партия комитеті, Теміртау қалалық партия комитеті барлық күшті бірінші кезекте пайдалануға берілуге тиісті объектілерге жұмылдыруда. Бүкіл саяси жұмыс, үгіт көпшілік жұмысы құрылыс алаңына көшірілген. Барлық жерде құрылысшылардың бүгінгі міндеттерін бейнелейтін транспаранттар ілінген, көрсеткіш тақталары қойылған, құрылыс учаскелері радиоландырылған. Ілінген транспаранттар, үндеулер, көрсеткіш тақталары, жауынгерлік, листоктар мерзімінде ауыстырылып тұрады. Ал егер осылардың өзін жинап қойса, болашақта Қазақстан магниткасының қалай салынғанын көрсететін айқын тарихи документ болып қалар еді.

Бірінші кезекті құрылыстар: бу электр станциясы, кокс батареялары, алғашқы домна. Бұлардың әрқайсысы аса күрделі бірнеше цехтардан тұрады. Мысалы, кокс-химия цехының өзінде 160-тан астам объект бар. Олардың әрқайсысы бір күрделі құрылыс. Осы құрылыстың әрқайсысында кәзір жүздеген адамдар жұмыс істейді. Партия ұйымдары, комсомол ұйымдары құрылыс учаскелерінің, құрылыс бригадаларының, құрылыс трестерінің арасында социалистік жарысты кең өрістеткен.

Соңғы айда жалпы завод құрылысшыларының ішінде домна құрылысшылары алда келеді. Партия комитетінің, құрылыс комитетінің ауыспалы қызыл туы домна құрылысындағы ең озат бригада Михаил Стуков басқаратын бригаданың құрылыс алаңындағы ең көрнекті жерге ілініп қойылған. Бригада коллективі ауыспалы қызыл туды қажырлы еңбекпен жеңіп алды. Желбіреген алқызыл ту алыстан көз тартып, қажырлы еңбекке шақырғандай. Бұл бригаданың мүшелері коммунист-

тік еңбек бригадасы атағын алу үшін күресуде. Олар күндік нормаларын үнемі екі, екі жарым есе артығымен орындайды. Бригада коллективі шинопроводтын, ток реттегіштің, вагон таразысының құрылысын июнь айында бастап, оларды жоспарлаған мерзімінен көп бұрын пайдалануға берді.

Бригада мүшелері жас коммунистер Мухамедзинов Камил, комсомолецтер Борис Семкин, Александр Несветаев, Николай Донков және басқалар қажырлы еңбекте, жарасты тұрмыста, оқып білім алуда басқа құрылысшыларға өнегелі үлгі көрсетіп жүрген жастар. Олардың бәрі де Қазақстан магниткасының құрылысына комсомолдың жолдамасымен келді.

Домна құрылысын металлургия зауытының жүрегі, орталығы деп айтуға болады. Қалғандар — электр станциясы да, кокс батареялары да, басқа құрылыстар да міне осы домнаның мұқтажын өтеу үшін салынып жатыр. Кәзір алғашқы домнаның сыртқы металл қаңқасы, суытқыштары толық құрастырылған, енді пештің ішін отқа төзімді кірпішпен калау, басқа жабдықтар қондыру жұмыстары жүріп жатыр.

Домна пеші аса зор алып самаурынға ұқсайды. Оның биіктігі отыз метр, егер оның сыртындағы қондырғыларды, жабдықтарды қоса санап жетпіс метрге жетеді. Қазақстан магниткасында осындай бірнеше пештер салынады.

Домна құрылысындағы комплексті бригаданың бригадирі Иван Лопатюк жолдас пештің ішінде болатын күрделі химиялық процесті бізге былай деп түсіндірді: домнаның үстінен оған мына біз салып жатқан қалашников көтергіші арқылы белгілі мөлшерде араластырылған руда, әктас және кокс құйылады. Бұл қосындыны шихта деп атайды. Кокс жанып, газ пайда болады, ол газ рудадағы оттегін өзіне қосып алады да металл бөлініп шығады, ол пештің түбіне шөккен сайын жоғары температураны күшімен еріп, өзіне кокстегі көмір тегін және марганецті, кремниді қосып алып, шойынға айналады. Ал рудадағы бос жыныстар және кокстің күлі әктастан қалған кальцидің тотығымен бірігіп, еріп шлак болып шығады.

Құрылысшы бригадирдің домнадағы химиялық процестерді жетік білуі тегін емес екен. Коммунист Лопатюк Отанымыздың мақтанышы болған талай алып құрылыстарды салуға қатынасқан. Ол Қазақстан магниткасының құрылысына Совет Одағының поляк халқына сыйы — Мәдениет сарайының құрылысын бітірген соң келді. Лопатюк жолдас бұған дейін Донбастағы Сталино қаласында соғыс бүлдірген екі домнаны қалпына келтіруде және жанадан екі домна салуда жұмыс істеді. Бұл құрылыстарда да ол құрылысшылар бригадасын басқарды.

Лопатюк жолдас тек шебер құрылысшы ғана емес, қамқоршы, сезімтал тәрбиеші де. Ол домна құрылысы партия ұйымы секретарының орынбасары. Оның ұсынысы бойынша жақында партия ұйымының жиыналысында ауа жылытқыштың, домнаның машина залының құрылысын тездету туралы мәселе талқыланды. Иван Ефимович талай жастарға бетоншы, арматуршы, ағаш ұстасы мамандығын үйретіп, олардың өсуіне, тәжірибе алуына көмектесті. Солардың бірі — Сапар Бейсатов.

Сапар мұнан екі жыл бұрын Қазақстан магниткасының құрылысына Жамбыл депосынан келді. Ол өзінің сүйген мамандығы паровоз машинисін қойып, құрылысшы болды. Өйткені қазақ жастарының арасында Магнитканың құрылысына бару жөнінде патриоттық бастама туған кезде комсомолец Сапар бұл аттаныстан шет қала алмады. Ол комсомолдың жолдамасымен Теміртауға келді. Сапарды Лопатюктің бригадасына жіберді. Жігерлі жас бірден-ақ іскер, талғампаз бригадирдің көзіне түсті, ол оны өз қасына алып, құрылысшы мамандығының бүгешегесіне үйретті. Кешікпей-ақ оған жас құрылысшылар бригадасын басқару сеніп тапсырылды. Міне бүгінгі ұшан-теңіз жерді алып, еңсесі

биік көтеріліп тұрған домна комплексінің бірсыпыра объектілері Сапар бастаған бригаданың қолынан шықты.

Сапарды жақында партия ұйымы таңдаулы құрылысшылардың бірі есебінде партия мүшелігіне кандидат етіп қабылдады. Бұл жиналыста Сапардың коммунист деген атақты жоғары ұстайтынына кепілдеме беріп, оның өсу жолын, жақсы қасиеттерін айтқандардың бірі өзінің ұстазы Иван Лопатюк болды. Сапарды жақында домна құрылысының комсомолдары өз ұйымының секретары етіп сайлады. Магнитка құрылысында еңбегімен танылған, осында қажырлы күрес үстінде өмір тәжірибесін алып, өскен қазақ жастары көп-ақ.

Александр Пшенишников басқаратын монтажшылар бригадасында қазақтың жас қызы Рахима Әжібаева жұмыс істейді. Көп жастар сияқты оның да өмір тарихы, өмірге өз бетімен жасаған алғашқы қадамы осы алып құрылыстан, үлкен істен басталады. Оның алдында үлкен болашағы бар. Рахиманың жасы он тоғызда ғана, Алматы облысында орта мектепті бітіргеннен кейін өзі талаптанып, комсомолдың жолдамасымен осында келді. Талапты ерге нұр жауар дейді, халық. Рахима кәзір аспанмен таласқан мұнаралы крандардың бірін басқарады. Рахима ауылдағы құрбы-құрдастарына, туыстарына осындай алып машинаның тетігін меңгергенін мақтанышпен жазады. Домна пешіне, оның жанындағы үш каупер және басқа көптеген құрылыстарға қаланған әртүрлі материалдарды 50 — 60 метр биіктікке көтеріп алып берген Рахиманың краны. Кранның басқару кабинетіне шыққанда тілегей-теңіз болып жатқан құрылыс алаңы оның аяқ астында ашса алақанында, жұмса жұмырығында сияқты болып көрінеді. Міне осы кезде оның өзі де бір минут қиял қанатына отырып шалықтайды.

Домна құрылысында кәзір техникалық монтаж учаскесінің құрылысшылары, үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Олар қысқа мерзімнің ішінде домнаға әртүрлі техникалық су және пармен суыту жүйесіне екі километрден артық трубалар жүргізді, сонымен бірге газ жүйесін жасады. Бұл жұмыстарда Владимир Поделуевтің бригадасы жақсы еңбек үлгісін көрсетуде. Партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумының құрметіндегі социалистік жарыста слесарьлар Иноземцев, Подшивалин, Красников, электросварщиктер Зусь, Власов және басқа жолдастар жақсы табысқа жетті. Техникалық монтаж учаскесінің құрылысшылары июнь айының тапсырмасын мерзімінен он күн бұрын орындады.

Қарағанды металлургия заводының домна пештері Отандық ғылым мен техниканың ең соңғы жаңалықтары негізінде салынып жатыр. Мұнда өндіріс жұмыстарын толық автоматтандыру және механикаландыру арқылы ең жоғарғы көрсеткіштерге жетуге болады, шойын қорытудың неғұрлым жетілдірілген технологиясы пайдаланылмақ. Кәзіргі заводтардағы домналардың көпшілігі газдың қысымы бір атмосферадан жоғары болмайтын жағдайда жұмыс істейді, ал Қазақстан магниткасының пештері 1,5 атмосфераға есептеліп салынып жатыр. Былай қарағанда айырмасы аз сияқты. Осының өзі домна пешінің қуатын арттырып, шойын қорытуды барынша шапшандатады.

Әдетте домна өндірісінің қуатын, оның техникалық дәрежесін, онда істейтін әрбір жұмысшыға шаққанда жылына қанша шойын бере алатынына қарай бағалайды. Қарағанды металлургия заводында әрбір жұмысшы жылына он бір мың тонна шойын қорытақшы. Бұл өте жоғары дәреже. Ал кәзір Америка Құрама Штаттарында ең қуатты деген заводтардың өзінде жылына әрбір жұмысшыға жеті мың тоннадай ғана шойын қорытылады.

Домна пешінің отыны кокс. Шойын қорыту үшін жоғары сапалы кокс керек. Домнаның өнімділігі ең алдымен кокстің сапасына байланысты.

Қазақстан магниткасында жоғары сапалы кокс алу үшін бірнеше батареясы бар, кокс-химия комплексі салынууда. Бұл заводтың ең ірі пехы болады. Оның көлемі жүз гектардай жерді алып жатыр. Құрылысшылар биылғы жылдың аяғына дейін екі кокс батареясын қатарға қосып, алғашқы домна үшін кокс бермекші. Кәзір бұл объектілерде құрылыс жұмыстары қызу қарқынмен жүріп жатыр. Бірінші кокс батареясының пеші аяқталып келеді, екінші батареяда пеш қалау қызу жүріп жатыр. Кірпіш қалауда Ткачев, Миронов, Салабая жолдастар бастаған звенолар алда келеді. Осы екі батареяны мерзімінде қатарға қосу үшін күніне 180 тонна отқа төзімді кірпіш қалау керек екенін әрбір жұмысшы жақсы біледі.

Бұған дейін кокс-химия құрылысы Қазақстан магниткасы құрылысындағы нағыз осал учаске болды. Соңғы кезде партия комитетінде, кокс-химия құрылысының партия ұйымында құрылыс жұмыстарының қарқынын тездету және құрылысшылар арасында жарысты өрістетіп, олардың алған міндеттемелерінің орындауын камтамасыз ету туралы мәселе екі рет қаралып, кемшіліктерді жоюдың шаралары белгіленді. Партия комитеті бұл құрылысқа тағы да бір топ коммунистерді жіберді. Кәзір кокс батареяларының құрылысында 49 коммунист жұмыс істейді. Партия мүшесі бетоншы Петр Томилин, коммунист Александр Мугу бастаған комплексті бригада, кокс батареяларына баратын көмір эстакадаларын салуда прораб Алексей Уваров басқаратын учаскенің құрылысшылары құрылыс жұмыстарының қарқынын күннен-күнге арттыра түсіп, күндік нормаларын артығымен орындауда.

Кокс батареяларын салуда да жүздеген жастар жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы өз ісін, өз мамандығын мақтаныш етеді. Мысалы, көптеген жігерлі жастардың бірі — озат кірпіш қалаушы Тотия Шагиваны алайық. Ол да көптеген жастар сияқты партияның Орталық Комитеті июнь Пленумының совет халқын коммунизмнің салтанаты жолында қажырлы еңбекке шақырған үндеуіне жауап ретінде өзінің жетіжылдық жоспарын бес жылда орындауға міндеттеме алды.

Тотия Қазақстан магниткасына Орал қаласынан бір топ құрбы-құрдастарымен бірге келді. Алғаш Тотия көп қиыншылықтарға кездесті. Кәзір ол қиыншылықтардың бәрін жеңді. Құрылысшы деген құрметті мамандықты толық меңгерді. Тотияға алғаш келгеннен бастап әкелік қамқорлық көрсеткен, оны қанаттандырып, баулыған адамның бірі — республикамыздың атақты құрылысшысы Үкен Тұрмағамбетов болды. Ол Тотияға өз тәжірибесін үйретумен бірге оны өмірге үйретті, нағыз жұмысшы адам етіп тәрбиелеп шығарды.

Кәзір Тотияны магнитка құрылысында жұрттың бәрі біледі. Ол озат құрылысшылардың бірі, қоғам жұмысына белсене қатынасады, көркемөнерпаздар үйірмесінің гүлі. Тотияны Магнитка құрылысшылары еліміздің кәсіподақтарының XII съезіне делегат етіп жіберді. Ол кәзір Бүкілодақтық кәсіподақтар советінің мүшесі. Міне еңбегі жанды деген осы. Тотияны ер атандырған, елге танытқан оның қажырлы еңбегі.

Атақты құрылысшы қыздың ендігі алдына қойып жүрген мақсаты металлург болу. Тотия сөз жоқ бұл мақсатына да жетеді.

Тотия Үкен Тұрмағамбетовтың жүздеген шәкірттерінің біреуі ғана. Соңғы жиырма жылдың ішінде Орталық Қазақстанда көптеген өнеркәсіп орындары салынды. Үкен міне сол құрылыстардың бәріне де қатысты. Ол Балқаш мыс қорыту заводын, оның руда кені Қоңыратты салуға бірінші болып барған патриоттардың қатарында болды, Теміртау металлургия заводын салуға қатынасты. Үкен Тұрмағамбетов Магнитканың құрылысына да бірінші болып келгендердің бірі. Оған мұнда қиын да құрметті тапсырма берілді. Ол — жастарды құрылысшы мамандығына үйрету. Міне сонан бері озат еңбек әдісінің нұсқаушысын үскірік аязда, жұлқыған боранда, шыжыған ыстықта болсын біресе

домна пешінің, біресе кокс батареясының, біресе электр станциясының құрылысынан көресің.

Қазақстан магниткасының кокс батареялары ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктері негізінде салынып жатыр. Кәзір еліміздегі барлық кокс батареяларында кокс сумен сөндіріледі. Жанып тұрған кокске су тигеннен кейін көмір кесектерінің сырты жарылып, сапасы нашарлайды. Міне бұл жағдайды болдырмау үшін Қазақстан магниткасында коксті бұмен сөндіру әдісі алғаш рет қолданылады. Бұл әдіс кокстің сапасын жақсартумен бірге коксті сөндіру тұсында жиналған қызған буды өндірістік мұқтаждарға пайдалануға мүмкіндік береді.

Қарағанды металлургия заводы Магнитогор комбинаты сияқты металлургия алыштарының бірі болады. Мұнда домна пештерінен шыққан шойын ыстық күйінде механикалық әдістермен болат қорытатын мартен пештеріне, конвертерлерге құйылады.

Қазақстан магниткасындағы болат өндірісінің техникалық дәрежесін көрсету үшін мынандай бір мысал келтірсе де жеткілікті: мұнда жылына әрбір жұмысшыға шаққанда мыңдаған тонна болат өндірілетін болады, ал Америка Құрама Штаттарының ең жоғары техникалы деген заводтарының өзінде бір жұмысшыға өндірілетін болат үш мың тоннадан аспайды.

Қазақстан магниткасында болатты қолдануға икемді етіп шығаратын прокат цехтары да болады. Бұл цехтарға болат құймаларын жеткізу, онда оларды өңдеу жұмыстары бастан-аяқ механикаланып, автоматтанады.

Заводтың құрылысы кәзір қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Алғашқы домна биыл декабрьде шойын бере бастайды. Кәзірдің өзінде заводтың кейбір цехтары жұмыс істеп, өнім бере бастады. Жақында бу электр станциясының алғашқы турбинасы іске қосылады, оттегі цехы өнім шығаруда.

Қарағанды металлургия заводының басқармасы құрылған. Ол құрылыс жұмыстарының сапасына бақылау жасаумен бірге, олардан біткен объектілерді қабылдап алып отырады. Кәзір оттегі цехы, бу электр станциясының алғашқы турбинасы завод басқармасына тапсырылды. Завод басқармасы болашақ металлургтерді, инженер-техник қызметкерлерді қабылдап, олардың мамандығын арттыру жолында жұмыс жүргізуде.

Қазақстан магниткасына келіп жұмыс істеп, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау күресіне игілікті үлес қосуды республикамыздың жастары өздерінің құрметті де абыройлы міндеті деп санайды. Металлург болуға тілек білдірген қазақ жастарының алғашқы тобы—бес жүз жас жігіттер мен қыздарды завод басқармасы Орал мен Сібірдің металлургия заводтарына үйреніп, тәжірибе алуға жіберді.

Қазақстан магниткасының құрылысшылары партия Орталық Комитеті июнь Пленумының Совет Одағының жұмысшыларын, колхозшыларын, совет интеллигенциясын, барлық еңбекшілерін ерлік еңбекпен коммунизмнің сәулетті сарайын орнатуға шақырған үндеуін зор қуанышпен қарсы алды. Олар жаңа техниканы тиімді пайдаланып, құрылыс жұмыстарының қарқынын арттыра отырып, жетіжылдық жоспарын—металлургия алыбының құрылысын мерзімінен бұрын аяқтайды.

Әлі-ақ, Қазақстан магниткасының домналары мен мартендері Отанымыздың игілігі үшін шойын мен болаттың бұлағын ағызады, қазақ металлургтерінің жас қаласы қанатын кең жайып, республикамыздың көркіне айналады.

Қ. ӘБІЛДАЕВ.

# Мал шаруашылығын өркендету күресінде

А. ЫСМАЙЫЛОВ,

*Қазақстан КП Луговой аудандық комитетінің секретары*

Партияның ХХІ съезі белгілеп берген елімізде коммунистік құрылысты кең өрістете жүргізудің міндеттері ауыл шаруашылығының барлық саласын да күшті қарқынмен өркендетіп, жетіжылдықта халықтың азық-түлік, жеңіл өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажетін толық қанағаттандыру мақсатын көздеп отыр.

Бұл міндетті мерзімінен бұрын орындап шығу ісіне лайықты үлес қосуға біздің ауданның колхоздары мен совхоздарында да бай мүмкіндіктер бар. Олар әсіресе соңғы жылдары үкімет пен партияның қамқорлығы арқасында өсіп нығайып, көп салалы мол өнімді шаруашылықтарға айналды. Оны мынадан да көруге болады. Егер 1953 жылы аудан колхоздарының жылдық табысы 12 миллион 856 мың сом болса, 1958 жылы ол 97 миллион 700 мың сомға жетті. Өткен жылы колхозшылардың әрбір еңбеккүніне орта есеппен 11 сомнан ақша, 1,5 килограмнан астық берілді. Ал, артельдердің бөлінбейтін қоры 47 миллионнан 63 миллион сомға дейін көбейді. Бөлінбейтін қор артельдің экономикасы мен мәдениетін гүлдендіре берудің берік тірегі емес пе. «Большевик», Сталин атындағы колхоздарда бөлінбейтін қор 13 — 14 миллион сомға жетіп отыр.

Мұндай табыстарға колхоздар мен совхоздар партия ұйымдарының басшылығымен шаруашылықты өркендетудің қосымша мүмкіндіктерін ашып, пайдалану арқылы жетті. Біз тың игерген өлке емеспіз. Соның өзінде біздің ауданда соңғы 3 — 4 жылдың ішінде бұрын пайдаланылмай жатқан 76 мың гектар тың игеріліп, астық өндіру молайтылды. Осының нәтижесінде қоғамдық мал шаруашылығы өркендетіліп, оның өнімділігі арта түсуіне жағдай туғызылды. Ауданымызда жаңадан «Подгорный», «Қорағаты» астық совхоздары және «Мақдал» мал бордақылау совхозы құрылды. Бұлар мындаған гектар тың және тыңайған жер игерді. Сондай-ақ бұл совхоздар мал шаруашылығын өркендету ісімен де мықтап шұғылдануда.

Біздің аудан егіншілік пен мал шаруашылығы жөнінде облыста алдыңғы орынның бірін алады. Егіс көлемі 1953 жылғыдан 3 еседен астам артып, 160 мың гектарға жетті. Сонымен қатар мал басы едәуір өсті. Қазір ауданның колхоздары мен совхоздарында 359 мыңнан аса қой-ешкі, 17,8 мыңнан аса ірі қара, 8 мыңнан аса жылқы, 3,4 мыңнан аса шошқа, 80 мың құс және 5 мыңға жуық үй қояны бар. Тек 1958 жылдың өзінде ғана қой саны 15,6 процент, ірі қара мал 5 процент көбейді. Мал санының өсуімен бірге оның өнімділігі де едәуір артты. 1953 жылға қарағанда өткен жылы мемлекетке ет 1,5 есе, сүт — 2,6 есе, жұмыртқа — 1,9 есе артық сатылды. Егер 1955 жылы әрбір қойдан 1,3 килограмнан жүн, әр сауын сиырдан 642 литрден сүт алынса, өткен жылы әр қойдан 3,4 килограмнан жүн, әр сиырдан 1837 килограмнан сүт алынды, етке тапсырылған қара малдың тірідей салмағы орта есеппен 326 килограмнан, қойдың салмағы 56 килограмнан айналды.

Қазір партия ұйымдары, аудандық партия комитеті аудан еңбекшілерінің қол жеткен осы табыстарын баянды ете отырып, мал шаруа

шылығын онан әрі өркендете берудің қосымша мүмкіндіктерін қарастыруда. Біздің мал өсірушілер партияның тарихи ХХІ съезінің шешімдерін талқылай отырып, еліміздегі коммунизм құрылысына лайықты үлес қосу мақсатымен жетіжылдықтың ақырына дейін ауданда қой санын 800 мыңға жеткізіп, әр қойдан 4 килограмнан биязы жүн алуға, әр сиырдан сауылатын сүтті 2 500 литрге дейін жеткізуге, ет өндіруді өткен жылғыдан 2,9 есе арттыруға міндеттеме алды.

Аудан еңбекшілері бұл міндеттемені мерзімінен бұрын орындауға бел байлап отыр. Оған барлық мүмкіндік бар. Мысалы, «Қызыл шаруа», Сталин атындағы колхоздар бұдан 3—4 жыл бұрын экономика жағынан әлсіз колхоздар еді. Аудандық партия комитеті ондағы партия ұйымдарының жұмысын жақсарту, коммунистердің ынта-жігерін арттыру арқылы осы колхоздардың экономикасын терең зерттеді, оның артта қалған себептерін ашты. Кемшіліктерді жою үшін коммунистер колхоз өндірісінің аса маңызды учаскелеріне бекітілді.

Мұнда партия ұйымындағы 33 коммунистен 17 адам мал фермаларында шопан, бақташы, ферма менгерушісі болып істейді. Тек өткен жылдың өзінде ғана мал шаруашылығына 7 коммунист жіберілді. Партия ұйымы мал шаруашылығын өркендетудің түйінді мәселелерін мезгіл-мезгіл талқылап шешіп отырады. Коммунистер кемшіліктерді қатаң сынға алып, қабылданған қаулылардың орындалуын қадағалап тексереді. Осының нәтижесінде артель мал өсірушілері алған міндеттемелерін үнемі орындап келеді. Колхоз қойының бәрі биязы жүнді. Кәзір колхозда 45 мыңнан аса қой болса, оны артель мал өсірушілері осы жетіжылдықта 70 мыңға жеткізбекші. Былтыр колхоз бойынша әр қойдан қырқылған жүн 3,9 килограмнан айналды. Тек мемлекетке жүн сатудың өзінен колхозға 7 миллион 375 мың сом табыс түсті, артельдің жылдық табысы 13 миллион сомға жуықтады. Өткен жылы колхозшылардың әр еңбеккүніне 15 сомнан ақша берілді.

Ленин атындағы совхоздың (директоры Маякин, партия ұйымының секретары Ауғанбаев, бас зоотехнигі Поликарпов жолдастар) коллективі де қой шаруашылығын өркендетуде ерекше қажырлылықпен жұмыс істеп отыр. Совхозда соңғы 3—4 жыл бойы қой қыста қоздатылып келеді. Биылғы қыста 8 500-дей қой қоздатылды. Совхозда кәзір қоздаған әр жүз саулықтан 113-тен қозы алынды. Коммунист шопандар Байбатыров, Оспанов жолдастар қыста қоздаған әр 100 саулықтан 120—125 қозыдан алып, аман өсіруде.

Совхоз мамандары, қатардағы мал өсірушілер шаруашылықты өркендете беруге, оның пайдалылығын арттыра беруге ерекше қамқорлық жасайды. Осының нәтижесінде өткен жылы совхозда өндірілген астықтың, сондай-ақ мал өнімдерінің — жүннің, еттің, сүттің түсер құны жоғары мөлшерден едәуір төмен болды. Үнемшілдік жолындағы күрес биыл да қызу жүріп жатыр. Егер өткен шаруашылық жылында совхоз 2,3 миллион сом таза пайда алған болса, биыл мұндай пайданың мөлшерін 1,5 есе арттыру мақсаты көзделіп отыр.

Аудан еңбекшілерінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі алған міндеттемелерінің орындалуын ұйымдастыру ісінде елеулі кемшіліктер де болды. Біздің өңірде биылғы көктем ерекше қатал болды, қой отарларын қысқы жайылымнан төл алынатын көктеуге көшіру кезінде қарлы боран соғып, бірсыпыра шаруашылықтарда төл шығыны, малдың іш тастауы едәуір орын алды. Егер партия ұйымдары, аудандық партия комитеті осы сияқты кездейсоқ оқиғаның болуы мүмкін екенін күн ілгері ескеріп, тиісті әзірлік жасағанда, төл шығынына жол бермеуге болатын еді. Төл шығыны болуының салдарынан біздің ауданның шопандары биыл қозыны өткен жылғыдан кем алды.

Ал, мал төлдетуге жақсы әзірлік жасалған жерде төл шығыны мейлінше болды. Абай атындағы артельдің партия ұйымы (секретары



Әлімқұлов жолдас) мал қыстату, төл алу науқанын жақсы ұйымдастырды. Коммунистердің көпшілігі мал фермаларында жұмыс істейді, олар қажырлы еңбектің үлгісін көрсетумен бірге малшылар арасында саяси-көпшілік, ұйымдастыру жұмысын жүргізеді. Міне осының нәтижесінде бұл артельде төл шығыны өте аз болды. Шопан Досаев Назар әрбір жүз саулықтан 137 қозы алып, аман өсіріп келеді, ол әр қойдан 3,7 килограмнан жүн қырықты.

Сол сияқты кейбір озат фермалар, озат шопандар да көктемнің қандай қиын болғанына қарамай, төл шығынына жол бермеді. Мысалы, Сталин атындағы колхозда Айтжанов жолдас басқарған фермада 15 мыңнан астам саулықтан алынған төлдің бірде-бірі шығын болған жоқ. Әрбір қойдан 3,6 килограмнан жүн алынды. Сол сияқты Ленин совхозының шопаны Оспанов Шұлғаубай да әрбір 100 қойдан 103-тен қозы алды, 4 килограмнан жүн қырықты. Мұндай ерлік көрсеткен шопандар көп-ақ.

Аудандық партия комитеті мал шаруашылығын өркендетуде болған жоғарыдағы кемшіліктерді бюро мәжілістерінде, пленумдарда қарап, ол кемшіліктерді жоюдың, мал шаруашылығын өркендетуде алған міндеттемелерді орындаудың нақты шараларын белгіледі. Қысыр қалған және іш тастаған саулықтарды бөліп бағып, одан күзде қозы алудың мүмкіндігін қарастыру, саулықтарды етке және басқа қажеттерге жұмсаудан сақтау, колхозшылардан, қызметкерлерден олардың басы артық малын сатып алу шараларын жүзеге асырып жатырмыз.

Кәзір біздің ауданның колхоздары мен совхоздары қойды, жылқыны, бойдақ қара малды жайлауға шығарды. Малды жайлауға шығару алдында июнь айының ортасында алдыңғы қатарлы шопандардың мәслихаты болып өтті. Онда мал қыстатудың, төл алудың, жүн қыркудың қорытындылары және алған міндеттемелерді орындаудың барысы талқыланды. Қыстан малдың 98 — 100 процентін аман алып шыққан, жүз саулықтан 100-ден артық қозы алған, әр қойдан 3,5 килограмнан аса жүн қырыққан және етке қойды 60—70 килограмм етіп тапсырған шопандарға бағалы сыйлықтар тапсырылды.

Сол сияқты жақында товарлы-сүт фермалары қызметкерлерінің де кеңесін өткіздік. Бұл кеңесте озат сауыншылар, бакташылар өзара тәжірибе ауысты. Мал шаруашылығындағы озат тәжірибені таратуда партия ұйымдарына аудандық «Социалистік еңбек» газеті де елеулі көмек көрсетіп келеді. Газет арқылы Ленин атындағы колхоздың биыл әрбір жүз саулықтан 126 қозы алған жас шопаны коммунист Сермұқан Орақбаевтың, Луговой совхозының әр мегежіннен 13 торай алған шошқа барушысы Сафонованың және көптеген озат мал өсірушілердің іс тәжірибелері туралы арнаулы бет ұйымдастырылып, олар кенінен насихатталды.

Декабрь Пленумының (1958 жыл) қаулысын талқылай отырып, ауданымыздың еңбекшілері биыл мемлекетке — 78 мың центнер, яғни өткен жылғыдан 2,6 есе көп ет сатуға міндеттенген болатын. Кәзір аудан колхоздары мен совхоздары биылғы жарты жылдың жоспарын 1-июньге дейін 138,2 процент орындады.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендете беру үшін, оның өнімділігін арттыру үшін жемшөп қорының, жайылымдардың, жылы қоралардың жеткілікті болуы шарт. Бұл жөнінде біздің колхоздар мен совхоздар бірсыпыра елеулі жұмыстар істеді. Сусамыр жайлауы — малға өте қолайлы жазғы жайылым. Оған жыл сайын 160 — 170 мың қой, 4—4,5 мыңдай жылқы, 3 мыңнан астам сиыр шығарылады.

Қоғамдық мал шаруашылығының өсу қарқыны жайылымдарды кеңейте беруді, жана жайылымдарды игеруді талап етіп отыр. Сондықтан

аудан колхоз, совхоздары келесі жылдан бастап Сарыарқа жайылымын кеңінен игеруге кіріспекші. Сөйтіп, онда семіртілген мал негізінен сол жердің өзінде етке тапсырылатын болады.

Біздің ауданда биыл табиғи шабындықтардың шығымы нашар, сондықтан біз екпе шөптердің көлемін ұлғайтып, соның есебінен малға тұрақты жемшөп базасын жасау мақсатын көздеп отырмыз. 1953 жылы екпе шөптің көлемі 14 013 гектар болса, ал биыл көпжылдық жоңышқаның өзі 24 585 гектарға жеткізілді. Мұның үстіне биыл 10 мың гектардан астам судан шөбі егілді. Колхоздар мен совхоздар Мойынқұмдағы жайылымдарға жоңышқа егіп, онан көк шөп ала бастады. Бұған дейін шөлейт құмға жоңышқа шықпайды деп есептеліп келген болатын. Құмға тәлімі жоңышқа егу жөніндегі біздің тәжірибемізді кәзір облыстың басқа аудандары да қолдана бастады.

Қоғамдық малға берік жемшөп қорын жасаудың сенімді тірегінің бірі — жүгері егісі екенін біздің мал өсірушілер жақсы біледі. Биыл ауданның колхоздары мен совхоздарында мал азығына арналып 7 250 гектар жүгері егілді. Бұл жоспардан, алған міндеттемеден едәуір көп. Биыл осының негізінде 69 мың тонна сүрлем әзірленеді, сонда бұл сүрлем әрбір сауын сиырға 10 тоннадан келетін болады.

Мал шаруашылығын шапшаң өркендетуге жағдай жасайтын тағы бір шарт — мал басының бәріне жеткілікті жылы қора болу керек. Сонда ғана малды қақаған қыстың, құбылмалы көктемнің кездейсоқ кәріне ұшыратпауға болады. Колхоздар мен совхоздар биыл бүкіл қоғамдық малды жылы қорамен қамтамасыз етуге ұйғарды. Кәзір барлық шаруашылықта құрылыс бригадалары құрылған. Олар ескі қораларды жөндеумен бірге жаңа стандартты қоралар салып жатыр.

Жақында аудандық партия комитетінің пленумы мал өсірушілердің алған міндеттемелерінің орындалу барысы және саяси-үгіт, идеологиялық жұмыстардың жайы, оны жақсарту шаралары туралы мәселе талқылады. Пленумға ферма меңгерушілері, мал мамандары да қатысты. Пленумда мал шаруашылығына басшылық ісіндегі кемшіліктер ашылды. Бізде әлі де болса ферма меңгерушілерінің, бригадирлердің көпшілігінің мамандығы жоқ, білімі төмен. Сол сияқты мал фермаларында шопан, бақташы, сауыншы болып істейтін коммунистер, комсомолецтер аз. Міне пленум аудан коммунистерін, партия ұйымдарын мал шаруашылығын ұйымдастырудағы осы кемшіліктерді жедел түзетуге міндеттеді.

Ауданның партия ұйымдары коммунистерді, комсомолецтерді, колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын, мамандарды мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жетіжылдық жоспарда белгіленген күрделі міндеттерді орындауға жұмылдырып, ішкі мүмкіндіктердің бәрін іске қосу үшін күреседі. Бұл үшін партия ұйымдары қалың бұқара арасындағы саяси көпшілік және ұйымдастыру жұмыстарын жаңа міндеттерге сай жүргізіп, еңбекшілердің барлық ынта-жігерін партияның ХХІ съезінің алға қойған міндеттерді абыроймен орындауға жұмылдырады.

## Жемшөп мол болады

Алматы облысының еңбеккерлері Совет Одағы Коммунистік партиясының декабрь Пленумының және тарихи ХХІ съезінің қорытындыларына байланысты ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және мемлекетке сату жөнінде көтеріңкі жаңа міндеттемелер қабылдады. Мысалы, 1959 жылы Алматы облысы мемлекетке 115 мың тонна ет сатуға тиіс. Бұл 1958 жылғыдан 2 есе артық.

Ет өндіруді осылай шұғыл арттыру үшін мал басын едәуір көбейту және мал шаруашылығының мәдениетін шұғыл көтеру керек болады. Сондай-ақ малды азықтандыруды мықтап жақсарту міндет. Осыған байланысты колхоздар мен совхоздарда жемшөпті мейлінше мол дайындау міндеті алға қойылады. Өйткені мол мөлшерде ет өндіру және оны мемлекетке сату жөніндегі социалистік міндеттемені орындау үшін малды жоғары сапалы, құнарлы жемшөппен азықтандыру керек болады.

Мал басын көбейту, мемлекетке ет сату жөніндегі міндеттемені орындау күресінің бірінші кезеңінде едәуір табысқа жеттік. Облыстың колхоздары мен совхоздары 5 айдың ішінде ет сатудың жарты жылдық жоспарын асыра орындады. Былтырғы осы мерзіммен салыстырғанда 10 июньге дейін 131,7 мың центнер ет мемлекетке артық сатылды. Колхоздарда қой саны 30,5 процент, ірі қара мал 21,4 процент, шошқа 6 процент, жылқы 8 процент көбейді. Құс саны екі есе өсті.

Мал шаруашылығы саласындағы міндеттемені орындаудың шешуші кезеңі туды. Колхоздар мен совхоздар малды жайып семірту, бордақылау жолында едәуір шараларды жүзеге асыруда, пішен дайындау кең өрістетілуде. Биыл облысымыздың колхоздары мен совхоздары 1 301 мың тонна шөп, 1 965 мың тонна сүрлем және 229 мың тонна сабан дайындауға тиіс. Осы мөлшерде жемшөп әзірлеп алу үшін 325 мың гектар табиғи және екпе шабындықтар, ал сүрлем-салу үшін табиғи шабындықтармен қатар 83 мың гектар жүгері егісі де пайдаланылады. Колхоздар мен совхоздар жемшөп дайындаудың осы зор жоспарын орындауды қамтамасыз етуі үшін қолда бар барлық мүмкіндіктерді сарқа пайдалану қажет болады. Биыл облыстың колхоздары мен совхоздарында көпжылдық шөп егісінің көлемі едәуір ұлғайтылған еді. Осы шөптердің бірінші рет шабуға келетін көлемінің өзі 118 мың гектардан асып түседі. Біржылдық шөптердің шабындығы 50 мың гектар дерлік. Табиғи шабындықтардың және бұрын пайдаланылып келген шалғындардың жалпы көлемі биыл 1 157 мың гектар болады. Демек, жемшөп дайындау жөніндегі социалистік міндеттемені орындауға толық мүмкіндік беретін шабындықтарымыз бар.

Табиғи шабындықтарда және екпе шөп танаптарында қою бітік өскен шөп жобаланған көлемде мал азығын жинауға мүмкіндік береді. Мысалы, Еңбекшіқазақ ауданындағы Октябрь совхозы жоңышқаның гектарынан алғашқы орақ тұсында 18 — 20 центнерден, Іле ауданындағы Алматы темекі совхозы 23 — 25 центнерден өнім алды.

Биыл табиғи шабындықтарда да шөп қою өсті. Мысалы, «Луч Востока» колхозының алыстағы мал жайылымында шабылған учаскедегі

шөптің түсімі былтырғыдан едәуір жоғары болды. Іле ауданының колхоздары табиғи шабындықтың әрбір гектарынан 8—10 центнерден шөп алды, мұның өзі шөптің жобаланған түсімінен әлдеқайда артық.

Колхоздар мен совхоздар басшыларының едәуір бөлегі дайындалған жемшөптің жақсы сақталуын қамтамасыз етті. Гвардия ауданындағы Шоқан атындағы колхоз алыстағы Кербұлақ учаскесіндегі пішен дайындауды аяқтаған-ды. Колхозшылар шабылған барлық шөпті июнь айында маялады. Осы ауданның Ленин атындағы колхозында және Іле ауданының Мичурин атындағы колхоздары да шөп шабу мен шөп жинау арасында алшақтыққа жол бермеді, шабылған шөп іле жиналып, маяға салынды.

Жемшөп дайындау жұмысында кемшіліктер де жоқ емес. Облыс колхоздары мен совхоздарында техника толық қуатында пайдаланылмай келеді. Қолда бар трактор мен 5447 шөп машинасы облыс бойынша күніне 39 мың гектардан астам шабындықтың шөбін оруға мүмкіндік береді. Бірақ осы мүмкіндік толық пайдаланылмай келеді. Шөп шабудың алғашқы аптасында небәрі 122,5 мың гектар көлемінде жердің шөбі шабылды. Шөп шабуды Іле ауданындағы Сталин атындағы, Ұйғыр ауданындағы Ленин және Свердлов атындағы колхоздар өте баяу жүргізуде. Жамбыл, Қаскелең аудандарының кейбір колхоздарында да пішен дайындау жұмысында ірі кемшіліктер орын алуы.

Біздің облыста дайындалатын барлық шөптің төрттен бірі көпжылдық шөптер екені белгілі. Ал кейбір аудандарда көпжылдық шөптер мал азығының негізгі бөлегі болып табылады. Мысалы, Гвардия ауданында дайындалатын мал азығының 60 проценті көпжылдық және біржылдық шөп. Ленин атындағы асыл тұқымды мал совхозында екпе шөптің мал азығының үлесіндегі салмағы 75 процент, Киров атындағы совхозда 90 процент болады. Ал Қарашоқ совхозы мал азығын түн-түгел көпжылдық екпе шөптің шабындығынан алады.

Осыған байланысты колхоздар мен совхоздардың басшылары көпжылдық шөпті мезгілінде жинау жөнінде үлкен қамқорлық жасауы қажет. Мұнымен бірге табиғи шабындықтарды да мейлінше ұқыпты және ұтымды пайдалануымыз міндет. Өріске пайдаланылатын шалғындардың негізгі өсімдігі жусан екенін ескере отырып, оны июнь айының алғашқы жартысында жинап алу қажет еді. Бірақ біз бұл шараны кезінде жүзеге асыра алмадық. Осыған байланысты Іле, Қаскелең, Еңбекшіқазақ және Жамбыл аудандарының шаруашылықтарында құнарлылығы төмен шөпті жинауға тура келеді. Дәні жарылмай тұрған уақытта жинап алған шөптің дәмділігі, жұғымдылығы анағұрлым артық болатыны түсінікті. Ал шөптің дәні пісіп жетілгеннен кейін орылып алынған пішеннің жұғымсыз болатыны да мәлім. Амал не, облыстың кейбір колхоз, совхоз басшылары осы ақиқатты біле тұрса да жұмысты ширақ ұйымдастырмады.

Қазір шөп шабу жаппай өрістетілуде. Колхоздар мен совхоздардың пішеншілері негізгі шабындықтарда шөп жинауды дәнді дақылдар ору басталғанға дейін аяқтау үшін күш салды. Колхоздар мен совхоздардағы шөп шабатын машинаның, тырманың, сүйретпелердің, маялағыштардың мейлінше өнімді пайдаланылуын қамтамасыз ету қажет. Биыл шөптің бітік және қою болуына байланысты жемшөп қорын жасаудың анық мүмкіндігі зор. Осы мүмкіндікті қолдан шығармайтын болайық.

Сүрлем дайындау жөнінде де көп жұмыстар істеуге тура келеді. Колхоздар мен совхоздар сүрлем әзірлеуді ойдағыдай өткізу үшін тиісті дайындық жұмысын жүзеге асырды. Биыл бізде былтырғыдан екі есе артық сүрлем алуға толық жағдай бар. Ол мүмкіндіктің біреуі мол көлемде себілген жүгері болса, екіншісі, табиғи шабындықтың қою, әртүрлі бай шөбі. Биыл облыс бойынша 1965 мың тонна сүрлем

салынады. Мұндай көлемде сүрлем салуға қажетті апап немесе мұнара жасау керек екені түсінікті. Колхоздар мен совхоздар жер бетінде сүрлем салуға бейімделуі қажет. Біздің біраз колхоздарымыз бен совхоздарымыздың бұл жөнінде тәжірибесі де бар.

Осы тәжірибеден және басқалардың үлгісінен үйрене отырып, жер бетінде сүрлем салуды жүзеге асыру міндет. Бұл үшін күні бұрын әзірленген алаңдарды пайдалану керек. Жер бетінде салған сүрлем арзанға түседі. Оны малға тасып берудің қажеті болмайды. Биыл жүгері әртүрлі мерзімде себілді. Бір айдың ішінде себілгенмен осы жүгері біркелкі піспейді, демек, оның піскенін піскенінше жинап алып құнарлы, сапалы сүрлем салуға әбден болады. Жүгеріні сүттеніп қамырланған кезінде сүрлем үшін пайдалануға әбден болады. Ірі қара мал жүгері собығының сүрлемін де сүйсініп жейді.

Панфилов ауданындағы «40 лет Октября» колхозының, Іле ауданы Мичурин атындағы және «Луч Востока» колхозының колхозшылары, Қаскелең ауданындағы Ленин совхозының жұмысшылары жүгері өсірудің шеберлері болып танылды. Бұл колхоздар мен совхоз жүгерінің гектарынан 500 — 600 центнерден көк балауса, 50 — 60 центнер дән жинайды.

Жемшөптің түсер құнын кемітудің зор маңызы бар. Жемшөп өндіруге жұмсалатын шығынның, қаржының дені пішен жинау түсындағы жұмыстарға төленетіні мәлім. Бұл күндері озат колхоздар мен совхоздар пішен жинау және сүрлем салу жұмысында механизмдерді кең қолданады және бұл жұмыстарды үздіксіз жүргізеді. Жемшөп дайындаудағы ең күрделі, ең ауыр жұмыс маялау болып табылады. Биыл «Луч Востока» колхозы автомашинаға орнатылған маялағышты ойдағыдай қолданды. Осы маялағышпен үш адам күніне 90 — 100 тонна шөп маялайды. Бұл маялағышты жөндеу-техника станциялары мен совхоздардың өз мастерскойларында дайындап алуға болады.

Өткен жылы облыстың көптеген колхоздары мен совхоздары жемшөп дайындау жұмыстарының түсер құнын кемітуге мән бермеді. Сондықтан да табиғи шабындықтардан алынған бір центнер шөптің түсер құны 10 — 12 сом, ал екпе шөптің құны 12 — 15 сом болды. Қолда бар техниканы ұтымды пайдалана отырып, шөп жинау жұмысын толық механикаландырсақ және бұл жұмысты үздіксіз іркіліссіз жүргізсек, биыл пішен жинауға жұмсалатын еңбекті азайтуға және шөптің түсер құнын 20 — 25 процент кемітуге әбден болады.

Колхоздар мен совхоздардың бір қатары аңызға шөп егу жолымен жемшөп қорын молайта алады. Жемшөп және жайылым институтының тәжірибе учаскесінде былтыр июль және сентябрь айында аңызға себілген жүгеріден мол көк шөп жиналды. Колхоздар мен совхоздар іріктеп бидай және арпа жинап жатыр. Егіні жиналған аңызға жемшөптік дақыл егіп, екінші өнім алу үшін күресу керек. Мұндай аңыз көлемі облыста ең кемі 20 — 25 мың гектар болады. Осы аңызда малға азық болатын дақылдар өсірсек, қосымша мыңдаған тонна жемшөп дайындауға болады.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында жемшөп дайындаудың орасан зор мүмкіндіктері бар екені көрініп тұр. Биыл шаруашылықтардың көпшілігі бір жарым-екіжылдық жемшөп қорын жасай алады. Мұның өзі біздің мал шаруашылығы саласындағы социалистік міндеттемемізді орындаудың негізгі бір шарты болмақ.

**П. РЫБАКОВ,**

еңбекшілер депутаттары Алматы облыстық Советі атқару комитеті председателінің орынбасары.

# Оқушылардың сұрауларына жауап

## Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарна төлеуінің жаңа тәртібі

Көптеген ауылшаруашылық артельдерінің ай сайын аванс беруге және еңбекке ақшалай ақы төлеуге көшуіне байланысты жергілікті партия органдары қызметкерлерінен, партия ұйымдары секретарьлары мен колхозшы-коммунистерден колхозшы-коммунистердің мүшелік жарнаны қалай төлеуі керектігін түсіндіруді сұраған өтініштер түсуде. Олар кәзіргі кезде колхоз партия ұйымдарында тұратын коммунистердің мүшелік жарнаны әртүрлі төлейтінін жазады. Колхозшы-коммунистердің бір бөлегі айлық жарнаны 50 тиыннан төлесе, ал енді бір бөлігі оған үстеме колхоздан алатын ақшалай ақысының есебінен төлеп отырады, ал МТС-тен колхозға ауысқан механизатор-коммунистер жалпы табысының, яғни ақшаға шаққандағы заттай және ақшалай табысының есебінен төлейді. Осыған байланысты көптеген хаттарда колхозшы-коммунистер үшін мүшелік жарна төлеудің тәртібіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар айтылды.

Жақында Совет Одағы Коммунист партиясы Орталық Комитеті «Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарнасы туралы» қаулы қабылдады. КПСС Орталық Комитеті колхозшы-коммунистердің мүшелік жарна төлеудегі кәзіргі тәртібіне мынадай өзгеріс енгізді: колхозшы-коммунистер ай сайынғы мүшелік жарнаны КПСС Уставы мен КПСС Орталық Комитетінің партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттардың мүшелік жарнасы туралы Нұсқауының 1 және 2 тармағына сәйкес жалпы табысына қарай төлейді.

Осы қаулыға байланысты, колхозшы-коммунистерден мүшелік жарна олардың айлық табысының орташа мөлшері бойынша қабылданады. Оған оның ақшалай табысы да, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу бағасы бойынша ақшаға шаққан заттай ақысы да кіреді. Ал колхоздан әр айда ақшалай ақы немесе аванс алып тұратын колхозшы-коммунистер мүшелік жарнаны сол өткен айда тапқан ақшалай табысына қарай төлейтін болады. Колхозшылармен есепті жыл аяғында айырысатын ауылшаруашылық артельдерінің коммунистері айына 50 тиыннан жарна төлеп отырады. Ауылшаруашылық жылының аяғында колхоз артель мүшелерімен толық есептескеннен кейін барып, ол өзінің бүкіл жыл бойғы барлық табысының, ақшалай да, заттай да табысының есебінен қосымша жарна төлейді. Заттай алған табыс мемлекеттік сатып алу бағасы бойынша ақшаға шағылып есептеледі. Қосымша жарнаның мөлшерін белгілегенде оның жылдық табысына қарай орташа айлық табысының мөлшері бойынша есептеліп, одан коммунистің жыл бойында төлеген жарнасы шығарылып тасталады.

КПСС Орталық Комитетінің осы қаулысы бойынша, партия мүшелігіне кандидат болып өтетін колхозшылардың кіру жарнасының жаңа мөлшері белгіленді. Олар кандидаттыққа өтердегі жарнаға жалпы ережеге сай, өткен жылы тапқан орташа айлық табысының екі проценті мөлшерінде төлейді.

Колхозшы-коммунистер үшін мүшелік жарна төлеудің жаңа тәртібі 1959 жылдың 1-июлінен бастап жүзеге асырылады. Колхозшы-ком-

мунистердің мүшелік жарна төлеуінің бұрынғы тәртібіне өзгерістер енгізілуіне байланысты, партия мүшелігіне кандидат болып өтуші колхозшылардың өту жарнасының жаңа мөлшері белгіленуіне байланысты КПСС Орталық Комитетінің партия мүшелері мен партия мүшелігіне кандидаттардың мүшелік жарнасы туралы Нұсқауының 3 және 4 тармақтарына тиісті өзгерістер енгізілді.

Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарнаны жаңаша төлеуге көшуіне байланысты біраз практикалық мәселелер тууы мүмкін. Атап айтқанда, қосымша төленетін мүшелік жарнаның мөлшерін қалай есептеу керек? Қосымша төленетін жарнаның мөлшері былай белгіленеді: колхозшы-коммунистің бір жылғы табысы 12 айға бөлініп, оның айлық табысының орташа көлемі шығарылады. Осыған лайықты оның бір айға төлейтін жарнасы анықталады да, соған қарап коммунистің бір жылға төлейтін жалпы жарнасы шығарылады. Осы жалпы жарнадан коммунистің өткен уақыт ішінде төлегенін алып тастасақ, оның қосымша төлеуге тиісті жарнасы шығады.

Мұны мысалмен түсіндірейік. КПСС Уставына сәйкес, ай сайын 400 сом ақша, немесе сондай аванс алатын колхозшы-коммунист айына 2 сомнан жарна төлеп отыруға міндетті. Сонда ол бір жылға 24 сом төлейтін болады. Ал жыл аяғында осы колхоз коммуниспен толық есеп айырысқанда оның барлық табысы (бұған оның ақшалай алғаны да, сондай-ақ заттай алғандарының ақшаға шаққандағы мөлшері де қосылады) 6 мың сом болды делік. Яғни оның айлық орташа табысы 500 сомнан келді. Міне осындай жағдайда коммунист ай сайын 2 сом 50 тиыннан мүшелік жарна төлеп тұруға тиіс болар еді. Сонда ол бір жылға 30 сом төлейді. Осы 30 сомнан коммунистің жыл бойы төлеп келген жарнасын (ол 24 сом) алып тастағаннан қалғаны, оның қосымша төлеуге тиісті жарнасы болып шығады. Сонда ол 6 сом болады екен.

Ауылшаруашылық жылының аяғында есеп айырысатын кейбір ауылшаруашылық артельдерінің мүшесі болып істейтін коммунистер үшін де қосымша жарна төлеудің дәл осы тәртібі қолданылады. Айталық, ай сайын 50 тиыннан жарна төлеп отырған колхозшы-коммунист бір жылға 6 сом жарна төлеген екен. Жыл аяғында сол коммунист өзінің тапқан барлық еңбеккүніне ақшалай және заттай (ақшаға шағып есептегенде) небәрі 6 мың сом алды делік. Сонда оның айлық орташа табысы 500 сом болады. Ендеше оның айлық жарнаны 2 сом 50 тиыннан төлеуі қажет қой, олай болған күнде ол бір жылға 30 сом төлеуі шарт. Ал оның 12 айға төлеген жарнасы 6 сом. Ендеше коммунист тағы да 24 сом қосымша жарна төлеуге тиіс.

Қосымша мүшелік жарнаны колхозшы-коммунистер колхозбен әбден есептескеннен кейін, яғни тапқан еңбеккүндеріне ақшалай және заттай ақыларын түгел алған айда төлейтін болады.

Қосымша жарна төленгендігі туралы партия билетіне немесе кандидаттық карточкаға қалай жазу керек? Жыл бойына жұмыс істеген колхозшы-коммуниспен колхоз толық есепті келер жылдың январь айында жасады делік. Коммунист, міне сол январь айында жоғарғы мысалда келтірілгеніндей, өткен жыл үшін өзі бересі 6 не 24 сомның қосымша жарнасын өтеуге тиісті. Мұның үстіне коммунист сол айда алған ақшалай ақысы 400 сомның есебінен кезекті айдың мүшелік жарнасы 2 сомды да төлеуі керек. Мұндай жағдайда партия билетіне немесе кандидаттық карточкаға ол былай жазылады: «айлық табысы» деген жерге «400 сом» деп көрсетіледі, ал «мүшелік жарна» деген жерге «2 с. + қосымша 6 с.» деп жазылады. Егер колхозшы-коммунист мүшелік жарнаны 50 тиыннан төлеген болса, «мүшелік жарна» деген жерге: «50т. + қосымша 24 с.» деп жазылады. Осындай белгілер мүшелік жарна қабылданған ведомостерге де жазылады.

Колхоз партия ұйымының секретары, колхозшы-коммунистен қосымша төленер мүшелік жарнаны қабылдамай тұрып, алдын-ала колхоз басқармасынан колхозшы-коммунистің жылдық ақшалай және заттай (ақшаға шаққандағы) табысының қанша екенін анықтап алады. Колхозшы-коммунистің жылдық табысы жөніндегі анықтама, сол қосымша мүшелік жарна төленген айдың ведомостісіне қосып тігіледі.

Колхозшы-коммунистер үшін мүшелік жарна төлеудің жаңа тәртібі үстіміздегі жылдың 1 июлінен бастап енгізілуімен байланысты 1959 жыл үшін қосымша мүшелік жарна қалай алынады? Биыл қосымша мүшелік жарна бүкіл бір жылға емес, тек жылдың екінші жартысына, яғни 6 айға ғана алынуға тиісті. Егер қосымша жарнаның көлемін анықтаған жоғарғы мысалдарды тағы да келтіретін болсақ, онда 1959 жылдың 6 айына төленетін қосымша жарна бірде 3 сом болса, екіншісінде 12 сом болады. Сондықтан да 1960 жылдың январында партия билетіндегі не кандидаттық карточкадағы «мүшелік жарна» деген жерге мынадай жазу жазылады: «2 с. + қосымша 3 с.», ал екінші жағдайда «50 т. + қосымша 12 с.».

Бірқатар ауылшаруашылық артельдерінде колхозшыларға ай сайын еңбекке төленетін ақы немесе алдын-ала берілетін аванс тек қана ақшалай ғана емес, сондай-ақ заттай да беріледі. Міне осындай жағдайда мүшелік жарнаны қалай есептеу керек? Мұндай жағдайда мүшелік жарна коммунистің сол айдағы ақшалай табысы есебінен ғана алынады. Ал колхозшы-коммунист колхозбен жыл бойғы еңбегі үшін жыл соңында толық есептескен кезде ғана барып, оның заттай табысының ақшаға шаққандағы мөлшері қосымша мүшелік жарна төлегенде есептеледі.

1959 жылдың 1 июліне дейін партияға өткен колхозшылар, партияға кіру жарнасын қалай төлейді? Үстіміздегі жылдың 1 июліне дейін партия мүшелігіне кандидаттыққа өткен колхозшылар, партияға кіру жарнасын бұрынғыша төлейді.



Колхозшы-коммунистер үшін мүшелік жарнаны төлеудің жаңа тәртібі, алғашқы кезде бірсыпыра колхоздардың бастауыш партия ұйымдары секретарьлары үшін қиыншылық туғызуы ықтимал, ол қиыншылық кезекті төленетін жарна мен қосымша төленуге тиісті жарнаның мөлшерін дұрыс анықтаумен, сондай-ақ оларды партиялық документтерге жазумен байланысты болуы мүмкін. Сондықтан да селолық жерлердегі аудандық партия комитеттерінің колхоз партия ұйымдарының секретарьларымен әңгімелесіп, оларды колхозшы-коммунистерден мүшелік жарна алудың жаңа тәртібімен толық таныстыруына, оны нақты мысалдар арқылы түсіндіруіне тура келеді. Сондай-ақ секретарьларға мүшелік жарнаны жаңа тәртіппен жинаудың алғашқы кезінде практикалық көмек көрсету қажет болады. Бұл жөнінен колхоз партия ұйымдарына аудан партия ұйымдарының тексеру комиссиялары да елеулі көмек бере алады.

Колхоздарда кезекті партия жиналыстарында коммунистерге КПСС Орталық Комитетінің «Колхозшы-коммунистердің мүшелік жарнасы туралы» қаулысы жөнінде хабарлау керек және оларға мүшелік жарнаны төлеудің жаңа тәртібін түсіндіру қажет.

(«Партийная жизнь» журналының  
1959 жылғы 10-номерінен)



# Термин сөздерге түсінік

## Әлеуметтік-экономикалық терминдер

(Жалғасы. Басы журналымыздың 4, 5 және 6 сандарында)

**Ассимиляция** — ассимиляция (бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетушілігі; сөз ішінде бір дыбыстың екінші дыбысқа ықпалы).

**Ассоциация** — ассоциация (бірлестік, одақ мағнасындағы сөз. Психологияда жеке түсініктердің арасындағы байланыс — бір түсініктен екінші түсініктің тууы).

**Астрономия** — аспандағы денелердің, бүкіл аспан әлемінің — күн, ай, жұлдыздардың құрылысын, дамуын зерттейтін ғылым. Астрономиямен шұғылданатын ғалымды астроном дейді).

**Атеизм** — атеизм (құдайсыздық; діннің, құдайдың, кереметке, о дүниелік өмірге сенудің, жаратылыстан тыс күштің ғылым жолымен теріске шығарылуы. Атеизм ерте заманның материалист ойшыларының дінді сынауынан маркстік-лениндік теорияға негізделген пролетарлық атеизмге дейін ұзақ даму жолынан өтті. Орасан зор әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде СССР-де дін наным-

дарды біржолата жеңуге, олардың құрып бітуіне бар мүмкіндік жасалды. Атеизм жолын ұстаушы, сол жолды жүргізуші адам атеист деп аталады).

**Атом** — атом (химиялық элементтің өте ұсақ бөлшегі; ХХ ғасырға дейін атом бөлінбейтін нәрсе деп есептелініп келді, ал осы заманғы физика атомның бөлінетін, күрделі система екенін анықтады. Атомның электрондар айнала қоршаған ядросы (өзегі) бар; бұл атом ядросының құрылысы да өте күрделі, ол протондар мен нейтрондардан құралған. «Атом сияқты, электрон да сарқылмайды.» дейді Ленин (шығ., 14-том, 285-бет).

**Атрибут** — атрибут (заттың ажырағысыз қасиеті, мұнсыз зат болмайды да, ақылға қонбайды да. Түрлі философтар материяның атрибутын түрліше түсіндірді. Диалектикалық материализм қозғалысты материяның негізгі қасиеті (атрибуты) деп есептейді).

**Афоризм** — афоризм (өткір нақыл сөз).

(Жалғасы бәр).



### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев К., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі, 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

11/VII-1959 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1/16</sup>—3,5 к—9,59 ав. т.

УГ04515. Тиражы 15650. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 455.